«Іліяс Жансүгіров атындағы Жетісу  университеті» КЕ АҚ

ӘОЖ378Қолжазба құқығында

**ДАНИКЕЕВА АЙГУЛЬ БАКЫТЖАНОВНА**

# Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуы

6D010300–Педагогика және психология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор
ЫбыраимжановҚ.Т.

Шетелдік ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор
Мардахаев Л.В.
(Москва)

Қазақстан Республикасы
Талдықорған, 2022

**МАЗМҰНЫ**

**НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**............................................................ 3
**АНЫҚТАМАЛАР**........................................................................................ 4
**БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**.................................................... 5
**КІРІСПЕ**...................................................................................................... 6
**1 ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ӘЛЕУЕТІ ДАМУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**................................................................ 14
1 Педагогтың кәсіби әлеуетінің мәндік сипаттамасы.............................. 14
1.2 Педагогтың кәсіби әлеуетінің мазмұнын құрайтын және оның дамуына ықпал ететінқұрылымдар.................................................... 26
1.3 Қазіргі педагогтың кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуы............ 50
**2 ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ**.......................................................................... 67
2.1 Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуеті дамуының педагогикалық шарттары....................................... 67
2.2 Болашақ педагогтың кәсіби әлеуеті моделінің мазмұны мен құрылымы.................................................................................................. 88
2.3 Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту бойынша тәжірибелік-эксперимент нәтижелері.................................. 103
**ҚОРЫТЫНДЫ**............................................................................................ 134
**ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**........................................ 136
**ҚОСЫМША А**–«Педагог әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың теориясы мен әдістемесі» атты элективті курссының оқу жұмыс бағдарламасы (силлабус)......................................................................... 148
**ҚОСЫМША Ә**– Енгізу акті................................................................... 149
**ҚОСЫМШАБ**–«Педагог әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың теориясы мен әдістемесі» атты элективті курссының жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус)...................................................................... 150
**ҚОСЫМША В**– Енгізу акті.................................................................... 151

# НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесідей мемлекеттік үлгіқалыптарға сілтемелер жасалды:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын бекіту туралы:2012 жылдың 23 тамызда, №1080 бекітілген(ҚР Үкіметінің 13.05.2016, №292 өзгертулермен).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы. «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: 2015 жылды 25 сәуірі, №327 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы.Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы:2019 жылдың 27 желтоқсаны, №988 бекітілген.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Бұйрығы.«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы: 2020 жылдың 5 мамыры, №182 бекітілген (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 6 мамырда №20580).

«Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының Бұйрығы.Педагогтің кәсіби стандарты: 2017 жылдың 8 маусымы, №133 бекітілген.

Қазақстан Республикасының Заңы.Педагог мәртебесі туралы: 2019 жылдың 27 желтоқсаны, №293-VI ҚРЗ қабылданған.

# АНЫҚТАМАЛАР

Диссертациялық жұмыста төмендегідей анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

**Әлеует** (Потенциал; лат. potentia – күш) – қолда бар және белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу, қандайда бір тапсырмаларды орындау үшін жұмылдырылуы мүмкін құралдар, көздер, қорлар.

**Педагогтың кәсіби әлеуеті**– жеке және кәсіби қасиеттердің жинақталуы мен шоғырлануы, яғни жүйе - білім, білік, дағды, ойлау және іс-әрекет әдістерін дайындау үдерісінде көрініс беретін дайындығы.

**Құзыреттілік** – 1) сипаттамалары жүйелік сапалы жаңа формациялар ретінде білім беру процесінде қалыптасуы керек құзыреттер болып табылатын жеке тұлғаның интеллектуалды және кәсіби дамуының акмеологиялық категориясы мен әлеуеті; 2) бұл белгілі бір құзыретті жүзеге асыруға бағытталған іс-шараларды сәтті жүзеге асыру тәжірибесі.

**Кәсіби құзыреттілік** – маманның әлеуметтегі дәл осы уақыттағы қабылданған стандарттар мен нормаларға сәйкес өзінің кәсіби – педагогикалық қызметін атқаруға дайындығы мен қабілетін анықтайтын кәсіби білімдер жиынтығы немесе жекелік кәсіби сипаттама

**Оқу үрдісі** – оқытудың арнайы ұйымдастырылған түріндегі жеке тұлғаның жалпы дамуы мен тәрбиесінің, білім беру мақсатын айқындайтын біртұтас педагогикалық үдерістің нақты көрінісі.

**Кәсіби әлеует** – ұғымының жалпы құрылымы өте күрделі және жан-жақты. Болашақ мамандарды педагогикалық қызметке бейімдеу қатынасы мен іс-әрекетті қамтыса, сондай-ақ, педагогикалық еңбекпен айналысу үшін алған білім, білік, дағдылармен қоса алғанда және жеке тұлғаның табиғи қабілеттің маңызды екендігі де ескеріледі.

**Іскерлік** – түрлі өзгермелі жағдайларда сан алуан қызметтерді орындауда жұмсалатын іскерлік пен дағды қасиеттерінің жиынтығы.

**Мотивация** (түрткі) – баланың уәждемелік-жеке тұлғалық ерекшеліктері, олар белгілі бір пән саласындағы міндетке жоғары танымдық қажеттілік пен ішкі тұрақтылықтың (әуесқойлық) болуы арқылы көрінеді.

**Дидактикалық жүйе** – оқыту мақсатына жету жолында қолданылатын бірыңғай, іштей тұтас құрылым мен элементтер жиынтығы.

**Шығармашылық**– адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі.

**Педагогикалық шеберлік** –үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мент тәрбиелеу өнері. Ол өнерге балаларды сүйетін және өз қалауымен жұмыс істейтін әр педагогтің қолы жетуі мүмкін. Педагог - өз ісінің шебері, жоғары мәдениетті, өз пәнін терең меңгерген, ғылым мен өнердің тиісті салаларынан хабардар, жалпы, әсіресе, балалар психологиясының мәселелеріне қанық, оқыту мен тәрбиенің әдістемесін жетік игерген маман.

## БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

| | |
|---|---|
| ҚР | – Қазақстан Республикасы |
| ЖОО | –Жоғары оқу орны |
| ҚР МЖМБС | – Қазақстан республикасы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты |
| PISA | – Programme for International Student Assessment |
| ҒЗИ | – Ғылыми зерттеу институты |
| ТарӨУ | – М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті |
| БТ | – Бақылау тобы |
| ЭТ | – Эксперимент тобы |

# КІРІСПЕ

**Зерттеудің өзектілігі**. Қазіргі Қазақстандық жалпы білім беру жүйесінің басым мақсаттары мен міндеттері – мектеп, орта кәсіптік білім, жоғары оқу орнындағы педагогикалық мамандықтар бойынша білім алушылардың олардың жас ерекшеліктеріне және білім алу мекемелеріндегі сатылық деңгей ерекшеліктеріне үйлесімді әрі сәйкес келетін білім мен білік, дағдыларды меңгерген жеке тұлға ретінде қалыптасып, дамуын жүзеге асыру болып табылады. Бұл отандық білім беруді жаңа талаптарға сәйкес ұйымдастырудың міндеттерін жүзеге асыруда ұлттық құндылықтар мен жалпы адамзаттың қол жеткізген жетістіктерін, ғылымның өмірлік тәжірибедегі нәтижелері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға және өзінің меңгерген кәсібі бойынша заманауи білім мен технологияларды меңгеруіне, мамандығы бойынша шыңдалуы мен шеберлігінің өсуіне қажетті білім алуына жағдайлар жасау арқылы адам капиталын дамыту мәселесі көзделген [1,2].

Бүгінгі мұғалім мамандарды даярлау барысында педагогикалық тәжірибеге енген жаңартылған білім беру мазмұны негізінде педагогикалық үдерісті жүзеге асыруға қабілетті кәсіби мамандарды педагогикалық еңбекке бейімдеуде олардың әлеуетін қалыптастыру мен жетілдіру мәселесі де өзекті мәселеге айналып, оған ғылыми теориялық және әдістемелік тұрғыдан жаңаша келуді негіздеп отыр. Бұл тек болашақ педагог мамандарды ғана қамтып отырған жоқ, сонымен бірге мектептегі педагогикалық қызметпен айналысып жүрген мұғалімдерге де қатысты болып отыр. Өйткені, педагогикалық үдерістегі қалыптасқан жүйе шеңберінен шығуды мақсат етіп, жаңашыл педагогикалық бағыттарды игеру және меңгерту мәселелерінде басшылыққа алады. Мұнда мұғалімнің немесе болашақ маманның кәсіби қызметіндегі басты мәселе –жаңашылдық тәсілдерді кеңінен пайдалану арқылы оқушыларға білім беру және оны өзінің жеке өмірлік тәжірибесінде қолдана алу білігіне үйрету және жете түсіндіру [3,4].

Отандық білім беру жүйесінде жүзеге асырылып жатқан педагогикалық ойлар әлемдік және еуропалық білім саласындағы озық тәжірибелермен үйлесімді болуын басшылыққа алады. Болашақ мамандарды кәсіби қызметке бейімдеу мен тәрбиелеу барысы біздің бұған дейінгі қалыптасқан білім жүйесіндегі тарихи озық пікірлермен үйлесімдік болуы шарт және соларға табан тірей отырып өзіндік бейнесі бар Қазақстандық білім беру жүйесін жүзеге асыру – басты міндеттердің бірі болып табылады. Мәселен, әр дамудың тарихи кезеңдік ерекшеліктеріне жаңаша көзқараспен талдау жасай отырып, қазіргі қоғамдағы білім беру мен тәрбиелеуді адами құндылық тұрғысынан ізгілендіру міндеттеріне сәйкес анықталған мақсаттарды іске асыруда болашақ кәсіби маманның әлеуетін жаңа заман талаптарына үйлесімді қалыптастыру қажеттілігі де күн тәртібінен орын алатыны заңдылық.Әр даму кезеңдеріндегі қойылатын талаптар мен сұраныстарға сәйкес жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамытуда әлем мен қоршаған өмірлік дүниені ғылыми тұрғыдан түсіну және жаңа жағдайда кәсіби қызметіне жаңа тұрғыдан келу қажеттілігі орын алады.

Яғни, болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде жаңашыл бағыттағы ғылыми теориялық негіздер мен педагогикалық тәжірибеге мүмкіндігінше жақын, әдістемелік жүйе мен технологияларды меңгерген, ізденушілік пен шығармашылық ойлау қабілеті қалыптасқан, ұлттық дүниетанымы бекіген, өзгермелі дүниеге бейімделушілігі мен бәсекеге қабілеттігі бар, жалпы адами-ізгілік құндылықтарды меңгеру дағдыларына ие, кәсіби бағыттылығы анықталған жеке тұлғаны тәрбиелеп қалыптастыру мен дамыту – қазіргі жоғары оқу орындарының басты бағыты болып табылады.

Мемлекетіміздің жоғары білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерді даярлаудағы мамандықтардың ашылуы мен оларға әрбір жоғары оқу орнының академиялық еркіндікте білім бағдарламаларын жеке жасауы – жоғары оқу орындарының халықаралық тәжірибеге мән беріп, олармен өзара үйлесімділік пен ықпалдастықтың болуына назар аударуына байланысты болып отыр. Осыдан болашақ мұғалімдерді қызметтегі кәсібі білімі мен білігін және дағдыларын бекіту арқылы олардың педагогикалық әрекетіндегі әлеуетін жаңа мазмұндағы білім жүйесін үйлесімді қалыптастыру мен дамыту мәселесі ерекше өзекті деуге болады. Мұнда болашақ педагогтардың жеке болмыстық қырларын және келешек кәсіби қызметтеріне бейімділігін, бәсекеге қабілеттілігін, жаңашылдығын, зерттеушілік пен шығармашылық белсенділігін арттыруға ықпалын тигізетін мақсатты түрткі себептерінің /мотивтерінің/ мемлекет мүддесіне үйлесімді болуын қажет етеді.

Болашақ педагог мамандардың кәсіптік қызметке дайындығы, олардың жеке тұлғалық болмысы мен педагогикалық қызметтегі кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту барысындағы мәселелердің зерттелу бағытын қарастыру мен талдауда ғалымдар әртүрлі бағытта зерттегенін көрсетті:

Мәселен, жалпы педагог мамандардың және болашақ мұғалімдердің педагогикалық еңбек қызметіндегі кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту жайындағы ғылыми зерттеушілік еңбектерді Б.А Тұрғынбаева [5,6], А.М. Калматаева [7], Е.И. Бурина [8] және т.б., Ресейлік ғалымдар А.М.Боднар [9], Божинская Т.Л. [10], О.О.Киселева. [11], А.А. Костылева [12], т.б. отандық ғалымдаржазса, болашақ педагог мамандарды кәсіби қызметке даярлау үдерісінің психологиялық-педагогикалық негіздерін Ұ.Ж. Қонақбаева [13], Г.К. Ахметова [14], М.С. Молдабекова [15], М.З. Джанбубекова [16], Н.Д. Хмель [17], Б.Сайлыбаев [18], С.Т.Каргин [19], Л. Хурло[20] т.б. қарастырған.

Болашақ педагог мамандарын даярлаудағы біртұтас педагогикалық үдерістің теориясы мен тәжірибесі құзыреттіліктерді К.С.Құдайбергенова [21], Қ.М. Нағымжанова [22], М.Н. Оспанбекова [23], Г.С. Джексембаева [24],А. Сыздықбаева [25], Б.Т. Кенжебеков [26], К.Т. Ажибеков [27], Ш.Т. Таубаева [28], А.Р.Ерментаева [29] т.б. ғалымдар қарастырса, болашақ педагог мамандарды психологиялық тұрғыда дайындаудың жеке үдеріс ретінде ұйымдастырылуына көңіл бөліп, оқыту мазмұны және әдістемелерінде білім алушылардың тұлғалық және пән ерекшеліктеріне сәйкес мұғалімдік қызметтіңәлеуетін және кәсіби қызметтегі психологиялық аспектілерді Қ.Ж.

Жарықбаев [30], Х.Т. Шерязданова [31], С.М. Джакупов [32], М.Ә. Перленбетов [33], Н.К. Токсанбаева [34] т.б. ғалымдар қарастырған болатын.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдау, бүгінгі күні жеке тұлғалық және кәсіптік әлеуеттің көкейкесті мәселесіне қатысты психологиялық-педагогикалық материалдың бар екендігіне негіз болады. Дегенмен де, Қазақстандаға жаңартылған білім мазмұнының педагогикалық тәжірибеге енуіне байланысты педагог қызметінің әлеуетін жаңаша тұрғыдан қарауға алып келді. Қазіргі кезде бұл көкейкесті мәселесінің кейбір жақтары, анықтап айтсақ, әдебиеттерде болашақ педагогтарды және мектепте педагогикалық еңбекпен айналысып жүрген мұғалімдердің кәсіби қызметінің әлеуетін дамыту мәселесі ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қажетті деңгейде әліде болса толық ашалмаған деуге болады.

Зерттеудің өзектілігі, қайшылықтары мен көкейкестілігін талдау негізінде қазіргі білім беру жағдайында болашақ педагогтардың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту мәселелерінің ерекшеліктерін зерттеу.

Зерттеу авторлары жинаған материалдарды талдау кезінде алынған нәтижелер тек ұлттық ғылымға ғана емес, сонымен қатар шетелдік зерттеушілер үшін үлкен қызығушылық тудырады:

Зерттеу нәтижелері бойынша заманауи білім берудің жағдайында педагогтердің әлеуетін кәсіби дамытуды айқындау теориясында шетелдік әзірлеменің жаңа кезеңін іске асырады. Бұл әзірлеме педагогтың кәсіби әлеуетін дамыту теориясы бойынша соңғы зерттеулердің теориялық мәліметтері бойынша, және осы зерттеудің авторларының жүргізген эмпирикалық материалдарының түпнұсқасыалыныпотыр, өйткені кәсіби әлеуетті дамыту мәселесіментаныс және айналысқан отандық ғалымдар мен Қазақстандық зерттеушілер өтеаз.

Осыған байланысты бірқатар қарама-қайшылықтар пайда болды: қазіргі білім беру мазмұны жағдайында жоғары оқу орындарында дайындалатын болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамуыту деңгейінің; болашақ педагогтердің кәсіби әлеуетін дамыту қажеттілігі мен аталған көкейкесті мәселелердің педагогикалық теория мен тәжірибеде жеткілікті зерттелмеуі. Мәселен:

- бүгінгі білім беру мазмұнын жаңғырту барысында туындайтын міндеттерді іске асыру үшін бірқатар маңызды қайшылықтардың болуы;

- қазіргі білім беру жағдайында жаңашылдыққа, шығармашылық ойлауға қабілетті педагогтердегі білім берудің жаңартылған мазмұны жүйесінің қажеттілігі мен педагог мамандардың көпшілігінің кәсіби-тұлғалық сипаттамаларының осы талаптарға сәйкес келмеуі;

- педагогтардың үнемі өз бетінше білім алуын және жаңашылдықтарға ынталандыруды дамытуды ескермей, ескі қалыптасқан жүйені сақтап қалуы;

- болашақ мұғалімдердің қажетті даярлығына жаңартылған білім беру мазмұнының талаптары мен осы даярлықтың нақты деңгейі арасындағы қайшылықтар;

- педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру қажеттілігі мен осы мәселенің орта білім беру теориясы мен тәжірибесінде дамымай қалуы.

Педагогтың кәсіби әлеуетінің мазмұны мен мәнін ашып, оны жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастырудың педагогикалық жағдайларын анықтау біздің зерттеуіміздің көкейкестілігін белгіледі. Бұл мәселенің теория мен тәжірибеде жеткілікті деңгейде зерттелмегендігі біздің жұмысымыздың тақырыбын «**Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуы**» деп алуға негіз болды.

**Зерттеудің мақсаты:**Қазіргі білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің қалыптасуын теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу, құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, тәжірибелік-эксперименттік жұмыста сынақтан өткізу.

**Зерттеудің пәні:** Қазіргі жоғары оқу орнындағы білім беру үдерісінде болашақ педагогтардың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту.

**Зерттеудің нысаны**: жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісі.

**Зерттеу болжамы:** *егер* қазіргі білім беру жағдайында жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдердің қызметіндегі кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың мүмкіндіктері негізделіп, жасалған құрылымдық-мазмұндық модель мен оның тәжірибелік тиімділігі педагогикалық үдеріске (элективті курс) ендіріліп, және оның қажеттілігі дәлелденіп жүзеге асырылса, *онда,* болашақ педагогтардың кәсіби әлеуетін жоғары оқу орнында қалыптастыру мен дамытудың нәтижелілігі артады, әрі қазіргі мектептегі жаңартылған білім мазмұны жағдайына педагогикалық еңбек атқара алатын кәсіби әлеуеті дамыған мамандар даярлауға мүмкіндігі арта түседі.

**Зерттеудің міндеттері:**

1.Педагогтың кәсіби әлеуетінің әдіснамалық, теориялық негіздерін ашу.

2. Болашақ мұғалімнің кәсіби әлеуетінқалыптастыру мен дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздерін айқындау.

3.Қазіргі білім беру мазмұны аясында педагогтың кәсіби әлеуетінқалыптастырудың педагогикалық шарттарын анықтау мен моделін жасау.

4.Бүгінгі ЖОО-ның білім беру мазмұнындапедагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыруға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарды жүргізу.

**Зерттеудің жетекші идеясы**: Қазіргі білім беру мазмұны жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың теориялық негіздерінің құрылымын, мазмұны, мәнін қазіргі көзқарас тұрғысынан негіздеу және оны жетілдірудің педагогикалық шарттарын белгілеп, ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде мұғалімдік қызметіне болашақ мамандарды дайындау барысында олардың кәсіби әлеуеттерінің негізі қаланып, келешекте дамуына өзек болатын жаңаша білімдерді меңгеруге ықпал етеді.

**Зерттеудің теориялық әдіснамалық негіздері** – қазіргі білім беру мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби әлеуеті дамуының теориясы, таным

теориясы, біртұтас педагогикалық үдеріс түсінігі мен көзқарас, жеке тұлғаның өзіндік болмысын және оны кәсіби іс-әрекетке бейімдеу мен мұғалімдік қызметке кәсіби бейімдеудің педагогикалық тұжырымдамасы,үздіксіз білім беру және өзін-өзі дамыту жайындағы теориялар, әрі педагогтың кәсіптік дайындығын арттыруға негіз болатын философиялық, психологиялық, педагогикалық т.б. ғылыми еңбектердегі ой тұжырымдар.

**Зерттеу көздері.** Қазақстан республикасының білім беру саясаты аясындағы «Білім туралы» заң, білім беру жүйесін дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалар, нормативтік-құқықтық нұсқаулар, Қазақстан Республикасы жалпыға міндетті білім беру стандарты, Кәсіби жоғары білім беру. Негізгі ережелер /ҚР МЖМБС/ т.б. ақпарат көздері пайдаланылды:

- қазіргі білім беру мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытудағы Қазақстандық және алыс, жақын шетелдік ғалымдардың ғылыми зерттеу еңбектері. Педагогикалық мамандықтарды даярлайтын білім беру бағдарламаларына негіз болатын оқу-жұмыс жоспарлары мен оқу-әдістемелік кешендер және бүгінгі білім беру мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби әлеуетін көкейкесті мәселе ретінде қарастырушы педагогтардың, психологтардың және жеке тұлға әлеуетіне қатысты философиялық еңбектер мен ғылыми-педагогикалық бағыттағы мерзімді басылымдар.

**Зерттеудің негізгі кезеңдері:**

**Бірінші кезеңде (2017-2018)** зерттеудің көкейкестілігі, педагогикалық теория мен тәжірибе жағдайы анықталды, жоғары білім берудің теориясы мен тәжірибесі жөнінде отандық және шетелдік зерттеулерге талдау жасалды, зерттеу тақырыбы негізделді, зерттеудің ғылыми аппараты құрылды және болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыруға негізделген моделі жасалып, ЖОО-ның педагогикалық тәжірибесінде тиімділігін анықтауға бағытталған әрекеттер жүргізілді.

**Екінші кезеңде (2018-2019)** қазіргі ЖОО-ның білім беру жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің қалыптасу деңгейі зерттелді, бүгінгі педагогтың кәсіби әлеуеті жайындағы көзқарастық түсінік жүйеленіп, педагогикалық шарттарын анықтап, «Педагог әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың теориясы мен әдістемесі» атты элективті курс ЖОО-ның оқу үдерісіне ендіріліп, түрлі зерттеу әдістерін қолдану және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді

**Үшінші кезеңде (2019-2020)** болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыруға арналған модельдің ЖОО-ның педагогикалық тәжірибесіндегі тиімділігіне көзжеткізу барысындағы соңғы кезеңдік нәтижелер бойынша қалыптастыру және анықтаушы эксперименттердің көрсеткіштері қорытыланды, болашақ педагогтың кәсіби әлеуетіне негіз болған педагогикалық шарттарының дұрыстығын тексеру жүргізілді, алынған нәтижелік көрсеткіштер бойынша математикалық өңдеу жасалды және бастапқы көрсеткіштерді салыстыра отырып, болжамның дұрыстығына көзжеткізіліп, қорытынды ұсыныстар берілді.

**Зерттеудің әдістері:** Педагогикалық-психологиялық және жалпы ғылыми еңбектерге салыстырмалы теориялық талдау жасау, қорыту, жинақтау, салыстыру, жалпылау, жүйелеу, топтау және сауалнама жүргізу, сұрақ-жауап, педагогикалық тәжірибелік эксперимент жүргізу, зерттеу нәтижелерін статистикалық сандық, пайыздық көрсеткіштерін анықтау мен өңдеу және салыстырмалы-сәйкестендіру әдістері пайдаланылады. Әдістерді таңдау әр кезеңдегі міндеттерді шешу мен зерттеу логикасына сәйкес анықталады.

**Зерттеу базасы:** Тараз инновациялық гуманитарлық университеті, М. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті – «Ұстаз» институты.

**Зерттеудің ғылыми жаңалығы және теориялық құндылығы:**

1.Педагогтың кәсіби әлеуетінің әдіснамалық, теориялық негіздері қазіргі ғылыми көзқарас тұрғысынан ашылды.

2.Болашақпедагогтың кәсіби әлеуетінқалыптастыру мен дамытудың ғылыми-педагогикалық негіздері айқындалып, жүйеленді.

3.Қазіргі ЖОО-даболашақ педагогтың кәсіби әлеуетіндамытудың педагогикалық шарттары анықталып, моделі жасалды.

4.Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту бағытындағы тәжірибелік-экспериметтік жұмыстар жүргізіліп, олардың нәтижелері алынды (Қосымшалар А, Ә, Б, В).

**Зерттеудің тәжірибелік мәні** қазіргі жоғары оқу орындарындағы білім беру мазмұнында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру және дамыту моделінің жасалу мен зерттеу бағыты мазмұнына сәйкес келетін элективті курстың бағдарламасы жасалып педагогикалық тәжірибеге енгізілуі және оны жүзеге асыруға бағытталған педагогикалық тәжірибелік эксперимент жүргізіліп, қорытындылануы мен соның нәтижесінде болашақ мұғалім мамандарын дайындау үдерісінде барлық мамандықтарға (бастауыш сынып мұғалімдері мен орта, жоғары сыныптардағы жеке пән мұғалімідері) бейімдей отырып пайдалануға болатын мүмкіндігінің бар екендігімен сипатталады.

**Қорғауға ұсынылған негізгі қағидалар:**

1. Педагог қызметіндегі кәсіби әлеуетінің мазмұны, мәні авторлық анықтама және оған қойылатын қазіргі кездегі талаптарды талдау арқылы құрылымын жүйелеп, айқындау.

2. Болашақ мұғалімнің кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуының ғылыми-әдістемелік жолдары ұсыну.

3. Қазіргі білім беру мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби әлеуеті дамуының педагогикалық шарттары беріліп, моделін ұсыну:

- «Педагог әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың теориясы мен әдістемесі» атты элективті курсты енгізу.

4. Қазіргі ЖОО-да білім беру жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыруда оның мазмұндық құрылымына негіз болатын құрамалардың негізделуін анықтап, дәлелдеу.

**Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі, мақұлдануы, тәжірибеге ендірілуі -** зерттеудің мақсатын, міндеттерін орындау мен қойылған болжамның дұрыстығына сенімділігін арттыру барысында үйлесімді кешенді әдістемелер

мен әдіс-тәсілдердің пайдаланылуы, болашақ педагогтардың жеке танымдық және қызметтегі кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуына бағытталған іс-әрекеттерін жүзеге асырудағы ой-пікір қалыптастыратын философиялық, психологиялық, педагогикалық, т.б. еңбектерің тұжырымдамалық қағидаларын басшылыққа алынуымен; педагогикалық тәжірибелік-эксперименттікзерттеу жұмыстарының нәтижелерін өңдеуі және алынған мәліметтерді саралап, талдау қорытындысымен қамтамасыз етілген; зерттеу жұмысын жүргізу барысында алынған ғылыми теориялық қорытындылар мен тұжырымдар отандық және шетелдік халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында, шетелдік, отандық ғылыми-педагогикалық журналдарда жарияланды.

**Диссертация құрылымы**: диссертация кіріспе, екі бөлім, қорытынды, әдебиеттер тізімі және қосымшамалардан тұрады.

**«Педагогтың кәсіби әлеуеті дамуының ғылыми-теориялық негіздері»** атты бірінші бөлімде педагог қызметіндегі кәсіби әлеуетінің мазмұндық жүйесін беретін құрылымдары және олардың құраушы ретіндегі мәндік мазмұнына сипаттамалық салыстырмалы талдаулар жасалып, қазіргі педагогтың кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуы жайында ғылыми теориялық негіздемелер жасалған. Сондай-ақ, қазіргі мұғалімнің кәсіптік қызметіне болашақ педагогтарды даярлау барысында ЖОО-ның педагогикалық үрдісіндегі орын алып отырған білім беру мазмұнының жүйесі талданып, ғылыми тұжырымдар жасалған.

**«Заманауи білім беру жағдайында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту жолдары»** атты екінші бөлімде тәжірибелік-педагогикалық жұмыс баяндалады, білімгерлер мен қазіргі білім беру мазмұны аясында педагогтың кәсіби әлеуеті қалыптасуының деңгейлік көрсеткіші сараланып, талдау және оған негіз болған педагогикалық шарттары, педагогикалық тәжірибелі-эксперименттік жұмыстың нәтижелері және ұйымдастырылуы қамтылып, жасалған модельдің педагогикалық тәжірибедегі тиімділігі көрсетілген.

**Қорытындыда** диссертациядық зерттеудің негізгі нәтижелері баяндалып, оларды қолдануға ғылыми-әдістемелік нұсқаулар жасалды.

**Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру:** Диссертациялық жұмыс мазмұны Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Педагогика және психология факультетінің «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасы аясында ғылыми зерттеушілік еңбектерді талқылау академиялық отырыстарында,отандық және шетелдік халықаралық, конференцияларда талқыланды.

Ғылыми зерттеушілік бағыттағы диссертациялық жұмыстың басты нәтижелері төмендегі басылымдарда ғылыми-әдістемелік еңбектер, мақалалар түрінде жарық көрді:

1.Развитие профессионального потенциала педагога как необходимое условие осуществления обновления образования. Наука и просвещение международный центр научного сотрудничество Фундаментальные и

прикладные научные исследования // Актуальные вопросы, достижения и инновации сборник статей XXII Международной научно-практической конференции (Пенза, 2019. – 15 апреля).

2. Жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогтың басқару ерекшеліктері. «Білім беру жүйесін жетілдіру бағдарламалары: оқу-тәрбие үдерісін нәтижелі ұйымдастыру мен құзыретті маман даярлау мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция (интернет конференция) (Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті, 2019. – 03.04.05.).

3. Научно-исследовательская деятельность креативного педагога в рамках обновленного содержания образования// IV Международная научно-практическая конференция«Членство в ВТО: перспективы научных исследований и международного рынка технологий»(Ванкувер, 2019. – 23-25 октября).

4.Бастауыш сынып оушыларының ойлау іс-әрекетін қалыптастыру мәселелері //І. Жансүгіров атындағы ЖМУ. «Жастар – білім, ғылым, қоғамның қозғаушы күші» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары (Қазан; Талдықорған,2019. – 236б.).

5.Сущностная характеристика поликультурного образования// Абай атындағы Қазақ ҰПУХабаршы. «Педагогикалық ғылымдар» сериясы.– 2019. – №2(62).

6.Педагог әлеуеті және оны қалыптастыру. Қазақстанның ғылым мен өмірі // Халықаралық ғылыми журнал. – 2020. – №5(3). – 150 б.

7. Болашақ мұғалімдерді дайындаудың ғылыми негіздері // Абай атындағы Қазақ ҰПУ Хабаршы.«Педагогика ғылымдары» сериясы. – 2018. – №4(60). – Б. 15-23.

8. Development of the professional potential at the teacher as a necessary condition // Opcion. – 2019. – Vo. 35, Issue 88. – P. 92-114 (ISSN: 10121587).

9. Pedagogical Competence as Means of Developing the Professional Potential of the Teacher. – 2020. – Vol. 12, №1.

10. Мұғалім мамандығының ерекшеліктері. «Рухани жаңғыру – Қазақстанның серпінді дамуының негізі» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (Талдықорған, 2018. – Б. 193-197).

11.Структурно-содержательная характеристика понятия «Профессиональный потенциал педагога» WissenschaftlicheErgebnisse und Errungenschaften: 2020:der SammlungwissenschaftlicherArbeiten «ΛΌΓΟΣ» zu denMaterialien der internationalenwissenschaftlich-praktischenKonferenz (B. 3), 25Dezember, 2020. München, - P. 80-82. DOI 10.36074/25.12.2020.v3

# 1 ПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ӘЛЕУЕТІ ДАМУЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

## 1.1 Педагогтың кәсіби әлеуетінің мәндік сипаттамасы

Жаһандық жағдай және оған ықпалдасу барысы біздің қоғамдық құрылымның мазмұнына да өз әсерін тигізіп, өзгерістер жасауда. Қоғамдағы түрлі салаларға жасалған реформалар өз кезегінде білім беру жүйесінің талаптарын өзгертіп, жаңашыл мазмұндағы бағыттар енгізілуде. Білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу қоғамның мұғалімнің жеке басының қасиеттеріне және оның кәсіби қызметіне қойылатын талаптарының өзгеруіне ықпал етті, осыған байланысты білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында құзыретті маман даярлау міндетті түрде оның жалпы және кәсіби құзыреттілік жүйесін қалыптастыруды қамтиды [35].

А.Н.Леонтьев адам табиғатының жаратылыс болмысындағы физикалық, биологиялық сараптамасы, оның тіршілік ету барысындағы белсенділігін анықтайды. Адам табиғатының әлеуметтік қалыптасуы оның қоғаммен өзара қарым-қатынасында анықталатын жеке тұлғаның санаты болып табылады. Жеке тұлға әлеуметті-мәнділік сапасының қалыптасуымен сипатталады. Адамның жеке тұлғаға айналуы қоғамда қалыптасқан қызмет барысындағы әлеуметтендіру, мінез-құлықтарын және ережелерін меңгеру, тұжырымдау, ұғыну және қоғамда тарихи тәжірибиесін жүзеге асыруда қалыптасады. Осы мәселеге теориялық талдау жасап, жеке тұлғаның шынайы негізі – оның әртүрлі қызметі кезінде іске асатын қоғамдық қатынастар жиынтығы деп негіздейді [35].

Адам болмысының өмірге бейімделуі немесе әлеуметтенуі барысында оның қабілетін алған бағытындағы мақсаты, өмірлік көзқарасы мен ұстанымдары негізіндегі дәлелі, мағынасы сияқты өзіндік ерекшеліктері көрініс береді. Бұндай жеке тұлғалық қасиеттер, адамның белсенді қызметі кезінде және әртүрлі әлеуметтік, кәсіби-педагогикалық міндетті атқарғандағы бейімделуінде айқын көрініс береді және дамиды.

Адамның кәсіби дамуы оның қызметтік әрекеттері барысында іске асатын және болашақтағы мүмкіндіктерді, яғни жеке тұлғаның әлеуетін қоса алғандағы қызмет бағдарламасын түзу мен оны толықтырулар арқылы түзету орын алады. Осындай мүмкіндіктердің жүзеге асуы саналық түсінік пен ынта-жігерлік бірлігінің негізгі қағидаларына алып келеді.

Адамның өмірге және қоғамға деген қатынастарының бәрі әртүрлі қызметі арқылы жүзеге асады. Саналық түсінік пен ынта-жігерлікке негізделген дәлелі, талабы, мақсаты бар адам әлеуметтендіру үдерісінде өзін-өзі басқара алатын субъекті ретінде көрінеді. В.В.Давыдов әлеуметтік ортаны және оның нақты жағдайларын жеке тұлғаның өсіп-өнуі мен әлеуетті мүмкіндіктерін байланыстыратын фактор ретінде қарастырады [36]. Адам қызметінің белсенділігіне қатысты мәселеде оның мақсаты, саналы түсінік пен ынта-жігерлікке негізделген дәлелі және мағынасының айқындығы жеткілікті анықталғанда ғана айтуға болады.

Нәтижелі кәсіби қызметке қол жеткізу жолында ол алғашқы дайындық кезеңде қалыптасу үдерісінен өтеді, сонан кейін ғана оның жетілдіруі мен кәсіби әлеуетін сәйкес өздігінен қызмет ету барысында дамиды.

Адамның мұндай әлеуеті мен қоры, жалпы және кәсіби қызметінің қабілеттілігі түрінде оның кәсіптік еңбек нәтижелілігін көтеру үшін аса маңызды. Мұғалімдік мамандықтағы шығармашылық қызмет аумағындағы арнайы әлеует педагогикалық зор қабілеттілік болып табылады [37,38].

Бұл өз кезегінде қазіргі экономиканың даму қажеттілігіне үйлесімді болуды білдіреді. Бүгінгі қоғамда қажеттілікті өтейтін жақсы өмір сүру, даму және алға ілгерілеп өсу үшін әлеуметтік институттар жүйесі жұмыстар жасауда. Соның бірі –қоғам дамуының бүгінгісін және болашағын қамтамасыз ететін – жалпы білім беретін мектептер жүйесі. Мектептердің типтік ерекшеліктеріне орай ұйымдастырылатын педагогикалық үдеріс және педагог қауымның кәсіби қызметінің бүгіні мен ертеңгі күні атқаратын жұмыстарының барысын арнайы заңдар және нұсқаулар негізінде құрылуы тиіс. Осы негізден мектеп жасындағы оқушы-жастарға мақсатты түрде терең білім мен ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтар негізінде мәдениет қалыптастыруға, ізгілік-адамгершілігі басым, ізденушілік пен шығармашылдыққа бейім әрі белсенділік қасиеттері көрініс беретін жасұрпақты өмірге баулуда - кәсіби әлеуеті берік орнаған педагог дайындауқажет.

Бізге дейінгі жазылған ғылымизерттеу еңбектері мен арнайы диссертацияларды қарастырып, талдаулар жасау барысында бүгінгі мұғалімнің кәсіби қызметінің мазмұнында кездесетін дағдыларының құрылымында оның әртүрлі аспектілерін жүзеге асыру мәселесі маңызды орын алады. Мәселен, педагогтік қызметте оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдіс-тәсілдерін (педагогикалық технологияларын), шарттарын, құралдарын жобалауға және нәтижесінде оқушылардың тұлғалық танымдық болмысына бағытталған жаңа білім беру нәтижелерін қалыптастыруға дайындығын көрсетеді. Бұл қоғамдағы жүйелі өзгерістер жағдайында мектептегі педагогикалық қызметті ұйымдастыру мен жүргізудегі мұғалімнің ресурстық мүмкіндіктерін арттырып, оның кәсіби әлеуетін дамыту қажеттілігін негіздейді.

Осы тұрғыдан келгенде біздің зерттеуіміздің негізгі мазмұны мен бағыт-бағдарын анықтау қажет деп санаймыз. Тақырыптық зерттеуге алынған ғылыми жұмысымызда орын алатын «педагогтың кәсіби әлеуетін» және «педагогтың кәсіби әлеуетін дамыту» ұғымдарына түсініктік талдаулар жасап, олардың мәні мен мазмұнын ашып қарастыру – басты және заңды мәселе деп түсінеміз. Диссертациялық жұмыстың негізі болып табылатын түсініктер жайында кейінгі жылдардағы психология мен педагогикада қалыптасқан жеке тұлғаның кәсіби әлеуетін анықтаужолдарын, тәсілдерін, заманауи тұжырымдамаларын басшылыққа аламыз және соларға сүйене отырып сипаттамаларын береміз.

Ғылыми әдебиеттерді талдау бойынша – «Әлеует» (Потенциал; лат. potentia – күш) - қолда бар және белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу, қандайда бір тапсырмаларды орындау үшін жұмылдырылуы мүмкін құралдар, көздер, қорлар...» - деп берілген [39]. Осыдан педагогтың кәсіби әлеуеті деген түсінік –

мамандыққа байланысты ғылымдардың теориялық негіздерін меңгеру арқылы рухани күшінің жиынтығын немесе мүмкіндігін оқу-тәрбие үдерісін дидактикалық талаптарға сай үйлесімді ұйымдастыруы мен өткізу мақсатында оларды шеберлікпен қолдана білу ретінде анықталады. Педагогтың әлеуеті мұғалім мамандығына деген ішкі саналық пен мінез-құлықтық және кәсіби жұмысқа бағдарланған ғылыми теориялық және әдістемелік мәселелер деп қарастыруға болады. Бұлардың әрқайсысының өзіндік сандық және сапалық керсеткіштері бар, ал осылардың жиынтығы педагогтың кәсіби қызметіндегі күш-куатының және шеберлігінің деңгейін сипаттайды деп түсіндіруге болады. Бұл мұғалімнің өз міндеттерін оқыту мен тәрбиелеу талаптарының деңгейде орындау қабілетін беретін жүйеге біріктірілген табиғи және кәсіби қызметке негізделініп көрсетілген қасиеттердің жиынтығы. Педагогтың кәсіби әлеуетін педагогикалық кәсіби іс-әрекетіндегі мақсатқа бағытталған қабілеті деп білуге болады. Сондай-ақ бұнда, педагогтың кәсіби қызметтегі құлық-ниеті мен жетістіктерінің арақатынасы жайындағы байланысты да негізге алу керек. Өйткені, педагогикалық үдерісті мұғалімнің жүргізудегі белсенді ойлауы, оқу-тәрбие жұмысын құруы, табысты әрекет етуі, өз ниетін іске асыруы, жобаланған нәтижелерге қол жеткізу қабілеті дамыған және кәсіби білім мен дағдылардың біртұтастығының негізін құрай алуын педагогтың кәсіби әлеуеті деп түсінуге де болады.

Осы бағыттағы зерттеумен айналысқан ғалымдар педагогикалық әлеует жайында әртүрлі анықтамалар берген, олар басшылыққа алып негіздемелелер жасауы қарастырылатын контекстінің мазмұндық ерекшеліктерін көрсетеді. «Педагогикалық әлеует» ұғымын педагогика саласына алғаш енгізіп және осы «кәсіби әлеуеттілік» мәселесін зерттеумен айналысқан психолог - А.М. Боднар бекітті [40].

«Әлеует» түсінігінің педагогика саласында айналымға түсуінен бастап педагогикалық әлеует күрделі ұғым ретінде қарастырылуда. Себебі, тиімді педагогикалық іс-әрекетті қамтамасыз етуге ықпал жасауы және адамның белгілі бір жеке қабілеттері мен қасиеттерінің синтезі деп түсіндірілген. Яғни, педагогикалық әлеует жеке тұлғалық әлеуетпен байланысты, бірақ оны біртұтастықта қарау жайын әлі де болса терең талдап, түсінуден алшақтаумыз.

Бүгінгі күні білімнің құндылығы күрт өсіп, заманның өзгеріске түсуіне өз ықпалын жасайтын үлкен күшке айналған. Білім болғанда да қоғамның даму сұранысын қанағаттандыратын білім беру қажеттілігі ерекше орынға ие болатыны анық. Озық болатын жаңашылдық мазмұндағы білімдер жиынтығын тек арнайы ұйымдастырылған мекемелерде берілетіні анық. Яғни, мектептегі, колледждегі, жоғары оқу орындарында болашақ мамандарды дайындауда озық ойлы білімдер жиынтығын ұйымдастыру мен тапсырмалар беру жұмыстары түрлі деңгейдегі педагог қызметкерлердің үлесіне тиесілі болады. Осы бағытта болашақ мұғалім мамандардың өздерінің педагогикалық қызметтерін атқарудағы олардың әлеуеті немесе мүмкіндіктері және олар қандай болуы керек деген бірінші сұрақтың төңірегіндегі жауап беру дұрыс болар еді.

«Әлеует» (потенциал; лат. potentia – күш) – қолда бар және белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу, қандайда бір тапсырмаларды орындау үшін жұмылдырылуы мүмкін құралдар, көздер, қорлар. Әлеует экономикалық, саяси-моральдық, ғылыми және әскериболып бөлінеді...[41].

А.А. Костылева педагогтың жеке әлеуетін интегралды және белгісіздікке ие, түсініксіз сипаттама ретінде беріп, тек педагогтың жеке психологиялық ерекшелігі деп түсіндіре келе, оның ерік-жігері, жеке түсінік болмысы мен жауапкершілік әлеуеті, мұғалімнің кәсіби қызметіндегі ізгілік-адами мазмұн беретін мағыналардан шығу қабілетіне жауап беретін және түрлі өзгерістері бар қиыншылықтарға кездескенде өзгеретін сыртқы жағдайлар шеңберінде қызмет жасау арқылы семантикалық бағыттардың тиімділігін сақтауға мүмкіндік беретін семантикалық әлеует ретінде берген болатын [42].

Т.Л. Божинская білім беру саласындағы аймақтық мәдениеттің педагогикалық әлеуетін дамыту болашағын көрсетіп, педагогикалық әлеуетті оқушының жеке тұлғасын тәрбиелеу мен оқытуда, оның өмір сүруін және дамуын қамтамасыз ететін жеке ресурстарды (мінез-құлық ерекшелігі, білім, қағидалар мен ұстанымдыр, қарым-қатынас, өмір тәжірибесіне тарату түрлерін қалыптастыру) біріктіретін үйлесімді функционалды жүйе ретінде түсіндірген [43].

Әлеуеттік бірыңғай құрылымын психофизиологиялық немесе психологиялық-педагогикалық өзгешеліктер арқылы алу мүмкін емес, өйткені жеке тұлғаның шығу тегі генетикалық шығу тегімен, табиғи болмысымен, меңгерген білімімен, тапқырлығымен емес, қызмет барысындағы іскерлігімен, білімімен, тәжірибесімен анықталады. Осыдан мынадай ой желісі туындайды, яғни маман әлеуетін зерттегенде алдымен оның өзіндік қабілеті арқылы әрбір белгілерін ашу керек, ал одан соң нақтылы іс-әрекетінің байланысының өркендеуін меңгеру керек.

Даралықтың екінші түсінігі немесе белгісі: іс-әрекетінің белгілі әдістерін іске асыру тәжірибесінде. Іс-әрекеттің әдістерін меңгерілуі оның жекеше қайталау жаттығулары арқылы жүргізіледі. Дағды мен ептілік сезім органының әсерінен сенсорлық тәсіл арқылы игеріледі. Дағды мен ептіліктің бір сыпырасы жинақтау әдісі арқылы игеріледі. Кейбір ақылды әрекеттер ептілік және дағды бола алады. Ой өрісті әдет белгілі нұсқауға сәйкес, дағды бойынша жүзеге асырылатын іс. Білімсіз ептілік болмайды, болуы мүмкін емес, саналы іс жасау үшін, оны не үшін, қалай жасау керектігін білу шарт. Сондықтан да, меңгерген білімін іске асыру – оны пайдаланудағы жаңа деңгей. Даралықтың келесі белгісі – педагогикалық теорияда болжаммен ойлау, бұрын меңгерілгендерді жаңа жағдайға өздігінен жеткізу, келесі мәселелерді жаңа жағдайда көрсету, шешімдерін таба білу және оның жолдарын қиыстыру секілді қарастырылған шығармашылық әрекеттің тәжірибесі. Бұл тәжірибенің мәні келесі мәселелермен бірқатар жағдайларды шешумен қорытындыланады.

Даралық жайында осы айтылған белгілер мен түсініктер әлеуетті зерттеуде эмоционалды құндылық қатынасының тәжірибесіз жүзеге аспайды. Мұндай қатынас қажеттілік пен дәлелге сәйкес келетіндей

айналасындағылардан ақиқатты таңдап алады. Әсерленушілік эмоционалды - құнды қатынасының тәжірибесін меңгеру тәсілі болып табылады, сондықтан да, ол ашық және ерекше сипатта болып көрінеді.

Бұл тәжірибенің мазмұны өмірге, іс-әрекетке, адамдарға қатынастың жүйелі мөлшері. Сондықтан да эмоционалды құндылық қатынасы тәжірибесінің педагогтың әлеуетін қалыптастыруға зор маңызы бар.

Адам мұқтаждығын, әсерін және дәлелін біліммен, ептілікпен және мәселелерді шығармашылық әдіспен шешуді біріктіре қалыптастырып ұстаз шеберлігінің пайда болуын және дамуын бақылап отыруға болады. Ұстаздың іс-әрекетінің негізгі түрлерін айқындау, бізге оның білім беру, тәрбиелеушілік және ұйымдастырушылық көрсеткіштерін ашуға мүмкіндік береді.

Адамның әлеуметтік табиғатын, жеке тұлғаның және даралықтың негізгі дәрежесін зерттеп сараптау, оның түсінігі мен белгілерін тану, оларды әлеуметтік-педагогикалық әлеуетке біріктіруге мүмкіндік береді. Сонымен, жеке тұлғаның үш жақты табиғаты биологиялық, психикалық және әлеуметтік жеке тұлғаның потенциалын, белгілерін, жетістіктерін және мінез-құлқын анықталған дәреженің негізінде оның қалыптасуы мен ұғымын тануға мүмкіндік береді.

Осы берілген жайдан педагогтың жеке потециалын білдіретін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік педагогикалық негіздегі психофизиологиялық біртұтастық туралы қорытынды жасауға болады.

Жеке тұлға әлеуеті туралы ұғым оның қасиеттерінің қалыптасуы мен әлеуметтік келешегінің өркендеуі жағынан алып қарағанда ұстаздың бар мүмкіндіктерін танытады. Е.А. Донченко, Л.В. Сохань және В.Н. Тихоновичтың жұмыстарында көрсетілгендей, жеке тұлға әлеуеті кез келген мәселені ойдағыдай шешуге болатын қорлары, мүмкіндіктері, қабілеттіліктері бар – жалпы факторлар жинағы [44].

Аталған жұмыстарда «әлеует» ұғымы анықталған жағдайлар мен жүйенің үйлесімді жұмыс істеуі арасындағы сәйкестік қатынасын білдіретін нақты даму шамасы ретінде қарастырылған.

Л.И. Иванько, В.Г. Нестеровтің еңбектерінде теориялық және операциялық жоспарда жеке тұлға әлеуеті кәсіптік іс-әрекетте адамның бүтін бір субъект күйіндегі адам факторына бағытталған [45].

Жеке тұлға шығармашылықта өзін көрсете білу, көпшіліктің қабылдауына, «адамның маңызды күшін» өзінше жүзеге асыруға бағытталған адам әрекетінің рухани ішкі күш-жігеріне сенімділігіне, өзі орындауға бағытталған ізденушілік қызмет бағдарын берді.

Ресейлік ғалым И.П.Подласый, педагогтың кәсіби әлеует жүйесінде мұғалімдерді дайындаудың және олардың кәсіби қызметінің басым бағыттары деп қарастырылатын құрылымдық компоненттер бар деген көзқарасын басшылыққа алуға болады. Құрылымдық компоненттер бойынша педагогтың кәсіби әлеуеті қалыптастыруға негізделген ғылыми зерттеулердің бағыттары тарқатылып, бөлшектеп ұсынылған.

«Кәсіби әлеует» жалпы құрылым ұғымы, мазмұны жағынан күрделі және салалы болып келеді. Мәселен:

1. Педагогтың кәсіби әлеуеті педагогикалық іс-әрекетке бейімделу бағытын бағдарлаудың және іс-әрекетке қатысты нақты жағдайының арақатынасына байланыстыболады. Бұл жағдайда алынған тәсіл педагогикалық қызметпен айналысуға және табиғи қабілеттің маңызды ерекшелігіне бағытталғандығын атап өтеді.

2. Педагогтың кәсіби қызметке қатынасын береді. Дегенмен де, кәсіби міндеттерді сапалы орындау үшін жоғары қабілеттің болуын қажет етеді.

3. Педагог кәсіби еңбегінде педагогикалық талаптарға қойылатын деңгейге сәйкес орындап, педагогикалық үдерістің мәнін жеке түсіну мен оқу іс-әрекетінің дидактикалық қағидалар жүйесіне бағындыра отырып бірлікте орындау мүмкіндігіне ие болуы ретінде түсіндіріледі.

4. Педагогтың кәсіби әлеуеті – бұл жеке және кәсіби қасиеттердің жинақталуы мен шоғырлануы, яғни жүйе - білім, білік, дағды, ойлау және іс-әрекет әдістерін дайындау үдерісінде көрініс беретін дайындығы [46].

Педагогтың кәсіби әлеуетіне қатысты және мазмұн жағынан жақын ұғым – педагогикалық кәсібилік. Жалпы қарастырғанда педагогикалық кәсібилік оқу-тәрбие үдерістерінің барысын саралап, ұйымдастырылуы мен өткізілуін болжау, келешекте пайда болатын қиындықтарды алдын ала шешу мүмкіндігіне ие болу қабілеті. Яғни, кәсібилік – бұл кәсіби тұрғыдан ойлау және әрекет жасау қабілеті.

Кәсіби әлеует ұғымын қолдану тұжырымдамаларының иерархиясын, оның құрылымдық компоненттерін түсінуге, жалпы жағдайлар мен нақты деректерді дұрыс шешуге қол жеткізуге мүмкіндік жасайды.

Педагогикалық кәсіби әлеуеттің жалпы компоненттеріне зияткерлік, мотивациялық, қарым-қатынастық, түрлі әрекеттерді орындау (немесе жеке кәсіби), шығармашылық компоненттер жатқызылады. Педагогикалық оқу құралдарында қарастырылатын мәдени, адами-ізгіліктік, белсенділік және басқа құрылымдық компоненттер мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіне кіретін жалпы жағдай ретінде қарастырылады.

Бізталдау жасаған ғылыми деректер мен мәліметтердегі «Педагогтың кәсіби әлеуеті» және «Педагогтың кәсіби әлеуетін дамыту» түсініктері зерттеуіміздің өзегі болып табылады. Бұл мәселе педагогика ғылымындағы өзінше бір сипатқа ие болған құбылыс ретінде ғалымдардың назарын аударып, теориялық әрі әдіснамалық және ғылыми-тәжірибелік тұрғыда маңызды сипатқа ие болып тұр.

Педагогтың кәсіби әлеуеті мұғалімдік қызметпен шұғылданатын жеке тұлға мүмкіндіктерінің жиынтығын береді. Дегенмен де, зерттеушілердің ой түйіндеулері мен қорытындыларының ерекшелігі – бұл педагогтыңмүмкіндіктерін қазіргі жағдайда ғана емес, сондай-ақ, олардың қалыптасуы мен даму болашағы тұрғысынан да қарастыруға мүмкіндік жасайды, өйткені ол үш басымдық бағытын топтастырып, біріктіреді:

– болып кеткен – жеке және кәсіби даму үдерісінде жеке тұлғаның меңгерген ерекшеліктері мен қасиеттерінің жиынтығы;

– қазіргі – мүмкіндіктерді қажет ету әрі өзекті жасау және оларды кәсіби-педагогикалық қызметте пайдалану;

– келешекте – болашақ кәсіби және жеке даму бағыттарын жетілдіру.

Педагогикалық әлеует мұғалімнің жеке кәсіби қызметіндегі міндеттерін қойылған деңгейде орындай алу қабілетін анықтайтын біртұтастық жүйеде түсіндіріліп табиғи-психофизиологиялық және қол жеткізген – әлеуметтік бағыттағы қасиеттердің жиынтығы ретінде қарастырылады. Педагогикалық әлеуеттің табиғи-психофизиологиялық құрылымдық құрамасы – бұл қабілет. Ерекшелігі – мамандық саласында жұмыс жасайтын әрбір жеке адам жақсы мұғалім бола алмайтындығы және кәсіби шеберлікке жете алмайтындығымен анықталады. Бұл қазіргі уақытта ойландыратын мәселе болып отыр. Мұғалімнің қандай болуы керек жайындағы ой-пікірлер тарихи түрде өзгеретін әлеуметтік құрылымдық құрамдас бөліктерінің жиынтығын құрайтындар: қабілеттер, кәсібилілікке қатысты қасиеттер, педагогикалық тәжірибе, педагогикалық мотивация, жеке тұлғаның мұғалімдік кәсіби іс-әрекетке даярлығы. Бұлардың барлығы да егер тәжірибемен өзара байланыспаса, онда педагогикалық әлеуетті дамытудағы әсер етуші фактор болаалмайды. Жоғарыдағы аталып өткен қызметтік қабілеттерді орындау үшін ол белгілі бір сипаттамаларды қамтуы керек.

Мұғалімдердің кәсіби қызметінің дамуына, әсіресе, олардың педагогикалық әлеуетіне ықпал жасайтын үздіксіз педагогикалық білім берудің басқа да салалық бағыттары да ықпал етеді.

«Педагогтың кәсіби әлеуеті» және «Педагогтың кәсіби әлеуетін дамыту» ұғым, түсініктерінің мазмұнының ауқымы әртүрлі объектілерді сипаттау үшін пайдалануға болады, бұл, жалпы, синонимдік мағына. Дегенменде, оның мазмұнының тұжырымдамалық құрылымын нақтылап бере алатын және мәнін тура көрсетуге жақын келетін бірқатар түсінік пайда болды.

Педагогтың кәсіби әлеуетінің түсінігінің мағынасын әртүрлі тәсілдермен қарастырып, қорытындылай келе, басты қағидалық ұстанымдарды бөліп қарауға болады. Мәселен, бізге дейінгі зерттеушілер –педагогтың кәсіби әлеуеті тұлғаның ішкі жеке ресурстарының бір бөлігін құндылық бағдарлары, себеп-салдарлы түрткілері – мотивтері, қажеттіліктер, қабілеттер, қағидалар, жеке қасиеттері мен ерекшеліктері, білімі, білігі, дағдылары және т.б.деп қарастырғандығы анықталды. Сондықтан олар белгілі бір жағдайларда кәсіби қызметте көрініс табуы мүмкін. Дегенмен де, объективті немесе субъективті сипаттағы себептерге байланысты олар толық қолданылмайды немесе мүлдем жүзеге аспайды. Яғни, әлеует – бұл айналасындағыларға жат, адамның ішкі жаратылыс болмысында жасырылған, кезкелген қызмет барыстарында, көпшілік жағдайда кәсіби салада іске асырылмайтын нәрсе. Осы тұрғыдан қарағанда, әлеует педагогтыңжеке әртүрлі іс-әрекетінде қарама-қарсы, кәсіби педагогикалық қызметінде орын алатын және ақиқаттық пен шындық түрде анықталған кәсіби педагогтың құндылығында көрініс береді.

Өзге тұжырымдамалық ой-пікірлерде педагогтың кәсіби әлеуеті дегеніміз – тұлғаның ішкі жеке жаратылыс болмыс мүмкіндіктерінің толық жиынтығы, әрі кәсіби қызметте белсенді жүзеге асырылатындар және қажет болған жағдайда міндетті орындалатын, тіпті, жеке тұлғаның болмысында әлі қалыптаспаған, бірақ қолда бар құрал-жабдықтар мен мүмкіндіктер негізінде жүзеге асырылуы тиіс жиынтық.

Бұндай пікірлер «Педагогтың кәсіби әлеуеті» және «Педагогтың кәсіби әлеуетін дамыту» ұғымдарының мазмұны құрылым жағынан әртүрлі түсінік екенінбілдіреді. Біріншісі екіншісінің құрамдас бөлігі, өйткені, оның мазмұндық құрылым көлемімен қамтылып отыр.

Бұл бағыттағы теориялық және әдіснамалық зерттеу тұрғысындағы қолданылған тәсілдер олардың барлық айырмашылықтарын ашуы заңды және нәтижелі болады. Өйткені, бұл құбылыстарды жан-жақты талдап, зерттеу, адам әлеуетінің мәнін және білім беру жүйесіндегі мүмкіндіктері мен кәсіби қызметті ұйымдастыру әрі жүргізу барыстарындағы мұғалімнің кәсіби-педагогикалық әлеуетінің қызметтік мәнін бір мақсатқа бағыттаумен сипатталады.

Бүгінгі таңда мектептің жұмысын қайта қарау, қоғам дамуының жаңа жағдайларына үйлесімді мақсат, міндеттерін тұтастай жаңашалау қажеттілігі орын алып тұр. Оқыту барысында тәрбиелеу қағидаттық ұстанымын, тәрбиелей отырып оқыту қағидаттық ұстанымын алмастыру іске асырылуда. Қазіргі мектептегі педагогтың және оның қызметінің мазмұны қайта қаралып, тәрбиелеу мен оқытудың жаңаша жүйесіне бейімделу үдерістері іске асырылуда. Психолог Л.В.Выготскийдің «Педагог әлеуметтік-тәрбиелік ортаны ұйымдастырушы, әр оқушымен қарым-қатынасты ретке келтіруші және бақылаушы» деген анықтамасын басшылыққа алу керек [47].

Қазіргі заманауи талаптар мен сұраныстаға байланысты білім беру жүйесін қайта құру орын алуда. Бұны табиғи заңдылық ретінде қабылдап, дұрыс түсінгеніміз жөн. Себебі, жаңа талаптарға үйлесімді, яғни сәйкес келетін оқу-тәрбие жүйесін жаңа деңгейге көтеру міндеттерін педагогтардың көмегінсіз жүзеге асыру мүмкін емес. Мемлекетіміздегі экономикалық және әлеуметтік салаларды дамытудың бағдарламалық міндеттерін шешу болашақ және жас мамандардың кәсіби біліктілігіне, мәдениетіне, рухани кемелдігіне тікелей байланысты екендігі анық.

Өйткені, педагог – жеке адамды тұлға ретінде қалыптастыратын, адамды рухани ізгілікке тәрбиелеп, бұл дүниеде өзіндік өмір жолын дұрыс таңдауына ықпал жасайтын, саналы азамат болуына ұйытқы болатын және адамдарды жақсы өмірге баулитын кәсіби маман, адал адам. Тәрбие деген терең және ауқымы кең ұғымның пайдалы болғанынан бері бұл істі бала тәрбиесіне бейім және сол қызметке берілген, ең беделді әрі ең білгір адамдарға тапсырылатыны сондықтан. Сондықтан да, тәрбиешілік пен мұғалімдік мамандықты игерген жалпы педагогтардың қызметіне және еңбегіне қандай қоғамда болмасын ерекше мән беріп отырған.

Г.А. Ягодин:«Отбасы, мектеп, білім беру, мәдениет, адамгершілік ұғымдары педагог, тәрбиеші сөздерімен бірге пайдаланылады. Бұл ұғымдар қоғамдық өмір тәжірибемен астасып, бірігіп тұрады. Осы тұрғыдан келгенде, қоғам ішіндегі адамдардың өзара қарым-қатынастағы рухани дамуын үнемі ілгері жылжытып отырған нәрсе – адамзат өз келешек ұрпағының өмірін жақсы болуын және мағыналы жасауы үшін әрдайым ізгілік негізінде ілгері жылжитыны белгілі. Бұдан туатын мақсат – адамның қабілетін дамыту, жеке тұлға ретінде қалыптастыруда оны жан-жақты жетілдіру, әрі оның саналы азамат болуындағы тәрбиесін жүзеге асыру»– деген ой-пікір айтады [48].

Бізге дейінгі жүргізілген зерттеулер қолданыста болған дәстүрлі оқытудағы тәжірибелерін басшылыққа алып, білім берудің теориясы мен тәжірибесін дамытуға негізделген. Сондықтан И.В.Котованың ғылыми-зерттеушілік еңбектерінің мазмұны осы бағытқа сәйкес келеді. Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда алдыңғы зерттеулер мазмұны және тәжірибе жүзіндегі деректер мен мәліметтердің өзіндік ерекшіліктерімен көрініс береді. Өйткені, бізге дейінгі жазылған еңбектердің мазмұнын бүгінгі күн тұрғысынан қарастырғанда, олардың көпшілігі қазіргі талаптарға сәйкес келе бермейді, сонымен бірге, мұндай жұмыстарда, біздің пікірімізше, осы заманғы педагог мамандарды даярлаудың теориясы мен тәжірибесіне жаңашыл тәсілдерге сүйене отырып, оның негіздерін қайта қарап, жаңаша тұжырымдар жасау арқылы ой елегінен өткізіп пайдалану қажет. Себебі, қазіргі білім беру мен тәрбиелеудегі құндылыққа жету үшін қызмет жасаған өткеннің тәжірибесінен мүлдем алшақтап кетуге болмайтындығын ескеруіміз керек [49].

Болашақ маманды немесе мұғалімді кәсіби қалыптастырудың ұзақ үдерісі қарама-қайшылықтарға толы, оларды педагогика еңбекке баулу арқылы жеке тұлғасының дамуын дидактика заңдылығына үйлесімді жүзеге асыру мен түрлі кедергілерді ғылыми негіздерге сүйене отырып шешуге үйрету және сол арқылы жеңу болып табылады. Ал, егер мұғалім қызметіне қатысты теориялық және әдістемелік мәселелер бойынша дайындықтар педагогикалық тәжірибеде үйлесім таппаса, сондай-ақ, мұғалім-педагогикалық қызметтегі жеке тұлға ретінде өзіндік міндеттері мен кәсібі қызметінің ішкі мазмұнын терең түсінбесе, өзін-өзі жетілдірмесе, онда мұғалім дайындау барысында кемшіліктер мен қателіктердің орын алғандығы яғни, бұл «педагог әлеуетін» қалыптастыру мен дамыту жұмыстарының «тоқырауы» болып табылады.

Мұғалімнің педагогикалық еңбегінде немесе болашақ мамандарды дайындаудағы педагогикалық білім берудегі тоқыраудың орын алуы – мамандар даярлаудағы білімнің теориялық және әдістемелік жетіспеушілігі мен болашақ маманды өзінің кәсіби қызметіне деген дұрыс көзқарастың қалыптаспауынан тудырған түрлі қарама-қайшылықты пікірлер мен түсініктердің орын алуын көрсетеді. Бұл бағыттағы негізсіз және қарама-қайшылықты пікірлер мен түсініктер, біріншіден, педагог мамандарын дайындаудағы дамуды тежеуге алып келсе, екінші жағынан, жаңа бағытта дамуына ықпал жасайтын құбылыс ретінде орын алады. Бұл білім беру үдерісінде орын алатын қарама-қайшылықтар қалыптасқан теория мен

әдістеменің және оның тәжірибедегі көрінісінің заманауи сұраныс-талаптарға үйлесімді келмейтіндігінен жаңа ықпалды күштер мен құбылыстар көрініс тапқанда орын алады. Жаңа ықпалды күштер мен құбылыстар құндылығы «олардың жаңа педагогикалық теориялар мен қолда бар қазіргі білім беру тәжірибесін қайта құруға оң әсер ететіндігінде» деп түсінгеніміз жөн [50].

Болашақ мұғалім мамандарын дайындау барысында ЖОО-да көрініс табатын қарама-қайшылықтар:

- мамандықта оқытылатын пән мазмұнының ерекшелігіне мән берілетін білім мен болашақ маманның педагогтік кәсіби қызметке деген көзқарасын қалыптастырудағы жекетұлғалық болмыс бітімі арасында пайда болатын сәйкессіздік;

- мамандық ерекшелігі бойынша білім беруді ұйымдастырудың мазмұндық-бағыттылық сипатымен оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуды жүзеге асырудағы біртұтастық жүйеге негізделген көзқарасты талап ететін кәсіби қызмет ерекшелігі арасында орын алатын қарама-қайшылық;

- болашақ мұғалімді даярлаудағы педагогикалық тәжірибенің бірсарындылығы мен ауқымдық шеңберінің тарлығының әсерінен педагог қызметін терең түсіне алмаушылығы және осыдан келіп, педагогикалық қызметтің шынайылық көрінісін танып, біле алмау арасындағы қарама-қайшылық;

- мұғалімнің педагогикалық қызметке дайындығының жылдар бойы қалыптасқан немесе дәстүрлі бірсарындық құрылымының жүйесі және оның педагогикалық еңбектегі жеке ізденушілік пен шығармашылық әрекеттерімен және кәсіби жағдайларда орындалатын міндеттердің ерекшеліктері өзара бірлік жүйеде болмауы арасында орын алатын қарама-қайшылық [51].

Педагогикалық қызметке дайындау барысындағы білім беру тәжірибесін талдауда орын алатын қарама-қайшылықтар. Олар:

1. Әлеуметтік-педагогикалық.
2. Педагогикалық.
3. Психологиялық.

Әлеуметтік-педагогикалық қарама-қайшылықтар:

Біріншісі – әлеуметтік үдерістердегі жедел өзгерістік дамудың орын алуы мен оған қатысты қоршаған ортаның ықпалына байланысты болады. Екіншісі – осыған сәйкес білім беру жүйесінің жаңаша бағытта үдемелі қарқынды дамуы және педагогикалық қызметті заманауи талаптарға үйлесімді ұйымдастыру арқылы жұмыс жүргізу арасында орын алатын қарама-қайшылық. Бұндай қарама-қайшылықтар қазіргі уақытта өмірлік тәжірибеден орын алып, заманауи талапқа сай бекіген рухани жетістіктің заңды нәтижесі болып табылады. Оның мәні жекетұлға «ішкі қажеттілігіне қажетті қор» ретінде қарастырылатын заманауи сұранысқа үйлесімді қазіргі «жасампаз» тәрбиені береді. Өкінішке орай, бұл педагогті ұлттық мәдениеттен, халықтық тәлім-тәрбиелік мұрадағы рухани құндылықтан және оқушылардан бөлектенуге алып келді. Өзін кәсіби қызметінде ұлттық тәлімдік құндылықтан тұлғалық бағдарын жоғалтқан мұғалімнің әрекетінде білім беруде Отанға, елге, жерге, ұлтқа сүйіспеншілік

пен мақтаныштық сезімдері төмендеп, құлықсыз және жүйесіз көзқарастарға бой ұрғызады.

Қоғамда және әлеуметтік орта жағдайдағы демократиялық өзгерістер жағдайында ізгілік-адамгершілік қағидаларды ұлттық таным негізінде қайта құру арқылы, жаңашыл көзқараста педагогикалық қызметте жұмыс жүргізетін жеке тұлға болмысын қалыптастыру мен дамытуға қажеттілік пен сұраныстар пайда болды. Яғни, бұл дегеніміз, дәстүрлі болған немесе бұрынғы қалыптасқан білім беру үдерісі қазіргі жағдайдағы сұраныс-талаптарды толық қанағаттандыра алмайтындығын түсіндіреді.

Әлеуметтік-педагогикалық қарама-қайшылықтар – ЖОО-да оқытудағы білім беруді ұйымдастырудың сапалық емес, сандық көрсеткіштерге бейім келуіне байланысты болып отыр. Мұндай бағыттық ағымдағы білім беруді ұстану – қоғамда және әлеуметтік ортада және жеке тұлға болмысының рухани құндылықтарына кері ықпалын тигізетіндігі қазіргі дамудағы жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда көрініс беріп келеді.

Педагогикалық қарама-қайшылықтар педагогикалық жүйеге ғана байланысты құбылыс деп айтуға болады. Өйткені, тәрбиелеу мен оқыту және білім берудің мақсат пен міндеті, педагогикалық үдеріс барысында меңгерілетін білім, мәліметтер мен ақпараттар ауқымы, мазмұны мен технология және т.с.с. арасындағы қарама-қайшылықтарды нақты айтуға болады. Бұлар заманауи білім берудің ғылым мен мәдениетті жасаушы қызметін кері ықпалын тигізіп және оның мазмұнының отандық және әлемдік ғылым мен мәдениеттен алшақтауына алып келетін кері әсерін туғызады. Сондай-ақ, білім беруді дамытуды тежеуге алып келетіні анық. Бұндай кері әсерлер – дамудың жалпы және мамандығына сәйкес жекетұлғаның меңгерген ғылыми білімдер мен мәдениетін және өзін жеке дамытудағы шығармашылық әрекеттеріне дайындығы мен жеке ізденушілік қабілетімен жұмыс жасау үшін қажетті жағдайлар тудырмайды. Мұнда болашақ педагогтарды даярлаудағы олардың маман болуына өзек болмайтын немесе негізгі мазмұн мен мәндік сипатта білім бермейтін пәндер басымдыққа ие болып, жетекші орынға шығуы. Ал жалпы мамандыққа тиесілі ғылыми білімдер мен педагогикалық этика мәдениетіне және психологиялық-педагогикалық дайындығы мен жеке пәндердің теориялық әрі әдістемелік оқу материалдарын жете игеру міндеттерінің талапқа сай орындалмауы. Бұлар білім беру тәжірибесінде педагог әлеуетінің дұрыс қалыптасуы мен дамуына кері әсерін тигізуге алып келеді [52].

Бұндай қарама-қайшылықтардың тәжірибеде орын алуына қарамастан, жоғары оқу орындарында теориялық негіздегі пәндерді оқыту мақсатында жалпы дүниетанымдық ғылыми білімдер мен жалпы педагогикалық этика мәдениетіне немесе дүниетанымдық көзқарасты қалыптастыру болса, екіншілері – кәсіпке бейімделудегі біліммен дағдыларды жүзеге асыру болып табылады. Үшінші топтағы – болашақ педагогтарды мамандандыруға яғни, мектептегі мұғалімдік қызметке теориялық және тәжірибелік білімдерді меңгерту арқылы дайындауды жүзеге асыру орын алып келеді. Қазіргі

қоғамдағы мұғалім тұлғасына қойылатын жаңа талап – шығармашыл, жасампаз, зерттеуші, педагогикалық технологияны оңтайлы әрі тиімді қолдануға машықтанған кәсіби тұлға болуы керек. Бұл қазіргі қажеттілік. Дегенмен, мұндай сұраныстарды толығымен қанағаттандыру мәселесін жете, әрі толық түсінбеушіліктер орын алуда. Педагогтың маман ретіндегі жеке тұлғалық болмысында бұндай кәсібилікке қатысты жеке қасиеттер мен қабілеттер жиынтығының бар болуы жай ғана нәрсе емес, бұлар оларды дамытушы ішкі өзек, әрі педагогтың әлеуметтік және кәсіби ынтасын жасайтын жүйелік тізбектестіктегі ойлау жүйе орталығы мен негізгі тұтынушы – мақсатты әрекет жасау түрткісі (мотивациясы) болып табылады [53,54].

Болашақ мұғалімдерді дайындау барысы жоғарыда баяндалған қарама-қайшылықтарды шешуге немесе олармен үйлесімді болуға негізделгендігі, ал бұның салдары ретінде кәсіби қызметтегі ізденушілік пен шығармашылықтың болмауына алып келген педагогикалық еңбектің жетістіктері мен өсімпаздығының (репродуктивті) болмауы орын алып отырғандығы анық болды.

Бұл мұғалімнің педагогикалық қызметіндегі жұмыстарында жекетұлғаның ізденушілік-шығармашылық мүмкіндіктерін дамытпайтын «орташа», оқушыға бейімделген оқытудың қалыптасқан түрдегі әдістердің басым орын алғандығын көрсетеді. Болашақ мамандардың кәсіби әрекеттегі ізденушілік пен шығармашылық дайындығының мәселелерімен О.А. Абдуллина, К.Н.Мұхамеджанов т.б. ғалымдар айналысты және олардың ғылыми-зерттеушілік еңбектерінде жоғарыдағы баяндалған мәселелердің мазмұндық қыр-сырын ғылыми негізден аша отырып, бұларды педагогтың әлеуетін көтерудегі қажетті мәселелер екендігін ашып берген болатын [55,56].

Сондай-ақ, бұл ғалымдардың зерттеулерінде болашақ педагог мамандарына қажетті білім, біліктер мен дағдыларын дамыту және өзі үнемі өз білімін жетілдіруге бағытталған ғылыми танымдықты қажетсіну керек екендігін саналы түсінікпен қабылдауы жағдайын негіздейді. Педагогтік жеке тұлғадағы болатын жеке қасиеттер мен мақсатты ізденуші әрі шығармашыл бағыттағы мұғалімнің жеке тұлғасын қалыптастыру мен дамыту қажеттілігін сиппатап, дәлелдейді.

Мемлекетіміздегі жалпы білім беретін мектептерде білім беру мазмұнын және оның құрылымын жаңартудың негізгі бағыттары жалпыға міндетті білім стандартында анықталып берілуіне байланысты, жоғары оқу орындарында мұғалім мамандарын дайындау және педагог әлеуетін көтеру мәселелеріне де ерекше мән беру керектігін басшылыққа алып отыр.

Қазіргі Қазақстандағы білім беруді дамытудың басымдылықтары:

1. Білім берудің сапасын жаңа мазмұн бағыты бойынша дамыту; мемлекеттік тіл, жаратылыстану-математика, техникалық пәндерді, шет тілдерін оқыту сапасын арттыру.

2. Білім беруде ақпараттық-қарым-қатынастық технологияларды қолдану, педагогикалық жаңашыл тәсілдерді жасау, дамыту, тарату және оларды түрлендіре отырып, бейімдеп жетілдіруге ынталы болу.

3. Қазіргі талапқа сай заманауи білім беру мен оқыту сұранысы қажеттілігін орындау, жұмыс нарығын қажетті кәсіби маман даярлау және жұмыс нарығын, зерттеу арқылы байланысты арттыру.

4. Педагогтардың және оқушылардың қажетті білімі мен біліктіліктерін жетілдіру.

5. Педагогика саласындағы озық білімдер мен тәжірибелерді оқу-тәрбие мекемелерінің (балабақша, мектеп және олардың типтеріне қарай, колледждер, ЖОО-да т.б.) педагогикалық үдерісіне оңтайлы, үйлесімді пайдалану.

«Білім ақпараттық қоғамда құнның негізгі көзіне айналып барады. Білім, инновациялар мен оларды нақты қолданудың әдістері барған сайын пайда көзі ретінде көрінеді. Білім беру ұғымының өзі өзгеруде, кеңеюде. Білім беру барған сайын көп ретте мектепте, тіпті жоғары оқу орнында оқумен бірдей түсінілуден қалады. Жеке тұлғаның функционалдық әзірлеу тұжырымдамасынан және тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді, ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін /әлеуетін/ оның өзін-өзі іске асыруы мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді» деп негіздейді [57].

Қорытындылай келе, жоғары оқу орындарында мұғалім даярлау барысы «Педагог әлеуетін» қалыптастыру мен дамытудың негізгі баспалдағы болып табылады. Сондықтан мұғалім мамандарының сапасы үшін жауап береді, ең бастысы – педагог қызметін таңдап алған түрлі бағыттағы (бастауыш сынып мұғалімі, орта және жоғары сыныптардағы – математика, тарих, тіл мен әдебиет, дене тәрбиесі, көркем еңбек және бейнелеу өнері, химия, биология т.б. пәндерінің мұғалімдері) білімгерлерге жүйелі және міндетті білім беруі. Білім берудің жоғары деңгейде болуы болашақ мұғалімдерді кәсіби шеберлікке дайындаудың өзегі болып табылады және педагог әлеуетін дамытуға ықпал жасайтын негізгі күш болып саналады. Педагог әлеуетін дамытуда мән берілетін мәселелердің бірі – ол болашақ мұғалім мамандарының дайындығында білімгерлердің жекетұлғалық болмысын педагогикалық қызметке бағыттап отырып, оған ықпал жасайтын сыртқы күштердің барлық жүйесіне біртұтастықта қарау. Болашақ мамандарға жалпы озық білімді, ғылымды және ұлттық руханияттық мәдениетке тәрбиелеу жұмыстарының кезеңдері мен барыстарын күшейту керек. Нәтижесінде, біз педагогикалық қызметке дайындалған емес, оның қыр-сырын меңгерген маманды дайындап шығарамыз [58].

### 1.2 Педагогтың кәсіби әлеуетінің мазмұнын құратын және оның дамуына ықпал ететін құрылымдар

Білім беру жүйесі жұмысының тиімділігін анықтайтын негізгі арқау – педагог қызметкерлерінің дайындығы болып табылады, өйткені білім беру жүйесінің барлық салаларының тиімділігі сол мамандардың қызметіне тәуелді. Әлемдік дамудың барлық кезеңінде жастарды адамзаттың аға ұрпағының қалдырған құндылықтарымен тәрбиелеу және білім беру мен оқыту жағдайына

тікелей байланысты болады. Мұнда тәрбие мен білім беруді және оқытуды жүзеге асыру арнайы кәсіби қызметке бейімі бар педагогтың үлесінде болады.

Педагогикалық білім берудің мәнін педагогтың үздіксіз, бағытты кәсібилігіне қатысты жеке тұлғалық даму үдерісін қамтиды. Қазіргі педагогикалық ғылымда «білім беру» ұғымының түсіндірілуі:

-жеке тұлғаның өмір жолын абыройлы таңдау мүмкіндіктерін кеңейтуге және жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуға бағытталған үдеріс ретіндегі білім беру (А.Т.Асмолов) [59];

-білім беру адамның заттық, әлеуметтік және рухани мәдениет әлеміндегі белсенді қатысуы жолымен өзінде әлем бейнесін жасауы;

-білім беру адамның мақсатты, педагогикалық ұйымдастырылған және жоспарлы әлеуметтену барысы мен нәтижесі (О.В.Петровская) [60].

Білім берудін мазмұны қоғамның қазіргі және келешектегі қажеттіліктерін, адам танымының ерекшеліктерін көрсетуі керек. Қоғамдық және әлеуметтік дамудың ағымдары есебінің негізінде қоғамда қабылданған білім беру дамуының жеке түсініктік көзқарасқа үйлесімді және сабақтастықта болуы қажет. Бұл заманауи ғылыми білімдерді өмірлік тәжірибемен байланыстылығын жүйелеп, сипаттап бере отырып, оның өзегі ретінде орын алуы тиіс.

Педагогтың жеке тұлғалық бейнесі мен кәсіби қасиеттерінің мұғалімдік қызметке тән ерекшеліктерін үздіксіз дамытудың кезеңдерін қарастырамыз: 1. Кәсіби-бағдарлық, мамандандыру. 2. Базалық кәсіби дайындық. 3. ЖОО-ны аяқтағаннан кейінгі кәсіби қызметке қалыптасуы және оны кәсіби тәжірибелік тұрғыдан дамыту.

Болашақ педагогтарды даярлауда білім беру мазмұнының құрылымы барлық уақытта ғалым-педагогтар мен психологтардың басты назарында болып, зертеу нысандарына айналады. Мұғалімнің жеке тұлғалық және кәсіби дамуында түрлі ғылыми теориялық және жеке пәндерді оқыту әдістемесіне, оның қоғамдағы ролін В.С.Кузин атап кетсе [61], мұғалім мамандарының дайындығы мәселесінің ғылыми-әдістемелік жасалуына, оқу үдерісін жетілдіруге бағытталған зерттеушілік жұмыстар О.А.Абдулинаның еңбектерінде қамтылған [62]. және т.б. Жоғарыда қарастырып өткен ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстарында мұғалім мамандығына қойылатын талаптар анықталып әрі нақтыланып және педагогикалық шеберлікке жетудегі ізденушілік пен шығармашылықтың қалыптасу мүмкіндіктерінің құрылымдық белгілері берілген. Н.В.Кузьмина мұғалімнің кәсіби қызметінің құрылымына бағытталған зерттеулер жүргізсе [63,64], В.А. Сластенин және т.б. мұғалімнің жеке тұлғалық болмысының жеке ерекшеліктерін және олардың кәсіби қызметтегі көрінісін зерттеді [65].

Отандық ғалым Н.Д.Хмельдің басшылығымен жүргізілген зерттеулерде болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығының табыстылығы - болашақ мамандарға педагогикалық үдерістің мазмұны мен мәнін түсінуді үйрету және оны меңгерудегі қалыптасатын дағдысына тікелей байланысты болатындығын негіздейді [66]. Ғалымның зерттеулері педагогикалық мақсаттарды іске

асырудағы кездесетін көкейкесті мәселелерді арнайы шешу әрекетіне бейімделгенше және бірізді жүйедегі педагогикалық үдерісті меңгермейінше, мұғалім жеке назарын тек оқытатын пәнге ғана аударады. Бұл өз кезегінде педагогтың жеке қызметінде кәсіби өсуінде «табысты» бола алмайтындығына алып келеді деп түйіндейді. ЖОО-да мамандық бойынша білім алып жүргеннің өзінде-ақ, болашақ мұғалімді жалпы білім беретін мектептің педагогикалық үдерісін басқаруы бойынша өзінің іс-әрекетінің барысы мен нәтижелеріне тыңғылықты талдауына дайындау қажет деп негіздеген болатын. Сондай-ақ бұл бағыттағы алдағы болатын тәжірибеден өту және өзінің кәсіби дайындығының алғашқы кезеңінде табысты бейімделуге ЖОО-да дайындығының әсерінеотандық ғалымдар: Сейталиев Қ. [67], Абдиманапов А. [68], Каргин С.Т. [69, Б.Қ.Бөлеевтің [70] т.б. зерттеулері арналған болатын. Біз қарастырған осы бағыттағы түрлі зерттеулерде мұғалімнің кәсіби дайындығын жетілдіруде бірізді жүйедегі педагогикалық үдерісте меңгеретін теориялық және әдістемелік білімдердің мазмұндык құрылымдарының жоғары мектептің дидактикалық талаптарына үйлесімді болуы керектігін дәлелдеп берді. Болашақ мұғалімнің кәсіби-педагогикалық және әдістемелік бағыттағы ғылыми дайындығы оның шығармашылық мүмкіндігі мен жалпы әлеуетінің дамуы ретінде қарастыру дұрыс. Яғни, бұл жайындағы мәселелерді педагогикалық мамандыққа қатысты ғылымдардың теориялық-әдіснамалық негіздерін қарастырып, зерттеуші ғалымдар мен жеке пәндерді оқытудың әдістемесімен айналысатын ғалым-әдіскерлердің де әрдайым назарында екендігі анық. Біз қарастырған зерттеулердің басым көпшілігі бізге дейінгі қалыптасқан немесе дәстүрлі деп аталатын білім беру тәжірибесімен байланысты. Сондықтан да қазіргі біздің педагогикалық және өмірлік тәжірибемізге енген «Педагог әлеуеті» түсінігінің мән, мазмұнын қарастыра отырып, оны құратын және оның дамуына ықпал жасайтын құрылымдарды қарастырмақпыз.

Кәсіби әлеует» атаудың жалпы мазмұндық құрылымында қарастырып, зерттегенде бұл түсініктің өзі де күрделі екендігін байқаймыз. Мәселен, «Кәсіби әлеует:

- педагогикалық кәсіби қызмет іс-әрекетіне бейімділік ретінде бағдарлау мен бейімделудің және іс-әрекеттің нақты жағдайының арақатынасын қарастырады. Педагогикалық қызметпен айналысу үшін алынған және табиғи қабілеттің бар болуының маңыздылығы ерекше мәнге ие екендігін басшылыққа алу;

- болашақ маманның немесе педагогтың кәсіби қызметке қатынасын көрсетеді. Яғни, кәсіби қызметтегі міндеттерді сапалы орындауға бір ғана қабілеттің болуы жеткіліксіз, демек кәсіби қызметтегі міндетті орындауға жан-жақты және терең қабілеттілік қажет;

- болашақ маман немесе мұғалім өз еңбегін педагогикалық талаптардың деңгейіне үйлесімді орындап, педагогикалық үдерістің мәнін жеке түсіну мен оқу іс-әрекетінің барысында біртұтастықта орындай алу мүмкіндігіне ие болуы керектігі ретінде түсіндіріледі;

- педагогтың кәсіби әлеуеті – бұл жинақталған қасиеттердің топтасуы мен шоғырлануы, яғни жүйе болып табылады. Білім, білік, дағды, ойлау және кәсіби қызметтегі іс-әрекет барысын ұйымдастыруға бағытталған әдістерін дайындаудағы таңдаулар, пайдалану мен педагогикалық үдерісте алынған нәтижелер.

Педагогтың кәсіби әлеуетінің мазмұнына жақын және ішке құрылым жағынанда өзара ұқсастық пен байланыс бар ұғым педагогикалық кәсібилік болып табылады. Кәсібилік жалпы алғанда педагогикалық үдерістердің барысын болжап және оны жобалай отырып, түрлі туындайтын салдарын сараптап, кездесетін қарама-қайшылықтар мен қиындықтардың шешу жолдарын алдын ала қарастырып, ғылыми-әдістемелік жолменен түйінін таба білу қабілетін көрсете білу болып табылады. Кәсібилік – бұл болашақ маманның немесе педагогтың кәсіби ойлауы және әрекет жасау қабілеті.

«Кәсіби әлеует» ұғымын пайдалану жайлы көзқарастық түсінік пен қалыптасу жағдайын білу – оның құрылымдық компоненттерін түсінуге, жалпы жағдайлар мен нақты ықпал жасаушы күштерді дұрыс түсініп, шешуге мүмкіндік береді және көмектеседі.

«Кәсіби әлеует» ұғымының жалпы құрылымы өте күрделі және жан-жақты. Мәселен, болашақ мамандарды педагогикалық қызметке бейімдеу қатынасы мен іс-әрекетті қамтыса, сондай-ақ, педагогикалық еңбекпен айналысу үшін алын білім, білік, дағдылармен қоса алғанда және жеке тұлғаның табиғи қабілеттің маңызды екендігі де ескеріледі. Болашақ мұғалімнің кәсіби қызметке қатынасына мән беріліп, ондағы келешекте меңгеретін кәсіби міндеттерді сапалы орындау үшін тек қабілеттер жеткіліксіз екендігі де өзара жеке қарастырып айтылады. Сонымен бірге, мұғалім тұлғасындағы әрекеттер педагогикалық кәсіптің талаптары деңгейінде, педагогикалық үдерістің мәнін толық түсіну мен оқу іс-әрекетінің жүру барысымен бірге орындау мүмкіндігі ретінде түсіндіріледі. Яғни, педаготің кәсіби әлеуетіне тән деп анықталып берілген қасиеттерді топтастыру бұл – білім, білік, дағды, ойлау тәсілдерін дайындау үдерісінде алынған жүйежәне құрылымдық компоненттер деп түйіндеуге болады. Дегенмен де, құрылымдық компоненттердің яғни, педагогикалық әлеуетті түсіндіретін құраушылардың өздерінде жеке ғылыми түсініктермен қарастыру қажет екендігін ескеру керек. Педагогикалық әлеуетке ең жақын келетін ұғым ол – педагогикалық кәсібилік. Кәсібилік жалпы жағдайларды және нақты себептерді білуге ұмтыла отырып, педагогикалық үдерістердің барысын есептеу, олардың салдарын болжау қабілетін бейнелейді. Кәсіпқойлық – бұл кәсіби ойлау және әрекет жасау қабілеті(1-сурет).




Сурет 1 – Педагогтың кәсіби әлеуетінің құрылымдық құрамалары

Педагогикалық кәсіби әлеуеттің жалпы құрылымдық компоненттеріне зияткерлік (интеллектуалды), мақсатты әрекет жасау түрткісі (мотивациялық), қарым-қатынастық (коммуникативті), іс-әрекет жасау (операциялық) (немесе жеке кәсіби), шығармашылық әлеуеттер жатады. Әдетте педагогикалық оқу құралдарында бөліп қарастылатын - мәдени, ізгіліктік, белсенділік және басқа құрылымдар мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті өтетін жалпы жағдай ретінде қарастырылады.

Әлемдік және еуропалық білім беру кеңістігіне қазақстандық білім беру жүйесінің ықпалдастық жағдайға енуі біздегі мақсаттардың елеулі өзгеріске түсуіне және жаңаруына өзіндік ықпалын тигізіп, оқытудан оқуға – яғни, өздігінен білім алуға бейімдеу мен педагогикалық үдерісте жаңашылдық әдістерді пайдаланудың жолын кеңесте түсті. Білім берудің және өз бетінше білім алудың жаңашылдық әдістерінің кеңеюінің әсерінен ондаған жылдар ішінде қалыптасып, дами бастағын орта білім беру жүйесі Қазақстанның білім беру сапасының көтерілуіне түрткі болды. Себебі, шетелдік білім беру жүйесін сараптаушылардың қорытындысы бойынша бұған дейін яғни, кеңестік білім беру жүйенің сарқыншақ салдарының кесірінен қазақстандық білім беру ісі басқа елдерден едәуір артта қалып келгендігін айтты, бұл Programme for International Student Assessment (PISA) сияқты зерттеулердің белгілі сарапшыларының тәуелсіз объективті бағалауларымен расталды [71]. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында белгіленген мақсаттар мен міндеттерге тоқталайық [72]: білім берудің мазмұны мен құрылымын жаңарту; білім беру үдерісін оқу-әдістемелік және ғылыми қамтамасыз етуді жетілдіру; білім беруді, ғылым мен өндірісті өзара байланыстыру; жаңа педагогикалық, ақпараттық технологияларды енгізу. Соңғы жинақталған мақсаттарға қол жеткізу, Қазақстан Республикасының жаңа білім беру саясатының маңызды басымдықтары олардың әрқайсысын шешуге байланысты, атап айтқанда: оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу сапасын арттыру; білім беру жүйесінің елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық жоспарларына сәйкестігі. Осылайша, қазақстандық білім беру қазіргі жағдайда ұлттық қауіпсіздіктің, әлеуметтік тұрақтылықтың және қоғам дамуының аса маңызды факторы болып табылады. Осыған байланысты мұғалімнің кәсіби әлеуетін дамыту мәселесі өзектілігімен ерекшеленеді, оны шешу жаңашыл типтегі оқу орнын сапалы қайта құруды қамтамасыз етеді. Өйткені, білім беру парадигмасын, білім беру жүйесін және оның заңнамалық-құқықтық базасын, білім беру мазмұны мен әдіснамасын, оқыту мен тәрбиелеуде қолданылатын әдістер мен технологияларды және т.б. өзгертуге болады. Білім беру сапасы осы «ғылыми тұжырымдамаларды» күнделікті білім беру қызметінде кім және қалай іске асыратындығымен анықталатын болады. Сондықтан елімізде білім беру мазмұнын жаңарту шарттарына сәйкес педагогтердің кәсіби әлеуетінің мазмұнына жоғары талаптар қойылады.

Бүгінгі таңда педагог қазақстандық орта білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиелеудің жаңа модельдерін пайдалануды көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-модератор», «педагог-

шебер» санаттарын алу үшін Ұлттық аттестаттаудың жаңа жүйесі бойынша талаптарға сәйкестігіне өз біліктілігін растауы қажет. Сонымен бірге, бәсекелестік шарттары мектеп мұғалімдерін байыпты зерттеу жұмыстарына қатысуға, теориялық тұжырымдамаларды игеруге, оқу үдерісін жобалау кезінде педагогикалық теорияның ережелеріне сүйенуге бағыттайды. Бұдан әрі Қазақстандағы мұғалімдерді даярлаудың қазіргі жүйесінің маңызды көкейкесті мәселелерінің бірі, бір жағынан, талапкерлердің жетіспеушілігі қиындықтары жоқ педагогикалық жоғары оқу орындары үнемі мамандарды даярлайды және шығарады, ал екінші жағынан, ел мектептерінде жас білікті педагог мамандардың жетіспеушілігі сақталуда. Жоғарыда аталған жағдайларға байланысты орта білім беру мекемелерінде мұғалімнің кәсіби әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау мәселесі өте өзекті болып отыр. Қазақстандық мектептердің ғылыми әдебиеттерін талдау және білім беру тәжірибесі жалпы білім беретін мектеп педагогтерінің жүйелі өзгерістер жағдайында педагогикалық қызметтің өзгерген қызметтерін жүзеге асырудағы қиындығын айғақтайтын көптеген мысалдармен сипатталады. Педагогикалық қызметтің тиімділігі жеткіліксіз болып қалады, бұл кәсіби әлеуеттің төмендігінің салдары. Қазіргі уақытта қолжетімді теориялық негіздеулер және кәсіби қызметтің әртүрлі түрлері бойынша жинақталған эмпирикалық мәліметтер ғылыми құбылыс ретінде кәсіби әлеуеттің мәнін білу жолында айтарлықтай ілгерілеу туралы айтуға мүмкіндік береді [73].

Метеп оқушысының жалпы қалыпта дамуын қамтамасыз етуде педагог кәсіби қызметін жақсы меңгергендігіне және оның маман ретінде әлеуетінің сапалық көрсеткіштерінің жоғары болуына байланысты болмақ. Педагог өзінің кәсіби қызметінде жастарды тәрбиелеу мен оқытудағы әрекетінде психология-педагогика және жеке пән әдістемесі ғылымдарының терең білумен қатар өзіндік жеке тұлғалық сапаларында үйлесімді болуы қажет екендігі анық. Яғни, өзіне тиесілі педагогикалық қызметінде педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен өткізуде оқушының түсінік ақыл-ойынан, іс-әрекетінен, қимыл-қозғалысынан және тәртібінен көрінетін жеке және әлеуметтік, қоғамдық мәні бар қасиеттерді тани біліп оларды дамытуға жұмыс жасауы керек. Дүниетаным – «адамның», жеке тұлғаның болмыстық бітімінің аса маңызды басты бөлігі болып саналады. Оқушылар оны оқулықтағы берілген анықтамалар мен негізделген дәлелдерді басшылыққа алу қажет, бірақ міндетті түрде жаттау арқылы ғана емес, оқу-тәрбие, танымдық әрекеттері барысында өмірлік тәжірибемен ұштастыра отырып түсіну арқылы жүзеге асыру қажет. Ал, оқушының бойына ізгі қасиеттерін үйрете білу, шәкірт жүрегінің бағбаны – ұстаздың қолынан келеді. Тәрбие үдерісінде жеке тұлғаның, ізгілік шеңберінде адамгершілік қасиет сапаларын жетілдіру мен дүниетанымын дамытуда жеке пәндерден дәріс беретін және әртүрлі кезеңдік деңгейлерде кәсіби қызметін атқаратын педагогтардың жұмыстары ерекше. Себебі, түрлі өмір жағдаяттарын әр қилы пайдалана отырып, педагог олардың жас ерекшеліктерін басшылыққа алып, оқушылардың танымдық еркін жаттықтырады, ой-өрістерін кеңейтеді және мінез-құлықтарын рухани құндылықтары қолдана отырып байытады.

Педагогтар оқушыларды күрделі қажеттіліктерді орындауға және оларды жауапкершілікке тәрбиелейді: бастаған ісін сапалы түрде аяқтауға, оның орындалуына жауапкершілікпен қарауды, тәртіптілікке және ұйымшылдыққа баулиды. Педагогтар оқушылармен өзара тығыз байланыстық қарым-қатынаста болуы – олардың дүниетанымын саналы және сапалы ұйымдастырудың өзегі болып табылады [74].

Сонымен, қазіргі уақыттағы көптеген педагогикалық әлеуметтік көкейкесті мәселелер мұғалімнің ой-санасының жаңаруымен, жаңа міндеттерді нақ түсінуімен, педагогтердің белсенділігі мен шығармашылық қатынастарымен шешіледі. Қазіргі жаңартылған білім беру бағдарламасының басты міндеттерінің бірі – білім сапасын арттыруды бірінші орынға қойып отыр. Сондықтан мұғалімнің білімділігі, зияткерлік мүмкіндігі жоғары болған сайын оның шәкірттерінің білімге, ғылымға деген қызығушылығының артуына ықпалы күшейе түседі. Сөйтіп, мұғалім өз заманының ең білімді, мәдениетті адамы бола отырып, оқушыны өздігінен оқи білуге, жеке білім ала білуге үйретеді. Мұғалімнің кәсіби дайындығы оның қоғамдық-саяси, арнайы және психологиялық-педагогикалық терең, әрі жан-жақты білімді болуымен анықталады. Білімді үнемі толықтырып отыру ізденушілік пен шығармашылық жұмыстарды талап етеді. Қазіргі мұғалімге қойылатын басты талап – ғылыми пәндерді терең әрі жан-жақты меңгеруі. Бұл үшін білім дәрежесі ғана шешуші мәнге ие болмайды. Оған қоса білімнің дәлділігі, жүйелілігі және үнемі дамып отыратындығы негізге алынады. Адамның педагогикалық қызметке жарамдылығы білімінің молдылығында ғана емес, сол білімнің үздіксіз дамып отыратындығында, меңгеруге ыңғайлығы мен жағдайына бейімділігінде. Бұл мұғалімнің мектепке әркездегі дайындығының болуын және алдын ала нақтылы білім қорын жинауы керек деген сөз. Мұғалімнің ғылыми білімдер жүйесін меңгеруі – жоғары болуы мүмкін. Онда бұл жағдайда ол мұғалімнің кәсіптік дәрежесінің бір ғана көрсеткіші бола алады. Сондықтан мұғалім алған білімді педагогикалық қызметтің міндет, мақсатымен, әдіс-тәсілдерімен байланыстырып, ұштастыра білу шеберлігі басты көрсеткіш болып табылады [75].

Ш. Құдайбердиев адам өз жанының құпияларын шешпей, риясыз бола алмайды. Рухани қызығушылығы мол адам, біреуге қиянат жасамайды. Адал, саналы адам зұлымдық, эгоизм, мақтаншақтық, зорлық атаулыға қарсы болады. Таза жүрек, адал еңбек, парасатты ой адамдардың өмірін нұрландырып, адамның өзін де жетілдіреді. Бұл қасиеттер адамның бойында орын алмаса, адамзат тыныштықта өмір сүре алмайды деген болатын [76].

Педагогикалық қызметтегі мұғалім – өз пәнін оқытудың әдістерін жете меңгерген, әрдайым ізденушілік пен шығармашылық еңбекте болатын, педагогикалық шеберлігін үздіксіз дамытып маман. Педагогикалық шеберлік – мемлекеттік білім беру саясатының аясында қабылданған заң, бағдарламалар мен тұжырымдамалардың, заңдық-құқықтық ережелер мен нұсқаулықтардың шеңберіндегі идеялық-саяси бағытты, жалпы мәдениет пен рухани құндылықтар негізіндегі тәлім-тәрбиелік мұралар жөніндегі білімдері мен жеке

пәннің заманауи жағдайдағы даму теориясын және оқушыларға тасымалдап жеткізудегі жаңашыл әдіс-тәсілдерді игеруге тиісті білімдер жиынтығын меңгерген маман. Сонымен бірге оның кәсіби қызметіндегі іскерлік дағдысы мен білігі және жалпы педагогикалық қызметтегі тәжірибесінің жиынтығы болып табылады. Педагог қызметінің нәтижелі болуы оның табиғи дарындылығында дейтін пікірлер де бар. Иә, дарындылық - аса қабілеттілік, қай мамандықта болсын кездеседі. Бірақ, адам мамандыққа бейімделген күйінде бұл өмірге келмейтіні шындық. Яғни, өз ісінің шебері болуы деген, ол - кейбіреулерге ғана табиғаттың таңдап берген сыйы емес, ол үздіксіз іздену мен шығармашылықтан, өзін-өзі үнемі кәсіби жетілдірудің және өзінің қалаған мамандығына деген жауапкершілігі, қызығушылығынан туындайтын іс-әрекеттерінің нәтижесі. Бұл ретте ізденушілік қажет, әсіресе педагогтік қызметте жаңышылыққа ұмтылыс жасап, шығармашылықпен жұмыс жасауды қажет етеді. Бұл, өзіндік ізденістері мен меңгерген білімдері арқылы «жаңашылдыққа» /инновациялыққа/ бағытталған шығармашылық тұрғыдан ойлау түрі, дамыған дүниетанымдық мәдениеті бар құндылықтардың нақты жүйесін меңгерген жаңа бағыттағы педагогтар дайындауға бағытталған, педгогикалық мамандар даярлау жүйесін түбегейлі өзгерту қажеттілігі туып отыр. «Қазақстан Республикасының педагогі жоғары дүниетанымымен, қазақстандық ділмен ерекшеленуі тиіс» - деген Н.Х. Балтабаев [77].

Шығармашылық ізденіс жұмыстары кәсіби мамандықтың барлық саласы мен түріне қажет нәрсе. Ал мұғалім үшін ол – ұстаздық дарындылыққа жетудің жолы, педагогикалық қызметтің нәтижелі болуының өзегі болып табылады. Себебі, педагог қызметінің объектісі – жансыз дүние емес, құрал-жабдық өндірісі де емес, өте күрделі, қарама-қайшылықты, әрі нәзік тірі ағза, жас ұрпақтың рухани дүниесі мен оның болашақтағы қалыптасып дамитын бүтін тұлғалық болмысы. Мұғалімде педагогикалық қабілет пен бейімділіктің болуы – оның кәсіби қызметінің нәтижелілігінің кепілі. Дегенмен, ескере кету керек, кейбір оқушыда осы педагогтік қызметке бейімділіктерді орын алатындығын және бұл қасиеттер мен қабілет және мінез-құлық көріністері мектептегі кезінен-ақ көріне бастайды да, кейіннен ол өз таңдауы бойынша мұғалімдік мамандықты таңдап алған жағдайда яғни, жоғары оқу орындарында арнайы білімдерді меңгеру арқылы одан әрі дамытып жетіледі. Бұл табиғи дарындылығымен таңдап алынған мамандықтың үйлесімді болуын білдіреді. Педагог болашақ жастарды оқыту мен тәрбиелеу ісінде кәсіптік деңгейі және ұстаздық шеберлігі жоғары болуы үшін педагогикалық-психологиялық арнайы зерттеулер негізінде айқындалған педагог мамандығына тән іскерлік пен дағдыларды жетік меңгеруі тиіс. Өйткені, педагогтік іс-әрекет заманның, қоғамдық құрылымның және ғылым мен техниканың өркендеу жағдайына байланысты үнемі қозғалыстағы дамушы жүйе, оның өзіндік арнайы құрылымы бар. Олар бірнеше бөліктерден тұрады: біліми танымдылық, құрай білушілік – жаңашылдығы мен білігі, қарым-қатынас, ұйымдастырушылық, хабарлама және ізденушілік пен зерттеушілік іс-әрекеттері мен дағдылар. Ы.Алтынсарин: «Біздің үлесімізге, әліміз келгенше, қараңғы ортаға жарық сәулесін шашып,

жаңалықтар енгізу тиді. Халқымыз өзіне рухани азық талап етеді, білім нәрімен сусындағысы келеді» - деп, тәрбие мен білімінің жағдайы жайында түсінік беріп кеткен [78].

Жас ұрпақты өмірге бейімдеудегі берілетін білім мен тәрбиені жүзеге асырудағы мәселелер бойынша білім берудің тарихында педагогикалық бағыттағы айтылған ой-пікірлер көптеп кездеседі. Мәселен, ХХ ғасырдың бас кезінде қазақстандық оқу-ағарту саласын дамытуда - мұғалімге қойылатын талаптар - өзінің міндетін беріліп атқару, бүгінгі замандастарымызға үлгі-өнеге болатындай педагогикалық қызметті атқару жайында Ә. Сатпаев: «Мұғалім өз атын, өзіне деген құрметті сақтай білу керек. Өзінің еңбегінің түпкі мақсатына жетуде қателеспей, бар қиындықты жеңе білсе ғана, өзінің еңбегінің жемісін көре алады»- деген болатын [79].

Табиғи заңдылықтың негізіне сүйенсек - педагогтың кәсіби және жеке тұлғалық қасиеттерінің даму үздіксіздігі төмендегідей болмақ:

- кәсіби бағдарлық, мамандандыруға негізделу;
- базалы кәсіби дайындық бағытындағы жаңашылдық білім;
- жаңашыл педагогикалық технологиялар;
- педагогикалық және кәсіби өндірістік тәжірибелер;
-жоғары оқу орнын кәсіби маман ретінде аяқтағаннан кейінгі кәсібиліліктің теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жетілдірілуі;
-жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуды жалғастыру /біліктілікті жетілдіру мен арттыу, магистратура, докторантура т.б./.

Педагог әлеуетінің қыры ретінде көрініс беретін бір мәселе, ол - педагогтың жеке тұлғалық болмысындағы мамандыққа сәйкес ғылыми танымдық мүмкіндіктеріндегі заманауи терең теориялық білімдер мен тәжірибедегі ізденушілік пен шығармашылық жұмыстарының қалыптасуындағы педагогикалық үдерістің ұйымдастырылу міндеттері мен жолдары үйлесімді жүзеге асырылуы.

Жоғары оқу орнында білім беру мен оқытудың заманауи бағыттылығы болашақ мұғалімдердің педагогикалық ой-өрісінің қалыптасуы мен дамуын жүзеге асыруда ерекше орнын анықтайды. Мәселен, болашақ педагогтың кәсіби қызметке дайындығы барысында жағдаятты модельдеуді қолдану мүмкіндіктерін қарастырып, тәжірибеде іс жүзіне асыруға үйрету мен бейімдеу. Г.А. Абдулкаримова студенттердің жалпы білім беретін мектепте ақпараттандыру жүйелерін пайдалану мәселелерін қарастырады [80].

Болашақ педагог маманының мамандыққа қатысты мектептегі тәжірибеден өтуі және өзінің кәсіби қызметке дайындығының алғашқы кезеңінде табысты болуының негізі әрі педагогикалық еңбекке бейімделуі - жоғары оқу орнының дайындығының жүйелігіне байланысты болатындығына Т.Н. Қасабекова [81] мен Е.А.Абенова [82] өз зерттеулерін арнаған.

Мемлекетімізде білім беру жүйесін дамытуға бағытталып қабылданған (Мемлекеттік білім беру саясаты, «Білім туралы» заң, білім беру тұжырымдамалары, білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары (арнайы жылдарға арналған), түрлі құқықтық-ережелік құжаттарда білім беруді

реформалаудың стратегиялық бағдары болып «жаңашылдық» /инновациялық/, шығармашылық ойлау типті, дамыған дүнитанымдық мәдениеті бар, әлемге этикалық жауапкершілігі бар, жоғарғы санатты мамандарды қалыптастыру идеясы жарияланды. Мектептердегі тәрбие және білім беру мен оқыту мәселелері мен оған дайындалатын педагог мамандардың жағдайларына талдаулар жасалған. Оқушыға педагогикалық үдерістің субъектісі емес объектісі ретінде қараудың нәтижесінде педагогикалық тәжірибенің орта деңгейдегі оқушыға бағытталатынын, мұғалім еңбегінің кәсіби қызметі жүйесінің бұзылуына алып келетіні анық. Сондай-ақ, педагогтардың біліктілік деңгейіне қарай санаттық салыстырмалы бағалау көрсеткіш қағидаларының сақталмайтыны анықталып, қазіргі уақыттағы талапқа сай қайта құруды жүзеге асыру қолға алынды. Бұл педагог қауымының әлеуетін көтерудің басты мәселелері ретінде қоғамда және әлеуметтік ортада үлкен мәнге ие болды.

Қазіргі орта білім беру жүйесіндегі жаңашылдық үдерістер педагогтың кәсіби әлеуетін жақсартуға түрлі жағдайлар жасауға бағытталған.

Педагогтың кәсіби әлеуеті бізге педагогикалық іс-әрекетті сипаттайтын анық түрлері мен құрылымдық құрамалары арқылы көрсетілген. Осы құрылымдық компоненттер негізінде: мақсатты әрекет жасау түрткісі (мотивациялық), құндылық теория ілімі (аксиологиялық), білімнің бастауы және ұқсас білімді табу (гносеологиялық), іс-қимылдар жиынтығын (праксеологиялық), жаңашылдық (инновациялық) моделдерін қамтиды.

Бұл зерттеу көрсетілген мәселенің барлық бағыттарын толық қамтымайды және жалғастырылуы мүмкін:

– өзге әдіснамалық тәсілдер негізінде модельді жетілдіру;

– педагогтардың өзара іс-қимылының нысандары мен әдістерін жетілдіру;

– педагогтың кәсіби әлеуетін дамытудың мақсатты үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу.

Педагогикалық қызмет – адамның басқа да қызметтері сияқты оның физикалық және психикалық жағдайына байланысты қажетті дәрежеде жұмсалған мүмкіншіліктерінің мөлшеріне қарай энергетикалық шығындарды талап етеді. Тұтасымен алғанда адамның физикалық және психикалық табиғаты соның ішінде, адамның физикалық және психикалық табиғаты шектелген ептілік және шартты мінездегі психофизиологиялық сипаттаманы біріктіреді [83].

Психология ғылымында жеке адамды негізінен бағыттылық сипаттайды. Бұл дегеніміз, тәрбие беру, оқыту мен білім беруді ұйымдастыру және өздігінен оқу іс-әрекетіне көшудегі сыртқы ықпал мен оқушының немесе шәкірттің жеке тұлғалық жас әрі дара ерекшеліктеріне қатысты ішкі жағдайлардың әсерінен қалыптасатын бір салаға жинақталған оқу танымдық пен даму. Жалпы бағыттылық – жеке тұлғаның ішкі жағдайлары арқылы енген сыртқы әсер [84].

Бағыттылық – жеке тұлғаның психикалық құрылымын анықтайтын, бір жүйені беретін қасиет. Бұл жайында Б.Ф.Ломов адам қызмет еткенде осындай қасиеттің арқасында түрлі шындыққа деген субъективті қатынасы, саналы

түсінік пен ынта-жігерлікке негізделген дәлелі, мақсаты ашылады деген болатын [85]. Адам бағытын меңгерудегі саналық түсінік пен осы бағыттағы әрекеттерінің бірігу қағидаларына негізделген жеке тұлға іс-әрекетінде көрінуі қажет. Мәселенің бірінші жағы іс-әрекет жағдайы болса, екінші жағы - оның орындалу нәтижесі. Мұндай жағдай оқуда, еңбекте, спортта жеке тұлғаның бағытын меңгеруге негіз болып табылады. Сондықтан да, бағыттылықты кәсіби педагогикалық қызметті жасаушы құрылымдарының құрамына енгізіп, педагог әлеуетін жасаушы тетік ретінде қарастыруға болады.

Кәсіби бағыттылық – түсінігі бір қарғанды соншалықты мәні терең сияқты болып көрінеді, бірақ, жеке тұлға үшін өте маңызды жетекші және басты орын алады. Себебі, ол қажеттілік дәрежеде жеке тұлғанының кәсібилілігін қалыптастыруда «өзек» секілді, оның айналасында қалыптасып, топтасады және ең жақсы сапасы мен қасиеттері дамиды [86].

Кәсіптік - педагогикалық бағыттылық мұғалімнің жеке қабілеттілігін көрсете білетін және мамандығын шығармашылық тұрғыдан меңгерген, педагогикалық үдерістің алда жүретін жеке тұлға сипатында анықталады.

«Жеке тұлға» дәрежесін сараптау оның негізгі белгілері мен қасиеттерін және қызметіндегі субъектпен жеке тұлға бейнесін меңгеру негізіндегі көрсеткіштерін біріктірудегі психологтік және педагогикалық әлеуетін өзара байланыстырып қарауға мүмкіндік береді.

Адамның биологиялық, психикалық және әлеуметтік табиғатын меңгеріп сараптау қызмет барысында және қоғамдық – тарихи мәдениет өкілдерімен қатынасында мәдени және басқа да заттар түрін: құрал – саймандар, қоғамдық қызметтің барлық түрін, тілін, білімін, дағдысын қоса алғандағы қалыптасқан өзіндік жеке қасиетін анықтауға мүмкіндік туғызады деп түсінік берген - А.Н. Леонтьев [87]

Жоғарыда келтірілген түсіндірулерге сүйене отырып, педагогтың кәсіби әлеуетін біз педагогикалық қызмет барысында жүзеге асырылатын жаңашылдық білімнің, дағдылардың, тәжірибенің және зияткерлік қабілеттердің қосалқы мақсатты себеп-салдар мен түрткі /мотивациялық/ және құндылық бағыттарының жиынтығын көрсететін нәтиже туындысы бойынша қызметін іздеуде кәсіби және жеке сипаттамалары ретінде анықтадық.

Педагогтың кәсіби әлеуетін біз өз қабілеттерін іске асыратын педагог қызметінің нақты түрлерін сипаттайтын құрылымдық құрамалар түрін қамтиды - әрекет жасау түрткісі (мотивациялық), құндылық теориясы (ілім) (аксиологиялық), білімнің бастауы жәнеұқсас білімді табу (гнесологиялық), іс-қимылдар жиынтығын (праксеологиялық), жаңашылдық (инновация). Кәсіби-педагогикалық әлеуеттің әрбір құрылым компоненттерін тиісті мазмұнмен қарастырып, толтырдық.

Әлеуеті жоғары мамандар - елестің, интуицияның күшті дамуымен, қалыптан тыс өнімді ойлай алуымен, ойды шығармашылықпен іске асыра алуымен, шығармашылық әрекет барысында ішкі күштерін жылдам жұмылдыра алушылығымен сипатталатын адамдар(1-кесте).

Кесте 1 - Педагогтың кәсіби әлеуетінің жалпы құрылымдық компоненттері

| Құрылымдық компоненттер | Мөлшерлік баға өлшемі (Критерийлер) | Көрсеткіштер |
|---|---|---|
| Мақсатты әрекет жасау түрткісі (Мотивациялық) | Әрекет жасау түрткісіндегі еріктілік | Педагогтың кәсіби бағыттылығы;<br>Мұғалімнің өзін-өзі ерікті реттеуі, өзін-өзі басқаруды қалыптастыру. |
| Құндылық теория ілімі (Аксиологиялық) | Құндылық мәні | Мұғалімнің өзін-өзі дамытуға деген ынта-жігері мен ұмтылысы, педагогикалық кәсіби қызметінің құндылықтарын игеруі мен қабылдауы. |
| Білімнің бастауы және ұқсас білімді табу (Гносеологиялық) | Танымдық-зияткерлік | Кәсіптік және оқу пәндерінің циклі бойынша базалық және арнайы білім жүйесінің болуы; ізденушілік пен зерттеушілік әрекеттері мен қабілеттерін қалыптастыру. |
| Іс-қимылдар жиынтығы (Праксиологиялық) | Тиімді және оңтайлы-технологиялық | Өзін-өзі жетілдіруге, кәсіби қызметтегі өзін-өзі реттеуге бағытталған саналы әрекеттер, кәсіби өзін-өзі бағалау туралы идеяларды ескере отырып, өзіндік бағалауды жетілдіру.<br>Кәсіби шеберліктің негізгі тәсілдерін және кәсіби саладағы қызметтің стратегияларын меңгерген |
| Жаңашылдық | Әлеуметттік-психологиялық | Педагогикалық қызметте жаңышылдық идеяларды, жобаларды, технологияларды іске асыру қабілеті.<br>Жеке тұлға мен қоғамның өсіп келе жатқан сұраныстарына барынша жақын жеке әдістемелік жүйені құруға дайындық |

Әр құрылымдық компоненттің мазмұндарын жеке ашып қарастырайық.Мақсатты әрекет жасау түрткі /мотивациялық/ құрылымдық компоненті– педагогика және психология саласында үздіксіз білім алуға себеп-салдар негізінде әрекет жасау түрткісін жетілдіру және ынталандыру. Себеп-салдар негізінде әрекет жасау түрткісін /мотивациялық/ құрылымдық компоненті қажеттіліктерді, қызығушылықтарды, себеп-салдарлық ынталылықты қамтиды. Яғни педагогтың өзін-өзі басқару мен белсенді тәрбиелеу үдерісіне қатысуын қамтамасыз ететін және педагогикалық кәсіби қызмет барысында осы белсенділікті қолдайтын барлық мәселелерді қамтиды. Ең маңызды міндет – өзін-өзі жетілдіруге деген ішкі мақсатты әрекет жасау түрткісін ынталандыру және (мотивацияны) дамыту.

Құндылық теория ілімі (аксиологиялық) құрылымдық құрамы – мұғалімнің педагогикалық еңбек құндылықтарын игеруі мен қабылдауын қамтиды:

1. Кәсіби-педагогикалық білім (психологиялық; тарихи-педагогикалық, тұтас педагогикалық үдерістің заңдылықтары, жеке пәндердің теориясы, білімді тасымалдауға әдістемелік білімнің болуы, оқушының жас және дара ерекшеліктері, құқықтық ерекшеліктері және т.б.) және ғылыми дүниетаным.

2. Педагогикалық ойлау және кері байланыс орнату (рефлексия).

3. Педагогикалық әдептілік және этика. Педагогикалық қызметтегі тәжірибелік іс-әрекетті дайындау және жүзеге асыру барысында мұғалім педагогикалық құндылықтарды игереді, оларды субъективті етеді. Педагогикалық құндылықтардың субъективтілік деңгейі мұғалімнің жеке тұлғалық болмысының және мұғалімдік қызметтегі кәсіби дамуының көрсеткіші болып табылады. Сонымен бірге педагогикалық мәдениетінің ішкі өзегі болып табылатын құндылықты іске асыру дәрежесінің бағыты – педагогикалық әлеуеттің мазмұндық құрылымына тиесілі және маңызды болып табылатындығын ескеруіміз қажет.

Заман талабына сай қоғамдық құрылым дамып, жетілуінің әсерінен әлеуметтік-педагогикалық тәжірибелік өмір жағдайларының бейімделуі – мектептің, жеке тұлғаның қажеттіліктері жаңаша қарастырып, педагогикалық құндылықтарды да қайта бағалау жүзеге асырылады. Дегенмен де, бұрыннан қалыптасқан құндылықтар салыстырмалы түрде тұрақты нұсқаулық немесе үлгі ретінде болады. Бірақ мазмұндық құрылым өзгеріске ұшырайды дегенмен, өзіндік сипатын сақтайды. Себебі, табиғи сабақтастық заңдылығының әсеріне сәйкес мұғалімдер өздерінің өмірі мен педагогикалық іс-әрекеттерін байланыстырады. Кәсіби саналық түсінік мұғалімнің «жеке тұлғаның Менін» және оның кәсіби қызметінің әртүрлі бағыттарын талдауға бағытталған және жеке тұлғаның шекаралары мен мағыналық болашағын анықтауға арналған. Яғни белгілі бір іс-әрекеттің, қылықтың ішкі себеп-салдар негізінде әрекет жасау түрткісін (мотивацияланған), жеке субьектілік мәнін анықтау. Бұл мұғалімге өзін-өзі анықтауға, бағалауға, басқаруға және жеке кәсіби іс-әрекетін жүзеге асыруға, жалпы өмірдің және педагогикалық тәжірибе мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Педагогикалық саналық түсінік – бұл ең жалпы пайымдауларға негізделіп келгенде, кәсібилік білімі, өзі туралы, өзін қоршағын адамдар мен ұжымы және қоғам туралы білім жүйесін ғана емес, сонымен бірге жеке педагогикалық өмір тәжірибенің нәтижесі, педагогикалық мәдениеттің терең әрі жан-жақтылығын жеке қызмет саласына айналдыруға мүмкіндік беретін мұғалімнің жеке тұлғалылық жаратылыс болмысында кәсіби қалыптасуының ерекше тетігі.

Білімнің бастауы және ұқсас білімді табу (гносеологиялық) («гнозис» - таным, танымдық) құрылымдық компоненті–педагогтың кәсіби қызметтегі іс-әрекетке қажетті дереккөздері мен мәліметтер мен ақпараттарды алу және пайдалана білу қабілеті.

Білімнің бастауы және ұқсас білімді табу (гносеологиялық) құрылымдық компоненті– бұл педагогтың өзін қоршаған әлем туралы, оқушылар немесе жалпы шәкірттер жайлы, тұлғаның ізгіліктік-адамгершілік жайындағы түсінік, педагогикалық қызмет, зиялылық пен зияткерлік қорын тұтас қалыптастыру, ғылыми зерттеу әдістерін және ізденушілік пен шығармашылықты меңгеру, болашақ жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамыту мақсаттарына байланысты білім алушыларды зерттеу тәсілдері туралы ақпарат алу мен табу білу мүмкіндігі. Бұл өзі туралы және оқушылар немесе жалпы шәкірттер мен

ұжымы жайлы тиісті ақпарат жинауға мүмкіндік береді, білім алушыларға қатысты негізделген шешімдер қабылдауға қажетті мәліметтерді түсініп, игеру және оларды зерттеудің ғылыми әдістерін ізденушілік пен шығармашылық тұрғыда игеруді қамтамасыз етеді. Білімнің бастауы және ұқсас білімді табу құрылымдық компонентінің маңызды құрамдас бөлігі – бұл өзінің танымдық іс-әрекетінің негізінде жатқан білім мен дағдылар. Білімнің бастауы және ұқсас білімді табу (гностикалық) құрылымдық құрам өзін қоршаған әлемге, педагогикалық еңбекке және оқушыларға, әріптестеріне, ұжымға, жалпы өзін қоршаған ортадағы адамдарға және олардың өзіне деген қатынастардың тұрақты жүйесінде көрінетін дүниетанымның қалыптасуына, өмірлік ұстанымның белсенділігіне ықпал жасайды.

Іс-қимылдар жиынтығын (праксиологиялық) құрылымдық компонент – іс-әрекеттің қалыптасуын, кәсіби педагогикалық қызметке тәжірибелік дайындыққа ықпал жасап, өзін-өзі жетілдіруге, кәсіби қызметте өзін басқара білуге және қызметтік әрекетін реттеуге бағытталған саналы түсінік қабілеті. Қоршаған ортадағы адамдар қатынасындағы пікірлер негізінде өзін кәсіби маман ретінде бағалауын ескере отырып қалыптасып, дамиды. Бұл құрылымдық құрам мұғалімінің кәсіби педагогикалық қызметке дайындығының тәжірибелік дәрежесін көрсетеді. Іс-қимылдар жиынтығын құрылымдық құрам тек кәсіби дағдыларды ғана емес, сонымен қатар оқу және өмірлік тәжірибені де қамтиды. Білімнің тиімділігі, оларды педагогикалық тәжірибеде қолдану кәсіби педагогикалық іс-әрекеттегі білігі мен дағдыларында көрінеді.

Жаңашылдық (инновациялық) құрылымдық компонент – педагогикалық қызметте жаңашылдық идеяларды, жобаларды, технологияларды іске асыру қабілеті. Педагогтың оқытудың жаңашылдық және өзара қарым-қатынастағы белсенділік технологияларын меңгеруге теориялық және тәжірибелік дайындығы. Басты айырмашылықтарды анықтау, оқу үдерісінде жаңа технологиялар жайлы алған білімдерін жүйелеу және қолдану мүмкіндігі. Жеке тұлға мен қоғамдағы және әлеуметтік ортадағы сұраныстарға үйлесімді және сәйкес келетін, жақын жеке әдістемелік жүйені жасауға ниет таныту.

Педагогтың қызметтегі кәсіби әлеуетін дамытудың мөлшерлік баға өлшемі: кәсіби субъективтілік дәрежесі, кәсіби өзін бағалау мен тану деңгейі, кәсіби мүмкіндіктер мен талаптардың өзара байланысы, тұлғаның педагогикалық әлеуетін дамытудың қажеттілігін түсінуі дәрежесі енеді. Педагогикалық қызметтегі кәсіби әлеуетті іске асыру деңгейінің көрсеткіштері: педагогикалық қызметтің тиімділігі және қол жеткізген нәтижесінің көрсеткіші, жүзеге асыру кезіндегі жеке сәйкестік деңгейі, кәсіби белсенділік дәрежесі де басты мәселе ретінде орын алады.

Кәсіптік – педагогикалық әлеуетті дамытудың шарттары: білім беру үдерісінде мүмкіндіктерді жинақтаудан оларды іске асыруға дейінгі дамудағы әрекетті жүзеге асыру; педагогикалық үдерісті үйлестіру және тұлғаның жеке дамуын іске асыру; кәсіптік педагогикалық әлеуетті іске асыру аймағында оқу және кәсіптік қызметтің сабақтастығы мен өзара байланысуы немесе

кіріктірілуі, білім беру жағдайларының көптігі мен өзгермелілігін қамтамасыз ету [88-90]. Мұғалімнің педагогикалық қызметтегі кәсіби әлеуетінің қалыптасу оның кәсіби білім алу деңгейінің құрамдас бөліктерінің көрсеткіштерінің қалыптасуымен анықталады. Әр құрылымдық компоненттің өзіндік өлшемдері мен көрсеткіштері бар. Біз қарастырып отырған педагогтың кәсіби әлеуетінің жалпы құрылымдық компоненттері бағыты мұғалімнің жетік және терең білімін, іскерлігін, дағдысы мен жаңашылдық сипаттағы кәсіби қызметі барысындағы педагогикалық тәжірибе және т.б. мәселелерін айқындап өзалдына жеке дара қарастыруға және олардың мазмұндық құрылымдарын аша отырып біз қарастырып, зерттеуге алған мәселеге қаншалықты мазмұндық жағынан жақын екендігін ашуға мүмкіндік беріп отыр [91].

Педагогтың жеке тұлғалық әлеуеті деген ұғым оның қажеттілігінің ең жоғары дәрежеге сәйкестігін беретін және кәсіби және түрлі қатынастары мен оның өзіне тән ең маңызды деген қасиетінің өзегі болып саналады. Жеке адамның әлеуеті деңгейінің көрсеткіші дегеніміз, оның физикалық және рухани күшін, шығармашылық қайратын жұмсаудағы сапалық деңгей ерекшеліктері. Бұл ерекшеліктер мұғалімнің кәсіптік педагогикалық қызметінің жетілуінде қажеттіліктерге нақты көңіл аударып және осы бағыттағы түрлі мәселелерге деген көзқарасын қалыптастыру дәрежесінде нақты көрініс табады. Танымы бойынша педагог әлеуеті тәжірибе жүзінде ақиқатқа жақын нақтылы мүмкіндіктер арқылы қалыптасу сатысында тұрған мәселе және ол болашақтағы ара қатынаста болатын мақсатты бағдар болып табылады.

П. Терехов педагогтың жеке тұлғалық әлеуетін түрлі мәселелерге байланыстылығын көрсетеді:

- жеке тұлғаның педагогикалық еңбекке бейімділігі;
- кәсіби және педагогикалық дайындығының сәйкестігі;
- физикалық және ақыл – ой қабілетінің үйлесімділігі;
- басқару және атқару қызметінің сәйкестігі;
- шығармашылық және шығармашылыққа жатпайтын құрылымдардың өзара үйлесімділігі;
- педагогтың өнегелік – дүниетанымдық бағыттылығы;
- рухани құндылықтағы жеке тұлға қажеттілігі мен қабілеттілігі;
- өмірде бірінші болу немесе қазіргі қажеттілікте басымдыққа ие (приоритет) нәрсе;
- құндылық – сананы ашу және оның бір қырына әсер ету дәрежесі [92].

Мәселені зерттеу барысында біртұтас тұжырымдалған көзқарастық білімнің жоқтығы шығармашылық құзыреттіліктің мәні туралы бір тоқтамдық ой түйіндеуді толық жасауға мүмкіндік бермейді. Сондықтан маманды немесе болашақ маманды шығармашылықтың қалыптасуына ықпал ететін кәсіби дайындықтың заңды байланыстары мен әдіснамалық негіздері туралы білімдердің ауқымының кеңейе түсуіде заңдылық болып табылады. Бұдан, «шығармашылық» ұғымының мәні жайында нақты тұжырымдалған анықтамалар болмағандықтан олардың мөлшерлік бағаның өлшеуін таңдайтын белгі (критерий) мен көрсеткіштердің әртүрлі санымен ұсынылған

шығармашылық құрылымы туралы келісілген ортақ пікірдің болмауы және басқалары оның мазмұндық құрылым жүйеснің күрделілігін көрсетеді [93]. Осыған байланысты педагог әлеуетінің бір бөлігі болып табылатын «шығармашылық» әрекеттер жайында шетелдік және отандық бірнеше зерттеуші ғалымдардың кейінгі уақытта «креативтілік» түсінігіне бағытталғын еңбектерінде қарастырдық. Бұл ретте «креативтілік» ұғымының құрылымы мен мазмұнын талдау негізінде зерттеушілердің осы құбылыстың дамуы туралы теориялық ережелерін қарастырып, талдаулар жасадық. Мәселен, педагогтың әлеуеті жайында және оның кәсіби қызметке креативті құзыреттілікті қалыптастыру мәселесіне бағытталған зерттеушілік жұмыстармен айналысқан ғалымдар – S.Carson, J.Peterson, D.Higgins, Ж.Қ.Балтабаева, С.Т.Иманбаева, М. Кенжетай, С.Т.Исалиева және т.б. [94-96] арнайы бағытталып, жазылған еңбектер мазмұнында да шығармашылық әрекеттің күрделілігін айтады және оның мазмұндық құрылымын талдау келе «креативтілік» педагог әлеуетінің көрсеткіш деңгейін беретін бір бөлік ретінде негізделеді.

Жоғарыдағы талдауларды негізге ала отырып, педагог әлеуетінің дамуының өзегі болатын теориялық талдауларда «шығармашылық» ұғымы және оның мәніне ықпал жасайтын адамдық іс-әрекеттік құбылысының ғылыми зерттеулері адам қызметінің нәтижелерін статистикалық талдау негізінде зияткерлік дарындылықты зерттеуге арналғанын көрсетеді. Г.С.Альтшуллер ғылыми зерттеулерінде шығармашылық негіздегі өнертабыстардың сапалық деңгейінің классификациясын беске бөліп, қысқаша сипаттап, қарастырған:

Бірінші деңгей: дәл осы мақсатқа арналған құралдар қолданылды, дайын тапсырма үшін дайын шешім қолданылды.

Екінші деңгей: мәселені шешудің бірнеше балама нұсқаларының бірі таңдалды және бірнеше мүмкін нұсқалардан да қарастырылады.

Үшінші деңгей: бастапқы тапсырма мен алғашқы шешім өзгертілді.

Төртінші деңгей: жаңа тапсырма және жаңа шешім табылды.

Бесінші деңгей: жаңа көкейкесті мәселе қарастырылып, табылды, бірақ тәуелді емес басқа да міндеттер мен көкейкесті мәселелерді шешуге жарамды жаңа қағидалық түсініктер ашылды [97].

Ғылыми зерттеудегі әр жаққа ауытқу /дивергентті/ ойлау туралы – бұл шығармашылық саласындағы ғылыми ізденушіліктің басты қадамдары болып табылады. Шығармашылық дарындылық ақыл-ой, түсініктерімен өлшенеді және бұл бағыттағы түсінік өткен ғасырдың ортасына дейін зияткерлік көрсеткіштерімен беріліп келді. Ізденушілік бағытындағы зерттеулермен айналысатын жеке тұлғаның әрекеттерін талдау барысында зерттеушілер тіпті шығармашылық бар ма? Жоқ әлде бұл ғылымға ғана тән құрылым па деген мәселе бойынша ортақ келісіміге келу қиындық туғызады. Шығармашылықпен айналысу барысы еркін бе, жоқ басқа психикалық үдерістердің нәтижесі ме? Шығармашылықты түсінудің қарапайым түрі ол ізденушілік пен зерттеудегі әрекет жасаушы жеке тұлғаның сол мәселе бойыншы таным, түсінігі мен білімін терең болуына байланысты жұмыстарының ерекшелігін қарастыра отырып тануға болады. Яғни, шығармашылық үдерісінде оның еркіндікті

қажетсінбеуі, себебі, арнайы бағытталған саналы әрекет ретінде орын алады – яғни, жеке тұлғаның «сапалық» көрінісі ретінде орын алады. Бұдан шығармашылық ұғымының «жеке сапа» ұғымымен тікелей байланыстылығы бар екендігіне көз жеткіземіз. Бұл жайында А.И. Кочетов, «жеке сапа» ұғымын анықтауға ғылымдағы қазіргі тәсілдерді жүйелеп, оны «адамның мінез-құлқы, қарым-қатынасы мен өзін-өзі дамыту мен жетілдірудегі қасиеттерінің белгісі болып табылатын тұрақты және арнайы белгілі бір психикалық сипаттамалары» ретінде қарастырған. Сапа – бұл жеке тұлғаның ішкі жан дүниесінде өзіндік орны бар қарапайым бөлшек. Ол адамның сыртқы бейнесінде де көрініс беретін құбылыс болып табылады. Жеке адамның басқалармен қарым-қатынас жасауы және оның әрекеттер жиынтығының басқалардан нәтижелі болуымен ерекшеленуі арқылы көрініс береді. Автор жоғарыдағы берілген ой-пікірлердің тұжырымдалық мазмұнының құрылымына енетін мәселелерді атап өтті. Олар:

-әрбір тұлғаның кез келген ішкі рухани құрылымына жатады;

-мінез-құлықтың өзіндік ерекшеліктерін бөліп карауды қамтамасыз ететін тұрақтылық;

-арнайы берілетін сипаттамалардың толықтығы және нақты анықталған қызметтік (функционалдылық);

-жеке тұлғаның «мен» тұрақты құрамаларының көрінісі;

-жаратылыс дүние мен қоршағын ортаның қосарлануы (сыртқы әсерлерге тәуелділік-өзін-өзі дамыту қабілеті);

-сыртқы ықпалдарға жауап беру қабілеті [98]. Осы негізден шығармашылықты жеке тұлға сапасы ретінде сипаттау, біріншіден, оның жеке тұлғаның белгілі бір ішкі құрылымдарымен байланысын, екіншіден, жеке тұлғаның осы сапа негізінде жүзеге асырылатын сыртқы әлемге және өзіне деген жетекші қатынасын анықтауды, үшіншіден, осы сапаның қалыптасуының көрсеткіштері мен өлшемдерін бөліп, қарастыру қажет екендігін – Е.Е. Подгузова [99] өзіндік зерттеушілік еңбектегінде келтіреді. Шығармашылық жалпы ақыл-ойдан өзгеше, еркін әрі тәуелсіз бастамалықтан шығады, бірақ, өзінің жүру барысында арнайы мақсаттылықты көздеген бағытылықты басшылыққа алады және сапалық әрекетті беретін жеке адамға тән ішкі әрі сыртқы құбылыс болып табылады (2-кесте).

Кесте 2– Педагог әлеуетінің бөлігі шығармашылыққа қатысты көрініс

| Зерттелужолдары | Жалпы сипаттамасы | Зерттеушіавторлар |
|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 |
| Тиесілі шығармашылық қабілеттері жоқ | Іс-әрекеттегі шешуші мәні себеп-салдарлық түрткі/мотивация/, құндылықтарға, белсенділік, көкейкесті мәселеге қатысты сезімталдық, танымдық дарындылық және т.б. сияқты жеке сипаттамалар жатады. | А. Танненбаум,<br>А. Олох,<br>Д.Б. Богоявленская,<br>А. Маслоу,<br>К. Спирмен және т.б. |

2-кестенің жалғасы

| 1 | 2 | 3 |
|---|---|---|
| Шығармашылдық пензияткерлікке тәуелсіз фактор | Шығармашылықтағыжан-жақты және терең танымдық қабілеттері, кемшіліктері - білімнің саяздығы арқылы орын алатын олқылықтары, үйлесімсіздікті сәйкессіздік ретінде қарастырып қабылдау түсінігі. Шығармашылық түйсікпен байланысты және ұтымды үдеріске қарсы. Бұл тәсіл шеңберіндегі ең дамыған тұжырымдама-бұл «зияткерлік шек теориясы», оның мәні. Шығармашылық пен ақыл-ойдыңөзара шектік деңгейдегі байланысы және бұнда шығармашылық тәуелсіз айнымалы болып саналады | Дж. Гилфорд, К. Тейлор, Г. Груббер, Я.А. Пономарев, В.Н. Дружинин, Э. Торренс, Ф. Бэррон, С. Медник, А. Кроплей және т.б. |
| Зияткерлік дамуы және шығармашылық қабілеттердің жоғары және төменгі деңгейі | Психикалық белсенділік зияткерліктің нақты формасы, бірақ, шығармашылық үдеріс жоқ. Шығармашылық - бұл жалпы ақыл-ой дарындылығының құрамдас бөлігі. Танымдық үдеріс алдыңғы игерген білімге негізделеді және тапсырманың талаптарына сәйкес оларды өзгертуге ықпал жасайды | Д. Векслер, Р. Уайзберг, Г. Айзенк, Л. Термен, Р. Стернберг және т.б. |
| Ескерту – Әдебиет негізінде құралған [100, 101] | | |

Шығармашылық даму тетіктері ретінде шығармашылық табиғаты көкейкесті мәселенің жағдайын сипаттау мен түсінуге келсек - шығармашылық ол жаңаның құрылуы деп айтуға болады. Бұл мағынадағы табиғаттағы тіршілікке ие барлық нәрселерге қатысты және олардың даму үдерістеріне қолдануға болады, өйткені тіршіліктегі үздіксіз өзгерістер және барлық жаңаратын және қайта пайда болатын барлық нәрсе немесе құбылыстар шығармашылық әрекеттердің өнімі болып табылады. Бірақ, шығармашылық ұғымының түсінігінің негізі жеке бастауды және сәйкес келуді білдіреді, ол адам қызметіне қатысты пайдаланылады. Адам болмысына қатысты деп қабылданған жағдайда - шығармашылық-бұл психикалық әрекетті білдіретін шартты ұғым, біздің санамыздың деректерін бейнелеуде, көбейтуде немесе біріктіру арқылы өңдеуге түсе отырып жаңаша бейнеге ие болу көрінісін береді.

Осы бағыттағы көзқарас қалыптастыруда Я.А. Пономарев шығармашылық құбылысына кешенді зерттеу барысында біз мүмкін болатын жолдардың бірі деп - кезеңдер-деңгейлер-қадамдар – қағидаттық ұстанымы табылады (қағидаттық ұстанымы даму кезеңдерін оны ұйымдастырудың құрылымдық деңгейлеріне және қызмет пен әрекеттік (функционалды) саты және оны дамытудың өзара қарым-қатынасы) деп айта келе төмендегідей бөліктерге бөліп көрсеткен болатын:

Бірінші –(бала) немесе зерттеуші шығармашылық бағыттағы ізденушілік жұмыста «ақылда» әрекет жасай алмайды және өз әрекеттерін тапсырмаға

бағындыра алмайды, айқын сөз, бірақ ол қабілетті шығармашылық құбылысына бейімдей алмайды;

Екінші - ауызша қойылған тапсырманы шешуге болады, бірақ тек дерек көздеріне көпшіліктің психологиялық әсер етуіне еліктеуі арқылы жалғандыққа кетіп қалуы немесе этикалық тәртіп ережелерін бұзу арқылы жалған жолмен деректерді – яғни, өзінің жеке білімге негізделген тұрақты түсінік, көзқарасының болмауы (манипуляция) арқылы орындалу.

Үшінші –(бала) немесе зерттеуші шығармашылық бағыттағы ізденушілік жұмыста заттардың идеяларын басқара алады, бірақ ол әлі де сәтсіздікке ұшырайды, бұл манипуляцияларды ауызша қойылған тапсырманың талаптарына бағындыру жеткілікті.

Төртінші - сынақтар мен қателіктер нәтижесінде (бала) немесе зерттеуші шығармашылық бағыттағы ізденушілік жұмыста шешімге келеді; ол алынған шешімді қайта әрекет ету жоспарының негізіне қояды; осы жоспарды жүзеге асыра отырып, ол әр әрекетті тапсырма шарттарымен қатаң байланыстырады.

Бесінші - бұл қабілет, толық дамуға жетеді; тақырып шығармашылық сынақтар мен қателіктерге ұрынбайды немесе жеңе біледі; осы мәселеге қатысты тапсырманың ішкі құрылымын талдайды және жоспар жасап, оның шешімдерін кейінгі әрекеттерге бағындырады.

Я.А. Пономарев шығармашылық қабілеттер зияткерлік қызметпен нақты анықталмайды деп түсіндіреді, бірақ, олардың өзара байланысын жоққа шығармайды. Оның тұжырымдамасына сәйкес, шығармашылық кезеңдер-деңгейлер-қадамдар) кестесіне сәйкес зияткерлік іс-әрекеттің контекстіне енеді: мәселені тұжырымдаудың бастапқы кезеңінде – белсенді сана, содан кейін шешім сатысында – бейсаналық, ал үшінші кезеңде шешімнің дұрыстығын таңдау және тексеру кезінде сана қайтадан іске қосылады [102].

С. Мысник шығармашылық үдерісте танымдық құрылымдар мен құрамаларда бір-бірінен келіспеушілік пен айырмашылық (дивергент) та бар деп санайды. Мұндағы алшақтық адамның мәселені шешу үшін семантикалық кеңістіктің алыс аймақтарын өзектендіру мүмкіндігі ретінде түсініледі. Бір-бірінен келіспеушілік пен айырмашылық (дивергентті) ойлау мәселеге қатысты барлық құрамаларды біріктіреді, осы құрамалардың жалғыз дұрыс құрамын белгілейді. Бірақ сонымен бірге құрамалардың синтезі шығармашылық емес және шаблон, штамп ретінде өзгермейтін, жалпы қабылданған (стереотиптік) нұсқасы болуы мүмкін. С.Медниктің шығармашылығының мәні-бұл әсіресе операция емес, шаблон, штамп ретінде өзгермейтін, жалпы қабылданған нұсқалық үлгілерді (стереотиптерді) жеңу мүмкіндігі. Шығармашылық пен зияткерлік арасындағы байланысқа болатындар: біріншіден, зияткерлік құрылымы, сондай-ақ шығармашылық құрылымы нақты анықталмаған. Екіншіден, тестілеу нәтижелеріне сыртқы факторлар әсер тигізеді деп түсіндіреді [103].

Ал, В.Н.Дружинин болса төмендегідей қорытынды жасайды:

– жылдам зияткерлік сынақтарының шығармашылық сынақтармен байланысы тест жағдайларының ұқсастығымен немесе айырмашылығымен анықталады;

– тақырыптың сынақ қызметі неғұрлым еркін болса, ара қатынас (корреляция) соғұрлым төмен болады;

– шығармашылық қабілет бастапқыда зияткерлік құрылымында қарастырылады. Бірақ, шығармашылық жоғары зияткерлік деңгейімен сәйкес келмейді. Бірақ, шығармашылық пен зияткерлік бір-бірінен бөлек емес, соны да естен шығармау керек. Нақты шығармашылық жетістіктер жоғары ақыл-ойды қажет етеді, дегенмен, жоғары зияткерлік - шығармашылық көрінісі болып табылмайды [104].

Бұл жұмыста авторлар бірқатар зерттеушілердің (В.Н.Дружинин, С. Медник, және т.б.) шығармашылық-бұл жеке қасиет, шығармашылық үдерістің негізі-ойлау синтезінің соңғы кезеңінде шаблон, штамп ретінде өзгермейтін, жалпы қабылданған нұсқалық үлгілерді жеңу мүмкіндігі. Шығармашылық шындықтың жаңа көрінісін, қабылдау, ойлау, іс-әрекет шаблон, штамп ретінде өзгермейтін, жалпы қабылданған нұсқалық үлгілері, сондай-ақ өзін-өзі дамыту қабілетін жеңуді қарастырады. Шығармашылық (креативтілік) құрылымы жүйелі тәсіл контекстінде айқындалады, оның қосарлы мәнін көрсетеді және екі құрылымдық құрамадан тұрады: Бірі - шығармашылыққа тұлғаның икемді және жаң-жақты қабілеті ретіндегі креативтілік көрсеткіштері және өзара ішкі байланыс заңдарына бағыну негізіндегі жеке сипаттама ретінде креативтіліктің мінез-құлық нысандары. Осылайша, мәселені алдын-ала зерттеу педагогикада шығармашылық құзыреттіліктің мәні туралы тұтас білімнің жоқтығын анықтауға мүмкіндік берді; Екіншісі - маманның немесе болашақ маманның шығармашылық құзыреттіліктің қалыптасуына ықпал ететін кәсіби дайындықтың заңды байланыстары мен әдіснамалық негіздері болып табылады. «Шығармашылық» ұғымының мәні туралы ортақ түйінділген түсініктің болмауы және оған негіз болатын әр түрлі өлшемдер мен көрсеткіштермен ұсынылған шығармашылық құрылымы туралы ортақ шешімнің (консенсус) болмауы жоқ; адамның жеке дара дамуын (онтогенетикалық) қалыптасу үдерісінде шығармашылықтың даму динамикасы мен сипаты туралы зерттеулерді қажет ететіндігі анық.

Соңғы жылдары педагогтың кәсіби қызметінің мазмұндық құрылымын жаңа қырынан тану барысындағы ғылыми зерттеушілік еңбектер көптеп жазылуда. Оларда мұғалімнің құзыреттіліктері, ізденушілік пен зерттеушілік әрекеттері, педагогтың кәсіби қызметіндегі шығармашылық, т.б. бағыттағы зерттеушілік еңбектер педагогтың кәсіби қызметінің мазмұндық құрылымына жаңа көзқарас тұрғысынан қарастырған психология, педагогика және жеке пәндерді оқыту әдістемесі ғылымдарын өзара байланыстыра қарап, зерттеулері негізінде орын алып отыр [105-107].

Дегенмен де көп жағдайда зерттеушілер шығармашылықта - кәсіби қызметтің маңызды қасиеттері деп бағалап, олардың педагогикалық іс-әрекетте қалыптасуын бағалауға арналған зерттеумен шектелеп, түсінктер берді.

Психология ғылымы тұрғысынан қарастырғанда – адамның кәсіпқойлық қызметі ол атқаратын жұмыстың субъектісі ретінде нені анықтайтыны, оның танымдық пен түсінік шебері басқа адамдардан психикалық тұрғыдан ерекшеленетіні неліктен екендігі белгісіз. Ал, білім беру жүйесінде көбінесе кәсіби құзыреттілік пен кәсібилік ұғымдары, оның педагогтың еңбегіне яғни, педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен өткізуіне байланысты қарастырылып, анықталады.

Кәсібилік дегеніміз – түрлі жағдайларда жеке адамдардың өзінің кәсібіне қатысты күрделі әрекеттерді жүйелі, тиімді түрде ұйымдастырып және сенімді түрде іске асырудағы ерекше қасиеті. «Кәсібилік» ұғымы - жеке адамның қоғамдағы және әлеуметтік ортадағы белгіленген нақты қалыпты талаптар мен объективті талаптарға үйлесімді келетін кәсіби қызметтің психологиялық құрылымын меңгеру дәрежесін береді. Кәсіби шеберлікке ие болу үшін - сол қызметке тиісті және де басқа жеке тұлғалық болмыстағы ерекшелігін беретін қажетті қабілеттер, ынта-ықылас пен үнемі үйренуге және өз шеберлігін жетілдіруге бағыттық мақсатты орындайтын әрекеттердің болуы керек. Кәсібилік ұғымы орындалған еңбектің жоғары көрсеткіш беретін көрінісімен шектелмейді; бұл адамның ерекше дүниетанымы және бейімделушілік болмысындағы ізденушілік әрекеттерімен байланысты.

Өмірлік тәжірибе көрсетіп отырғандай сана-түсінік деңгейінде адамдар жоғары оқу орнын аяқтаған түлегінің диплом алуы оның келешекте өзі атқаратын қызметінің кәсіби шебері деген түсінік бермейтіні анық. Сондықтан да көптеген түлектерге яғни, ЖОО-нын аяқтаушылардың мәртебесін анықтай отырып, оларды «жас маман» деп атайды. Кәсіби қызметтің құпия қыр-сырын меңгеру үшін оған педагогикалық тәжірибе белгілі бір уақыт керек және оның кәсіби маман ретінде қалыптасуына мүмкіндік жасайтын тиісті кәсіби орта қажет екендігі белгілі. Бұлар осы уақыттан бастап және келешекте педагог әлеуетінің дамына ішкі өзек болып табылады және құрылымдары немесе тетіктері ретінде әрекет жасайды.

Осылайша, жеке тұлғаның дипломы немесе оның біліктілік деңгейін растайтын сертификаты (белгілі бір мамандық бағыттағы білім жиынтығы немесе белгілі бір кәсіби саладан хабарының бар болуын растайтын) болуы – бұл кейінгі кәсіпқойлықты қалыптастыру мен дамыту үшін қажетті (бірақ толық емес) шарт. Жеке тұлға бұл қасиетті арнайы дайындық пен ұзақ жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде жинақтап, меңгереді. Бірақ, өкінішке орай оны сатып алуы мүмкін, дегенмен де, сала бойынша кәсіби маман ретінде «тізімделеді және тіркеледі».

Жеке адамның игерген кәсіби қызметінің қажетті құрамдас бөлігі кәсіби құзыреттілігі екендігі анық. Кәсіби құзыреттілікке қатысты мәселелер жайында отандық және шетелдік ғалымдардың жұмыстарында қарастырылады. Кәсіби құзыреттіліктің мазмұндық құрылымы мен ерекшеліктерін айта келе, олардың заманауи тәсілдері мен түсіндірмелері әр түрлі. Шетелдік әдебиеттерде қазіргі кездегі кәсіби құзыреттілікті «терең білім», «тапсырманы барабар орындау жағдайы», «қызметті өзекті орындау қабілеті» ретінде анықтау болса

[108,109] (T.K.Britell,R.M.Jueger, W.E.Blank.) басқалары бұл көзқарастық бағыттың мазмұнын толық ашпайды [110].

Кәсіби құзыреттілік мәселесін отандық ғалымдар да жан-жақты және терең зерттеп жүр. Басым көпшілігі құзыреттілік ұғымын біліктілік пен кәсіпқойлықтың жоғары деңгейін білдіру үшін шабыттану (интуитивті) түрде пайдаланады [111,112] М.Ж. Джадрина, Ж.А. Караев, Ж.У. Кобдикова Ал, Ж.А. Караев пен Ж.У. Кобдикова - кәсіби құзыреттілік маман даярлау сапасының, еңбек қызметі тиімділігінің әлеуетінің сипаттамасы ретінде қарастырады [113] В.П. Пугачев, кәсіби қызметтің жоғары деңгейіне ие болу, біліктілігі жоғары деген түсінігін кейде педагогикада - «жалпы мәдени құзыреттіліктің» туынды құрылымдық құрамы ретінде қарастырылады [114, 115]Н.Розов, Е.В.Бондаревская, Б.С.Гершунскийнемесе «маманның білім деңгейі» ретінде негіздейді [116]. «Егер сіз кәсіби шеберлік деңгейлері жүйесіндегі құзыреттіліктің орнын анықтауға тырыссаңыз, онда ол орындаушылық пен жетілу арасында болады» деп М.А.Чошановтың түсіктеме беруі – бұл педагог әлеуетінің құрамдық бөлігі ретіндегі мазмұнды береді [117]. М.А.Чошанов кәсіби шеберлікті маманның жетілуінің әртүрлі бағттарымен байланыстыра отырып, А.К. Маркова кәсіби құзыреттіліктің төрт түрін бөліп қарастырады [118]– арнайы, әлеуметтік, жеке кәсібилік, жеке тұлғалық:

1. Арнайы немесе белсенді кәсіби құзыреттілік іс-әрекеттің жоғары кәсіби деңгейде болуын сипаттайды және білімнің арнайы бағытталғандығы мен оны өмірлік тәжірибеде қолдану қабілетін бірге қарастыру деп түсіндіреді.

2. Әлеуметтік кәсіби құзыреттілік біртұтастықты беретін кәсіби қызмет пен ынтымақтастық тәсілдерін, кәсіби қауымдастық ортада мақұлданған кәсіби қарым-қатынас әдістерін игеруді сипаттайды.

3. Жеке кәсіби құзыреттілік өзін көрсету және жеке өзін дамыту әдістерін, сыртқы күштердің әсерінен кәсіптің бұзылуын сақтауға (деформацияға) қарсы тұру құралдарын меңгеруі. Маманның кәсіби қызметін жоспарлау, білімі мен білігіне сүйене отырып жеке шешім қабылдай алуы, мәселені болжап көре алу қабілеті.

4. Жеке кәсіби қызметтегі құзыреттілік ол - өзін-өзі реттеу мен бақылау әдістерін меңгеруі және кәсіби өсіп, жетуге дайындығы мен кәсіби қартаюға мойынұсына отырып бейімделуі, тұрақты кәсіби себеп-салдардың болуын береді, сипаттайды.

А.К. Маркова кәсіби құзыреттіліктің маңызды құрылымдық құрамаларының бірі - жаңа білім мен дағдыларды өздігінен жеке меңгеру және оларды өмірлік тәжірибедегі қызметте пайдалана білу қабілетін атайды. Педагогтың кәсібилігін бағалау міндеттеріне байланысты кәсіби құзыреттіліктің түрлерін жағдайларға байланысты пайдалану мүмкін деп айтады [119].

Педагогикалық құзыреттіліктің қалыптасу мен даму жайындағы жүру заңдылығының моделі қызығушылық тудырады, онда әрбір келесі бөлік алдыңғы бөлікке сүйеніп, келесі құрылымдық құрамалардың «өсу сатысын» жасайды деп түсіндіреді [120]. Модельді құрайтын бөліктер педагогикалық

құзыреттіліктің алты түрі болып табылады: білім, белсенділік, қарым-қатынастық, көңіл-күй сезімдері (эмоционалды), жеке, шығармашылық. Оқыту үдерісінде мұғалімнің кәсібилілігін беретін құзыреттілігін қалыптастыруға тікелей қатысы бар дәйектілік қағидалық ұстанымдарының ерекшелігі аталып өтеді. Бағдарлы мәтіндік мазмұннан тыс бөлік мұғалімнің қажетті кәсіби құзыреттілігін жүзеге асыра алмайды.

Кәсіби қызметке байланысты құзыреттілік мәселесі бойынша зерттеулерді талдай отырып, біз оларды педагогикалық бейіндегі мамандарға қатысты қарастырылып отырған «Педагогтың кәсіби әлеуетінің» құрылымдық мәселесіне қатысты көзқарастық түсініктер тұрғысынан қарастырамыз. Жоғарыда айтылғандарға сәйкес мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі - бұл жеке пән және педагогика мен психология ғылымы саласында да ғылыми-теориялық білім жүйесін қамтитын педагог маманның кәсіби қызметтегі еңбек және жеке басының сапалы көрінісінің сипаттамасы. Бұл ретте біз педагогтың кәсіби әлеуетінің құрылымы мен мазмұндық мәнін  - бұл болашақ маманның немесе мұғалімнің теориялық білім жүйесін және оларды нақты педагогикалық жағдайларда қолдану тәсілдерін, мұғалімнің жеке әрі кәсіби еңбектегі құндылық бағдарларын, сондай-ақ оның мәдениетінің өзара байланыстағы немесе кіріктірілгендегі көрсеткіштерін (сөйлеу, қарым-қатынас стилі, жеке басына және өзінің қызметіне байланысты түрлі білімге қатынасы және т.б.) қамтитын көпжақты құбылыс. Біз мұғалімнің кәсіби қызметіндегі көрініс беретін құрылымдық компоненттерден байқауға болады: мотивациялық-ерікті, функционалды, коммуникативті және рефлексивті.

Мақсатты әрекет жасау түрткісі (мотивациялық) - тәуелсіз құрылымдық компоненттерді қамтиды: әрекет жасау түрткісі (мотивтер), мақсаттар, қажеттіліктер, кәсіби еңбекке және жеке басқа қатысты құндылықтар, жеке тұлғаның мамандықты жетік игерудегі шығармашылық әрекетіндегі  ынтасы, кәсіби қызметке деген қызығушылығының артуы, белсенділік танытуы.

Орындаушылық (функционалды) - құрылымдық құрамалардың жалпы жағдайда мұғалімге белгілі бір педагогикалық технологияны жобалау және жүзеге асыру үшін қажет педагогикалық іс-әрекеттің әдістері туралы білім түрінде көрінеді.

Қарым-қатынастық (коммуникативті) - құрылымдық компоненттері ойды нақты және дәл жеткізе білу, сендіру, дәлелдеу және оны құрудың жүйесін жасау, талдау, пікір алмасу мен көпшіліктің пікірін білу әрі жеке өзіндік пікірін жеткізе білу, ұтымды және жағымды көңіл-күй туғызатын ақпаратты беру, жеке адамдармен өзара байланыстар орнату, жеке іс-әрекетін әріптестерінің іс-әрекеттерімен үйлесімді жасау, әртүрлі іскерлік жағдайларда ыңғайлы қарым-қатынас жолын табу, диалогты ұйымдастыру және қолдау.

Керібайланыс орнату (рефлексивті) - құрылымдық компоненттері өз кәсіби қызметінің нәтижелерін және жеке даму деңгейі мен жетістіктерін саналы түрде байқап, бақылай алу қабілетінен көрінеді; ізденушілік, шығармашылық, ынталалық, көшбасшылыққа, ынтымақтастыққа бағытталған, шығармашылық, түрлендіруге бейімділік сияқты қасиеттер мен қабілеттердің

қалыптасуы. Керібайланысты құрылымдық компоненттері - бұл жеке жетістіктерді реттеуші, қадағалаушы және жүйелеуші. Адамдар арасындағы қарым-қатынаста жеке мағыналарды іздеу, өзін-өзі басқару, сонымен қатар өзін-өзі тануға, кәсіби жетілуге, шеберлікті дамытуға, кәсіби қызметтегі өзіндік ерекше іс-әрекетке және жеке жұмыс стилін қалыптастыруға ықпал жасайды.

### 1.3 Қазіргі педагогтың кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуы

Жаңартылған білім беру мазмұнының енгізілуі мұғалімнің кәсіби әлеуеті қалыптасуы мен дамуындағы үдерісте орын алатын көкейкесті мәселенің қазіргі өзектілігін қарастыру мен мектептегі педагогтың кәсіби әлеуетін дамытудың педагогикалық құралдарының ғылыми негізделуін жүйелеуге және басшылыққа алуды басты мәселе ретінде қарауға бағыттайды. Педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуына және осы мәселеде теориялық тұрғыда қарама-қайшылықтардың туындауы әрі оның әсері педагог әлеуетінің әлсіз дамуына ықпал жасайтындығы анықталып отыр. Сондықтан бізге анық бірқатар қарама-қайшылықтар: мектептегі педагогтың кәсіби әлеуетін дамыту үдерісін ғылыми-әдістемелік қолдаудың тиімділігін арттыру қажеттілігіне үйлесімді ғылыми негізделген дидактикалық жүйенің жаңармауы немес қазіргі талапқа сай үйлесімді болмауы және осыған байланысты ғылыми-әдістемелік дайындықтардың жеткіліксіздігі және ол өз кезегінде біз қарастырып отырған «педагог әлеуеті» мәселенің дамуына кері әсерін тиіп отырғандығын өзекті деп тауып отырмыз.

Педагогика ғылымының теориясында жеке тұлғаның жан дүниесі, іс-әрекеті мен қарым-қатынасына негізделген ой-пікірлерге мән берсек мұғалімнің жаңа зерттеушілік, технологиялық іс-әрекеттеріне бағытталған зерттеулер көкейкесті мәселелерге айналып отыр. Педагогика ғылымында қазіргі нарықтық жағдайлардағы өзгерістерге ұшыраған қоғам жағдайына және әлемдік білім беру ықпалдастығына байланысты жоғары оқу орындарында мұғалімді кәсіби педагогикалық еңбеккке даярлаудың мақсаты – шығармашылықпен айналысатын, ізденушілік пен зертеушілікті меңгерген және бәсекеге қабілеттілігі бар мұғалім тұлғасын қалыптастыру мен дамыту мәселесі басшылыққа алынуда. Болашақ мұғалім жоғары оқу орнында өзінің келешекте меңгеретін мамандығының қыр-сырын жетікигерген және білетін, әрі қоғамның дамуына алып келетін жаңа идеялар мен технологияларды да толық біліп, педагогикалық қызметте қолдана алу мүмкіндігі бар тұлға болуы тиіс. Болашақ мұғалімдерді даярлаудың педагогикалық теориясының инварианттты бөлігіне: іргелі теориялық білім (тәрбие, оқыту, білім беру теориясының жалпы философиялық мәселелері); технологиялық білім, базалық кәсіби педагогикалық біліктілік (диагностикалық, жобалау, аналитикалық, қарым-қатынастық, ұйымдастырушылық т.б.). ендірілу басшылыққа алынуда. Білім беру парадигмасының өзгеруіне сәйкес, соңғы кезде педагог кадрларды даярлаудың тұлға-бағыттылық позициясы қарастырылуда: педагогикалық білім беру, бірінші кезекте, болашақ педагог-тәрбиешінің жеке тұлғасын дамытуға бағытталуы қажет; білім беру оқушыға білім, білік, дағды берумен ғана

шектелмей, оның білімді өзі іздеп меңгеретіндей бағытта құрылуы қажет. Адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сезім, кішіпейілдік, басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттерді қамтиды, сондай-ақ кішіпейілділік, адалдық, шыншылдық та адамгершіліктік дүниетанымға жатады.Г. Ақпанбек еңбегінде «...тәлім-тәрбиенің ықпалды әсермен моральдік сананы қалыптастырудың этикалық білімділікті, адамгершіліктің сезімді дамытудың сара жолы. Ол отбасы, мектеп, ұстаз, еңбек, қоғам, жеке ықпалы арқылы іске асырылады» делінген [121].

Қазіргі жаңаша ойлау бағытына негізделген қайта құрудың өзегі – мектептіісін ізгілендіру мен мектеп ұжымындағы (педагог қауымы мен оқушылар т.б. қызметкерлер) ынтымақтастық қарым-қатынас болуы еліміздегі барлық жаңару жолындағы мақсат-міндеттерімен ұштасып жатыр. Яғни, бүгінгі күнде пісіп, жеткен түрлі педагогикалық әлеуметтік көкейкесті мәселелерде педагогтың ой-санасы мен таным түсінігінің жаңаруы барысында, жаңа міндеттерді айқын орындаумен, педагогтердің белсенділігі мен ізденушілік және шығармашылық қатынастарымен жүзеге асырылады.

Педагогтың кәсіби қызметі өте күрделі және көпсалалығымен ерекшеленеді. Педагог оқушының жеке тұлғалық болмысының тұрақты қалыптасуын, дамуын және ұйымдастырылатын білім беру мен тәрбие және оқытуды жүзеге асыратын үдерісті жүргізеді әрі басқарады. Сондықтан қазіргі күннің педагог қызметкерінен жаңа мазмұндағы терең және жан-жақты ғылыми білім, педагогикалық шеберлігі шыңдалған, идеялық тұрақты көзқарас ұстанатын, саяси-әлеуметтік жеке бас құлықтық қасиет, берік ерік-жігер, ақыл-ой парасаттылығына сенім артатын мінез-құлық талап етіледі.

Педагог қызметі қиындығы көп жұмыстың түріне жатады. Өзінің мұғалімдік еңбегінің мазмұны, мақсаты және қоғамдағы алатын орны жағынан мәртебесі жоғары болып саналды. Себебі, педагог қызметіндегі оқушыны /баланы/ оқыту мен тәрбиелеуде әртүрлі қабілеті мен бейімділігі, қызығушылығы, мінез-құлқы мен таным түсінігі және көзқарасы әр деңгейдегі жас өспірімдер мен жұмыс жасайды. Бұл өзіндік қиындығы мен қарама-қайшылығы көп орын алатын жұмыс болып табылады. Оқушылардың өзіндік жеке ерекшелігін дамытуда, ынтымақтастық қарым-қатынасы орнаған, достығы жарасымды ұжымдыққа топтастырады. Бұнда педагог әрбір оқушыға жеке тұлға ретінде қарым-қатынас жасап, шынайы қамқорлық көрсетеді. Кәсіби педагогтың жанында, қоғамда, табиғи ортаны да ізгілікке бөлейтін рухани құндылықтағы ерекше құрал – мәдениеттілігі. Ал педагог мәдениеттің бұлақ бастауы, әдебиет пен өнер шығармалары мен білім беруді ұйымдастырушы басты тұлға. Сондықтан қандай педагог болашақтың құрушысы деген құрметті атқа ие бола алады деген сұрақ қойылуы заңды. Қазіргі заман педагогі қызметіндегі ең басты ерекшеліктің бірі – жастарға рухани тұрғыдан ықпал жасауды күшейту, сол арқылы еліміздің нағыз белсенді азаматын, еңбеккерлерін және отанды қорғаушысын тәрбиелеп шығару. Бұл үшін педагог табиғат, қоғам, адам, айнала қоршаған дүние туралы ең жаңа ғылыми біліммен қаруланған болуы шарт. Педагог еңбегінің негізгі объектісі әрі субъектісі де –

бала, ал оның дамуын, тәрбиесінің заңдылықтарын жете білу – бірінші кезектегі міндет.

«Қазақстан-2030» стратегиялық даму жолы, Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы және әр жылменен кезеңдік уақыттарға арналған Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен білім беруді дамытудың арнайы тұжырымдамалары қабылданды, қоғамның экономикалық және әлеуметтік жағынан ілгерілеуінің маңызды факторы ретінде білім берудің ұлттық моделін дамыту, шығармашыл тұлға қалыптастыруға дағды алу, ақыл-ой қорын жинау сияқты мақсаттарды көздейді [122].

Қазақстан Республикасы жариялаған білім беру басымдығына, «жалпыға білім беру» моделінен «әр адамға таңдау бойынша білім беру» моделіне негізделген. Қазіргі кезеңде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев: «...өткізіліп отырған реформаның нәтижесінің бірі – жаңа формация педагогінің қалыптасуы деп анықтайды, және болашақта мұғалім мамандығы ең жоғары бағаланатын, сұранысқа ие мамандықтарының бірі болмақ, ал мұғалім заман талабына сай болуы тиіс» – дейді [123].

Жаңартылған білім беру мазмұнында жаңашыл әдістер ұғымы іс-тәжірибемізде жиірек қолданылып, практикаға енуде. Ал технология түсіндірмесін сөздікте – қандай-да болсын істегі, шеберліктегі, өнердегі амалдардың жиынтығы деп, ал педагогикалық технология – педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдарымен әдістемелік құралдардың жиынтығы деп түсінеміз. Яғни педагогикалық технология тәжірибеде жүзеге асатын педагогикалық жүйенің жобасы. Ал педагогикалық жүйе – дара тұлғаны қалыптастыруға бағытталған, белгілі бір мақсатқа жету жолындағы арнайы педагогикалық ықпалды ұйымдастыруға қажетті өзара байланысқан әдістердің, құралдардың жиынтығы. Олай болса, дәл қазір бізге осы инновациялық технологияны дамыту, практикада пайдалану қажет. Ендеше қазіргі заман талабы қажет етіп отырғандай, жаңаша білім беруде бірінші орынға баланы жеке тұлға ретінде алып, оның білім алу арқылы дамуын қамтамасыз ету шарт болып отыр.

Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі бастауыш сынып пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы бойынша біліктілікті арттыру курсы жаңартылған білім беру бағдарламасының Қазақстанның білім беру жүйесін реформалауға айтарлықтай үлес қосуына мүмкіндік берді.

Бұл біліктілікті арттыру курсының мақсаты оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін енгізу арқылы Қазақстанның ұлттық білім беру жүйесіне арналған

орта білім мазмұнын жаңарту бағдарламасымен таныстыру болып табылады. Бағдарламада білім беру саласындағы өзгерістердің шарттары мен алғышарттары қарастырылады және төменде келтірілген мәселелерді басшылыққа алады:

- білім беру саласындағы халықаралық үрдістер;
- білім беру бағдарламасын құру теориясы;
- оқыту тәсілдерін енгізуге негіз болатын теориялық алғышарттар [124].

Бүгінгі талап сұранысына орай мектеп «білімді тұлға», яғни білім, білік пен дағдылары қалыптасқан жеке оқушы тұлғасын қалыптастырып дамытуы ғана емес, өзгермелі өмір құбылысына бейім болатын, белсенді және ізденушіліктері арқылы шығармашыл ойлайтын, зияткерлігі басым және жан-жақты дамыған жеке тұлғалық болмысы қазіргі заманға лайықты етіп дайындау керек. Білім мазмұнын жаңарту тікелей ізденушілігі басым және шығармашылық жұмыстармен жүйелі айналысып өзінің мұғалімдік кәсіби шеберлігін шыңдайтын педагогтың әрекетіне тікелей байланысты. «Мұғалім көп әдісті қолдана отырып, оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде пайдаланған дұрыс»,-деп өз заманында айтқан ғалым-әдіскер А. Байтұрсыновтың пікірлері қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керектігімен үйлесіп тұр деуге негіз бар. Өзі меңгерген кәсібінің шебері ғана жоғары табыстарға жетеді [125].

Қазіргі таңда жеке пәндердің оқу материалын жетік және терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтуы іске асатын, қажетті білім негіздерін оқушыға жеткізуде, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-тәсілдерін және оның жаңашылыдық жолдары мен құралдарын еркін меңгерген, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін бере алатын мұғалім ғана кәсібилілігі жағынан әлеуеті дамыған деп түсінуге болады.

Білім берудегі жаңалықтарды жіктеу барысында жаңашылдықтың педагог қызметінің ең маңызды түрлерінің бірі екендігін ескерген жөн. Бұл қызметті қатаң шектеуге және бөлшектеуге болмайды. Білім берудің барлық құрамдас бөліктері мен аспектілеріне жаңалық енгізу қиын, тіпті мүмкін емес болғанымен, оларды бір құрамдас бөлікке біріктіру одан сайын қиынға соғады. Сондықтан, білім беру мазмұнындағы жаңалықтар міндетті түрде ұйыммен және жұмыс істеу әдістемесімен өзара ықпалдасып отырады.

Қазіргі уақытта ғылыми әдебиеттерде жаңышылдық үдерісті мынадай кезеңдерге бөледі:

1. Идеяның немесе жаңашылдық тұжырымдамасының пайда болу кезеңі, мұны шартты түрде, іргелі де қолданбалы ғылыми зерттеулердің нәтижесі болып табылатын жаңалықтың ашылу кезеңі деп те атайды.

2. Ойлап табу кезеңі, яғни қандай да бір нысанға, материалдық немесе рухани өнім-үлгіге айналған жаңалықты құру немесе ашу кезеңі.

3. Жаңалықты енгізу кезеңі, мұнда ойлап табылған жаңалық іс-жүзінде қолданысқа еніп, қайта өңделеді және жаңалықтан тұрақты нәтиже алынады.

Бұдан кейін жаңалық өз бетінше өмір сүре бастайды да, жаңашылдық үдеріс жаңалыққа деген алғырлық қалыптасқан жағдайда келесі кезеңге аяқ басады.

Жаңалықты пайдалану кезінде мынадай кезеңдер орын алады:

1. Жаңалықты тарату кезеңі, мұнда жаңалық кеңінен қолданысқа енгізіліп, жаңа салаларға кіреді.

2. Нақты бір салада жаңалықтың үстемдік ету кезеңі, мұнда жаңалық бұрынғы жаңашылдық қасиеттерін жоғалта бастайды да оны едәуір тиімді жаңалықпен ұтымды алмастыру үдерісі қарастырылады.

3. Жаңалықтың қолданылу аясын қысқарту кезеңі, мұнда жаңалық жаңа өніммен алмастырылады [126].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Бұл міндеттерді шешу үшін әр мұғалімнің күнделікті ізденісі мен шығармашылығы, еңбегі қажет-ақ. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруде мұғалімдердің жаңашылдық педагогикалық технологияларды меңгеруі маңызды рөл атқарады және кәсіби маман ретінде өзінің әлеуетін дамытудың бір бөлігі ретінде жақсы түсінуі керек. Бұл дегеніміз педагогтың адамды өмірге дайындайтын ерекшелігіндегі толассыз орын алып отыруы керек жаңашылдықты меңгеруі және өзінің тәжірибесінде үнемі қолданып отыруы қажет екендігін түсіну болып табылады.

Яғни, педагогті адам тану мамандығының иесі деуге де болады. Себебі, бала пассивті материал емес. Педагог еңбегі өте ептілікті, сезгіштікті, төзімділікті, шыдамдылықты, ізденушілік пен шығармашылықты әрі тұнық ойлылықты талап етеді. Педагог – оқушы жанын сезе білуге, түсінуге бейім, онымен үнемі бірге болудан, араласуға дайын және одан өзіне зор қуаныш алатын тұлға. Педагогтың оқушыға шынайы сезіммен, құрметпен қарауы оқушыда мұғалімге және оның кәсіби қызметіне көзқарасы сыйлау сезімін арттырады. Мектеп өміріндегі педагогикалық тәжірибеге мән беріп, бақылап қарасақ, оқушылар алдымен математика, физика, химия пәнінің мұғалімдерін жақсы немесе жек көреді, кейіннен уақыт келе ұстазымен бірге оның жүргізетін физика не химия, т.б. пәндерге де қызығып, жақсы көре бастайды. Екінші жағынан, оқушыға шын ықыласы бар педагогтың өзінің мамандық қызметіне де қызығушылығы арта түсетінін көруге болады. Педагог еңбегінің ерекшелігі оның оқушымен үнемі қарым-қатынаста болуымен және рухани араласуымен көрініс табады. Сондықтан педагогтың жалпы мәдениетінің жоғары дәрежеде болуы оның зияткерлік мүмкіндігі, ой-өрісінің терең, рухани байлығы педагогикалық үдерісті тиімді ұйымдастыруға үлкен ықпал жасайды және оған негіз болып, тиімділігін арттырады.

Қазіргі жағдайда қайта құру үдерісінің басты міндеттерінің бірі – білім сапасын арттыру алдындағы орынға қойылып отыр. Сондықтан педагогтың білімділігі, зияткерлік мүмкіндігі жоғары болған сайын оның шәкірттерінің білімге, ғылымға деген қызығушылығының артуына ықпал жасайды.

Педагог немесе жеке пән мұғалімі – өз пәнін оқытудың әдістерін жетік меңгерген, шығармашылық еңбек жасайтын, педагогикалық шеберлігін үнемі дамытатын маман. Педагогикалық шеберлік – идеялық-саяси бағыттың, жалпы мәдениеттің мамандық білім, іскерлік дағдының, ұстаздық тәжірибенің жиынтығы және оның негізі жаңашылдыққа жақын болып табылады. Педагог еңбегінің нәтижелі болуы оның табиғи дарындылығында деген пікір орында және кәсіби қажеттілікe бағытталған қабілеттілік қай мамандықта болсын кездеседі. Педагогикалық шеберлік –табиғаттың бере салған сыйы емес, ол үздіксіз іздену мен шығармашылдықтан және өзін-өзі үнемі кәсіби жетілдіруден әрі өзінің меңгерген мамандығына деген шынайы адалдықтан туындайтын түсінік пен іс-әрекеттерінің бірлігі болып табылады.

Педагог оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу жұмысында кәсіптік деңгейі және оның педагогикалық шеберлігі жоғары болуы үшін педагогикалық-психологиялық арнайы зерттеулер негізінде айқындалған педагог мамандығына тән іскерлік пен дағдыларды меңгеруі – олардың жаңашылдыққа деген ұмтылысынан туындайтын әрекет ретінде арнайы ғылыми зерттеулерде түсіндіреді. Өйткені, педагог әлеуетінің қалыптасуы мен дамуындағы кәсіби іс-әрекет өте құбылмалы өсу заңдылық жүйесінде орын алады және оның өзіндік арнайы құрылымдық компоненттері бар. Олар бірнеше бөліктерден тұрады: танымдылық, құра білушілік, қарым-қатынас, ұйымдастырушылық, хабарлама және зерттеушілік іс-әрекеттер мен дағдыларды бойына сіңірген жалпы кәсіби құзыреттіліктерге ие бола тұрса да, педагогика ғылымының теориясы мен тәжірибесіндегі жаңа бетбұрыстарға бейімдеудің негіздемесі және оның өзегі болып табылатын үнемі педагогикалық үдерістегі жаңашылдық тұрғыдан ұйымдастырып, өткізуді жүзеге асырып отыруы керек. Бұл педагогика ғылымының жаңашылдық бағыттары бойынша арнайы зерттеулер жасаған шетелдік және қазақстандық ғалымдар бар және олардың ғылыми ой-тұжырымдары қазіргі педагогикалық үдерістің тәжірибесінде орын алып отыр.

Жаңашылдық үрдісті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу үрдісіне басшылық жасау мәселелерінің зерттеу маңыздылығы жайында ресейлік ғалымдар В.П. Беспалько [127], Г.К. Селевко [128], М.В. Кларин[129], Н.Р. Юсуфбекова[130], және т.б. зерттеулерінде қарастырған.

Жаңашылдық іс-әрекеттің түрлі бағыттарын, білім берудің мазмұнын дамыту, жаңалықты енгізу мәселелерін отандық ғалымдар Қ.Қ. Қабдықайыров[131], Ш.Т. Таубаева [132],М.М. Жанпейісова [133],Қ. Әбдіғалиев [134], Н. Нұрахметов [135],К.Ж. Бұзаубақова [136], Қ.М. Тәжіғұлова, Д.Е. Мусина [137], Н.Д. Хмель [138] және т.б. қарастырған.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – жеке тұлғаның шығармашылығын қалыптастыруға бағытталған жаңа оқыту технологияларын

шығаруға ұмтылуы. Осы орайда білім беру саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты көкейкесті мәселе – әлеуметтік және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру, оны өмірде пайдалану. Педагогика ғылымында оқытудың жаңашылдық әдіс-тәсілдері белгілі болғанымен, ол әдіс-тәсілдерді оқу-тәрбие үрдісінде қолдану жағы жеткіліксіз, сондықтан да мектеп педагогикалық үдерісте педагог әлеуетінің талаптық деңгейде көрініс таба алмай отырғандығына себеп болады. Жаңашыл әдіс-тәсілдерді пайдалану педагог әлуетінің мазмұндық құрылымының ажырамас бөлігі ретінде түсіну қажет.

«Жаңашылдық» /инновация/ ұғымы педагогиканың сөздік қорына ежелден енген екен. Ол кейбір ғалымдардың еңбектеріне «жаңа» «жаңалық енгізу» деп көрсетіледі екен. Кейбіреулері оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды. Бұл түсініктер кең мағынадағы ұғымдармен білім беру жүйесіндегі кез келген өзгерісті сипаттайды. Жаңашылдық ұғымы қазірде білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылуда.

Педагогикалық энциклопедияларда төмендегідей анықтамалар берілген: «инновация» сөзі латын тілінен енген –«новый», яғни аударғанда «обновление – жаңарту», «новинка – жаңалық», «изменение – өзгеріс» деген мағына береді [139].

Жаңашылдық дегеніміз білім беру, тәрбиелеу жұмысына жаңалықты енгізу, яғни жаңа әдіс-тәсілдерді, амалдарды, құралдарды, жаңа көзқарастық түсініктегі тұжырымдамаларды жасап, оларды қолдану деп берілген.

Жоғарыдағы мағлұматтарды бір жүйеге келтірсек, төмендегідей қорытынды шығаруға болады:

Жаңашылдық ұғымын ғалымдар әртүрлі түсінеді екен. Олар:

1. Жаңалық, жаңаны енгізу, жаңарту үрдісі.
2. Өзгеріс.
3. Құрал, әдіс.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты, жан-жақты білгір, білікті маман болу мүмкін емес.

Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің зияткерлік, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына оң ықпалын тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін педагогтың тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Педагогикалық технология оқу-тәрбие үдерісімен, мұғалім мен оқушының іс-әрекетімен өзара белсенді әрекеттік байланыста болады.

Педагогикалық технологияның құрылымы:

1. Тұжырымдық /концептуалдық/ негізі.
2. Оқу-тәрбие үдерісінің мазмұндық бөлімі.
3. Процессуалды (үрдістік, бөлігі – технологиялық үдеріс.

Болашақ жеке тұлғаны қалаптастыру мен дамыту жалпы білім беретін мектептерде жүзеге асырылатыны анық. Мектептердегі білім берудің сатылық кезеңдерінде /сыныптық ерекшеліктерінде/ оқушының тұлғалық болымыс сананың дамуы қуатты жүретін кезеңі. Сондықтан да мектеп және оның білім

беру кезеңдері оқушыны жеке тұлғалық болмысын қылыптастырып, азамат бойындағы оның әлеуетінің дамуында негізгі мәнге ие болады деп айтуға болады.

Бүгінгі жастарға терең және жан-жақты білім беріп, тәрбиелеу, дамыту – әрбір педагогтың міндеті. Қазір кейбір мұғалімдер сабақтың жаңа түрін пайдаланса да, мақсат – оқулықтағы материалдық мазмұнын оқушы бойына сіңіру деп біледі. Бірақ бұл дұрыс түсінік емес. Оқушыны тәрбиелеу мен оқытуды оның ынта-жігерін оятып, өмірге бейімдеу, оның әлеуетін қалыптастыру мен дамытуда педагогтың оқу-тәрбие үдерістерінде педагогикалық технологияларды кеңінен пайдалануды қажет етеді. Бұл өз кезегінде педагог әлеуеті деңгейінің де көрсеткіші ретінде орын алады. Сондықтан педагогикалық технологияларды топтастырып, жинақтау басты мәселе болып табылады.

1. Педагогикалық қарым-қатынасты ынтымақтастық және ізгілік-адамгершілік негізінде құрудың педагогикалық технологиялары мыналар:

-ынтымақтастық педагогикасы;

-ізгілікті-тұлғалы оқыту-тәрбиелеу технологиясы;

-адамгершілікті қалыптастыруға негізделген оқыту-тәрбиелеу жүйесі.

2. Оқушы әрекетін ынталандыру және жетілдіру негізіндегі оқыту технологиялары:

-ойын-сабақ технологиясы;

-көкейкесті өзекті мәселені қоя отырып оқыту;

-қарым-қатынастық оқыту жүйесі.

3. Оқу үдерісін ұйымдастыру және басқару тиімділігіне негізделген оқыту технологиялары:

-бағдарламалап оқыту;

-дифференциалдап оқыту және тәрбиелеу;

-даралап оқыту;

-ұжымдық және топтық оқыту тәсілдері.

4. Әдістемелік жетілдіру және дидактикалық қайта өңдеу негізіне қарай құрылған оқыту, тәрбиелеу технологиясы:Ірілендірілген дидактикалық бірліктер /П.М.Эрдниев/; «Мәдениет диалогы» /В.С. Библер, С.Ю. Курганов/;Ақыл-ой әрекетіндегі саналық белсенділікті сатылап дамыту теориясын жүзеге асыру технологиясы /М.Б. Волович/.

5. Ұлттық педагогика әдістерін пайдалануға негізделген оқыту-тәрбиелеу технологиясы: Сауаттылыққа тәрбиелеу /Кушнир технологиясы/; М.Монтессори технологиясы.

6. Баламалы оқыту технологиясы:Вальдорфпедагогикасы/Р.Штейнер/; Еркін еңбек әрекетін жүргізу технологиясы /С. Френе/.

Жаңашылдық үрдісті тәжірибе жүзінде жүзеге асыру басшылыққа және бастамашыл-ынталылыққа тікелей байланысты. Сондықтан, мектеп басшыларына ең бірінші жаңашылдықтарды қабылдап, қазіргі оқу-тәрбие үдерісіне қажеттігі жағынан қарастыруы керек.

Педагог әлеуетін дамытудағы жаңа мазмұнды білім беруді ұйымдастырудың жаңашылдық үдерістерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың ұжымдық-педагогикалық шарттар жүйесі мынадай:

- жаңашылдық білім беру үдерістеріне негізделген білім беру ортасын құру және оның ғылыми, оқу-әдістемелік тұрғыдан қамтамасыз етілуі;

- жаңа мазмұндағы білім беру үдерістерін басқару құрылымының кезеңдерін жүзеге асыратын қызметтерімен сәйкестігі;

- оқу материалдарының көлемін және пәндік дайындықтың қысқа, орта, ұзақ мерзімді жоспарларына сәйкес ұйымдастыру және оқыту әдістері мен түрлерінің ең тиімді үйлесімділігі /ортақ тақырыптаға жүйеленуі, келтірілуі т.б./;

- педагогтың жаңартылған білім мазмұны аясында кәсіби жұмыстарын ұйымдастыру барысында оқу материалының пәндік және метапәндік бағдарлануы мәселесін аша білетін деңгейінің болуы және түсінуі мен болашақта жүргізілетін педагогикалық үдерісті болжауы мен оған зерттеушілік тұрғыдан қарай алуы. Бұдан мектептегі оқу-тәрбие үдерісінде жаңашылдық іс-әрекеттерді қалыптастыру әдістері шығады: Дамыта оқыту әдістерімен танысу және меңгеру. Жеке тұлғаға бағдарланған оқыту әдістері. Өзіндік жұмыс түрлерін ұйымдастыру. Ұйымдастырушы ойын әдістері. Авторлық тұжырымдарды оқып-үйрену. Даралап оқыту әдістері. Деңгейлеп оқыту әдістері. Белсенді оқыту әдістері; көкейкесті мәселені қою арқылы – ізденуші оқыту. Модульдік оқыту технологиялары жатады.

Ал, мектеп мұғалімінің жаңашылдық іс-әрекеттерді меңгеруіне: педагогикалық-психологиялық білім мен іскерлік, ізденушілігі арқылы шығармашылық технологияларды қолдану білігі мен білімі және осы бағыттағы кәсіби қызмет әрекеті, педагогикалық зерттеу әдістемесі туралы білімі мен білік, іскерлігі, түрлі зерттеу жұмыстарын зерттеу әдістерінің түрлерін пайдалану арқылы жүргізе алу білігі және оның нәтижесін бақылау мен қорытындылау кіреді. Мектептің оқу-тәрбие үдерісінде жаңашылдық педагогикалық технологияны пайдаланудың теориялық негіздері ашылып, мектептің оқу-тәрбие үдерісінде оқытудың жаңашылдық әдіс-тәсілдерін пайдалануда педагог әлеуетінің дамындағы басты педагогикалық шарты ретінде орын алатына көз жеткіземіз. Бұдан келіп, педагогикадағы жаңашыл технологиялардың ерекшеліктері мен тиімділігін ескеру қажеттігі туындайды. Себебі, жаңашыл тәсілдерді ұтымды пайдалануда оқушылардың жеке пәндерден игеретін оқу материалдарын қабылдауына тиімді көмек көрсетіп, олардың оқу-танымдық әрекеттеріне үйлесімді әрі оқушылар үшін тартымды болып, олардың білім алуы оқу әрекетінде ынта-жігерлерін арттыруға себепші құрал ретінде орын алады. Бұл өз кезегінде педагог әлеуетін дамытуда жүзеге асырылуы керек басты кәсіби қызметтегі шарттар ретіндегі мазмұнға ие болады деп негіздейміз.

Мұғалімнің профессиограммасы негізінде педагогикалық білім берудің мәнін педагогтың жүйелі және үздіксіз, бағыттылық мақсатта кәсіби-жеке тұлғалық даму барысын құрайтын құбылыс болып табылуы тиіс. Заманауи

талаптарға сәйкес шәкірт немесе мұғалім мамандар дайындауда «білім беру» ұғымының мәні:

- жекетұлғаның өмір бойы білім алуы әрі болашақ бағдарларын анықтау мен таңдаудағы саналық мүмкіндіктерін кеңейту және жекетұлғаның өзін-өзі дамытуға бағытталған барысы ретіндегі білім алуын ұйымдастыра алуы;

- білім беру жеке тұлғаның рухани және материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталып, өзін қоршаған әлемде өзінің белсенділік әрекетімен қатысу жолында жеке түсінігі, танымы бойынша әлемінің бейнесін құрастыруы;

-білім беру жеке тұлғаның мақсатқа бағытталған жоспарлы және педагогикалық негізде әлем мен өзін қоршаған ортаны тануға арнайыұйымдастырылған әрекеттер нәтижесі деп түсіну.

Біз «білім берудің мазмұны қоғамның қазіргі және келешектегі қажеттіліктерін, адам танымының ерекшеліктерін көрсетуі керек, әлеуметтік даму тенденциялары есебінің негізінде қоғамда қабылданған білім беру дамуының концепцияларына сай болуы керек...» [140] деген Г.Ж. Меңлібекованыңтұжырымдамасын негізге аламыз.

Мектептердегі білім беру мен оқыту және тәрбиелеуде жұмыстарын ұтымды, диактикалық талаптарға үйлесімді жүргізу мен ұйымдастыруда жаңашылдықүдерістердің нақты міндеттерін шешу мүмкіншілігін бағалау үшін, біріншіден, осы міндеттерді шешуге арналған құралдарды дайындау қажет. Екіншіден, анықталған мәселелерді шешу жолдары мен тәсілдерін тауып, олардың шешілу деңгейін болжамдау қажет.

Сонымен, мектептердегі жаңашылдық педагогикалық үдерістерді қалыптастыруда қазіргі талаптарға сай білім беру саласына жаңа оқу әдістерін ендіру арқылы, жеке тұлғаны жетілдіру, болашақ өміріне қажетті білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын қалыптастыру болып табылады және бұл педагог әлеуетінің құрамдас бөлігі деп түсінуіміз қажет.

«Педагогтың әлеуеті» дегеніміз – педагогикалық теорияда әлеует мемлекетте, коғамда, әлеуметтік ортада педагог мамандардың кәсіби іс-әрекетке бейімдік көрсеткіші яғни, мұғалімдік қызметті меңгерудегі игерген озық теориялық білімдер мен өткізген педагогикалық тәжірибе жиынтығы және оларды шәкірттерді оқыту мен тәрбиелеу мақсатында пайдалану мүмкіндіктері тұрғысынан көрініс беруі. Мұғалімнің теориялық білімі мен педагогикалық тәжірибедегі машықтығының әрқайсысы жеке дара сандық және сапалық керсеткіштермен анықталады және бұлар педагогикалық үдерістерді ұйымдастырудағы кәсіби қызметінің деңгейін сипаттайды. Педагогтың әлеуеті – мұғалімнің профессиограммасымен тікелей байланыста болып келеді анықтаманы ұсынушы– А.Б. Даникеева [141].

Білім беру деңгейлері бойынша жаңартылған білім беру мазмұны мән-мәтініндегі «педагогтың кәсіби әлеуеті» білім берудің әрбір деңгейінде педагогикалық қызметтің құзыреттілік дәрежесін айқындайтын кәсіби маңызды және жеке қасиеттердің кешенді үйлесімі болып табылады. Ол үш негізгі бағыттарды біріктіреді – мазмұнды, «педагогтың кәсіби әлеуетіне» қатысты

мәселелерді шешу /процедуралық/ және жеке, яғни, біріншіден, педагог маманның кәсіби қызметі мен лауазымдық міндеттеріне сәйкес не білуі керек екенін анықтайды; екіншіден, ол бұл білімді өзінің кәсіби қызметінде қалай қолданады және дидактикалық заңдылықтың талаптары негізінде ғылыми-әдістемелік білімдер жиынтығын қолдана білу білігі; үшіншіден, білім мен дағдылар жоғары деңгейдегі нәтиже беруі үшін қандай жеке қасиеттерді меңгеру және ие болуы керек.

Ұсынылған біліктілік жүйе сипаттамасы келесідей өзіндік ерекшеліктермен көрініс берді:

- біріншіден, оның негізінде тұтас өсуі мен даму бағытындағы білімдер қоры арқылы мұғалімнің тұлғасы ортадан орын алады, оның жүйелі тізбектестіктегі саналық байланыс /логикалық/ орталығы мен негізі оның әлеуметтік және кәсіби көзқарастық ұстанымын құрайтын адамгершілік-рухани және қажеттілік - мақсатты әрекет жасау түрткі /мотивтері/ салалар болып табылады;

- екіншіден, біліктілік деңгейінің сипаттамасында мазмұндық және жеке-кәсіби бағыттар педагогикалық қызмет технологиясымен біртұтастықта қарастырлуы;

- үшіншіден, педагог бағыттылық мақсатта өзін-өзі тұрақты тәрбиелеу жағдайында оқушылардың оқу-танымдық белсенділігін арттыруды ұйымдастырушысы және жүзеге асырушы ретінде танылады;

- төртіншіден, қазіргі педагог қызметіне қажет кәсіби-педагогикалық дағдылар кешенінің арасында /ұйымдастырушылық, қарым-қатынастық /коммуникативті/, керібайланыс /рефлексивті/, құрастырушылық /конструктивті/, білімнің бастауы жәнеұқсас білімді табу /гностикалық/, зерттеу дағдылары), біліктілік сипаттамасында бірінші кезекте педагогикалық құбылыстарды, жағдайларды, жағдаяттарды талдай білу. Олардың арасындағы негіз болған себеп-салдарлық байланыстар мен тәуелділіктерді анықтау және осы негізде сыни ойлауды дамыту, жалпы жағдайды нақтылықпен байланыстыру, бейімделген немесе үйренген үлгіден тәуелсіз ауытқу;

- бесіншіден, біліктілік сипаттамасы педагогиканың заманауи теориялық негіздерін басшылыққа ала отырып құрылған педагогикалық ықпал жасау объектісіндегі оқушы оқу-танымдық әрекеттегі жұмыста субъект болуы керек;

- алтыншыдан, заманауи педагог тұтас педагогикалық үдерістің мазмұнын жаңартуды, отандық педагогикалық білім беруде жаңашылдық тәсілдерін әзірлеуі керек, себебі, осы мәселені педагогикалық тәжірибеге енгізуді талап ететін оқушылардың жаңа буынымен /жаңа балалар/ жұмыс жасайтынын ескеру қажет;

- жетіншіден, біліктілік сипаттамасы қазіргі заманғы педагогтарды кәсіби-педагогикалық даярлауда білім орталықтандырылған /теория-білім, білік, дағды/ және кәсіби қызмет құрылымдары мен оның компоненттерін, тетіктерін біріктіреді.

Осындай құрылымдық компоненттер мен ерекшеліктерге сүйене отырып, кәсіби біліктілік сипаттамасы негізінде көрініс беретін «педагог әлеуеті» келесі маңызды ережелерге негізделген:

- оқыту технологиясы өзегінде – оқушы тұлғасы, себебі, педагогикалық әрекеттер соған бағытталғындығын ескеру;

- оқу қызметінің негізінде-ынтымақтастық – мұғалім мен оқушылар арасындағы оқу-танымдық әрекеттегі өзара келісімде бір мақсатқа бағатталған жұмыс жасау;

- оқу-танымдық іс-әрекетті сапалы жасауда – оқушылардың өзіндік ізденушілік пен шығармашылық жұмысы:

- оқу ресурстары мен өзін-өзі тәрбиелеу технологиясына қол жеткізу;

- оқыту және қолдау стратегияларының үздіксіз бейнесіне ие болу, әрбір білім алушының кәсіби ниетіне сәйкес оның жеке білім беру бағытын ұйымдастыру және басқару;

- бағытты және арнайы білімдерді үздіксіз жаңартуды, дамытуды жүзеге асыру /білім берудің тұрақтылығы/ және өз тәжірибесін жетілдіру;

- білім мен кәсіби қызметтің мазмұнын ашып көрсету мақсатында тұлғаны заманауи, көпмәдениетті қоғамның біргейлігін ұстану жеке тұлғаға бағытталған сапалы тәрбие беру үшін даму кеңістігін құру [142].

Педагогтың кәсіби қызметіндегі біліктілік сипаттамасының жүйесі педагогикалық үдерістің тұтастығымен анықталады және келесі құрылымдық компоненттерді қамтиды: педагогтың жеке басының кәсіби-педагогикалық және танымдық бағытын анықтайтын қасиеттері мен сипаттамалары:

- психологиялық-педагогикалық, жеке пәндердің теориясы мен оны оқытудың әдістемесі дайындығына қойылатын талаптар;

- бағыттық арнайы дайындықтың мазмұндық көлемі мен құрамы;

- жеке пәнге бағытталған мамандығы бойынша ғылыми-әдістемелік дайындықтың мазмұны.

Біз педагог әлеуетінің дамуына қатысты мәселені қарастырғанда жалпы білім беретін мектептерде кәсіби қызмет атқаратын /1-4 сынып, 5-9 сынып, 10-11 сынып/ мұғалімдерінің өздеріне тиесілі педагогикалық еңбектерінде өздерінің әлеуеттерін арттыру үшін төмендегідей мәселені тұжырымдап ұсынамыз.

Бастауыш білім беру кезеңінде /1-4 сынып/ педагогикалық кәсіби қызмет атқаратын мұғалімнің білуге тиісті міндетті мәселесі:

- бастауыш білім беру педагогикасы мен ұлттық рухани құндылықтар негізінде тәрбие беруді және психология ғылымының негіздерін меңгеріп, бастауыштағы жеке пәндердің теориясы мен оларды оқытудың әдістемесін жетік түсінетін әрі меңгерген. Сондай-ақ, ғылым негіздерінің әдіснамалық негіздері мен сатылық деңгейлерінен толық білімі бар;

-алты жасар бала тұлғасының дамуы мен әлеуметтік қалыптасу заңдылықтары;

-бастауыш білім беру кезеңіне енетін оқушылардың анатомиялық-физиологиялық дамуының негізгі заңдылықтары;

-бастауыш сынып оқушысы тұлғасының психикалық даму ерекшеліктері;

- баланың /оқушының/ мектепке психологиялық дайындығы психодиагностиканың ғылыми-теориялық негіздері;

-қолданыстағы бастауыш білім беру стандарттарының, оқу бағдарламаларының, оқулықтар мен оқу құралдарының құрылымы мен мазмұны;

- оқытылатын пәннің теориялық негіздері;

-бастауыш білім беру кезеңінің қазіргі жаңа даму кезеңінде пәнді оқытудың мақсаттары мен міндеттері;

- бастауыш сыныптарда оқу пәндерін оқыту әдістемесінің теориялық және тәжірибелік негіздері.

Бастауыш білім беру кезеңінде /1-4 сынып/ педагогикалық кәсіби қызмет атқаратын мұғалім келесілерді білуі керек:

- педагогикалық іс-әрекеттің керібайланысын /рефлексиясын/ жүзеге асыру, педагогикалық мақсат қою, педагогикалық диагностика, оқу және тәрбиелік үдерістерді құрастыру;

- оқуға үйрету; білім алушыларды сабақта және сабақтан тыс уақытта танымдық іс-әрекетке ынталандыру;

- денсаулық жағдайы мен дамуын ескере отырып, жеке тәсіл негізінде әр баланың бейімділігін, қабілетін, дарындылығын анықтау және дамыту;

- бастауыш сынып оқушыларының жас және жеке ерекшеліктеріне сәйкес оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру;

- оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологияларын, оның ішінде белсенді оқыту технологияларын қолдану.

Бастауыш білім беру кезеңінде /1-4 сынып/ педагогикалық кәсіби қызмет атқаратын мұғалімнің мынадайдағдысы болуы керек:

- компьютерлік сауаттылыққа, тілдік дамуға, бастауыш сынып жасындағы оқушылармен қарым-қатынасты ұйымдастыруға, сыни және шығармашылық ойлауға, бастауыш білім берудің педагогикалық үдерісінде жаңашылдық технологияларды қолдану.

Бастауыш білім беру кезеңінде /1-4 сынып/ мұғалімнің педагогикалық кәсіби қызметінің көрінісі:

- оқушылардың негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруда (жалпы мәдени, оқу-танымдық, коммуникативтік);

- бастауыш мектеп жасындағы балалардың қабілеттері мен мүдделерін анықтау мен дамытуда;

- оқушылардың адамгершілік-рухани, патриоттық, экологиялық және денсаулық сақтау тәрбиесін жүзеге асыруда.

Жалпы білім беретін мектептегі 5-9 сыныптарда педагогикалық кәсіби қызмет атқаратын мұғалінің білуге тиісті міндетті мәселесі:

- психологияның, валеологияның, жас ерекшелік физиологиясының, педагогика мен этнопедагогиканың әдіснамалық негіздері мен санаттары;

- психология және педагогика саласындағы, білімнің бейіндік саласындағы жаңа жетістіктер;

- көпмәдениетті қоғамдағы педагогикалық қызметті ұйымдастырудың теориялық бағыттары /мәдениеттер, діндер, ұлттық ерекшеліктер айырмашылығы/;

- оқытылатын пәннің теориялық негіздері, оның бейіналды оқыту жүйесіндегі құрылымы мен мазмұны; педагогикалық үдерістің әрбір қатысушысының орны мен рөлі /мұғалім, оқушы, ата-ана/;

- бастауыш білім беру кезеңімен сабақтастық жүйесі мен ерекшеліктері;

- 5-9 сынып оқушыларының психологиялық мүмкіндіктері мен қажеттіліктері, олардың типологиялық және жеке ерекшеліктері;

- мейірімділік, әділеттілік, Ар-намыс, парыз, төзімділік /толеранттылық/, оқушының қадір-қасиетін құрметтеу, оқушыларға және өз кәсібіне деген сүйіспеншілік идеалдарына негізделген жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар мен талаптық ережелер;

- білім оқушылардың қарым-қатынастық /коммуникативтік/ және танымдық мәдениетін қалыптастыру мен дамытудың негізгі әдістері;

- педагогикалық этика, такт және жалпы құқықтық ережелер мен талаптар.

Жалпы білім беретін мектептегі 5-9 сыныптарда педагогикалық кәсіби қызмет атқаратын мұғалім төмендегілерді білуі керек:

- оқытудың, ойлаудың және оқытудың жеке жүру ерекшелігін түсіну және жетілдіру;

-тұрақты білімге деген қажеттілік пен қабілеттілікті дамыту;

- педагогикалық қызметте ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды білікті пайдаланушы деңгейінде қолдану (аннотациялар, хаттар құрастыру, ғаламтордан ақпаратты жинау, сақтау және өңдеудің компьютерлік әдістерін меңгеру, электрондық поштаны пайдалану/;

- өзінің күнделікті өмір тәжірибесінде және педагогикалық кәсіби қызметінде денсаулық сақтау технологияларын қолдану;

- өзінің пәндік саласында жаңашылдық тәсілдер мен технологияларды қолдану;

-оқу-тәрбие үдерісіне жаңашыл тәсілдерді енгізу нәтижелерін талдау және бағалау;

-өзіндік педагогикалық технологияларды енгізу;

- көп мәдениетті ортада адамдармен қарым-қатынас жасау;

- студенттерді жоғары адамгершілік, ұлттық құндылықтарды құрметтеу, қоршаған әлемді құрметтеу және қайта құру рухында тәрбиелеу.

Жалпы білім беретін мектептегі 5-9 сыныптарда педагогикалық кәсіби қызмет атқаратын мұғаліміндағдысы болуы керек:

- өзін-өзі реттеу және керібайланыс /рефлексия/;

-сыни және шығармашылық ойлау;

-педагогикалық көкейкесті мәселелерді түсіну, тұжырымдау және шешу;

- жалпы мәдени құндылықтарды, құқықтық және құлықтық талаптық ережелер мен дәстүрлерді беру;

- өзін тұлға ретінде көрсету.

Жалпы білім беретін мектептегі 5-9 сыныптарда педагогикалық кәсіби қызмет атқаратын мұғалінің педагогикалық кәсіби қызметінің көрінісі:

- физикалық, химиялық, биологиялық, гуманитарлық, экологиялық, антропологиялық және т.б. әлемнің түрлі бейнелік суреттер жиынтығы ретінде оқушылардың негізгі пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыра алуы;

- бейіналды даярлықты жобалау мен жүзеге асыруда, оқушылардың кәсіпалды ниеттерін нақтылауда қолдау көрсетуі.

Жалпы білім беретін мектептегі 10-11 сыныптарда педагогикалық кәсіби қызмет атқаратын мұғалінің білуге тиісті міндетті мәселесі:

- тұтас жүйе ретінде қоршаған әлемді философиялық түсіну және білім беру әдіснамасы;

- ұлттық танымдық негіздері;

- нақты ғылымның теориялық негіздері: объект, пән, ғылым жүйесіндегі орын, ғылыми білімнің ұғымдары мен атауларының құрылымы, ғылыми-педагогикалық зерттеудің әдіснамасы мен логикасы;

- бейіндік оқыту жағдайында оқытылатын пәннің теориялық негіздері;

-жалпыдан нақтыға, абстрактіден нақтыға көтерілу логикасындағы нақты оқу пәнінің құрылымы мен мазмұны;

- 10-11 сынып оқушыларының жас ерекшелік анатомиялық-физиологиялық және әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері;

-ғылыми-зерттеу жұмысының әдіснамасы және жоспарлау әдістемесі, оның ішінде пәндік дайындық саласында;

- қарым-қатынастық /коммуникативтік/ үдерісті жоспарлау теориясы мен әдістемесі және ұйымдастыру ерекшеліктері, оның ішінде шет тілін қолдану.

Жалпы білім беретін мектептегі 10-11 сыныптарда педагогикалық кәсіби қызмет атқаратын мұғалімкелесілерді білуі керек:

- тиімді қарым-қатынас құру /берілетін ақпараттың мағынасын айтарлықтай жоғалтпай/;

-тұлғааралық қарым-қатынасты құру, осы тілдің ана тілдерімен еркін сөйлесуге мүмкіндік беретін көлемде шет тілінде диалогты ұйымдастыру; көпшілік алдында сөйлеу мәдениетінің ережелерін сақтау;

-өзінің педагогикалық қызметінде ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды қолдану /компьютерлік оқыту бағдарламаларын құру және оларды кәсіби қызметте пайдалану, қашықтықтан оқыту технологияларының негіздерін, білімді компьютерлік тестілеу әдістерін меңгеру/;

- шығармашылық ойлауды дамытудың әдістері мен тәсілдерін пайдалану, педагогикалық қызметте жаңашылдықты оң қабылдау және қолдану;

- педагогикалық қызметте туындайтын қайшылықтарды түсіну, тұжырымдау және шешу;

- керібайланысты /рефлексияны/ жүзеге асыру: өзінің педагогикалық қызметінің нәтижесі мен үдерісін талдау, бағалау және түзету;

- оқушылармен ғылыми-зерттеу жұмысын ұйымдастыру және жүргізу: ғылыми аппаратты әзірлеу, ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелерін өңдеу және бағалау; қорытындылау және қорытынды жасау.

Жалпы білім беретін мектептегі 10-11 сыныптарда педагогикалық кәсіби қызмет атқаратын мұғалімнің келесі дағдылары болуы керек:

- нақты жағдайда психологиялық, педагогикалық, пәндік және әдістемелік білім мен қолданбалы дағдыларды жүзеге асыру;

- бейіндік оқыту жағдайында педагогикалық ынтымақтастықты ұйымдастыру /мұғалім – оқушы, мұғалім – мұғалім, мұғалім - ата-ана/;

- белгісіздік жағдайында кәсіби-педагогикалық және жеке мәселелерді шешу;

- өзінің пәндік саласында инновациялық қызметті ұйымдастыру;

- педагогикалық іс-әрекет нәтижесі мен үдерісін керібайланыс /рефлексия/, өзін-өзі бақылау және түзету жүзеге асыру.

Жалпы білім беретін мектептегі 5-9 сыныптарда мұғалімнің педагогикалық кәсіби қызметі көрінісі**:**

- тез өзгеретін ортада бағдарлауға ықпал ететін әлеуметтік және кәсіби өзін-өзі анықтау, өзін-өзі тәрбиелеу үшін оқушылардың базалық құзыреттіліктерін қалыптастыруда;

- бейінді бағыттар бойынша ЖОО алдындағы даярлықты жүзеге асыруда;

- көпмәдениетті кеңістікте дербестендіруді сақтай отырып, жеке қасиеттерді: көпмәдениеттілікті, төзімділікті, технократиялықты, Қазақстандық патриотизмді қалыптастыруда;

- ақпараттық, телекоммуникациялық және жаңашылдық-педагогикалық технологияларда;

- оқушылармен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруда;

- болашақ мұғалімнің тұлғасы біртұтас динамикалық білім болып табылады, осыған байланысты қолданыстағы стандарттардың мазмұны білім беру, педагогикалық мамандықтардың оқу бағдарламалары жоғары педагогикалық білімнің мазмұнын толығымен көрсетуі керек, сондықтан оны дамыту бірыңғай тұжырымдамалық негізде жүзеге асырылады.

Ұсынылған білім деңгейі бойынша педагог қызметкердің біліктілік сипаттамасы құрылымы жағынан да, мазмұны жағынан да «педагог әлеуетін» дамытуға негіз болып табылады. Онда қазіргі заманғы мұғалімді кәсіби - педагогикалық даярлаудағы білімдік /теория-білім, білік және дағды/ және құзыреттілік мүмкіндіктерінің құрылымдары мен тетіктері біріктірілген.

«Педагог әлеуетінің» жүйелік сипатамасынды топтастырылған сипаттамалардың үш басты бағыты бар – мазмұнды, кәсіби әлеуетке қатысты мәселелерді шешу /процедуралық/ және жеке, яғни, біріншіден, педагогикалық мамандықты меңгерудегі жалпы білім беретін мектептің қай кезеңіне немесе қандай сыныптарды кәсіби қызмет жасауына және оның лауазымдық міндеттеріне тура келетін не білуі керек екенін анықтайды; екіншіден, ол бұл кәсіби әлеуетке қатысты мәселелерді шешуде білімді өзінің кәсіби қызметінде қалай қолдана алу білігімен байланысты болса, үшіншіден, мұғалім кәсіби

маман ретінде және мектептегі басты тұлға ретінде қандай жеке қасиеттерді меңгеруі керек, сондай-ақ, білім мен білігі және дағдылар машығының жоғары болуы оң нәтиже береді.

Бұл педагог әлеуетін көрсететін кәсіби қызметіндегі біліктілік сипаттамасы бірқатар ерекшеліктер қарастыруға болады: ол тұтас өсу бағыты бойынша меңгерілетін білім ретінде педагогтың жеке басына негізделген, мұғалім оқушылардың тәуелсіз оқу-танымдық іс-әрекетін белсендендіруді ұйымдастырушы, басқарушы, кеңес беруші ретінде ұсынылған; педагогикалық құбылыстарды, нақты білімге негізделген деректерді талдай алады, олардың арасындағы бір мақсатқа бағытталған әрекеттегі себеп-салдарлық байланыстар мен тәуелділіктерді орната алады және осы негізде сыни көзбен қарау әрі ойлауды дамытады; педагогикалық білім беруде ғылыми дағдыларды, жаңашылдық тәсілдерді меңгереді. Осылайша, білім беру деңгейлеріндегі педагогтың кәсіби қызметкердің біліктілік сипаттамасы негізінде олардың әлеуетін қалыптастыру мен дамытудағы – әр білім деңгейінде педагогикалық қызметтің әлеует дәрежесін анықтайтын кәсіби маңызды және жеке қасиеттердің кешенді үйлесімі.

Дегенмен ескеретін жайт – педагог әлеуетіне қатысты зерттеулерде педагог қызметінің әлеуетін мазмұндық жүйесі мен құрылымдық тетіктерін сипаттамаларына тоқталмай және олардың өзіндік ерекшеліктері мен атқаратын қызметтері арқылы көрініс беретін белгілерін ескермей жеке, яғни оқшауланған түрде қарастыруға болмайды. Өйткені, олар өзара ішкі байланыс заңдылықтарына бағынады және бір-бірімен кіріктіріле отырып бірі екіншісінің мазмұнын толықтырады әрі атқаратын әрекеттеріне себепші болып мазмұнын мәнді етіп ашады яғни, тұтас сипатқа ие және тұтастай алғанда қызметтегі кәсіби әлеуеттің дамуындағы табысты өнімі болып саналады.

# 2 ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚПЕДАГОГТЫҢ КӘСІБИ ӘЛЕУЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ

## 2.1 Қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуеті дамуының педагогикалық шарттары

Қазіргі уақытта білімнің құнды капиталға айналуы – қоғамның өзгерісіне сай оның сұранысын қанағаттандыратын білім беру қажеттілігін өтеуде кәсіби қызметін заманауи талаптарға үйлесімді ұйымдастырып, өткізе алатын педагог маманның үлесі артуда. Біздің қоғамымыздағы білім беру жүйесінің жаңа сипатқа ие болуы болашақ мұғалімдердің кәсіби қызметіне де қойылатын талаптарды күшейтті деуге болады. Мәселен, болашақ мұғалімнің немесе мектепте педагогикалық қызметте жұмыс жасайтын мұғалімнің жаңа жағдайға бейімделуін және кәсіби қызметтегі әлеуетінің жетік әрі оны әрдайым дамытып отыруға белсенділік танытып, ынталылықпен жұмыс жасайтын заманауи талаптарға үйлесімді педагогикалық үдерісті ұйымдастыра алатын кәсіби әлеуеті бар жеке тұлғаны қажет етуде.

Мектептегі білім мазмұнын және құрылымын жаңартудың негізгі бағыттары жалпы орта білімнің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында (МЖБС) ерекше аталып көрсетіледі.

Еуропалық және әлемдік жүйедегі білім беруге Қазақстандық білім жүйесі ықпалдасу арқылы дамуында төмендегідей негізгі басымдылықтарға ие болды:

1. Білім сапасын заманау талаптарға үйлесімді келетін бағытта арттыру - мемлекеттік тіл, жаратылыстану – математика ғылым бағытындағы пәндер, техникалық пәндерді, шет тілдерін оқыту сапасын көтеру.

2. Білімде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тиімді қолдану, тәрбиелеу мен оқытудың жаңашыл тәсілдерін /технологияларды/ жасау және тарату, жаңашылдықтарды үдемелі дамытудағы ынталандыру.

3. Білім беру мен оқытудың жаңаша сипатқа ие болуы, жұмыс орнын дайындауда нарықтағы кәсіби жұмыскерлер сұранысын анықтау мен оны қанағаттандыруда олардың арасындағы өзара байланысты күшейту.

4. Мұғалімнің кәсіби қызметтегі білігін арттыра отырып оқушылардың мектептегі деңгейлік кезеңдері /14 сыныптар, 5-9 сыныптар, 10-11 сыныптар/ бойынша оқушылардың білімі мен біліктілігін жетілдіру.

5. Қоғамдық ресурстарды және сондай-ақ білімде тиімді нәтижеге қол жеткізу мен табыс алу мен оны еселей түсу үшін инвестициялық қаражат қорын біріктіретін сектор аралық қатынастарды тиімді қолдану.

Мемлекетіміздегі білім беруді дамытудың басым бағыттарының бірі - мұғалім қызметінде дайындалып жүрген болашақ мамандардың немесе мектептегі тәрбиелеу мен оқыту жұмысындағы қызметтегі педагогтардың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту. Ғалымдар педагогикалық іс-әрекетті білім берудің ізгіліктік парадигмасы негізінде қарайды, мұғалімнің

педагогикалық үдерісін бағалау мен олардың жеке болмыстық және кәсіби қабілеттерін мен қасиеттерінің мазмұндық үйлесімділіктерін қарастырылуда.

Мектептегі педагог тұлғасының өзіне тән кәсіби қызметіндегі іс-әрекетінің бағыттылығын төмендегідей сипаттауға болады:

– білім беру мазмұнын жаңарту: жаңа оқу бағдарламасын жасау, тәрбиелеу мен оқытудағы өзара қарым-қатынастыға белсенді әрекеттер, баламалы жаңа бағдарламалар - элективті мен факультативтер курстар үшін құру;

– тәрбиелеу мен оқытудың жаңашыл тәсілдерін қарастыру, жинақтау: білім берудің жаңашыл тәсілдерін /технологиясын/ отандық оқыту жүйесіне икемдеп жетілдіру мен жасау, тәрбиелеу мен оқытудың жаңа іс-әрекеттерін белгілеу;

– тәрбиелеу мен оқыту мекемелерінің білім беруді сатылық жүйесіндегі /мектеп, колледж, ЖОО-ны т.б. / қызметтерін заманауи көзқарас тұрғысынан модельдеу;

– оқушыларды жалпы дамытуда олардың білім алудағы дүниетанымдық және тәрбиелік болмысындағы қарым-қатынас іс-әрекеттерін бағалаудың диагностикалық әдіс-тәсілдерін қарастыру;

– педагогикалық үдерісті басқару мен өзін-өзі басқарудың жаңа менеджменттік жүйелерін құрастыру т.б.

Педагогтың кәсіби іс-әрекетіндегі қызметінде зерттеушілік, ізденушілік, шығармашылық, жеке ынталы-еріктік, жаңашылдық, мамандық бағыты бойынша білімі мен білігін арттыру т.б. даярлығының педагогикалық тұрғыдан карастыру арқылы, біз кәсіби қызмет әлеуетінің педагогика ғылымында қаншалықты мәні барын және оның алғы шарттары болатын мәселелерді қарастыруымыз қажет екендігі анық. Яғни, ендігі кезекте «шарт» ұғымының мәні мен мазмұнын ашып, қарастырайық.

Шарт - объектінің өмір сүруі үшін немесе әрекет етудің керекті базасы, негізі ретінде орын алады. Педагогика ғылымында объективті және субъективті шарттар деп екі түрге бөліп қарастырады. Ал, философтартардың шарттарды қарастыруларында оларда екіге бөледі, бірақ олар қажетті және жеткілікті деп береді. Түрлі оқиға салдарынан заттардың өзгеруіндегі әлемнің объективті құбылысын анықтап, қарастыруды - шарт деп айтуға болады.

«Шарт» - ұғымына берілген көптеген анықтамаларды талдау арқылы жіктеуге болады:

Біріншіден, бұл - белгілі заттың, дененің, өзін қоршаған ортаға, құбылыстарға қатынасын білдіретін философиялық ұғым. Яғни, дене, зат және олардың түрлі өзгеріске ұшырауы жағдайға /шартқа/ тәуелді. Шарт - ол денеге, затқа, үдеріске сырттай және іштей ықпал етеді. Шындық әлемдегі түрлі және белгілі құбылысты немесе үдерісті дүниеге әкелетін себепші күштен шарттың айырмашылығы, ол - пайда болған үдеріске, нәрсеге, затқа - өмір сүруі мен дамуына мүмкіндік беріп, ықпал жасайтын орта ретінде мәнге ие болады.

Екіншіден, бұл - өзіне бір нәрселердің тәуелді жағдайы.

Үшіншіден, бұл - өмірдің, қоғамның қажеттілігіне орай қалыптасқан ережелер, ұстанымдар.

Төртіншіден, басшылыққа алынатын талаптар.

Шарт - бағдарламаның немесе үдерістің нәтижесі ретінде қайталанатын қателер деңгейімен байланысты сандық және сапалық мәнге жылжу, негізін анықтау [143].

Шарттық қатынастарды кездейсоқ әрекеттер деп қабылдауға болмайды. Олардың табиғаты, мазмұны қоғам өмірінің салаларындағы мамандар даярлау жағдайларында жаңаша талаптардың ендірлуі мен оның мазмұндық құрылымның дамытуды қарастыру түрлі шарттарға байланысты болып келеді.

Педагогика ғылымында шарт дегеніміз - болашақ педагог мамандар мен мұғалімдердің қызметтік құқықтар мен міндеттерді белгілеу, қызметтік мазмұнын жетілдірудегі өзгертулер және толықтырулар туралы мәселені қарастырады. Ал педагогикалық үдеріс әрекетінде болатын шарт - ол жеке тұлғаны тәрбиелеп, қалыптастыру үшін белгілі мақсатқа бағытталған жүйелі тәрбиені және білім беру мен оқыту туралымәселені ғылым аясында зерттейтін теориялық және тәжірибелік ғылымдардыңжиыны. ЖОО-да педагогикалық мамандық бейіне қарай бағдарламалар бойынша оқыту мен тәрбиелеуде және болашақ мамандарды қалыптастыру мен дамытудағы кәсіптің ішкі мазмұндық құрылымдары мен компоненттерін және тетіктерін сапалы мамандар даярлауға бағыттау барысында енгізілген толықтырулар арқылы сапалы көрсеткішке бағдарлайтын құбылыс немесе ықпал жасаушы күш.

Педагогика ғылымындағы қолданбалы білімдер жүйесі мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда алдыңғы қатарлы озық педагогикалық іс-тәжірибені талдау мен зерттеу, үйрену, тарату арқылы қолдану, мектеп тәжірибесіне педагогика ғылымының жаңалықтарын ендіру болып табылады. Теория мен тәжірибенің өзара байланысын арттыру арқылы мектептің оқу-тәрбие үдерісіне мұғалімнің кәсіби қызметінің мазмұндық жүйесін арттыру мен педагогикалық еңбеккке қалыптастыру мен дамыту мақсатында педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен өткізудегі ізденушілік, шығармашылық пен жаңашылдықты енгізу, жаңашыл технологияларды меңгере отырып, өз ісінде ұтымды пайдалануды жүзеге асыру.

Мектептегі ғылыми-әдістемелік жұмыс мұғалімнің педагогикалық кәсібі қызметке даярлығын қалыптастыру оның әлеуетін дамытудың алғышарты.

Педагог өзі оқытатын жеке пәндердің ғылыми-әдістемелік жүйесін терең меңгеріп және оны жетілдіре отырып педагогикалық еңбекті жүргізуі қажет. Бұған мұғалім өзін-өзі дамыту барысында өзінің кәсіби қызметтік әлеуетін арттыруға педагогикалық ықпалдың қажетті мүмкіндігін қалыптастыратын құрылымдық компоненттерімен тетіктерін беретін бөліктер арқылы педагогикалық түрлі әрекеттегі өзара байланысқан әдіс-тәсілдерінің нақты жиынтығын ажырата білуі мен меңгеруі жатады. Бұл мұғалімнің тікелей тәжірибелік әрекетімен байланысты болғандықтан әдістемелік жұмыс жүйесінің құрылымдық тетіктерін қарастырсақ: педагогикалық үдерістегі мақсат, ұйымдастыру қағидасы мен ұстанымы, мазмұны, түрі, әдістері мен

жаңашыл тәсілерінің жиынтығы. Әдістемелік жұмыстағы мақсат - мұғалімді педагогикалық ізденушілігі мен зерттеушіліктегі қол жеткізген шығармашылық арқылы меңгерген білім, білік, дағдылары мен өзінің рухани болмысын толықтыруы арқылы кәсіби қызметінің нәтижесін береді /Э.М. Софьянц/ [144].

Тәжірибелік әдістемеліктің негізделуі - ғылыми-әдістемелікте жұмыстардағы озық педагогикалық тәжірибе жетістіктеріне, оқу-тәрбие үдерісін нақты талдауына бағытталып, әрбір педагогтың немесе мұғалімнің, тәрбиешісінің білім беру жүйесінің басқа да мамандарының педагогикалық кәсіби қызметін артыру арқылы олардың шеберлігін көтеруге /олар өздерінің кәсіби білім көтеруге, өзін-өзі тәрбиелеуге, жеке тұлғалық болмысы мен кәсібилілігін жетілдіру және басқару/, тұтас педагогикалық ұжымның теориялық мүмкіндігін жетілдіру арқылы оқушыларға заманауи білім беру, тәрбиелеу мен дамытудың үйлесімді деңгейіне жетуге бағытталған өзара байланысты шаралар негізіндегі кәсіби қызметтердің жүйесі болып табылады.

Әдістемелік жұмыс - педагог мамандарының идеялық, ғылыми-теориялық, кәсіби, әдістемелік білім деңгейін көтеру бойынша ұжымдық, топтық, жеке-дара жүйедегі кәсіби қызметтеріне құралған күрделі ізденушілік пен зерттеушілік арқылы жүзеге асырылатын шығармашылық жұмыс. Бұл оқу-тәрбие үдерісін басқару және педагогтарды жоғары әдістемелік білім мен өз еңбегінің сапасы мен нәтижесі негізінде кәсіби қызметінің әрі өзінің әлеуетін арттырудың маңызды амал-тәсілі. Мұғалімнің педагогикалық стратегиялық бағыттарының бірі - білім беру тәжірибесіндегі оқушылардың оқу-танымдық, ойлау әрекетін белсендіретін, қажетті заманауи білім, білік, дағдыларды қалыптастыратын әдістерді шығармашылық тұрғыдан меңгеру әрекеті деп түсіну қажет.

Педагогикалық тәжірибедегі әдістемелік жұмыстың ғылым жетістіктеріне байланысты жаңа ұғым мен теорияны және деректік мәліметтерді меңгертетін ғылыми іс-әрекет ретінде қарастырылады. Ғылыми-әдістемелік жұмыстың біртұтастығын іштей байланысқан 2 бөліктен тұрады:

Біріншіден, мектептегі оқу-әдістемелік жұмыс – білім беру мен оқытуды жүзеге асырудағы оқу жоспары мен бағдарламалар аясында оқушыларға үздіксіз жалпы білім беруді жүзеге асыру және оқу-тәрбие үдерісінің сапасын қамтамасыз ету мұғалімдердің кәсіби әрекетіне байланыстылығы.

Екіншіден, ғылыми ізденушілік арқылы зерттеушілік жұмыспен айналысу – оқушылардың оқу материалын меңгеру тетіктері мен заңдылықтарын анықтауға, педагогикалық ғылыми зерттеудің әдіснамасы мен технологиясын меңгеруге көмектеседі, білім беру мазмұнының жаңаруына байланысты жаңашыл әдіс-тәсілдерді меңгеру, оқушылардың білім, білік, дағдыларын бағалау критерийлерін анықтау жолдарын үйретеді [145].

Дегенмен де, ғылыми-әдістемелік жұмыстары ғылыми-теориялық негіздерге сүйенуді және басшылыққа алуды қажет етеді. Ғылыми-әдістемелік жұмыстардың құрылымдық жүйесі мен мазмұнына мән берсек ол - екі үдерістістің сұрыпталуы. Мектептегі немесе ЖОО-да жүргізілетін оқу-тәрбие

іс-әрекетін дамыту бағытындағы ғылыми-зерттеу бағыттағы әдістемелік жұмыстарды негізінен үш түрге бөліп қарастыруға болады:

– жаңашылдық үдерістің дамуын жүзеге асыру /зерттеушілік/;

– жаңа нәрсені ашу және дамыту тәртібін іске асыру мен педагогикалық тәжірибеде қолданыс табуына ықпал жасап, енгізу жолдарын қарастыру /эксперименттік/;

– педагогикалық іс-әрекетті жүйелі зерттеуде кепілдеме беретін нәтижесі/коррекциялық/.

Қазіргі кездегі жалпы білім беретін мектептердегі ғылыми-әдістемелік бағыттағы жұмыстар бойынша педагогтардың өз білімдерін жетілдіру мен ұйымдастыруы – заманауи білімдерді оқытудың жаңашыл тәсілдерін меңгеру мен оларды жеке тәжірибелерін үйлесімді қолдану және «өмір бойы білім алу» түсінігі негізінде үздіксіз білім алу арқылы қызметтік және жеке тұлғалық өсуінің негізгі бөлігі деп қарастыратын көзқарастар бар. Сондай-ақ, мұғалімнің әдістемелік жұмыстары ол өзінің үздіксіз білім алу жүйесінің құрамды бөлігі және жеке кәсіби біліктілігін жетілдірудегі іс-әрекетерінің бір түрі деген көзқарастар бар екендігі анық В.НБелослюдцева. П.В. Худоминский, Я.С. Бенцион [146-148].

Ал енді осы мұғалімнің әдістемелік жұмыстарын жеке пән бойынша әдістемелік мәселелерді шешу жолдары деп түсініп, оның мәнін, құндылығын төмендететін көзқарастарда бар екені анық. Дегенмен де, көпшілік ғалымдар ғылыми-әдістемелік жұмыстарды педагогикалық үдеріске жаңашылдықпен қарау және жаңашыл тәсілдерді /технологияларды/ қолдану мен сынақтан өткізудің жолы деп қарастырып, педагогтың біліктілігін көтеру оқушының ғылыми дүниетанымдық пен тәрбиесін көтеру және оларға білім берудің сапасын арттыру құралы деп түсіндіреді Ш.Т. Таубаева, Т.Жайтапова т.б. [149, 150].

Қазіргі кезеңде педагогикадағы жаңашылдық технологияны сынақтан өткізу - оқу-тәрбие үрдісіне ендіру бойынша әдістемелік жұмысты жаңа бағытта қайта құруды және ұйымдастыруды қажет етеді Я.С. Турбовской [151].

Жаңашылдыққа бетбұрған мектептерде әдістемелік жұмыстарды заманауи білім беру сұраныстарына үйлесімді құрудың жолдары жалпы білім беретін мектепте жаңа бағытта әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың әдіснамалық қағидалық ұстанымдарын қарстыруға болады. Әдістемелік жұмыстардың мазмұнына төмендегідей құрылымдық құрамаларды жатқызуға болады: жеке тұлғалық болмыста ұлттық тәлім-тәрбиелік мұралар ілімдер негізінде рухани мәдениет көтеру; пәлсафалық білімді жаңарту және жеке адамға жалпыадамзаттық құндылықтар мазмұнын беретін білімдер жүйесін игеруі; педагогикалық мамандыққа қатысты түрлі ғылымдар саласындағы теориялық білім беру мазмұнын жаңарту; жеке пән бойынша оқушының білім мен біліктілік қабілетін арттыру, жаңа білімді меңгеру мақсатына бағытталған оқу-танымдық әрекетінде қазіргі  теория мен әдістемесін меңгерту. Қазіргі жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес педагогикалық ғылым парадигмасының өзгеруі - жаңа буын оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешенін,

мектептің білім беру мазмұнына сәйкес жаңа оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерін, оқытудың жаңа білім беру технологияларын меңгеру, жаңашыл-дидактикалық іс-әрекеттің әдіс-тәсілдерін меңгеру, жалпы алғанда мұғалімнің жаңшылдыққа бейімделу даярлығын қалыптастыруды жатқызуға болады.

Мұғалім кәсіби қызметінде әдістемелік, жаңашылдық жұмысқа қатысуы педагогикалық еңбегіндегі жоғары көрсеткіш беретін нәтиже деп түсінуге болады сондай-ақ, оның жеке педагогикалық жүйесі қалыптасады, өзіндік ерекшелігіне ие болады, жеке педагогикалық тәжірибе жүйесін дамытады.

Алдыңғы катарлы педагогикалық тәжірибе бұл өзінің кәсіби қызметіне ізденушілік және зерттеушілік арқылы шығармашылықпен жұмыс жасайтын педагогтың күнделікті тәжірибесін жасаушы және оқу мен тәрбие барыстарын жетілдірудің жаңа қосалқы қоры деп түсінуге болады [152].

М.Н.Скаткин озық тәжірибенің екі түрін атайды. Олар: педагогикалық шеберліктері арқылы жаңаша әрекеттер жасауы. Бұл алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе мұғалімнің жоғарғы сатыдағы шеберлігі, яғни тәжірибесінің мазмұнында ешқандай жаңалық орын алмасада, класикалық педагогикадағы белгілі дидактикалық қағидалар мен ұстанымдарды және әдістерді пайдалана отырып, жоғары педагогикалық нәтиже көрсетуі. Ал, екіншісі әдістемелі жұмыстың мазмұны бір тәсілдің төңірегіне шоғырланудағы тар шеңберде болуын жаңашылдыққа бағытталған тәжірибе бөліктерін қарастырады [153].

Жоғарыда қарастырылған зерттеулерде тәжірибе қажеттігіне қарай бағытталғандығы байқалады. Әдістемелік бағыттағы озық педагогикалық тәжірибенің мәнін, мазмұнын теория мен байланыста болуының қажеттілігі мен ерекшеліктері: оқу-тәрбие үдерісінің даму қажеттіліктеріне сәйкестігі, мазмұнның ауқымдылығы мен тереңдігілігі ізденіске бағытталуы, озық педагогикалық тәжірибені нақты педагогикалық тәжірибе жағдайында пайдалана білуі.

Педагогикалық озат тәжірибені зерттеу, жинақтау тарату мәселелеріне Ж.Б. Қоянбаев, Р.М.Қоянбаевтар өз еңбектерінде кеңінен тоқталған [154].

Мектептердегі озық педагогикалық тәжірибені іздестіру, зерттеу, жинақтау және тарту жұмыстары шығармашылық әрекетінің бір құрамына кіретіні анық. Педагогикалық тәжірибе - оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарының тәжірибесін жан-жақты зерттеу объектісі, деректер мен ғылыми мәліметтерді жинақтаудың негізгі көзі болып табылады. Яғни, педагогикалык озық тәжірибе оқу-тәрбие жұмысын үнемі дамытуда үлкен мәнге ие болады. ЖОО-да немесе мктептерде қызмет жасайтын педагогтар қауымы еліміздегі жаңашыл ұстаздардың озық тәжірибесін, белгілі ғалым педагогтар мен психологтардың және әдіскерлердің ғылыми ізденушілік және зерттеушілік еңбектерін қарастырып, талдап, өздерінің педагогикалық еңбектерінде шеберлікпен қолданудың жолдарын қарастыру қажет екені анық.

Осы бағытта ЖОО-да немесе мектептердегі педагогикалық кәсіби қызметпен айналысатын педагогтар өз тәжірибесін зерттеп, жинақтау, педагогикалық еңбекте шеберлік дәрежесі жоғары жұмыс жасайтын

мұғалімдердің тәжірибелерін зерттерттеп қарастыру, талдау мен сұрыптаулар жасап, жаңашыл педагогтардың озық тәжірибесін тарату және оқу-тәрбие үдерісіне қолдану; педагогикалық мамандық дайындайтын ЖОО-ның бағыттаушы жетекшілігімен мектеп мұғалімдері бірлесе отырып оқу және тәрбие бағытындағы жұмыстарда орын алатын күрделі мәселелерді зерттеу және оларды шешудің жолдарына ғылыми-әдістемелік тұрғыдан баруды жүзеге асыру қажет.

Өзінің шебер мұғалім екендігін педагогикалық тәжірибе жүзінде көрсете білетін және өзге әріптестерінің тәжірибелеріне мән беріп зерттеп, саралап жинақтау арқылы өзі ұйымдастыратын педагогикалық үдерісте кеңінен пайдалана білуі бұл – педагогикалық озық тәжірибені таратудағы басты әрекет болып табылады.

Бұл әдістемелік жұмыстарда педагогикалық озық тәжірибелерді тарату жоспар бойынша танысу, бақылау кезеңдерінен өтеді.

Мұғалім педагогикадағы озық әдістемелік жүйені және жаңашыл педагогтардың тәжірибесін меңгеру барысында оларды өзінің педагогикалық жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарап, жетілдіріп, дамытады.

Озық тәжірибені оқып, қолданып үйрену үшін, оның жеке өзіне тән белгілерін ажыратып, өлшемдерін белгілеу қажет. Оның өлшемдері мен талаптарының сәйкестігі: объективті болуы, мәнді сапасы мен белгісі мен өзіне тән ерекшелігі болуы, тұрақты нақты, салыстырмалы болуы шарт [155].

Сондай-ақ, озық педагогикалық тәжірибенің белгілері: нәтижелілігі; жоғары талапқа сай білім, іскерлік дағдыны қалыптастыруды қамтамасыз етуі; жаңашылдық сипатқа ие болуы.

Педагогикалық тәжірибедегі жаңашылдық сабақтағы оқу-тәрбие үрдісті байқау нәтижесінде анықталады. Жаңашылдық тәжірибе оқу-тәрбие үдерісінің қалыптасқан немесе дәстүрлі болып табылатын тәжірибеден түбегейлі өзгерістерді қажет етпейді. Себебі, деңгейлері әртүрлі болуы жаңашылдық әдіс-тәсілдерді қолданудан бастап, педагогикалық кәсіби еңбектерде ғылымға енген жаңашыл ойлар мен тәжірибелерді тиімді қолдануға дейінгі кезеңді қарастырады және қорытындысында алғашқылар кейінгілерден жоғары немесе керісінше кейінгілері алғашқылардан жоғары көрсеткіш беруі мүмкін, бұл әрине педагогтың кәсіби әлеуетінің көрсеткіші ретінде де мән беретінін ескеруіміз қажет.

Осы тұрғыдан келгенде озық педагогикалық тәжірибені қолдану мен үйрену оның көкейкестілігімен байланысты болады және оны екі жақты қарастыруға болады. Біріншіден, жаңалық қазіргі білім беру мекемелерінің /ЖОО, колледждерде, мектептерде т.б./ алдында тұрған әлеуметтік міндеттер тұрғысынан көкейкестілігі бар болуы керек, екіншіден, түрлі жағдайда белгілі педагогикалық қауымдастықта қолданылатын тәжірибе көкейкестілігімен көрініс табуы тиіс.

Озық педагогикалық тәжірибе үлгілі сипатқа ие болады, егер, ол:

- қазіргі уақытта білім беру мекемелерінің /ЖОО, колледждерде, мектептерде т.б./ алдында тұрған басты міндеттерді шешсе;

- заманауи теориялық білімдердің негізін басшылыққа алса;

- педагогикалық теория мен және тәжірибедегі ұтымды жаңашылдықтармен ұласымды болса және заманауи техникалық әрі дидактикалық құралдармен қамтамасыз етілсе;

- педагогтың кәсіби қызметін ұйымдастырудың тиімді құралдары мен түрлерін қамтамасыз етсе;

- педагогикалық үдерісте тәжірибелік білімнің соңғы жетістіктері мен жаңалықтарын шығармашылықпен пайдаланса;

- педагогикадағы дәстүрлі тәжірибе негізінде қалыптасқан әрекеттерді жеке бастамашылдығы арқасында біріктірілген жаңа мүмкіндіктерді көрсете білсе;

- педагогикадағы дәстүрлі тәжірбелерді жаңа педагогикалық идеялар мен ұштастыру мен тәсілдерді икемдеу арқылы оңтайла қолдана отырып дамыта білсе.

Педагогикалық тәжірибе бұрыннан белгілі ғылыми-педагогикалық білімнің шекаралық шеңберінен шығатын педагогтың кәсіби қызметінде орын алатын оқу-тәрбие барысындағы әрекеті негізінде пайда болатын жаңа тәжірибесі деп түсінуіміз керек. Егер, педагог өз тәжірибесінде жаңа көзқарастағы қағидалар негізінде қалыптасқан теориялық білімдерді және әдістемелерді тәсілдерді іске асыратын болса, онда оның тәжірибесін жаңашылдық дәрежесі бар деп қарастыруға болады. Себебі, жаңашылдық тәжірибе ізденіс пен зерттеу және шығармашылық әрекеттер нәтижесінде өзіндік жеке жоғары көрсеткіштерге жетуге болатындығын берді. Яғни, педагогика ғылымының теориясы мен тәжірибесінде бұрын қарастырмаған немесе ашылмаған жаңа педагогикалық құбылыстардың мазмұны мен мәнін қарастырып ашады [156].

Қолданушы қызметінің тиімділігі әрбір кезеңде жаңалықтың іске асуының соңғы нәтижесі арқылы көрінеді. Педагогикалық инновация толық дәрежеде әлеуметтік инновация мәнінің жалпы теориясын инноватикаға бейнелейді. Инноватиканың әдістемелік негіздерінің көмегімен педагогикалық инновация анықтамасының төменгі белгілерін беруге болады:

-инновация педагогика ғылымының білім беру саясатының әлеуметтік-педагогикалық карама-қайшылықтарының шешуші құралы ретінде;

- инновациялық идеялардың практикалық құралға айналуы келесі кезекте оның кеңейтілген тәжірибеде қолданылуы;

- білім беру мен тәрбиенің әртүрлі кезеңдеріндегі ғылыми қағидаларда,мазмұнда, ұйымдастыруда педагогикалық үрдісті материалды-техникалыққамтамасыз етуде жаңа сапа ретіндегі инновациялар;

- мұғалім мен оқушы арасындағы қалыптасқан қарым-қатынас түрлерін жаңаша ұйымдастыру;

- педагогикалық қызметтің шығармашылық пен даму мәселесін жаңалықты игеру негізінде қарау.

Инновацияның даму зандылықтары білім берудегі дәстүрлі көзқарастан бас тартудан пайда болады. Бұл кезеңде педагогикада инновация толық

аяқталып қаралмады. Прогрессивті идеялардың көпшілігі педагогикалық инновацияны белгілі дәрежеде тереңдетіп, енгізе алады. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибенің кеңейтілген құрылымын М.Ф.Харламов береді. Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе генезисін әр кезеңдердің бірлігіне байланысты сипаттайды:

Бірінші кезең - педагогикалық іскерлік (теориялық, практикалық даярлығы).

Екінші кезең - педагогикалық шеберлік (мұғалімнің гуманистік бағыттылығы, педагогикалық қабілеттері, педагогикалық техникасы).

Үшінші кезең - педагогикалық шығармашылық (оқу-тәрбие жұмысының тәсілінің түр өзгерісі, олардың модернизациясы).

Төртінші кезең - жаңашылдық кезеңі (оқыту үрдісіндегі жаңа прогрессивті идеяларды ұсыну мен жүзеге асыру).

И.Ф. Харламов педагогикалық шығармашылық пен жаңашылдық түсініктерінің ерекшеліктерін саралап көрсетеді.

Мектепте әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың түрлері өзгермелі болып келеді. Олар төмендегідей негізгі факторларға байланысты өзгеріп, жаңарып отырады: білім беру төңірегіндегі мемлекеттік саясат, заң актілері, құжаттар; мұғалімдердің педагогикалық іскерлік деңгейі, олардың жеке кәсіптік өлшемдері, болжамдау үрдісінде анықталған-әдістемелік сауаттылығы; мектеп ұжымының моральдық-психологиялық ахуалы, әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудағы материалдық-техникалық мүмкіндігі; мектептегі педагогикалық тәжірибені оқып үйрену, мұғалімдердің инновациялық белсенділігі, мектеп басшыларының әдістемелік жұмысты кәсіптік деңгейде іске асыруға дайындығы, мұғалімдердің арасындағы, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы нақты жағдай.

Мектепішілік әдістемелік жұмыстарын мектеп көлемінде болып жатқан талдаулар негізінде бірқатар пікірлерді, неғұрлым маңызды деген әдістемелік жұмыстың оқу-тәрбие жұмысының барысына ықпал жасап, оның сапасы мен тиімділігін арттыратын, басқару ісіне құрал бола алатын жақтарын ұсынуды жөн көрдік.

Бұл талаптар әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың негізі ретінде қаралып, бірталай ғылыми жұмыстар мен жариялымдарда талданған. Осы талаптар Ю.К. Бабанскийдің басшылығымен жарық көрген педагогикалық дамуды жақсарту зертханасының ғалым-педагогтарының түбірлі зерттеулерінде толық анық берілген [157].

Оларды шамалы қысқартулар түзетулермен береміз:

- мектептегі қайта өзгертуді тәжірибе арқылы іске асыру, оның өміріменбайланысы, маңыздылығы: әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың барысындажаңа жағдай қоғамның әлеуметтік тапсырысын осы мұғалімдер ұжымынажақын мәселелерді есепке алу;
- әдістемелік жұмыстың ғылымилығы: мұғалімдердің мамандығын көтеружүйесінің қазіргі ғылым жетістіктеріне бағыт ұстауы;
- әдістемелік жұмыстың жүйелілігі: жүйенің тұтастығы, мақсат, міндет,

мазмұн мен жұмыс әдісінің бірлігі тиімді нәтижеге жетудің көрсеткіші ретіндеқаралады;

- әдістемелік жұмыстың кешенді сипаты: бұл жерде туындыгерлер мұғалімдердің мамандығын арттырудың барлық жақтарының өзара байланыстынегіздерін, бірлігін ұсынады (жеке әдістер, дидактика, тәрбие ілімі,психология,физиология, педагогикалық әдеп жалпы мәдениетті дамыту мәселелерібойынша);

- жүйелілік, бірізділік, сабақтастық, үздіксіздік, көпшілдік: оқу жылыныңбарысында мұғалімдерді оқу түрлерімен толық қамту, әдістемелік жұмыстыүздіксіз білім алу жүйесінің бөлігінеайналдыру.

Үшінші кезең - педагогикалық шығармашылық (оқу-тәрбие жұмысының тәсілінің түр өзгерісі, олардың модернизациясы).

Төртінші кезең - жаңашылдық кезеңі (оқыту үрдісіндегі жаңа прогрессивті идеяларды ұсыну мен жүзеге асыру).

Мектепте әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың түрлері өзгермелі болып келеді. Олар төмендегідей негізгі факторларға байланысты өзгеріп, жаңарып отырады: білім беру төңірегіндегі мемлекеттік саясат, заң актілері, құжаттар; мұғалімдердің педагогикалық іскерлік деңгейі, олардың жеке кәсіптік өлшемдері болжамдау үрдісінде анықталған-әдістемелік сауаттылығы; мектеп ұжымының моральдық-психологиялық ахуалы, әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудағы материалдық-техникалық мүмкіндігі; мектептегі педагогикалық тәжірибені оқып үйрену, мұғалімдердің инновациялық белсенділігі, мектеп басшыларының әдістемелік жұмысты кәсіптік деңгейде іске асыруға дайындығы, мұғалімдердің арасындағы, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы нақты жағдай.

Мектепішілік әдістемелік жұмыстарын мектеп көлемінде болып жатқан талдаулар негізінде бірқатар пікірлерді, неғұрлым маңызды деген әдістемелік жұмыстың оқу-тәрбие жұмысының барысына ықпал жасап, оның сапасы мен тиімділігін арттыратын, басқару ісіне құрал бола алатын жақтарын ұсынуды жөн көрдік.

Бұл талаптар әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың негізі ретінде қаралып, бірталай ғылыми жұмыстар мен жариялымдарда талданған. Осы талаптар педагогика ғылымдары академиясының академигі Ю.К. Бабанскийдің басшылығымен жарық көрген педагогикалық дамуды жақсарту зертханасының ғалым - педагогтарының түбірлі зерттеулерінде толық анық берілген [158].

Мұғалімнің теориялық практикалық дайындығының біртұтастығы проблемалық семинарлар мен практикумдар барысында көрінеді. Олар мұғалімнің өз білімін көтеру әрекетін ынталандырып, оны педагогикалық инновацияға ұмтылдырады. Проблемалық семинар жұмыстарының мазмұны қазіргі заманғы педагогикалық теорияны қамтиды.

Соңғы жылдары әдістемелік жұмыстар жүйесінде практикалық сабақтардың белсенді түрлері кеңінен қолданылуда. Олар: іскерлік, рөлдік ойындар, ойын-практикумдар, ұйымдық-іскерлік ойындар, түрлі тренингтер. Бұл жұмыс түрлерінің негізгі жетістігі - орындалған әрекеттің көп

нұсқалылығы, нақты практикаға барынша жақындығы, ұжым болыпталқылауға қолайлылығы т.б. Әйтсе де практикумдарды ұйымдастырушылармұғалімдердің бұндайшараларға қатысуға ықылассыздығы, оларды жүргізуге әдістемелік дайындықтың аздығы сияқты кедергілерге тап болуда. Бұның бәрі де проблемалық семинарлар мен практикумдарды ұйымдастыруға білікті басшылықтың керектігін танытады.

Мектепте оқу тәрбие жұмыстарын жетілдірудің, мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудың жаңа бір формасы - мұғалімдердің шығармашылық тобы. Шығармашылық ең алдымен мұғалімдердің мамандықтарына сәйкес терең берік білімді, мол тәжірибені талап етеді. Шығармашылық қабілетті дамыту, өз бетімен іздену, зерттеу жұмыстарына байланысты. Осыған орай, мұғалімнің жұмысында шығармашылық басым болуы керек. Озат мектептердің іс-тәжірибелеріне қарағанда шығармашылық топтың құрамына өте тәжірибелі мұғалімдер кіреді. Іс-жоспары бір жылға жасалып, топ мүшелері айына бір рет кездесіп отырады.

Шығармашылық топ қазіргі кездегі ең көкейкесті проблемаларды шешу жолдарын іздестіреді, оларды келешекте мұғалімдердің игілігіне айналдырады. Қаралатын мәселелердің бағыттары: саралап оқытудың инновациялық технологиялары, оқушылардың логикалық ойын дамыту, дүниеге ғылыми көзқарасын қалыптастыру, тәрбиесі қиын балалармен жұмыс, кәсіптік бағдар беру проблемасы, қоғамдық пайдалы жұмыстарды ұйымдастыру мәселелері т.б.

Мектеп өмірінде мұғалімдердің кәсіби дайындығын көтеруде психологиялық-педагогикалық семинарлардың және практикум-семинарлардың маңызы арта түсуде. Мұғалімдердің мұндай тобы мектеп басшыларының, ғалым-педагогтардың, мұғалімдердің өзінің бастамасымен құрылуы мүмкін. Бұл топ озат тәжірибені өз мектебінде одан тысқары жерлерге де жинақтап, таратуға күш салады.

Егер проблемалық топ өз тұжырымдамасын немесе әдістемелік жаңалығының талдамасын жасап, практикаға енгізумен айналысатын болса, онда ол топ ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізгі белгілері бар эксперименттік-тәжірибелік әрекет жүргізеді. Ал ондай жұмыстар зерттеу тақырыбы мен мәселелерін негіздеу, күткен нәтижеге болжам жасау, зерттеу әдістерін таңдау сияқты маңызды міндеттерді қамтиды. Бұл жұмыстар педагогикалық ЖОО, ҒЗИ педагог оқытушыларының ғылыми жетекшілігімен іске асады. Проблемалық топтың қызметіне басшылық тарапынан ықылас қойылып, мүдделік танытылса, ол мектептің педагогикалық ұжымында жақсы инновациялық ахуал қалыптастыра алады.

Мектептегі әдістемелік жұмыстардың ұжымдық түрлерінің бірі - педагогикалық ұжымның таңдаған ғылыми-әдістемелік тақырып бойынша зерттеушілік қызметі. Бұл жұмыс түрінің тарихы терең болғанымен оның жұмысында көптеген шарттылықтар сақталып қалған. Оның негізгі себептерінің бірі - тақырыпты кездейсоқ таңдаудан туындайды. Бұл жағдайда зерттеу тақырыбы нақты ұжымның нақты мәселелерін шешуге арналмаса, онда ол зерттеу тақырыбының өмірі қысқа соңы сәтсіз аяқталады. Бұл ретте мектеп

басшылары алынатын нәтижені, оған жеткізетін мақсаттарды, әдіс-тәсілдерді анықтап, ұжымды соңынан ерте білуі, олардың сол тақырып пен жұмыс істеуге деген құлшынысын оятып, шығармашылық қасиетін жұмылдыра білуі тиіс. Бұл істе қажеттілігіне қарай ғылыми-педагогикалық күштерді бірлесіп жұмыс жасауға (кеңес, жетекшілік, ынтымақтастық) тартудың маңызы зор.

Соңғы кезде мектептегі әдістемелік жұмыстарды жоспарлау мен оның мағынасын ашу бойынша көптеген ғылыми еңбектер, мақалалар пайда бола бастады. Бұл ғылыми еңбектерді саралай келе, әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырудың (мақсат қоюдан бастап, оның қорытындысын шығаруға дейін) инновациялық формасы, әдіс-тәсілдері көрініс табады. Негізінен әдістемелік жұмыстың мазмұны мен оны бағалаудың диагностикалық параметрлері блоктік жүйеде қарастырылады. Бірінші блок – мұғалімнің пәні бойынша теориялық білімді, пәнді оқыту әдістемесін білуін, педагогика мен психология ғылымдарының соңғы кезеңдегі жетістіктерін меңгеруін жатқызады. Екінші блокқа мұғалімнің білім беру мазмұны туралы білімі, пәні бойынша оқушыға білім берудің инновациялық әдіс-тәсілдерін меңгеруі, пән бойынша оқыту формаларын меңгеруі кіреді. Үшінші блокқа мұғалімнің оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін білуі, оқушыларды тәрбиелеу, оқыту, дамытудың психологиялық заңдылықтарын білуі, педагогиканың теориялық негізі мен педагогикалық технологияны меңгеруі жатады.

Қазіргі кезеңде мектепте әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру жолдары жан-жақты ашылып көрсетілуде.

Инновациялық педагогикалық тәжірибені жинақтау, насихаттау, тарату пайдалану мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру жолы.

Мектептерде педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау ісі күрделі шығармашылық мәселелердің біріне жатады. Педагогикалық тәжірибе - оқыту мен тәрбиенің практикасын жан-жақты зерттеу объектісі, фактілер мен ғылыми мәселелерді жинақтаудың негізгі көздерінің бірі. Сондықтан педагогикалық инновациялық тәжірибе оқу-тәрбие жұмысын үнемі дамыту мен жетілдіруде үлкен орын алады. Осыған орай, әрбір мұғалім еліміздегі жаңашыл ұстаздардың бай тәжірибесін, белгілі педагогтар мен психологтардың ғылыми еңбектерін терең зерттеп, өз ісінде шеберлікпен пайдаланудың жолдарын қарастырады.

Соңғы жылдары педагогикалық әдебиеттерде білім беру мекемелеріне қатысты инновациялық педагогикалық тәжірибені үйрену, зерттеу, пайдалану төмендегідей бағытта қарастырылып жүр:

- мұғалімдердің, мектеп басшыларының, білім беру мекемелері қызметкерлерінің кәсіби біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарының құрамды бөлігі;
- мектепішілік әдістемелік жұмыстың инновациялық бағыты;
- мұғалімдердің, мектеп басшыларының, білім беру мекемелері қызметкерлерінің шығармашылығын дамыту құралы;
- педагогикалық зерттеу әдісі;
- педагогика ғылымы мен практикасының өзара байланысының

нәтижесі;

- мұғалімдердің, мектеп басшыларының, білім беру мекемелері қызметкерлерінің педагогикалық іс-әрекетінің арнайы түрі.

Осы аталған алты бағытқа біз 7-ші бағытты қосқанды жөн көрдік:

- мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру құралы.

Енді зерттеу проблемасына сәйкес әрбір бағытты жеке-жеке қарастырып көрелік.

Озат педагогикалық тәжірибені үйрену, жинақтау пайдалануды жалпы білім беретін мектеп пен білім беру мекемелері қызметкерлерінің біліктілігін арттыру құралы ретінде қарастырады. Сондай-ақ, мұғалімнің кәсіби шеберлігін арттырудың формалары мен әдістерін айқындайды (аудандық (қалалық) кеңес, арнайы курстардан өткізу, әдістемелік жұмыс), осы жұмыстарда жіберілетін кемшіліктер сараланады және тәжірибені таратуға қатысты мұғалімнің білім, білік, дағдыларын анықтау әдістемесі ұсынылады.

Инновациялық тәжірибені үйрену, жинақтау пайдалану мектептегі әдістемелік жұмыстың тиімділігін арттырудың қажетті шарты болып табылады. Осы тұжырымды жақтайтын ғалымдар, мәселен А.М. Гельмонт мұғалімнің өзінің жеке тәжірибесін саралауына көп көңіл бөледі. Себебі, мұғалім өз тәжірибесін өзі саралау барысында оқу-тәрбие үрдісінің жетістіктері мен кемшіліктерін көре алады, айқындалған кемшіліктерді жою барысында оқу-тәрбие үрдісінің сапасын арттыруға жол ашады [159].

Озат педагогикалық тәжірибені үйрену, жинақтау таратудың мектеп мұғалімдері мен басшыларының, білім беру саласы қызметкерлерінің педагогикалық шығармашылық дамыту құралы ретінде қарастырады, озат тәжірибені үйрену, жинақтау, пайдалануда кездесетін кәсіби қиыншылықтарды атап көрсетіп, озық тәжірибенің негізгі бағыттарын ашады [160].

Озат педагогикалық тәжірибені үйрену, жинақтау, пайдалану бойынша педагогикалық іс-әрекет шығармашылық еңбектің қайнар көзі саналып, мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыруына әсерін тигізеді.

Озат тәжірибені үйрену, жинақтау пайдалануды педагогикалық зерттеулердің әдістері ретінде қарастырып, озат тәжірибені үйрену мен жинақтаудың ғылыми деңгейлерінің арнайы ерекшеліктерін анықтап, эксперимент пен озат тәжірибені тарату арасындағы өзара байланысты ашады [161].

Педагогика ғылымы мен практикасының өзара байланыс жүйесінің гносеологиялық рөлін негізге ала отырып, ғылыми-педагогикалық мекемелердің, ұжымдардың, шағын ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысып жатқан мектеп мұғалімдері мен білім беруді басқару ұйымдары қызметкерлері өзара байланысқан жүйесінің қызметінің рөлін, мұғалімнің шығармашылық іс-әрекетіндегі ғылыми білімнің мазмұнын аша отырып, ғылыми тұжырымдарды мұғалімдер тәжірибесіне тікелей айналдыру механизмдерін В.В. Краевский бастаған ғалымдардың тобы жан-жақты қарастырады [162].

Озат тәжірибені үйрену, жинақтау бойынша мұғалімдер мен білім беру қызметкерлерінің функцияларын ашып көрсетіп, озат тәжірибені үйрену,

зерттеу, жинақтау пайдаланудың құрылымын ашып, іс-әрекет құрылымының мазмұнын анықтайды /Л.И. Гусев/ [163].

Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудағы әдістемелік жұмыстың мағынасын ашып көрелік. Мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудағы озат тәжірибені үйрену, зерттеу, тарату жұмыстарының формасы әр алуан: мұғалімдерге ауызша немесе жазбаша кеңестер беру, педагогикалық оқулар, семинарлар өткізу, мектепішілік, аудан (қала), облыс, республика деңгейіндегі конференция, форумдар өткізу және т.б.

Инновациялық тәжірибені үйрену, зерттеу, тарату бойынша жүргізілген зерттеулерді саралай келе, қазіргі кезеңде жұмыс жасап жатқан ғылыми-әдістемелік орталықтар іс-әрекеттері жағдайында озат тәжірибені үйрену, тарату, пайдаланудың төмендегідей принциптерін анықтауға болады: аналитикалық негіздеу принципі, жүйелік принципі, жоспарлау принципі, ұйымдастыру жеделдету принципі, ақпаратты пайдалану принципі, озат тәжірибені үйрену, жинақтау үрдісін реттеу мен бақылау принципі.

Педагогикалық іс-әрекеттегі әдіс алдын ала ойластырылған, реттелген, практикада тексерістен өткен, қойылған мақсатқа сәйкес қалай әрекет жасауды көрсететін тәсілдер жүйесі болып табылады. Тәжірибені үйрену, жинақтау әдісі - педагогикалық үрдіс заңдылықтарын басшылыққа ала отырып тәжірибені игеруге жету тәсілі. Озат педагогикалық тәжірибені зерттеу әдістері мектептің тарихи дамуында қатты өзгермегенімен, оның мазмұны, сипаттамасы, басты бағыттары, пайдалану деңгейлері айтарлықтай өзгеріске ұшырап отыр.

Б.С. Гершунский мектептің даму мүмкіндіктерін ескере отырып, педагогикалық тәжірибені үйрену, жинақтау пайдаланудың төмендегідей әдістерін ұсынады: тәжірибені констатациялау әдісі (бақылау, құжаттармен танысу, сауалнама алу және т.б.); теориялық ойластыру әдістері (теориялық анализ және синтез, салыстыру, анология, идеалдау, ойша эксперимент т.б.); ендіру кезеңінде қолданылатын әдістер (жүйеленген эксперимент, эксперттік баға т.б.); педагогикалық болжаудың арнайы әдістері (модельдеу, эксперименттік бағалар т.б.) [164].

Ал В.Е. Гмурман, т.б. ғалымдар педагогикалық тәжірибені үйренудің эмпирикалық теориялық деңгейлерін ұсынады: эмпирикалық; аналитикалық; зерттеушілік.

Педагогикалық тәжірибені үйренудің эмпирикалық деңгейінде мұғалімдер жұмысына жай сипаттама беріледі, аналитикалық деңгейде құнды тәжірибенің шығу көзі ізделінеді, салыстырылады, басқару іс-әрекетінде пайдалану мүмкіндіктері қарастырылады, зерттеу деңгейінде - нақты бағдарлама әзірлеу, озат мұғалімдер мен мектеп басшылары іс-әрекеттер жүйесіне талдау жасалынады, қойылған мәселені шешудің әдістері анықталады [165].

Инновациялық педагогикалық тәжірибені үйрену, жинақтау пайдалану әдістері төмендегідей: нақты материалдарды жинақтау әдістері: бақылау, әдебиет көздерімен, мектеп құжаттарымен танысу, нақты материалды жинақтау, сауалнама, педагогикалық эксперимент, инновациялық ақпараттық

банк құру, веб-сайт ашу; жинақталған материалды өңдеу әдістері: педагогикалық анализ бен синтез, салыстыру, жүйелеу, топтастыру, индукция, дедукция, аналогия, модельдеу, экспликация; тәжірибе бойынша білім нәтижесін тиімді баяндау әдістері: мазмұны бойынша сипаттама-суреттеу, формасы бойынша баяндама, мақала, ұсыныс, тұжырымдама, ғылыми жоба; тәжірибені пайдалану әдістері: нормативтік, инвариативтік, нақтылау, машықтандыру әдістері.

Мұғалім озық тәжірибені үйрену, зерттеу барысында осы жоғарыда аталған әдістердің барлығын білуі шарт, озат тәжірибенің зерттеу кезеңіне сәйкес өзіне қажетті әдісті таңдай білуі керек, сонда ғана мұғалім өзінің алдына қойған мақсатты дұрыс шеше алады.

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей-ақ, озат педагогикалық тәжірибе педагогика ғылымына қатысты төмендегідей мақсатта қолданылады: ғылым мен практиканың мазмұнын кеңейтетіндей жаңа педагогикалық фактілер көзі; теориялық зерттеу өнімінің, ғылыми ұсыныстар мен ғылыми теориялық ақиқаттың критерийлерін оңтайландыру құралы.

Қорыта келе айтарымыз, озат педагогикалық тәжірибені үйрену, зерттеу, тарату, насихаттау, пайдалану мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудың алғышарты, яғни озат тәжірибені мектептің оқу-тәрбие үрдісіне ендіру мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастыру құралы қызметін атқарады.

Педагогика ғылымының жетістіктері мен озық педагогикалық тәжірибені практикада пайдалану мәселелері ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Мектептің оқу-тәрбие үрдісіне озық педагогикалық тәжірибені ендіру, озат мұғалімдер мен мектептің тәжірибесін насихаттау, тарату мәселесін қарастырдық. Педагогика ғылымындағы жаңалықтарды ЖОО-ны және мектеп тәжірибесіне ендірудің көкейкестілігін негіздедік. Осы мәселенің теориялық аспектісін зерттеп, талдағанда өзіне тән ерекшеліктерді атап көрсетсек: мұғалімнің тәжірибесіне жаңаны ендіруге бағытталған жол, «ендіру» ұғымы, ендіру принциптері, тиімді ендіру шарттары, ендіру іс-әрекетінің тәсілдері, ендіру үрдісі, ендіру түрлері,ендіру жұмысындағы кемшіліктер, ендіру үрдісін басқару, ендіру кезеңдері, педагогикалық зерттеу нәтижесінің түрлері, оны ендіру ерекшеліктері, ғылыми жаңалықты ендіруге және пайдалануға даярлық көрсеткіштері, әдістемелік қызмет, ендіру тиімділігі (бағасы, ендірудің типтік бағдарламалары, педагогикалық ұсыныстарды бағалау критерийлері).

Тәжірибеге зерттеу нәтижелерін ендірудің әдіснамалық негіздері: ғылыми-педагогикалық зерттеулердің түрлері мен оны ендіру ерекшеліктері; әдіснамалық, қолданбалы, іргелі, тәжірибелік-конструкторлық зерттеулер, өнертапқыштық іс-әрекет; ендірудің әлеуметтік детерминизмі, жаңалықты ендіру қажеттілігі, тиімділігі; педагогикалық инновациялық ақпараттар банкін құрудың теориялық негіздемесі; практиканың қажеттілігіне қарай аралық соңғы нәтижелерді екі кезектік ендіру идеясы; ендіру үрдісінің моделін құрастыру, жаңалықты ендірудің тиімділігі мен сапасының көрсеткіштері мен критерийлері; педагогикалық үрдісті жаңартуға оқушыларды қамтудың

тәрбиелік ықпалы, ендіру үрдісінің типтік алгоритмі, жаңаның бір немесе бірнеше компоненттерін ендіруде жүйенің жаңаруы; жаңалықты ендіруде кездесетін кедергілерге сипаттама, жаңалықты ендірушінің заңды құқығы мен қызметтік міндеттері; педагогикалық идеяның дамуына әсер ететін жалпылама факторлары, оны мектеп практикасына ендіру кезеңдері т.б.

Педагогика ғылымы мен озат педагогикалық тәжірибенің жетістіктерін білім беру мекемелеріне ендірудің әдістемелік тәжірибелік мәселелерін қарастырғанда: озат педагогикалық тәжірибені ендіру үрдісінің мақсаты мен маңызы; ендіру үрдісінің логикалық, ендіру мақсатқа бағытталған іс-әрекет, ғылым жетістіктерін практикада пайдалануға даярлық деңгейі; ендіру іс-әрекетінің тиімділігін анықтайтын шарттар жүйесі, педагогикалық мақсатты шешуге мұғалім мен тәрбиешінің шығармашылық актісі, педагогикалық теория мен практиканың өзара байланыстық заңдылықтары мен факторлары; ғылыми ұсыныстардың педагогикалық ұжымның тәжірибесіне айналдыру механизмі, ендіру үрдісінің алгоритмі [166].

Ендіру ғылыми білімнің практикаға қолданыс табуына мақсатты түрде ұйымдастырылған іс-әрекет болып табылады. Ендіру бір-бірінен тек мақсат-бағытымен ғана ерекшеленетін теория мен практиканың ара-қатынасының ерекше түрі. Ендіру арнайы ұйымдастырылатын белсенді жүргізілетін үрдіс ретінде қарастырылады. Ғалымдар «ендіру» ұғымына әр түрлі анықтамалар береді:

- идеядан әдістемелік ұсынысқа дейінгі педагогикалық білімнің өзгерісі (В.В. Краевский);
- ғылым жетістіктері негізінде педагогикалық тәжірибенің жаңа үлгісінің қалыптасуы(Ю.К. Бабанский);
- басым жетістіктерімен қатар аз да болса теріс кемшіліктері де байқалатын іс-әрекет(Я.С. Турбовской);
- ескі жүйені жаңа компоненттермен толықтыру, бүкіл жүйедегі өзгеріс, жүйенің қайта жасақталуы (Х.И. Лийметс);
- маңызды нәрсенің түрленіп, жаңа сапалы деңгейге ауысуы (Ш.Т. Таубаева).

Қазіргі кезеңде қолданылып жүрген «ендіру» ұғымы «пайдалану» ұғымымен қатар қолданылады.

«Ендіру» мен «пайдалану» ұғымдарының мән-мағынасын жете ашып алуымыз қажет: «ендіру» - жаңаны міндетті түрде қолдану дегенді білдірсе, «пайдалану» жаңаны ерікті түрде қолдануы [167].

Педагогикалық ғылыми жаңалықтарды оқу-тәрбие үрдісіне ендіру тек қана мемлекет көлемінде ғана жүзеге асырылып қоймайды. Қазір әрбір мектепте өз зерттеу проблемаларына сәйкес жаңалықтар ендірілуде. Жаңалықты ендіруде мектептің, аудан (қаланың), облыстың түбегейлі ерекшеліктері ескерілуі тиіс.

Түпкі нәтижесі оң өзгерістер беретін озат педагогикалық тәжірибені инновациалық педагогикалық тәжірибе ретінде қарастыруға болады.

В.И. Журавлев жаңалықты оқу-тәрбие үрдісіне ендірудің алғышартына білім беру саласындағы ғылыми ұсыныстарды ғалымдардың, мұғалімдердің, педагогикалық ұжымның, білім беру жүйесі мекемелерінің тәжірибелерінде қолдану нәтижелерін зерттеуді ұсынады [168].

Субъектінің жаңалықты ендіру үрдісінде «ендіру мүмкіндіктерін» анықтауымыз қажет: субъектінің ендіру үрдісіне қатынасы және ендіру іс-әрекетіне даярлық деңгейі. Субъектінің жаңаны, оқу-тәрбие үрдісіне ендіру үрдісі төмендегідей белгілермен ерекшеленеді: қатынас-қажеттілік арқылы (не?), қызығушылық (қандай деңгейде?), мотив (неліктен?), қондырғы (неге?).

Дайындық – ендіру іс-әрекетінің тиімділігін қамтамасыз ететін педагогикалық жағдай деңгейі, сондай-ақ ұжымның психологиялық ахуал қанағаттандыратын және ғылыми-әдістемелік кешеннің сәйкестігін білдіретін ендірілетін тәжірибе.

Ғылыми еңбектерге жасалған талдауымыздың нәтижесінде, озат инновациялық тәжірибені практикаға ендіруде мұғалімге қажетті инновациялық білім мен біліктіліктің минимал (ең төменгі) деңгейін анықтадық:

- педагогикалық іс-әрекеттің арнайы түрлерін ендіру бойынша инновациялық білімі;
- жаңаны зерттеушілік біліктілігі;
- практикада кездесетін инновациялық мәселелерді ғылыми проблема түрінде қарастыра алуы;
- қарастыратын инновациялық проблеманы шешудің өз тәжірибесінен алынған жолдарын көрсету (идея, бағдарлама, әдістеме және т.б.);
- педагогикалық іс-әрекеттің жаңартылған жүйесін жасау;
- қарастырылған мәселе бойынша мақсатқа бағытталған бақылау, педагогикалық эксперимент жүргізу;
- қажетті негізгі қосалқы инновациялық ақпараттарды таба алуы пайдалана білуі.

Педагогика ғылымының жетістіктерін озат педагогикалық тәжірибені мектеп практикасына ендіруде мұғалімге қажетті инновациялық білім мен біліктіліктің құрамы төмендегідей болуы шарт: ғылыми-педагогикалық зерттеулердің әдістері бойынша инновациялық білімі, педагогика ғылымы жетістіктерін ендірудің ғылыми негізі, педагогика ғылымы жетістіктерін үйрену, жалпылау ендірудің әртүрлі бағыттары; ендірудің мағынасын, функцияларын, принциптерін, әдістерін, критерийлерін білу, педагогика ғылымы жетістіктерін үйрену, жалпылау және ендіруді ұйымдастыру аспектісінің басқарушылық білімі (басты бағытты анықтау, жоспарлау, жүзеге асыру, бақылау); ендіру жұмыстарының кезеңдерін анықтау, жаңалықты ендіру бойынша құқықтық құжаттар, әдістемелік жұмыстардың, тірек мектебі, озат тәжірибе мектебі, шығармашылық топтар бойынша негіздемелер; озат педагогикалық тәжірибені тарату және педагогика ғылымының жетістіктерін ендіру бойынша жоспар жасау, мұғалімдердің қажеттіліктерін

қанағаттандыратын ғылыми ұсыныстарды үйрену бойынша инновациялық технологиялық білімнің қажеттілігі.

Қорыта келе айтарымыз, педагогика ғылымының жетістіктері мен озат педагогикалық тәжірибені мектеп практикасына ендіру мұғалімнің инновациялық даярлығын қалыптастырудың әрі мазмұнды, әрі процессуалды компоненті болып табылады.

Педагогикалық тәжірибе көпшілік озық болуы мүмкін. Озық педагогикалық тәжірибе тарихилығымен ерекшеленеді. Өйткені әрбір жаңа кезеңде мектептің материалдық, әдістемелік, кадрлық басқа да мүмкіндіктерінің кеңеюімен педагогикалық қызметтің жаңа талаптары пайда болды. Сонымен бірге озық тәжірибе педагогика ғылымы мен практикасының қазынасын үнемі толықтырушы, жаңартушы қызмет те атқарады. Озық педагогикалық тәжірибені жинақтау және таратуда мұғалімнің көзқарасы үлкен рөл атқарады.

Озат тәжірибе - әдеттегі қалыпты деңгейден жоғары табыстарға жеткізетін педагогикалық іс-әрекеттердің кешенді жиынтығы, жалықпай шығармашылықпен еңбек етудің нәтижесі.

Озат тәжірибе деп мұғалім мен оқушының еңбегін барынша жеңілдететін, оқыту мен тәрбиелеу саласында ерекше табыстарға жеткізетін жекеленген мұғалімдердің пайдаланған іс-тәжірибесін айтады.

Озат тәжірибе - логикалық әдіс-тәсілі жағынан ерекше беретін, жалпы мектеп қабырғасында қолдануға болатын ең тиімді тәжірибе.

Озат тәжірибенің ең жоғары деңгейі - жаңашылдық. Озат тәжірибенің авторларын - жаңашыл мұғалімдер деп атайды. Жаңашыл мұғалімдер жаңа идеяны ұсынады, сондықтан оларды жаңашыл дейді. Олардың негізгі идеясы - ұстаздық қызметтестік, яғни ұстаз бен шәкірттің қызметтестігі. Жаңашыл мұғалімдердің 10 идеясы бар:

- балаларға деген адамгершілік қатынас, әрбір оқушыны жеке тұлға деп қарау;
- оқушының ішкі жан дүниесін, оның мақсат-мүддесін, ынтасын, қабілетілігін, әлеуметтік жағдайларын танып білу;
- оқушылармен қарым-қатынасты дұрыс құра білу, оларды оқу-тәрбие үрдісінің әріптесі, субъектісі қылу, баланың тілегі мен ынта-ықыласын есепкеала отырып, танымдық іс-әрекетке араластыру;
- оқушыларға үлкен мақсаттар қоя білу оқушылардың сол мақсаттарға жете алу сенімін нығайту;
- балалар ұжымына сүйену, ұстаз бен оқушылардың ұжымдық шығармашылығы;
- оқушыларға, мүмкін болған кезде, тапсырмаларды еркін таңдау құқығын бере алу;
- бағдарламалық материалдарды ірі блоктарға біріктіру, тірек сызбалар мен тірек конспектілерін пайдалану;
- оқушыларды ұжымдық, даралық жағдайда өзін-өзі тани білуге үйрету;
- оқушыларды ұжымдық, қоғамдық шығармашылыққа үйрету;

- шығармашылық тұрғыда өзін-өзі басқару.

Жаңашыл педагогтардың осы идеяларын ынтымақтастық педагогикасына іріктіруге болады.

Озық педагогикалық тәжірибенің бір түрі болып есептелетін жаңашылдық енгізу зерттеушілік педагогикалық тәжірибе сезімдік тәжірибелерден теориялық алдау жинақтауға алып баратын басқыш сияқты. Сондықтан біз өз зерттеу жұмысымызда жоғарыдағы ғылыми талдау нәтижелеріне сүйене отырып, болашақ мұғалімдердің инновациялық даярлығын қалыптастырудың педагогикалық алғы шарттары ретінде төмендегі шараларды жүзеге асыруы қажеттігін растаймыз:

- инновациялық іс-тәжірибесін оқып-үйрену (сабақтарға қатысу, сабағын талдау, жеке әңгіме, т.б.);
- мұғалім инновациялық тәжірибесін проблемалық тақырыбы бойынша жинақтау. (Жинақтау жұмыстарының түрлері: буклет, шығармашылық есеп, ашық сабақтар, инновациялық ақпараттық банк, әдістемелік веб-сайттар т.б.);
- мұғалімнің инновациялық тәжірибесін тарату (оның түрлері: журналға мақала беру, аудандық, мектепішілік педагогикалық оқуларға қатысу, аудандық семинарлар өткізу);
- республикаға, облыс, ауданға, белгілі озық тәжірибелі, жаңашыл мұғалімдер тәжірибесін оқып-үйрену, оны іс-тәжірибесінде пайдалану (баяндамалар газет шығару, буклет, дөңгелек стол басындағы әңгіме, сұхбат талдау), инновациялық электрондық өнімдер шығару;
- әдістемелік көрме өткізу. Сыныптан тыс жұмыстар: пән бойынша сайыстар (пән олимпиадалары), үйірмелер, факультативтік сабақтар, пән апталықтары, пән бойынша газеттер, білім сапасы күні, шығарма жазудан, мәнерлеп оқудан сайыс (тіл сабақтары бойынша) өткізіледі.

Білім берудің таңдамалы, баламалы сипаты педагогтардың, оқушылардың өз мүмкіндігінше дамуын, оқушы мен мектеп, табиғи орта арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз етеді. Мұны инновациялық мектептің ізденіс жолынан анық көруге болады.

Алайда, олар салыстырмалы түрде тұрақты нұсқаулық ретінде әрекет етеді, оған сәйкес мұғалімдер өздерінің өмірі мен педагогикалық іс-әрекеттерін байланыстырады. Кәсіби сана мұғалімнің «мен жеке басының» және оның кәсіби қызметінің әртүрлі аспектілерін талдауға бағытталған және жеке мағынаның шекаралары мен даму болашағын анықтауға арналған, яғни белгілі бір іс-әрекеттің, әрекеттің тақырыбы үшін ішкі дәлелді, жеке мағына. Бұл мұғалімге өзін-өзі анықтауға және өзін-өзі жүзеге асыруға, сайып келгенде, өмірдің мәні мәселесін шешуге мүмкіндік береді. Педагогикалық сана – бұл ең жалпы пайымдаулар, қызмет туралы, өзі, басқалары және қоғам туралы білім жүйесін ғана емес, сонымен бірге тек жеке тәжірибенің нәтижесі мен педагогикалық мәдениеттің жан-жақтылығын жеке қызмет саласына айналдыруға мүмкіндік беретін мұғалімнің жеке басының кәсіби қалыптасуының ерекше механизмі. Гностикалық («гноз» - таным, танымдық) құрылымдық компоненттер-мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетке қажетті

ақпаратты алу және пайдалану қабілеті. Гностикалық құрылымдық компоненттердің маңызды құрамдас бөлігі-бұл өзінің танымдық іс-әрекетінің негізінде жатқан білім мен дағдылар. Гностикалық құрылымдық компоненттер әлемге, жұмысқа, басқа адамдарға және өзіне деген қарым-қатынастың тұрақты жүйесінде көрінетін дүниетанымның қалыптасуына әсер етеді; өмірлік ұстанымның белсенділігі үшін праксиологиялық құрылымдық компоненттер іс-әрекеттің қалыптасуын қамтиды, өзін-өзі жетілдіруге бағытталған саналы іс-әрекеттерді білдіретін кәсіби педагогикалық қызметке тәжірибелік дайындыққа ықпал етеді. Өзін-өзі кәсіби, өзін-өзі бағалау туралы идеяларды ескере отырып, кәсіби қызметте өзін-өзі реттеу. Бұл құрылымдық компоненттер мұғалімдердің кәсіби педагогикалық қызметке тәжірибелік дайындық дәрежесін көрсетеді. Жаңашылдық құрылымдық компоненттер – педагогикалық қызметте жаңашыл ойларды, жобаларды, технологияларды іске асыру қабілеті. Педагогтың оқытудың жаңашылдық және өзара қарым-қатынастағы белсенді әрекет жасау технологияларын меңгеруге теориялық және тәжірибелік дайындығы. Мұғалімнің кәсіби әлеуетін дамыту критерийлері: кәсіби субъективтілік дәрежесі, кәсіби өзін-өзі тану деңгейі, кәсіби мүмкіндіктер мен талаптардың арақатынасы, тұлғаның педагогикалық әлеуетін өзектендіру дәрежесі. Кәсіби педагогикалық әлеуетті іске асыру деңгейінің көрсеткіштері: педагогикалық қызметтің тиімділігі (нәтижелілік деңгейі), оны жүзеге асырудағы жеке жайлылық деңгейі, кәсіби белсенділік дәрежесі. Кәсіби-педагогикалық әлеуетті дамытудың негізгі шарттары: білім беру үдерісінде мүмкіндіктерді жинақтаудан оларды жүзеге асыруға дейінгі дамуды қамтамасыз ету; білім беру үдерістерін үйлестіруді және адамның жеке дамуын жүзеге асыру; оқу және кәсіби қызметтің сабақтастығы мен интеграциясын, кәсіби педагогикалық әлеуетті іске асыру аймағында білім беру жағдайларының көптігі мен өзгермелілігін қамтамасыз ету. Кәсіптік білім беру мұғалімінің кәсіби-педагогикалық әлеуетінің қалыптасу деңгейі оның құрамдас бөліктерінің көрсеткіштерінің қалыптасу деңгейімен анықталады. Әр компоненттің өзіндік өлшемдері мен көрсеткіштері бар. Алынған нәтижелер жүргізілген зерттеу деректерімен шектелмейді. Мұғалімнің өзін-өзі ұйымдастыру мәселесін тереңірек зерттеп, оның өзін-өзі дамытуға дайындығын зерттеу қажет. Зерттеу барысында білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында педагогтың кәсіби әлеуетін дамыту проблемасының әзірленуі зерттелді және анықталды. Бұл проблема орта білім берудің педагогикалық теориясы мен практикасындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады, бұл мұғалімдердің кәсіби деңгейіне қойылатын талаптардың артуымен, сондай-ақ орта білім берудің теориясы мен практикасында осы мәселелердің теориялық тұрғыдан жеткіліксіз дамуымен байланысты. Қазіргі орта білім беру жүйесіндегі инновациялық процестер оқытушының кәсіби әлеуеті үшін жағдай жасауға бағытталған. Мұғалімнің кәсіби әлеуетін біз педагогикалық іс-әрекет барысында жүзеге асырылатын инновациялық білімнің, дағдылардың, тәжірибенің және зияткерлік қабілеттердің резервтік мотивациялық және құндылық аспектілерінің жиынтығын көрсететін интегралды кәсіби тұлғалық сипаттама ретінде

анықтаймыз. Біз мұғалімнің кәсіби әлеуетін мұғалімнің өз қабілеттерін жүзеге асыратын нақты қызмет түрлерін сипаттайтын құрылымдық компоненттер түрінде ұсынамыз. Осыған сәйкес біз модельдің құрылымдық компоненттер орнаттық: мотивациялық, аксиологиялық, эпистемологиялық, праксеологиялық, инновациялық. Бұл зерттеу көрсетілген мәселенің барлық аспектілерін толық қамтымайды. Одан әрі жұмыс мынадай бағыттарда жалғастырылуы мүмкін: а) өзге әдіснамалық тәсілдер негізінде модельді жетілдіру; ә) мұғалімдердің өзара іс-қимылының нысандары мен әдістерін жетілдіру; б) мұғалімнің кәсіби әлеуетін дамытудың мақсатты үдерісін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу.

Осыған байланысты педагогтың кәсіби әлеуетін дамыту мәселесі өзекті болып, оны шешу инновациялық типтегі оқу орнын сапалы қайта құруды қамтамасыз ету, өйткені білім беру парадигмасын, білім беру жүйесін және оның нормативтік базасын, оқыту мен тәрбиелеуде қолданылатын білім беру мазмұны мен әдіснамасын өзгертуге болады. Алайда, білім беру сапасын дамыту, сайып келгенде, күнделікті білім беру қызметінде «ғылыми тұжырымдамаларды» кім және қалай іске асыратындығымен анықталатын болады.

Сондықтан елімізде білім беру мазмұнын жаңарту шарттарына сәйкес педагогтердің кәсіби әлеуетінің мазмұнына өз кезегінде жоғары талаптар қойылады. Бүгінгі таңда педагог қазақстандық орта білім беру жүйесінде оқыту мен тәрбиелеудің жаңа модельдерін пайдалануды жүзеге асырып қана қоймай, сондай-ақ «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші», «педагог-модератор», «педагог-шебер» санаттарын алу үшін Ұлттық аттестаттаудың жаңа жүйесі бойынша талаптарға сәйкестігіне өз біліктілігін растауы қажет.

Сонымен бірге, бәсекелестік шарттарының бірі мектеп педагогтарын маңызды зерттеу жұмыстарына қатысуға, теориялық тұжырымдамаларды игеруге, оқу процесін жобалау кезінде педагогикалық теорияның ережелеріне сүйенуге бағыттайды. Қазақстандағы педагогтарды даярлаудың қазіргі жүйесінің маңызды мәселелерінің бірі, педагогикалық жоғары оқу орындары талапкерлердің жетіспеушілігі мәселесі жоқ, үнемі мамандарды даярлап және шығарып отырады, ал екінші жағынан, ел мектептерінде жас білікті педагог кадрлардың жетіспеушілігі өткір мәселесі әлі күнге дейін сақталуда.

Жоғарыда аталған жағдайларға байланысты орта білім беру мекемелерінде педагогтың кәсіби әлеуетін дамыту үшін жағдай жасау мәселесі шынымен де бүгінгі таңда өте өзекті болып отыр.

Қазақстандық мектептердің ғылыми әдебиеттері мен білім беру практикасын талдау жалпы білім беретін мектеп педагогтерінің жүйелі өзгерістер жағдайында педагогикалық қызметтің өзгерген функцияларын жүзеге асырудағы қиындығын айғақтайтын көптеген мысалдармен сипатталады. Педагогтардың кәсіби әлеуетінің жоқтығы, олардың деңгейлерінің төмендігі мен кәсіби жоғарылау бастамасының салдары жеткіліксіз болып, педагогикалық қызметтің нәтижеге қол жеткізуі мүмкін емес болып қала бермек.

Қазіргі уақытта қолымызда бар теориялық әзірлемелер мен кәсіби қызметтің әр түрлері бойынша жинақталған эмпирикалық мәліметтер ғылыми құбылыс ретінде кәсіби әлеуеттің мәнін білу жолында айтарлықтай ілгерілеу туралы айтуға мүмкіндік береді.

Кәсіби әлеуетті зерттеу теориялық жүйелерде қабылданған (Н.И. Лапин, Б.В.Сазонов, Т.А.Эленурм және т.б.), психологтар (И.В. Байер, И.Н. Семенов, С.Ю. Степанов, М.В.Чигринова және т.б.), әлеуметтанушылар (И.В. Бестужев-Лада, А.И. Пригожий, Ю.А.Прохоров және т.б.), педагогикада (В.А. Антипов, Т.М. Давыденко, А.Е. Калто, И.М. Курдюмова, В.С. Лазарев, В.П. Ларина, Э.В. Литвиненко, А.В. Лоренсов, А.М. Моисеев, Н.В. Немова, С.Д. Поляков, М.М. Поташник, П.И.Третьяков, Т.К.Чекмарева, Т.И.Шамова және т.б.). Алайда, білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында мектептегі мұғалімнің әлеуетін дамытудың педагогикалық құралдары (модельдері, шарттары, технологиялары) мен тетіктері іске аспай отыр. Білім беру мазмұнын жаңғырту барысында туындайтын міндеттерді іске асыру үшін бірқатар маңызды қайшылықтарды шешу қажет:

- білім беруді жаңғырту жағдайында инновацияға, шығармашылық ойлауға қабілетті педагогтердегі білім берудің жаңартылған мазмұны жүйесінің қажеттілігі мен педагог кадрлардың көпшілігінің кәсіби-тұлғалық сипаттамаларының осы талаптарға сәйкес келмеуі арасында;

- педагогтардың үнемі өз бетінше білім алуды дайындауы және инновацияларға ынталандыруды дамытуды ескермей, педагогтардың ескі стереотиптерді сақтап қалуы арасында;

- педагогтың қажетті даярлығына жаңартылған білім беру мазмұнының талаптары мен осы даярлықтың накты деңгейі арасында;

- педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру қажеттілігі мен осы мәселенің орта білім беру теориясы мен практикасында дамымай қалуы арасында.

## 2.2 Болашақ педагогтың кәсіби әлеуеті моделінің мазмұны мен құрылымы

Классикалық білім беру парадигмасын қайта қарау жағдайында мұғалімнің кәсіби-педагогикалық қызметін модельдеу туралы көзқарастар өзгеруде. Маманды модельдеуге психологиялық-педагогикалық ғылымда белгілі барлық тәсілдердің ішіндегі ең оңтайлы, біздің ойымызша, оны құрудың маңызды әдіснамалық, әдістемелік және мазмұнды тәсілдерімен ерекшеленетін құзыреттілік моделі болып табылады. Бұл модель кәсіби және педагогикалық қызметтің белгілі бір саласында болашақ мұғалімді даярлау сапасының сипаттамасы ретінде құзыреттілікке негізделген. Құзыреттер жиынтығы құзыреттілікті құрайды – жеке қасиеттердің интеграцияланған сипаттамасы. Педагогтың құзыреттілігі болашақ мұғалім меңгеруі тиіс құзыреттердің үш тобының қалыптасуына байланысты: жалпы мәдени (дүниетанымдық) құзыреттер; әдіснамалық (психологиялық-педагогикалық) құзыреттер; пәнге бағытталған құзыреттер.

Мұғалімнің құзыреттілік моделі келесі ерекшеліктермен сипатталады:

Біріншіден, модель қасиеттер мен сипаттамалардың қарапайым жиынтығы ретінде емес (мұғалімдер мамандықтары бойынша біліктілік сипаттамаларында дәстүрлі түрде көрсетілгендей) ұсынылған маман-мұғалім – тұлғаға негізделген, бірақ логикалық орталығы мен негізі оның әлеуметтік және кәсіби ұстанымын құрайтын қажеттілік-мотивациялық сала болып табылатын тұтас динамикалық білім.

Екіншіден, бүгінде жоғары оқу орнында білім беру жағдайында педагог кадрларды даярлауды жетілдіру туралы мәселе көтерілген кезде психологиялық-педагогикалық және әдістемелік пәндер, педагогикалық практика бойынша сағаттардың жетіспеушілігі сөзсіз айтылады. Біздің ойымызша, болашақ мұғалім оқуы керек университеттегі педагогикалық пәндердің көлемін автоматты түрде арттыру туралы айту мүмкін емес. Бізге мәселенің шешімі педагогикалық білімнің «көп немесе аз» көлемімен байланысты емес сияқты, ал жауап педагогика теориясында жинақталған білімді құрылымдау жазықтығында жатыр. Бұл оқу пәндерінің мазмұны мен оқыту әдістемесі мұғалімнің кәсіби дайындығына бағытталуы керек дегенді білдіреді. Қазіргі мұғалім үшін психология мен педагогика деген не, сонымен қатар психология мен педагогика туралы білімді оқыту мен тәрбиелеуде қалай қолдану керектігін білу маңызды. Оқыту әдістері көбінесе сабақта оқытылатын пәннің мазмұнын қалай жеткізуге бағытталған. Мұғалімнің іс-әрекетінің ерекшелігіне бағдарланудың болмауы студенттердің қалыптасқан оқыту әдістерінің нәтижесінде педагогикалық ойлау өте нашар қалыптасатындығына әкеледі.

Педагогикалық қызметтің белгілі бір деңгейіне ену тиісті құзыреттерді игерумен нақты байланысты: негізгі, пәндік. Біліктілік шеңбері педагог кадрларды даярлау сапасын бағалауға, мектепке жұмысқа қабылдау кезінде, сондай-ақ біліктілік дәрежесін алу кезінде қорытынды біліктілік сынақтары мен емтихандарының мазмұнды негізі болуға мүмкіндік береді.

Педагог кәсібилігінің қалыптасуының маңызды психологиялық детерминанты кәсіби қызметтің ішкі (психикалық) тұжырымдамалық моделін қалыптастыру процесі болып табылады [169].

Сонымен қатар, кәсіби әлеует дегеніміз – ұзақ білім алуды, тиісті білім, білік, дағдыларды игеруді және адамның жеке қасиеттеріне белгілі бір талаптар қоятын күрделі өнімді еңбек қызметі. Кәсіби қызметтің тұжырымдамалық моделі – бұл кәсіби орта туралы, еңбек мәні туралы, мақсаттары, құралдары мен іс-әрекеттері туралы көптеген ақпаратқа негізделген адамның ішкі әлемі. Тұжырымдамалық модель маманның кәсіби міндеттер туралы түсінігін, дұрыс және қате шешімдердің салдарын білуді, стандартты емес, екіталай оқиғаларға дайын болуды қамтиды. Кәсіби қызметтің тұжырымдамалық моделі маман қызметінің ішкі құралы ретінде әрекет етеді. Кәсіби қызметтің тұжырымдамалық моделі бейнелі, концептуалды және тиімді компоненттерді қамтиды. Кәсіби қызметтің тұжырымдамалық моделі құру үшін компоненттердің жеткіліксіз қалыптасуы, олардың мазмұнды сарқылуы бұл ішкі қызмет құралын жеткіліксіз қайнар көзге айналдыруы мүмкін,80-нен астам

мұғалім қатысқан эмпирикалық зерттеулерді жүргізу барысында біз шартты түрде «табысты» (кәсібиліктің жоғары деңгейі бар) және «сәтсіз» (немесе сәтсіз, қажетті кәсіпқойлығы жоқ) деп белгіленген педагогтердің екі тобы үшін тұжырымдамалық модельдің компоненттерін зерттедік. Кәсіби жетістік деңгейі «оқытушының кәсіби деңгейін анықтау әдістемесі» арқылы анықталды [170].

Нәтижелерді толығырақ қарастырыңыз:

1.Кәсіби қызметтің тұжырымдамалық моделінің бейнелі компоненті – бұл жедел және жедел емес бейнелер-жағдайлардың синтезінің нәтижесі, олардың фрагменттері кескін-мақсаттар, кескін-нысандар және кескін-қызмет шарттары болып табылады. Табысты мұғалімдердің «жедел емес» бөлігі педагогикалық қызметтің әртүрлі мақсаттары туралы, мақсаттарға қол жеткізудің мүмкін құралдары мен тәсілдері туралы; оқу процесін ұйымдастыруға қажетті дидактикалық және әдістемелік құралдарды жүйелеудің және сақтаудың оңтайлы нысаны туралы түсініктерді қамтитыны анықталды. Сонымен қатар, сәтсіз мұғалімнің Кәсіби қызметтің тұжырымдамалық моделінің бейнелі моделінің жедел емес бөлігі жұмыс үшін қандай дидактикалық және әдістемелік материалдар қажет екендігі туралы хаотикалық идеялармен сипатталады; оқу материалын жүйелеу туралы идеялар, сондай-ақ сабақ түрлері фрагменттік болып табылады.

Кәсіби жетістіктің әртүрлі деңгейіндегі мұғалім қызметінің тұжырымдамалық моделінің «жедел» компоненттері сипаттамаларын салыстыру келесі нәтижелерге әкелді: Табысты мұғалім өз қызметін сырттан көреді, сабақ кезінде қателіктердің себептері мен салдарын көреді, оларды жою туралы түсінікке ие; педагогикалық жағдайға ие және оның өзгеруін болжай алады. Керісінше, «әуесқой мұғалім» педагогикалық жағдайға ие емес, нәтижесінде оқушылардың оқу іс-әрекетін басқара алмайды. Мұндай мұғалімнің объективті өзін-өзі талдау дағдылары жоқ, педагогикалық іс-әрекеттің мақсаты «нұсқауларды қатаң сақтау» ретінде қарастырылады.

2. Табысты мұғалімдердің кәсіби қызметтің тұжырымдамалық моделі тұжырымдамалық компоненті ақпараттық қаныққтылықпен сипатталады, ол мұғалімге тұжырымдамалық базаны толық меңгеруді, оқытылатын пән бағдарламасындағы себеп-салдарлық байланыстарды түсінуді қамтамасыз етеді; тақырыптың негізгі компоненттерін бөліп көрсете білу және осы негізде сабақтың мақсаттары мен міндеттері жүйесін ауызша білдіру мүмкіндігі. Табысты мұғалім озық әдістер мен педагогикалық технологияларды зерттей отырып, тұжырымдамалық және логикалық деңгейде оларды өз көзқарастары мен тәсілдеріне бейімдей алады және оларды өз жұмысында шығармашылықпен қолдана алады.

«Сәтсіз» мұғалімнің Кәсіби қызметтің тұжырымдамалық моделі тұжырымдамалық компонентінің дамымауының салдары – мұғалім сабақтың оқу мақсаттарын ауызша білдіре алмайды; ол басқа мұғалімдердің шығармашылық жетістіктерін танымайды немесе олармен тек «танымал болуына байланысты» деп санайды.

Табысты мұғалімдердің кәсіби қызметтің тұжырымдамалық моделінің тиімді компоненті - ол оқушылардан игерілген шешімдерді де, өздері жасаған шешімдерді де талап ететін оқу тапсырмаларын ұсынатындығында көрінеді. Бұл жағдайда мұғалім оқу міндеттерін шешудің мүмкін жолдарын көреді және біледі. Сәтсіз мұғалімнің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың тиімді компонентінің ерекшеліктерін көрсету – бұл оқушылардың шаблондық іс-әрекеттер мен үзінділер туралы білімдерін қалыптастыруға бағытталған педагогикалық ықпал; оқытылатын пән бойынша «тартуға», тұжырымдарды «есте сақтауға» бағытталған.

Пәрменділік – бұл әрекет арқылы ойлау: импровизация қабілеті; теориялық материалды қолдануға арналған «кілтті таңдау», практикалық синтездерді қалыптастыру. Пәрменділік педагогикалық ойлаудың жалғыз тәрбиелік фактор болып табылатын әлеуметтік ортаны ұйымдастыруға бағытталуынан; оқушылардың психикалық дамудың жаңа деңгейлеріне қол жеткізуі үшін қажетті жағдайларды ұйымдастырудан; оқушылардың алдында танымдық проблемаларды қою арқылы өнімді іс-әрекеттерді ұйымдастырудан көрінеді, оларды шешу үшін олар ақпаратты өз бетінше табуы керек. Оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыра отырып, кәсібилігі бар мұғалім басқаруды тікелей әсер ету ретінде емес, ол өз шешімдерін өз бетінше «шығара» алатын «негіздерді» оқушыға беру ретінде жасайды. Оқытудың тиімділігіне байланысты (Б.М. Блонскийдің айтуы бойынша) білімнің оларды практикалық қолдануға өзіндік «дайындығы» жасалады[171,172].

Кәсіби қызметтің тұжырымдамалық моделінің маңызды сипаттамасы оның өзгеруге дайындығы болып табылады. Егер мұндай дайындық болса, адам өзінің ішкі моделін түзете алады, нақтылай алады, оған жаңа қарым-қатынас жүйелерін енгізе алады. Объектімен келіспеушілікті азайту мақсатында тұжырымдамалық модельді түзету (сырттан алынған ақпарат негізінде) адамды кәсібилендірудің қажетті шарты болып табылады. Осыған байланысты модель мен объектінің сәйкес келмеуі адамның кәсібилігін дамыту көзі ретінде қарастырылуы мүмкін. Мұндай дайындық болмаған жағдайда, адам модель мен объектінің пайда болған ауытқуына (сәйкес келмеуіне) басқаша жауап береді. Немесе адам объектінің және кәсіби ортаның өзгеретін жағдайлары туралы келіп түсетін ағымдағы ақпаратты елемейді және қалыптасқан стереотиптік (жеткіліксіз) идеяларға сәйкес қызметті жүзеге асырады. Бұл жағдайда пайда болған сәйкессіздік еңбек мінез-құлқы мен жеке басының деформациясының көзі болып табылады [173].Немесе адам ішкі идеялар жүйесіне сәйкес кәсіби әлемді өзгертуге бағытталған белсенділікті көрсетеді.

Кәсіби құндылықтар бұрмаланған кезде маманның қызметі кәсіби деструктивті сипатқа ие болуы мүмкін [174].Зерттеу әдебиетінде «жұмыс істейтін адам» (homo faber), «ойнайтын адам» (homo ludens), «рухани адам» (homo humanitatis) және т.б. ұғымдарын бөліп көрсету зерттеушілерді табиғи және логикалық тұрғыдан негізделген, біздің көзқарасымыз бойынша, «тәрбиелеуші адам» және «педагогикалық адам», яғни өзін және басқа адамды қалыптастыру идеясына әкелді (Батракова, 2004). Басқа адамды тәрбиелейтін

адам (қызметші, күтуші, медбике және т.б.) өзін және екіншісін бір уақытта қалыптастыратын «педагогикалық адамнан» әлдеқайда ертерек пайда болады. «Педагогикалық адам» – бұл оның тасымалдаушыларының тікелей өмірлік тәжірибесімен ғана емес, сонымен қатар ғылымдармен, өнермен, философиялық көзқарастар мен идеялармен делдал болған тәжірибемен байланысты мәдениет феномені. «Педагогикалық адам», біздің ойымызша, кәсіби мұғалімнің кәсіби өзін-өзі тануының көрінісі болып табылады.

«Тәрбиелеуші адам» бейнесі «педагогикалық адамда» оның қырларының бірі ретінде сақталады және күнделікті санаға негізделген бағытталған тәрбиеде өзін сезінеді. Бұл, әдетте, дамыған рефлексиядан, педагогикалық процестің мәселелерін түсінуден, оның сәйкессіздігінен айырылған сана; жеке тұлғаны қалыптастыру процесінің мазмұны үшін жауапкершілік сезімінен айырылған, сайып келгенде, білімге басқа көзқарастарға агрессивті.

«Тәрбиелеуші адам» бейнесі мәдениетте дамыды және әр жаңа кезеңде өз ерекшеліктеріне ие болды. Қазіргі уақытта «тәрбиелеуші адам» - бұл оның тәрбиеге деген көзқарасының, оның мызғымастығының және тек өзінің, оқушының жеке басын қалыптастыру құқығының, априори өзін басқа адамға (оқушыға, балаға, ересек адамға) бағытталған әсер ету үшін дайын (немесе дайындалған) адам деп санайтын адам. Бұл бір уақытта оған ұсынылған білім беру жүйесін бір рет қабылдаған адамның сипаттамасы. Оның күнделікті санасы, әдетте, жеке тұлғаны қалыптастырудың белгілі бір сыни тұрғыдан қабылданған тұжырымдамасымен қаруланған. Жеке тұлғаның кезкелген тұжырымдамасына догматикалық түрде сүйене отырып, «тәрбиелеуші адам» педагогикалық процестің қайшылықтары мен жеке тұлғаны қалыптастыру мәселелерін мәдениет пен қоғамның эволюциялық тенденцияларымен байланыстыру мүмкіндігінен айырылады.

Осы негізде тәрбиенің әртүрлі иллюзиялары, жалған білім беру тұжырымдамалары, тар білім туралы прагматикалық бағытталған «теориялық» идеялар пайда болады. Білім берудің иллюзиялары бұл процесс туралы идеяларды толығымен рационализацияланған, мақсатты және қатаң бағынатын «тәрбиешіге» жатқызуға болады. Мұндай біржақтылықта жалған білімнің тамыры жатыр. Көбінесе жалған білім беру нәтижесі «тәрбиешінің» ниетіне қарама-қайшы келеді, әсіресе бұл педагогикалық прагматика жағдайында жиі кездеседі.

Әлеуметтік және мектеп педагогикасында біз бәріне белгілі «тәрбиелеуші адам» фигурасын табамыз. Оның «тәрбиелік әсерінің» негізгі құралы – монологиялық сөз. «Тәрбиелеуші адам» ұсынатын нормалар, тыйымдар мен рұқсаттар жүйесі, әдетте, тәрбиеші мен тәрбиеленуші тікелей жататын жақын (нормативтік тұрғыдан белгіленген) әлеуметтік ортаға бағытталған әлеуметтік тапсырыс түрінде «жоғарыдан» түседі. Дәл осындай жақын әлеуметтік орта мифтік бейнелер жасайды, олар нақты идеалдар ретінде қызмет етеді, оларды «тәрбиелеуші адам» да, оның әсер ету объектісі де бағыттауы керек, оны тек «тақырып» деп атайды, дегенмен, тәрбиелік әсердің барлық нақты жүйесінен ол ондай емес.

Декларативтілік, тікелей нормативті-монологиялық сөз, ақылға сүйену (ақылға емес), нақты сенсорлық үлгі және мифоид – бұл «тәрбиелеуші адамның» басқа адамға әсеріне тән негізгі белгілер. «Тәрбиелеуші адам - бұл мұғалімнің дипломы бар адамның кәсіби емес (немесе«псевдокәсібилік»), сонымен бірге біз бұрын жазған «антикәсібиліктің» ең жарқын бейнесі (Дружилов, 2001).

Модельдеу әдісі– ғылыми танымның зерттеу объектілерін олардың модельдерін жасап, зерделеу арқылы танып-білу әдісі. Модельдеу әдісінің пайда болуы техникалық жүйелердің күрделілігіне, материалдық процестер мен құбылыстарды зерттеу қажеттілігіне орай туындайтын ой-түрткілерге, себептерге, тағы басқаға байланысты. Модельдеу кез келген затты мақсатты, жылдам, неғұрлым тиімді тәсілмен зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, модельзерттеліп жатқан объектінің субъект баса көңіл қойып отырған қасиеттерін жоғары дәлдікпен бейнелей алады. Ол объектіні құбылыстарға, заттар мен процестерге тән қосалқы белгілерден айырып, ондағы жалпы, негізгі, елеулі заңды белгілерді табуға мүмкіндік береді. Сондықтан модельдеу танымның формасы, әдісі, ірі категориясы болып саналады. Модельдеу екі түрге бөлінеді. 1) пәндік модельдеу зерттеу объектісінің белгілі бір физикалық, геометриялық, динамикалық немесе функционалдық сипаттамаларын нақыштайтын модель жасау арқылы іске асады; 2) идеалды модельдеу кезінде модель ретінде сұлбалар, сызбалар, формулалар, табиғи және жасанды тілдердегі сөйлемдер, тағы басқа қолданылады. Мұндай модельдеу түріне математикалық (компьютерлік) модельдеу жатады. Әлдебір құбылысты оның моделі арқылы зерделеу модельдік эксперимент деп аталады. Күрделі жүйелерді зерттеу кезінде көбіне бірін-бірі толықтыратын бірнеше модельдер қолданылуы мүмкін. Кейде бір құбылысты зерттегенде бір-біріне қарама-қайшы келетін модельдер пайдаланып, бұл қайшылық таным дамуының аса жоғары деңгейінде шешімін табуы мүмкін. Модельдеу танымның басқа да формалары мен әдістерімен (эксперимент, абстрактілеу, гипотеза ұсыну, теория құру, түсініктемелеу, тағы басқа) бірлесе отырып, адам білімінің тереңдей түсінуіне зор ықпал етеді [175].

Н.В. Кузьмина, В.А. Сластенин, И.Ф. Исаев профессиограмманы түрліше жетілдіріп, маманның кәсіби сапаларын анықтауда бірнеше нұсқаларын ұсынды. В.А. Сластенин педагогтың профессиограммасында оның жеке тұлғасының инвариантты, мұрат етілген параметрлері болу керек деп есептейді [176,177]. Ол мұғалімге қойылатын талаптарды бір-бірімен байланысты және бірін-бірі толықтыратын жалпы азаматтық сапалар, мұғалім кәсібінің өзіндік ерекшелігін көрсететін сапалар және мамандық бойынша арнайы білім, икемділік және дағдылар түріндегі үш негізгі компонентке біріктіреді.

Студент өзінің психологиялық-физиологиялық сапаларымен педагогтік қызметке дайын болуы мүмкін, бірақ теориялық немесе практикалық жағынан әлі дайын емес. Мұғалімнің кәсіби дайындығы ұғымын құрайтын тұлғалық және кәсіби сапаларды профессиограмма түрінде көрсетуге болады.

Профессиограмма – мұғалімнің тұлғалық сапасының, қажетті педагогикалық және арнайы білімдері мен біліктерінің жиынтығы.

Педагогтарды кәсіби даярлау жөніндегі зерттеулерді бірнеше топқа бөлуге болады. Профессиограммаға жоғары оқу орнында білім беру мазмұны нәтижесінде құрылатын, сондай-ақ мұғалімнің кәсіби сапасы үшін қажетті кәсіби білімнің, білік пен дағдылардың жиынтығы енеді. Оны жасау барысында біз педагогті кәсіби даярлау проблемасы бойынша зерттеулерде баяндалатын әртүрлі көзқарастарды есепке алдық. Бір бағытта даярлаудың параметрлерін анықтау кезінде теориялық білімнің мазмұны, оқу-тәрбие әрекеттерін жүзеге асыру үшін қажетті педагогикалық шеберлік пен дағдылар анықталады. Басқа бір бағыт педагогикалық қызметтің құрылымын ашумен сипатталады. Онда негізгі компоненттер ретінде мотивациялық, мазмұндық, үдерістік, бағалаушылық болып жіктеледі. Үшінші бағытта мұғалім қызметінің жекелеген түрлері бойынша білім қалыптастырудың мазмұны, түрлері қарастырылады.

Алғашқы профессиограммалық зерттеуге В.А. Сластениннің ғылыми зерттеулерін жатқызуға болады.

Студенттің, болашақ мұғалімнің профессиограммасына ғалым қоғамдық-саяси және психологиялық-педагогикалық даярлығын, арнаулы білім мен әдістемені толық меңгеруін жатқызады. Ғалым педагогиканың әдістемелік негіздерін, категориялары мен заңдылықтарын, тұлғаның даму жолдары мен әлеуметтік қалыптасуын, балалардың барлық жастағы даму кезеңдерінде болатын анатомиялық-физиологиялық, жастық және дербестік ерекшеліктерді білуді қарастыратын жоғары психологиялық-педагогикалық даярлықты мұғалім кәсібилігінің шешуші белгісі деп есептейді. Сонымен қатар ол педагогтың бағыттылығын да бір көрсеткіш ретінде санайды [178]. К.Н. Дурай-Новакова мұғалім даярлау бағытында жүзеге асырылған жұмыстарды барлық қырларының әзірлік аспектілері бойынша топтастыра келіп, оларды негізгі екі топқа бөледі: оның алғашқысына ерекше ұзақ немесе қысқа мерзімді жағдайға байланысты айқындалатын даярлаудың психологиялық аспектілеріне жасалған зерттеулер жинақталса, екіншісіне даярлаудың алуан түрлі іс-әрекет түріне жасалған зерттеулері енеді [179]. Мұғалім бір жағынан өмір сүріп отырған кезеңнің қажеттіліне, әлеуметтік жағдайына, қоғамның нақты сұранысына қарай оқытып тәрбиелесе, екінші жағынан, мәдениетті сақтаушы, жеткізуші, тұлғаны адамзат мәдениетінің барлық байлығы негізінде қалыптастырушы ретінде болашаққа қызмет етеді. Әсіресе, қазіргі ақпарат ағыны толассыз құйылған, өзгермелі заманда жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін мұғалімнің қызметі күрделене түскені белгілі.

Сондықтан мұғалім қызметі құрылымының ішінде өзара тығыз байланысты құрастыру, ұйымдастырушылық және коммуникативтік әрекеттер басымдыққа мәнге ие. Құрастыру қызметі мұғалімнің құрастыру – мазмұндық (оқыту үдерісін жоспарлау, құру мен материалдарды іріктеу) және құрастыру – әрекеттік (өзінің және оқушының іс-әрекетін жоспарлау) қызметтерінен тұрады. Ұйымдастырушылық қызметі – мұғалімнің оқушыларды әрекеттің әр түріне тарта білуімен, ұйымшыл ұжым қалыптастыру және оқушыларды ұжымда

жұмыс жасай алуға үйрете білуімен анықталады. Коммуникативтік қызметі мұғалімнің оқушылармен, өзге де педагогтармен, ата-аналармен, қоғаммен мақсаттты қарым-қатынас орната білуімен айқындалады.

Біз мұғалімінің кәсіби әлеуетін қалыптастыру моделін түзу барысында педагогикалық әдебиеттердегі ғылыми зерттеулерді зерделеу негізінде модель ұғымының мәнін анықтауды жөн көрдік.

Модельдеу әдісі танымның көрінісі мен танымның объектісін саналы талдаудың кеңінен танылған түрі болып табылады. Өзінің мәні жағынан модельдеу абстракциялау және дәріптеушілік деген математикалық ұғымдардың негізінде шыққан, өйткені математикалық ұғымда абстракциялау деген заттың бір немесе бірнеше қасиеттерін ойша бөлумен түсіндіріледі.

Педагогикалық сөздікте «Модель (лат. Modulus – үлгі, өлшем) – нысан және оған қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдарының бірі (шартты бейне, схема т.б.) –деп анықтама берілген» [180] Педагогикалық әдебиеттерде модель ұғымына шетел және Қазақстан ғалымдары А.И. Бочкин, А.Г. Гейн, А.М. Новиков, Г.Қ. Нұрғалиева, В.В. Подласый, А.П. Сейтешов, А.Ф. Федотов, В.А. Штофф, И.С. Якиманская және Н.Д. Хмель және т.б. әртүрлі сипаттама берген. Мысалы, Н.Д. Хмель нақты объектінің немесе үдерістің қарапайымдандырылған үлгісі. Болашақ мамандардың кәсіби бағдарын ұйымдастыруды мотивациялық, мазмұндық, әрекеттік, процессуалдық аспектілерінен тұратын модельдерді ұсынады [181]. Г.Қ. Нұрғалиева болашақ мамандардың кәсіби бағдарын ұйымдастыруды, мектептегі оқу-тәрбие мәселелерін танымдық /когнитивтік/, мотивациялық-қажеттілік, әрекеттік-мінез-құлықтық құрылымдық компоненттер тұрғысынан талдады [182]. И.П. Подласый ғылыми модель – зерттеу объектісін қамтып, оны ойша елестететін немесе материалдық жағынан жүзеге асыратын жүйе. Педагогикалық модель оқу-тәрбие мақсатын, мазмұнын, формасын, әдісін, басқару жолдарын анықтаса, ғылыми негізделген модель тұтас педагогикалық үдерісті немесе оның бір бөлігін ұйымдастыру және қызмет ету жолдарын анықтайды деп есептеді [183].

Н.Д. Хмель модельдеуді біртұтас педагогикалық үдерісті жүзеге асырудың маңызды бөлігі деп есептейді, яғни, зерттеуші ұстаз үшін моделдеу зерттелінетін құбылыстың идеалдық моделін қайта жасаудың тәсілі болады. Практик ұстаз үшін моделдеу іс-әрекетінің мақсатына сәйкес оның жағдайын ұстаз өзгерткісі келетін белгілі бір педагогикалық құбылысты немесе үдерісті тұтасымен ойша (алдынала) қайта құру тәсілі болады. Басқаша айтқанда, моделдеу ұстаз үшін педагогикалық теория мен нақтылы практикалық іс-әрекет арасындағы бөлік болады.

Осы айтылғандарды негізге ала отырып, біз педагогикада модельдеу мынадай жағдайларда қолданылатынын байқадық: а) педагогикалық міндеттерді және педагогикалық жағдаяттарды модельдеу; ә) оқыту, тәрбие, үйренушілерді дамыту үдерісін модельдеу; б) білім беру мекемелерін басқару жүйесі жағдайын модельдеу.

Біздің зерттеуімізде модельдеу әдісі болашақ мұғалімдерінің кәсіби-әлеуетін қалыптастырудың моделін жасауда қолданылады. Сонымен, біз модельдің алғашқы құрылымдық элементі көп ақпарат арасынан зерттелетін объект туралы негізгі мәліметтерді бөліп алуға мүмкіндік жасайтын, педагогикалық үдерістің мақсатын, мазмұнын, формасы, әдістері мен құралдары және нәтижесін анықтайтын ұғым деп тұжырымдаймыз.

Педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру бірнеше кезеңнен тұратын үдеріс. Ол студенттің педагогикалық оқу орнына түспестен бұрын басталғанмен, оны бітіргенімен бір мезгілде аяқталмайды. Оның педагогикалық мамандыққа қажетті сапалық сипаты кәсіби тұлға ретінде қалыптасуының әр кезеңінде түрліше дамып отырады: педагогикалық мамандыққа түскенге дейін, кәсіби-педагогикалық дайындық кезінде және маман ретінде өз бетінше жұмыс жасауы кезінде. Бірақ осы кезеңдердің арасында адамды кәсіби педагог тұлғасына дейін дамытатын өзара сабақтастық болуы шарт.

Кәсіби-педагогикалық мақсат пен міндеттердің мазмұны мен нормативтік көлемі педагогикалық жоғары оқу орнындағы дайындыққа қойылатын талаптар мен жоғары оқу орнынан кейінгі қызмет деңгейіне байланысты анықталады. Педагогтың дайындығы пән бойынша алатын білім, білік, дағдыдан, арнайы қабілет пен жеке бас сапасын (интеллектіні, мінез-құлық, темперамент, психика) дамытудан, жалпы білімділік пен икемділік (бейімделу мүмкіндіктері, қарым-қатынас сапалары), сонымен қатар оқушының болашақ педагогикалық мамандыққа оқуға, педагогтік кәсіби қызметке деген көзқарасынан, қызығушылығы мен ынтасынан тұрады.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйене отырып, қоғамның және студенттердің жеке ынтасы мен қызығушылығының үйлесімі мұғалімді кәсіби дайындаудың төмендегідей мақсаттары мен міндеттерін айқындайтынын байқадық:

*1. Кәсіби маман дайындауда жоғары пәндік, педагогикалық, дидактикалық және әдістемелік деңгейге жетудің критерийлері:*

- бастауышта оқылатын пәндерге байланысты базалық білім деңгейінің болуы (кәсіби деңгей);
- мамандыққа байланысты арнайы пәндерден академиялық білім деңгейінің болуы (іргелі білім деңгейі);
- бастауышта оқылатын әр пәнді оқытуға қызығушылығының болуы (танымдық қызығушылық);
- әдістемелік және технологиялық біліктерінің базалық деңгейі.

*2. Педагогикалық үдеріс барысында бастауыш сынып мұғалімінің ұстаздық мамандыққа бейім тұлғасын қалыптастыру:*

- бейімделу мүмкіндіктері (өзін-өзі кәсіби бағалау, қобалжу т.б.)
- қарым-қатынас, тіл табысу қасиеті;
- педагогикалық бағыттылығы, ынтасы, қызығушылығы;
- жалпы білім, білік, дағдысының даму деңгейі.

*3. Шығармашылық белсенділігін қалыптастыру:*

- мәселені шешуде қалыптан тыс тәсілдерді қолдана білуі;

- мәліметтер жинау (портфолио), ілгері жылжу және болжамды тексеру,нәтиже (рефлексия);

- ғылыми ойлау амалдарын қалыптастыратын оқу және зерттеушіліксипаттағы міндеттер тізбегі (анализ, синтез, модельдеу, фондық көрнекілік т.б.).

*4. Кәсіби тұлғалық қасиеттерін дамыту:*

- педагогикалық шеберлік;
- математикалық ойлау;
- қабылдау, ойлау, ес, сөйлеу, өзінің іс-әрекетіне өзі талдау жасау сияқты психиканың функционалдық тетіктері;
- ерік, жігер, темперамент, мінез, қабілет.

*5. Оқуға психологиялық, педагогикалық, технологиялық тұрғыда жағдай жасау (тұлғалық-бағдарлы педагогика)*

Мұғалімін кәсіби дайындаудың әр компоненті біртұтас педагогикалық үдеріс шеңберінде кәсіби дайындықтың сапасын бағалайтын өлшемдер мен эталондар, критерийлер сияқты базалық сипаттарының жиынтығымен айқындалуы керек.

Мектептегі оқыту сатылық кезеңдерінде қоршаған орта: табиғат, адам және оның еңбегі туралы алғашқы түсініктер қалыптастыруға бағытталады және мектепте қалыптастырылатын құзыреттіліктер: білімді меңгеруге қабілеттілік, болашақ мамандығына және әлеуметтің даму деңгейіне сәйкес болуына қажетті білік, дағды игеру .

Білімді тиімді меңгерудің және құзыретті тұлға қалыптастырудың басты шарты – білім беру мақсатымен тең және түйінді құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған білім беру технологиялары, сондықтан бастауыш сынып мұғалімдерінен тұлғалық-бағдарлы білім беруді қамтамасыз ететін технологияларды меңгеру талап етіледі.

Қазіргі кезде шетелдік және отандық психологияда кәсіби қалыптасудың көптеген тұжырымдамалары бар. Солардың ішінен Т.В. Кудрявцев, Н.Д. Левитов, Е.А. Климов, А.К. Маркова, Л.М. Митина, Н.В. Кузьмина, В.Д. Шадриков т.б. ғалымдардың жалпыпсихологиялық және психологиялық-педагогикалық тұжырымдамаларының бай тәжірибесіне сүйене отырып, әртүрлі мамандықтың, олардың ішінде мұғалім мамандығының да өкілдерінің кәсіби дамуын зерттеген.

Мұғалім тұлғасы, оны кәсіби дайындау барлық уақытта да зерттеушілер назарынан тыс қалған жоқ.

Қазіргі кездегі психологиялық-педагогикалық зерттеулерде тұлғаға жекелеген психикалық үдерістердің жиынтығынан ғана емес, өзара байланысты сапалар мен элементтер жиынынан тұратын тұтас жүйелі–құрылымдық тұрғысынан қарау басымдық алып отыр.

Т.М. Сорокина өз зерттеулерінде мұғалім құзыреттілігі ұғымын оның кәсіби дайындығының динамикалық, процессуалдық, кәсіби өсу, өзгеру сипатын мотивациялық және әрекеттік тұрғыдан қарастырады [184].

Мектеп мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің ерекшелігі – көппәнділік. Оның маңызды сипаты: гуманистік педагогикалық көзқарастың ерекшелігінде; мұғалімнің педагогикалық ойлауы арқылы жүзеге асатын кәсіби интегративтік білім мен дағды жүйесінде көрінетін «балаға бағыттылық» болып табылады.

Сонымен, қарастырып отырған проблема жоғары педагогикалық білім беруде қазіргі кезде қойылып отырған талаптарға сай негізгі кәсіби - дидактикалық құзыреттіліктерді студенттер бойына қалыптастыру мен осы проблеманы шешу үшін педагогика ғылымының әдіснамасына, теориясына және практикасына құзыреттілік тұрғысынан келудің қажеттілігін көрсетеді.

Болашақ мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін мұғалімнің кәсіби-педагогикалық әлеуетінің негізгі құраушысы ретінде қарастырған дұрыс. Мұғалімінің ерекшелігіне байланысты ол оқытылатын барлық пәннің теориялық мазмұнын жетік біліп, кәсіби-педагогикалық әлеуеті бола тұра, оны оқушыларға жеткізе алатын дидактикалық құзыреттілігі болмаса, ондай мұғалімнің еңбегі нәтижелі бола алмайды. Олай болса, кәсіби-дидактикалық құзыреттілік кәсіби-педагогикалық әлеуеттің негізгі өзегі.

Ғалымдардың зерттеулеріне сүйенсек, құзыреттіліктің құрамы төмендегідей: кәсіби дайындықтың әдіснамалық бағыттылығы; қоғамдық саяси пәндердің кәсіби-педагогикалық бағыттылығы; психологиялық –педагогикалық дайындықтың бағыттылығы; математикалық дайындықтың кәсіби бағыттылығы; әдістемелік дайындықтың ғылыми-теориялық және практикалық бағыттылығы; студенттердің үздіксіз педагогикалық практикасының ғылыми-теориялық және ғылыми-әдістемелік деңгейін көтеру; мамандарды дайындауда тұлғалық-әрекеттік тұғырды жүзеге асыру; болашақ мамандарды қазіргі педагогикалық және ақпараттық технологиямен қаруландыру; студенттердің үздіксіз компьютерлік дайындығын жүзеге асыру; оқу-ғылыми-өндірістік-педагогикалық кешен жасау [185].

Болашақ мұғалімдерінің кәсібиәлеуетін қалыптастыру мазмұны моделін құру үшін алдымен мына мәселелерді қарастыру қажет болады:

- *болашақ мұғалімінің кәсіби әлеуетін қалыптастырудың шарттарын айқындау;*

- *болашақ мұғалімінің кәсіби әлеуетін қалыптастырудың қағидаларын айқындау;*

- *кәсіби-әлеуеті қалыптасып, дамыған педагог моделін құру.*

Болашақ мұғалімнің кәсіби әлеуетін қалыптастырудағы оқыту *ұстанымдары*: оқытудың ғылымилығы, түсініктілігі, жүйелілігі, саналылығы, реттілігі, көрнекілігі; студенттерді білімді белсенділікпен меңгерте отырып оқыту; болашақ мұғалімдерді тәрбиелеу және дамыта оқыту; студенттердің жеке ерекшелігін ескеру; логикалық ойлауды дамыту; оқытудың нәтижелілігі және студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыту; студент тұлғасының өзін-өзі іске асыруы және ұйымдастыруы; студент тұлғасының өзін-өзі дамытуы үшін психологиялық жағдай жасау; студенттердің оқытудың инновациялық түрлерін, жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларын меңгеруі.

Болашақ мұғалімнің кәсіби әлеуетін қалыптастырудың педагогикалық *шарттары*: болашақ мұғалімдердің кәсіби әлеуетін педагогикалық-психологогиялық және әдістемелік пәндерді оқыту барысында қалыптастыру; ЖОО-да оқу кезеңінде практикалық дайындықтың үздіксіздігі; «Педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту» тақырыптарындағы арнайы курстар арқылы қалыптастыру; оқу үдерісін оқытудың белсенді әдістері мен технологиялары негізінде ұйымдастыру; кафедра ұжымының және профессор-оқытушылар құрамының студенттердің кәсіби әлеуетін қалыптастырудағы мақсатты бағыттылығы және келісімі.

Болашақ мұғалімдерінің кәсіби әлеуетін қалыптастырудың инварианттық(болашақ қандай да болмасын пән мұғалімінің) және вариативтік (болашақ мұғалімінің) құрылымдық компоненттері бар. Инварианттық құрылымдық компоненттерді жалпы болашақ мұғалім меңгеруге тиіс: әдістемелік дайындық, оқушылардың сабаққа ынтасын, қызығушылығын тудыра білуге дайындығы, оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды қолдана білуге дайындығы, оқушылармен қарым-қатынас мәдениетіне дайындығы, оқушылар білімін тексеруге және бағалауға дайындығы, сабақтың тәрбиелік мақсатын жүзеге асыруға дайындығы жатса, вариативтік құрылымдық құрамалар мектепте оқытылатын барлық пәннің теориялық мазмұнын меңгергендігі, мектептің тәжірибелі мұғалімдерінің іс-тәжірибесінен үйреніп, оны қолдана білуге дайындығы, сыныптарда оқытудың ерекшеліктеріне сай оқытудың әдістері мен құралдарын, жаңа педагогикалық және ақпараттық технологияларды іріктей және қолдана білуге дайындығы, оқушыларының жас ерекшеліктеріне орай зерттеушілік жұмыс ұйымдастыра білуге дайындығын меңгеріп шығуына мүмкіндік жасауға дайындығы жатады.

Аталған дайындық сапалары болашақ мұғалімінің кәсіби әлеуетін қалыптастыру мазмұнын анықтауды біз И.Ф. Исаевтың тұжырымдамасына сүйене отырып, әдіснамалық, теориялық, әдістемелік және технологиялық құрылымдық құрамалар негізінде жүзеге асырдық.

Мұғалімнің кәсіби-педагогикалық әлеуетін өлшеу мәселесі оның қалыптасуының өлшемдері (критерий) мен деңгейлеріне байланысты. Өлшем – бұл бағалау, пікір білдіру негізінде анықталатын белгі.

Кәсіби әлеуетін жүйелі түсінуден, оның құрылымдық және функционалдық құрылымдық құрамаларын айқындай білуден, құзыреттілікті педагогикалық құндылықтар мен шығармашылықты меңгеру нәтижесі ретінде түйсінуден, өзін-өзі кәсіби-шығармашылықпен жүзеге асыру технологияларын меңгеру дәрежесімен айқындалады.

Педагогикалық білім беру теория мен практикасында өлшемдерді анықтау мен негіздеудің тұлғаны қалыптастырудың негізгі заңдылықтарын айқындауға тиісті жалпы талаптары бар. Өлшемдердің көмегімен зерттеліп отырған жүйенің компоненттерінің арасындағы байланыстар тағайындалуы керек.

И.Ф. Исаев осы айтылған талаптарды кәсіби-педагогикалық мәдениеттің ерекшелігін бейнелейтін төмендегі талаптармен толықтыру керек деп есептейді: 1) өлшем сапалы белгілер (көрсеткіштер) арқылы ашылуы керек; 2) өлшем өлшеніп отырған сапаның динамикасын уақтылы және мәдени-педагогикалық кеңістікте бейнелеу керек; 3) өлшем педагогикалық қызметтің негізгі түрлерін қамтуы керек [186].

Зерттеу барысында ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді зерделеу мен кәсіби дайындықтың моделін жасау жолдарына жүргізілген талдау бізге болашақ мұғалімнің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігінің құрамындағы сапа мен қабілеттерді әдіснамалық, теориялық, әдістемелік, технологиялық негізгі төрт құрылымдық компоненттерге топтауға және олардың өлшемдері мен көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік жасады. Мектеп мұғалімдерінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігінің өлшемдері мен көрсеткіштерінің сипаттамасы 2-суретте келтірілді.

Қарастырылып отырған болашақ мұғалімдердің кәсіби әлеуетін қалыптастыру құрылымдық компоненттері өзара бір-бірімен тығыз байланысты және аталған дайындықтың нақты құрылымын түзеді.

Мұндағы құрылымдық компоненттердің алынған өлшемдер (мотивациялық, мазмұндық, үдерістік, бағалаушылық-рефлексиялық) бойынша көрсеткіштерін біз дидактикалық біліктіліктің бес компонентіне (білім, білік, дағды, тәжірибе және қабілет) сүйене отырып дайындадық.

Әдіснамалық құрылымдық құрама болашақ мұғалімнің әдіснамалық білімге ынтасы мен қызығушылығын, әдіснамалық тұғырларды, білімдерінің мазмұндық деңгейін, оны өз тәжірибесінде қолдана білуі мен өзінің әдіснамалық білім, білік, дағды, қабілет және тәжірибесінде және өзінің әдіснамалық білім мен білігін бағалай білуінен көрінеді.

Теориялық құрылымдық құрама кәсібиәлеуетін қалыптасуына негіз болатын теориялар мен мектепте оқытылатын пәндердің мазмұнына ынтасын, қызығушылығын, олар туралы білімдер жүйесін, оларды жүзеге асырудағы біліктілігін, дағдысы мен тәжірибесімен және теориялық білім, біліктеріне рефлексия жасай білуімен сипатталады.

Әдістемелік құрылымдық компонент білім берудің мемлекеттік стандартындағы пәндерді оқытудың әдіс-тәсілдерін білуге ұмтылысы, өзінің кәсіби құзыреттілігін дамытуға ынтасы, дидактикалық біліктер туралы білімдер жүйесі және оларды практикада қолдана білу және әдістемелік білім, білік, дағдыларын іс-тәжірибеде қолдануын бағалау деңгейінен көрінеді.

Технологиялық құрылымдық құрама болашақ мұғалімнің кәсіби-әлеуетін тәжірибеде жүзеге асыруға ынтасы мен қызығушылығы, оқытуда инновациялық іс-әрекетке ұмтылуы, бастауышта қолданылатын педагогикалық технологияларды іріктей және қолдана білуі, ақпараттық, компьютерлік технологиялардан сауаттылығы, оларды оқу-тәрбие барысында қолдана білуімен және өзінің технология саласындағы сапалық қасиеттерін бағалау, рефлексия жасауымен өлшенеді.Мотивациялық өлшем мұғалімнің кәсіби әлеуеті деген тұрақты ынтасы, талпынуы мен қажеттіліктерінің біріболып,

кәсібилікке ұмтылысы, жаңашылдық бағытта ізденістері, өз қызметіндегі кәсібиліктің, дидактикалық құзыреттіліктің алатын орнын, мәнін түсініп, соған сәйкес қадамдар жасауында көрінеді.




Сурет 2 – Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуының моделі

Мазмұндық өлшем теориялық және тәжірибелік блоктардан, яғни болашақ мұғалімінің психологиялық-педагогикалық және пәндік теориялық дайындығының деңгейімен, біртұтас педагогикалық үдеріс заңдылықтары негізіндегі білімдер жүйесімен, дидактикалық біліктілігі мен сауатылығы, кәсібиәлеуеті туралы білімдер жүйесінің деңгейімен сипатталады.

Технологиялық өлшем өзінің кәсіби әлеуетін тәжірибеде қолдана алу біліктерінен, дидактикалық біліктерді жүзеге асыра білудегі іскерлігінен, оқытудың әдістері мен технологияларын қолдана білу тәжірибесінен көруге болады.

Бағалаушылық-рефлексиялық өлшемге өзінің кәсіби дидактикалық іс-әрекетіндегі жетістіктер мен кемшіліктерді талдап, бағалай білудің, өзінің педагогикалық іс-әрекетіне бақылау жасай алушылықтың, нәтижені диагностикалаудыңәдістерін білудің практикадағы көріністері енеді.

Мұндағы сипатталған құрылымдық құрамалар бірлескен қызметі ізделініп отырған кешенді сапаның бар не жоқ екендігін, мөлшерін, деңгейін көрсетеді. Әрине, кәсіби әлеуеті сияқты күрделі мәселенің дәл мөлшерін де, деңгейін де өлшеу қиын екені белгілі. Дегенмен, модельдің болашақ мұғалімнің тұлғасындағы ізделініп отырған сапаның шамасынан жалпы мағлұмат беруге мүмкіндігі бар деп есептейміз. Осының негізінде біз ғалымдардың (И.Ф.Исаев және т.б.) еңбектеріне сүйене отырып, болашақ мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігінің төменгі, орта, жеткілікті және жоғары деңгейлерін анықтауға мүмкіндік алдық.

Төменгі деңгей (бейімделу) – әлеует туралы түсініктері таяз, кәсібилікке талпынысы жеткіліксіз, өз бетімен ізденуге, білімін көтеруге ықтиярсыз, дидактикалық біліктілігі, өз қызметінің нәтижелерін саралау, баға беру деңгейі төмен, адамдармен тіл табысуға, білім, білік, дағдыларды игеруге құлықты емес.

Орта деңгей (репродуктивтік)– кәсіби әлеуеті жайлы білімдері, қызығушылықтары бар, бірақ тұрақты емес, кәсіби құзыретті мұғалім болудың қажеттілігін сезінеді, дидактикалық біліктілігі болғанмен, оны іс жүзінде қолдануы нашар, көмек қажет етеді, оқытудың жаңа технологияларын қолдануға ұмтылады, бірақ жүйелі емес, өзінің кәсіби әрекетіне баға беріп отыруды дағдыға айналдырмаған, ұжымда жұмыс жасай алады, бірақ үнемі еркін қарым-қатынасқа түсе алмайды.

Жеткілікті деңгей (эвристикалық) – кәсіби әлеуетіне деген көзқарасы жақсы, дидактикалық біліктілігі біршама қалыптасқан, оқытудың әдіс – тәсілдерін, технологияларын қолдануға, шығармашылықпен жұмыс істеуге қабілеті бар, бірақ тұрақты қолдануға машықтанбаған, жұмысында жоғары нәтижеге жету үшін қосымша материалдарды, ақпараттарды тауып, оларды іріктей алады, өзінің кәсіби іс-әрекетіне баға бере біледі, мәдени қарым – қатынасқа икемді.

Жоғары деңгей (креативтік) – кәсіби әлеуетіне деген қызығушылығы тұрақты, оны өзінің кәсіби іс-әрекетінің мәні деп есептейді, білік пен дағдыларды игеруге қызығушылықтары жоғары. Педагогикалық қызметте

кәсіби-дидактикалық құзыреттіліктің қажеттілігін саналы түрде түсінеді. Проблеманың шешімін табу, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттіліктері қалыптасқан, сабақтарды жобалай біледі, ұйымдастыра алады және оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін, технологияларын қолданып өткізе алады, адамдармен тез тіл табысады, ұжымда, әлеуметтік ортада беделді.

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негіздеріне сәйкес, анықталған компоненттер мен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің кәсіби әлеуетін қалыптастырудың педагогикалық шарттары негізінде құрылымдық–мазмұндық-үдерістік моделі түзілді және оны тиімді жүзеге асырудың алғы шарттары анықталды:

- кәсіби әлеуетті психологиялық-педагогикалық пәндерді оқыту барысында қалыптастыру;
- жоғары оқу орнында оқу кезеңінде практикалық дайындықтың үздіксіздігі;
- болашақ мұғалімінің кәсіби әлеуетін қалыптастыруда «Педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту» тақырыбында арнаулы курстарының мүмкіндіктерін пайдалану;
- оқу үдерісін оқытудың белсенді әдістері мен технологиялары негізінде ұйымдастыру және әдістемелік құралдармен, ақпараттық технологиялармен қамтамасыз ету;
- кафедра ұжымының және профессор-оқытушылар құрамының студенттердің кәсіби әлеуетін қалыптастырудағы мақсатты бағыттылығы және келісімі.

Ұсынылған модель бойынша болашақ мұғалімдерінің қызметіндегі кәсіби әлеуетін қалыптастыру үдерісінде студенттермен төмендегі іс-әрекеттер жүргізілді: жаңашылдық әдістерді, құралдарды, қазіргі технологияларды қолдана отырып, сапалы білім беру; педагогикалық қызметке, іс-әрекетке ынталандыру; өзін-өзі тұлғалық және кәсіби дамыту, өзін-өзі жетілдіруге дағдыландыру; кәсіби-дидактикалық және тұлғалық даму мен жаңа технологияларды меңгеруді байланыстыруды, педагогикалық, психологиялық диагностика әдістерін меңгеруді үйрету; педагогикалық үдерісті жобалай білу және ұйымдастыру біліктілігін қалыптастыру; студенттерге кәсіби-дидактикалық тәжірибе жинау үшін оқу-тәрбие үдерісінде оқудың жаңа технологияларын қолдана отырып сабақ жүргіздіру; кәсіби-дидактикалық құзыреттілік қалыптастыруды оқытылатын пәндердің әдістемелерімен жүйелі байланыстыра жүргізуге машықтандыру.

### 2.3 Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамыту бойынша тәжірибелік-эксперимент нәтижелері

Қазіргі таңда жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогтың кәсіби әлеуеті дамуы мұғалімнің педагогикалық еңбек барысының жаңа бағыттағы сипатына ие болу мәселесіне қарай оның заманауи педагогикалық талаптар жүйесінде оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруына бағытталғандығымен ерекшеленеді. Қазіргі педагогикалық үдерісті

ұйымдастыруда осы күнге дейінгі қалыптастан педагогикалық үдерістерден алшақтау бағытын басшылыққа алады. Себебі, кешегі өткізілігеи педагогикалық үдерістерде сыныптағы оқу үздіктері болған оқушылардың санына қарап бағаланады және соны негіз ретінде басшылыққа алап отырғандығы шындық. Педагогикалық жүйедегі оқу-тәрбие барыстарын осылай бағалау тек пайыздық көрсеткішпен жұмыс жасау, оқушы болмысының қалыпты дамуына кереғарлыққа әкелгендігі анық. Бұл педагогикалық үдеріске зиян, себебі мектеп әкімшілігін тек сандық немесе пайыздық нәтиже ғана қызықтырды, бұл жағдайда педагогтың да кәсіби қызметі де педагогикалық талапқа сай толық жүрмеді, соның салдарынан жеке оқушылар мұғалімнің назардан тыс қалып отырды.

Біз жаңартылған білім беру мазмұны аясында педагогтың кәсіби қызметінің нәтижесін бағалаудың үш санатын ұсынамыз: 1. Педагогтың жеке тұлғалық болмысы мұғалімдік қызметпен үйлесімді болуы. 2. Мұғалім педагогикалық кәсіби қызметің маңыздылығын түсінуі және үйлесімді дамуда өзін жетілдіруі /кәсіби әлеуетін құрушы құрылымдар бойынша біліктілігін үнемі арттыру/. 3. Оқушының жеке болмыстық дамуын /тәрбиесі және білім алуы, оқуы бойынша/ қалыпты жетілдірудегі педагогтың жеке және қызметтегі кәсіби әлеуетінің дамығандығының деңгейін анықтау. Көрсетілген критерийлердің 1 және 3-шісі жеке болмысқа негізделген біртұтастық байланысқа негізделген құрылымдық құрамалар ретінде мән берсек, ол – руханилылыққа бағытталған құнды бағыттар қалыптастыру, оқушының жеке тұлғасында адами қасиеттерді дамыту, жас ерекшелігін ескеріп қызмет мақсатты іс-әрекет түркісі /мотивтер/ және қажеттілігін, ұлттық-тарихи санасын қалыптастыру, құлықтық-сезім қасиеттерді тәрбиелеу, ізгілік қатынасты және қарым-қатынас тәжірибесін меңгертуді жүзеге асыруда педагогтың өзінің жеке болмысы осыған сай немесе үйлесімді болып, оқушыларға үлгілік пен өнегеліктің өзегі болуы білуі тиіс.

Зерттеу барысында педагогтардың кәсіби қызметтерінің мазмұны зерттелді: жеке тұлғалық болмысты дамытудағы педагогикалық-психологиялық негізін білу; оқушы мен ұжымды тұтас зерттеу; оқушы мен ересектерді қарым-қатынас деңгейі; мемлекеттік тілді білуі; қазақ халқының салт-дәстүрлерін біліп педагогикалық еңбек әрекетінде пайдалануы; яғни өз қызметінің ерекшелігі мен табиғатын жетік түсіну мен үйлесімділік, мәдени үйлесімділік қағидалық ұстанымдарға бағындыру; ата-аналармен жұмыс; өз білімін жетілдіру мен арттыру; педагог іс-әрекетіне баға беруі, бақылау мен талдау т.б.

Зерттеудің бұл кезеңінде бейімделу әдісі қолданылды, педагогтың басты кәсіби қызметіндегі педагогикалық іскерлігін анықтауға бағытталған, мектептегі еңбек өтілі үш жыл, одан да жоғары 2018-2020 жылдары Тараз қаласындағы мектептердегі педагогикалық қызметтегі мұғалімдер зерттеу жұмысымызға тартылды.

Мұғалімдерге оқушылардың жеке тұлғалық болмысындағы тәрбиелік қырларының көрінісінің объективті бағасын алу үшін, олармен жүргізілетін

жұмысының тиімділігін бақылау және оның қатысын төмендегі бағыттар бойынша ұсынылады:

1) оқу мен тәрбиенің жаңашыл педагогикалық және психологиялық негізі;

2) жеке оқушы тұлғасын және ұжымды зерттеу;

3) оқушы мен ересектер арасындағы қарым-қатынас көрсеткіші;

4) педагогтың қызметтегі кәсіби деңгейі;

5) педагогтың жеке тұлғалық қасиеттері;

6) педагогтың кәсіби қызметтік міндеті;

7) оқушылардың өмірі мен салауатты өмір салтын қорғауды қадағалау;

8) оқу-тәрбиедегі танымдық жұмысын шығармашылықпен жүзеге асыру;

9) педагогтың ата-аналармен бірлескен жұмыс;

10) педагогтың өздігінен білім алуы және оны жетілдіруі;

11) педагогтың өз кәсіби іс-әрекетін талдауы мен сараптауы арқылы баға беруі;

12) педагогті кәсіби қызметтегі әріптестерінің бағалауы;

13) жаңа оқу жылына дайындығы мен жаңартылған білім беру мазмұны жайындағы түсінігі;

14) жаңартылған білім мазмұнындағы құрылымдық жүйелер.

3 - балльдық жүйемен бағалау арқылы іске асыру, нәтижесінің көрсеткішін алу:

3 балл – жоғарғы деңгей.

2 балл – орташа деңгей.

1 балл – төменгі деңгей.

Әр бөлімдік бағыт бойынша балл қойылды және олар бір нәтижеге бағытталған топтық жиынтық жасады, бірақ, бір көрсеткіш бойынша орташа балл анықталды. Осының негізінде педагогтың кәсіби қызметтегі көрсеткіштік деңгейін «салыстырмалы» түрде анықталады, онда балдардың қосындысы орташа есептік көлемді береді (мәліметтер 3-суретте берілген).

Мұғалімдердің кәсіби қызметіне және педагогикалық әрекетке қатынасының көрсеткішін (жобамен, болжамдып) анықтау үш кезеңде жүргізілді және оған 92 мұғалім қатысты. Онда: 2017-2018 оқу жылында (28 мұғалім), 2018-2019 оқу жылында (34 мұғалім) оқушының және мұғалімнің жеке тұлғалық болмысындағы тәрбиелік бейнесінің қажетті көрінісі және мұғалімнің кәсіби-педагогикалық қызметіндегі талаптық іскерлік деңгейінің қалыптасуы туралы мәлімет алуға және 2019-2020жылы(30 мұғалім)мұғалімдер - педагогтың оқушы тұлғасын қалыпты дамудағы тәрбиелеу жұмыстарын ұйымдастыруы және оған мұғалімдердің үйлесімдігінің негізін беретін кәсіби әлеуеттік мәселесіне қатысты арнайы бақылау мен байқау және сауалнамалар жүргізілді. Бұл шаралар келесі мақсатты көздеді: педагогтың оқушының жеке тұлғалық болмысын тәрбиелеудегі өзіндік жеке және кәсіби әлеуетін қалыптасуы және дамуының көрсеткіштерін анықтап, зерттеу жұмысымызды ілгерілету үшін «табан тіреу» ретінде өзек етіп алдық. Сондай-ақ, бұны педагогтердің өздігінен білім алумен,өзін дамытып, жетілдіру және

жаңартылған білім негізінде біліктіліктерін арттыруға негіз ретінде қарастырдық.




Сурет 3–Педагогтың кәсіби қызметтекеқатынас дағдыларының көрсеткіші

Анықталып, берілген мәліметтер 1. Педагогтың жеке тұлғалық болмысын мұғалімдік қызметпен үйлесімді болуы. 2. Мұғалім педагогикалық кәсіби қызметтің маңыздылығын түсінуі және үйлесімді дамуда өзін жетілдіруі(кәсіби әлеуетін құрушы құрылымдар бойынша біліктілігін үнемі арттыру). 3. Оқушының жеке болмыстық дамуын (тәрбиесі және білім алуы, оқуы бойынша) қылыпты жетілдірудегі педагогтың жеке және қызметтегі кәсіби әлеуетінің дамығандығының деңгейін анықтауға негізделген және алынған көрсеткіштер (шамамен). Бұл мектептегі мұғалімдердің педагогикалық қызметтегі кәсіби әлеуетінінің бейнелік көрсеткішін беретін жалпы сұлбасы ретінде қарастырамыз. Дегенмен де, жаңартылған білім беру мазмұнының енуіне байланысты мектеп мұғалімдерінің кәсіби қызметке деген жеке тұлғалық және кәсіби көзқарастарының қалыптасуы негізінде әлеуеттік болмысының да өсуі және дамуынының орын алғандығын көре аламыз. Оқушының жеке тұлғалық болмысты дамытудағы педагогикалық – психологиялық негізін білу; оқушы мен ұжымды тұтас зерттеу; оқушы мен ересектерді қарым-қатынас деңгейі; мемлекеттік тілді білуі; қазақ халқының салт-дәстүрлерін біліп педагогикалық еңбек әрекетінде пайдалануы; яғни өз қызметінің ерекшелігі мен табиғатын жетік түсіну мен үйлесімділік, мәдени үйлесімділік қағидалық ұстанымдарға бағындыру; ата-аналармен жұмыс; өз білімін жетілдіру мен арттыру; педагог іс-әрекетіне баға беруі, бақылау мен талдау т.б. жұмысқа араласуында да өзгерістер болды.

Үш кезеңде жүргізілген диагностика әр педагогтың кәсіби өсу деңгейін бақылауға мүмкіндік берді, оның жеке тұғалық қасиеттерін және кәсіби қызметтегі мәселесін шешуге және әр педагогтың кәсіптік қызметінің қай іскерлігі жеткілікті қалыптаспағанын қарастырып, мәліметтер алдық. Осының

негізінде педагогтарға диагностиканың нәтижесін ескере отырып өздерінің дамытудағы жеке жоспарларын құру қарастырылды және ұсыныстар айтылды.

Мектеп мұғалімдеріне өз кәсіби қызметіндегі іс-әрекеттерінің нәтижесін тәуелсіз бағалау ұсынылды.

Зерттеуде білім берудегі жаңартылған мазмұнға көшу реформаның іске асудағы қиындығы көбіне жоғары оқу орнындағы болашақ мамандар даярлау көкейкестілігіне және ең бірінші кезекте педагогтың және оқушының жеке тұлғалық болмысын дамыту бағытындағы орын алған кәсіби кемшіліктер жатыр.

Басты мәселенің бірі – педагогтың оқу-тәрбиелік және жалпы танымдық жұмысының нәтижелілігі оның жалпы адамзаттың факторында, және оның өзек болып табылатын мүмкіндігінде, ғылымда айқындалатын әлеуетінде орын алған.

Мұғалімнің құнды бағыттарын анықтап талқылауға біз мұғалімдермен сұрақ-жауап және сауалнама алу әдістерін қолданып көрсетілген құндылық бағыттар барысында ұстаздармен талқыланып, дәлелденді. Берілген кестенің екі бағаны бойынша салыстырып, қарастырсақ - 3 жыл жұмыс жасайтын мұғалімдер кестенің сол бағанасындағы құндылықтарды, оң бағанада 3 жылдан көп жұмыс жасайтын мұғалімдер өз пікірлері арқылы негіздеді(3-кесте).

Кесте 3–Педагогтың құндылық бағыттары

| Педагогикалық қызметте 3 жыл жұмыс жасайтын мұғалімдер | Педагогикалық қызметтегі 3 жылдан көп жұмыс жасайтын мұғалімдер |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Кәсіби қызметке бейімделудің орта деңгейі | Кәсіби қызметке толық бейімделген педагогикалық еңбекке үйлесімді |
| Кәсіби қызметке белсенді | Кәсіби қызметке белсенді |
| Педагог ұжымындағы тәжірибелі мұғалімдерге ұқсауға ұмтылыс жасауы басым | Педагог ұжымда өзіне тән жеке тұлғалық болмысымен ерекшеленуі |
| Тұлғалық және кәсіби қызмет әрекеттерін талдау мен баға берудің /сын көзбен/ жүйелі қалыптаспауы | Тұлғалық және кәсіби қызмет әрекеттерін талдау мен баға берудің /сын көзбен/ жүйелі қалыптасқан |
| Оқу-танымдық әрекеттерде міндетті өту тапсырмаларын басшылыққа алу | Оқу-танымдық әрекеттерде ізденушілік әрекетке басым даму тапсырмаларын басшылыққа алу |
| Білім берудегі өнімділік, оқытуды ұйымдастыру мен өткізуде техникалық бағыттылық | Басты мәселе рухани және әлеуметтік, мәдени қарым-қатасты үйрету, бейімделу |
| Педагогикалық қызметте және ұжымда өзінің «МЕН» деген даралық қасиеттері жиі көрініс бермейді | Педагогикалық қызметте және ұжымда өзінің «МЕН» деген даралық қасиеттері жиі көрініс береді және дәлелдеуге ынталы |
| Мақсатты іс-әрекет жетістігінің түркісі /мотивтері/ | Мақсатты іс-әрекеттегі қызығушылық түркісі /мотивтері/ |
| Педагогикалық кәсіби қызметке әділетті бәсекелестікке ұмтылуы | Педагогикалық қәсіби қызметке әріптестерінің жетістігіне байсалды қарау |

3-кестенің жалғасы

| 1 | 2 |
|---|---|
| Педагогикалық кәсіби қызметте орын алатын келіспеушілікке жеке ренішін ашу арқылы білдіру | Төзімділік пен байсалдылық және шыдамдылық таныту |
| Кәсіби қызметте айтылған сыни пікірлермен келіспеу оған жағымсыз көңіл-күй, ызалық білдіру | Кәсіби қызметте айтылған сыни пікірлердің пайдалы немесе орынсыз екендігіне ұстамдылық пен мәдениеттілікпен өз ойын білдіру, жағымды көңіл-күйді ұстауы басым |
| Педагогикалық ұжымда кәсіби қызметтегі қалыптасқан жүйеге мойын ұсыну, бейімделу | Жаңашылдыққа ұмтылыс жасауы басым және қажет етеді |
| Өзіндік жеке көзқарасын басым ұстану және өзгелерге түсіндіру әрекеті басым | Өзіндік жеке көзқарасы тұрақты және өзгелердің көзқарасын түсіну арқылы жеке түсінік танымын жетілдіру әрекеті басым |
| Ұлттық мұрадағы тәлім-тәрбиені түсінуі шектеулі өзгелердің өмір сүру салтына еліктеушілігі басым | Ұлттық мұрадағы тәлім-тәрбиені түсінуі терең және сақтауға тырысады және өзге елдің өмір сүру салтына салыстырмалы түрде қарауы басым |
| Педагогикадағы жаңашылдыққа қызғушылығы бар, бірақ, тәжірибелік іс-әрекетте оңтайлы қолдануды жүзеге асыру жеткілікті деңгейде емес | Педагогикадағы жаңашылдыққа қызғушылығы бар және тәжірибелік іс-әрекетте өзіне икемдеп тиімді қолдануды жүзеге асыруы жиі орын алады |
| Педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда дидактикалық талап жүйесіндегі тізбектестік заңдылықтарының жүзеге аспауы жиі орын алады | Педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда дидактикалық талап жүйесіндегі тізбектестік заңдылықтары орын жүзеге асырылады |
| Кәсіби маман ретінде өзін толық көрсете білмеуі, әріптестер «мені» біледі және бағалайды деген үміт артубасым | Кәсіби маман ретінде өзін толық көрсете біледі, өз әрекетін талдайтын тәсілдерін меңгерген және кері байланысты игерген, «Мені» әріптестерім біледі деген сенімге берік сенеді |

Нәтижелерді сараптаудан байқағанымыз, педагогтың негізгі құндылықтары болып олардың жеке болмысындағы ізденушілік /тартылып өсуі/ пен шығармашылық қағидалық ұстанымы, жаңашылдықты қажет етуі, білімдерді игеруге қызығушылығы, керібайланыс деңгейін көтеруіне бағытталған ұмтылуы болып табылады.

Бұл салыстырмалы сауалнаманың нәтижесінде қазіргі яғни, жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы мектеп мұғалімдерінің кәсіби қызметке деген көзқарастары мен олардың педагогикалық еңбектегі әрекеттерінің жалпы кәсіби және жеке әлеуеттерінің мектеп қабырғасындағы тәжірибедегі көрініс береді.

Жалпы оқушының жеке тұлғалық болмысының қалыпты дамуына ықпал жасаушы – мектептегі педагог қауымының көрсеткіші оның жеке тұлғалық болмысындағы көзқарастық сенімділігінен және кәсіби қызметіне деген қатынасын беруге бағыттылығы болып табылады. Болашақ педагогтың немесе мектептегі педагогикалық қызметпен айналысатын мұғалімнің жеке және

кәсіби әлеуетінің талаптық деңгейдегі қалыптасуының бағыттылығы, оның әлеуметтік құнды бейімделуімен сипатталады. Ол қоршаған ортаға, өзіне, педагогикалық еңбекке, әріптестері мен оқушылар арасындағы қатынасы, оның әрекетерінде, көзқарасында, бағалауында және өзін-өзі бағалауында көрініс табады және бұл өмір бойы жүретін барыстар ретінде орын алатындығына дәлелі [187]. Оқушы әлеуетіндегі әлеуметтік мағыналы қасиеттерінің қалыптасуының көрсеткіші педагогтың әдебі мен мәдениеттілігі және жеке әрі кәсіби қызметіне қатысты танымдылығы мен болмыстық жаратылысын беретін тәрбиелілік үлгі-өнегесімен бағаланады. Ал кезкелген адамның кертартпа қасиетінің болуы, оның жеткілікті деңгейде тәрбиеленбегіндігін байқатады. Жоғарыда келтіріліп, сұрақ-жауап және саулнамалық әдістерді мектептердегі кемінде 3 жыл және 3 жылдан көп педагогикалық қызметпен айналысатын мұғалімдермен жүргізілген зерттеу жұмыстарының көрсеткіштері мен нәтижелері. Бұлар біздің зерттеуіміздегі болашақ педагогтардың кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарымызға негіз болғандығын айта кеткіміз келеді.

«Педагог әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың теориясы және әдістемесі» атты элективті курсты игеруге түрлі педагогикалық мамандықта оқитын студенттер тартылды. Олардың жалпы саны – 504. Тараз инновациялық гуманитарлық университет(166 студент) оның ішінде: Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі 26 студент, Тарих 17 студент, География 21 студент, Ағылшын тілі мұғалімі  24 студент, Химия 13, студент, Физика 16 студент, Матиматика 11 студент, Информатика 23 студент, Педагогика және психология мамандығында 15 студент. М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (ТарӨУ) (338 студент) оның ішінде: Бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі 53 студент (2 топ), Тарих 48 студент (2 топ), География 51 студент (2 топ), Ағылшын тілі мұғалімі 48 студент (2 топ), Химия 27 студент, Физика 32 студент (2 топ), Математика 44 студент (2 топ), Информатика 63 студент (3 топ), Педагогика және психология мамандығында 22  студентке өтілді.

Оның ішінде бақылау тобына Тараз инновациялық гуманитарлық университетінен 166 студент және М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінен Ағылшын тілі мұғалімі –48 студент (2 топ), Физика –32 студент (2 топ) қатыстырылып, жалпы бақылау тобында – 246 студент болды.

Ал, эксперименттік топқа М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті (ТарӨУ) жоғарыда көрсетілген мамандықтар бойынша – 258 студент қатыстырылды.

Элективті курстың міндеті:

-ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде болашақ мамандардыңжеке танымдық болмысын және құндылықтарын құрметтеу мен оларды дамыту бағытындағы әрекеттерін анықтауға мүмкіндік жасау;

- болашақ мамандардың игеретін кәсіби қызметіндегі жеке құрылымдық құраушыларды осының негізіндегі құндылықтарды жеке тұлғаның дамуының

факторы ретінде басшылыққа алу, оқу үдерісіндегі оқу танымдық әрекеттері арқылы танымдарына саналық тұрғыдан бекуіне ықпал жасау, жүзеге асыру;

- ЖОО-ның педагогикалық үдерісінде студенттерге болашақ кәсіби қызметінің жұмыс жоспары мен оның бағдарламасын құра білу іскерлігіне үйрету мен меңгерту;

- педагогикалық әрекеттегі кері байланысты /рефлексивті/этикалық тәртіппен жасауға және кәсіби тәжірибені бағалай білуге үйрету;

- болашақ мамандардың білім ортасын құру және өзге жеке тұлғалардың сұраныстық қажеттіліктері мен жеке тұлғаның қажеттілік тілектерін әрдайым үйлесімділікте болуын басшылыққа алып отыру қабілеттерін дамыту;

- педагогикалық үдерісте немесе әрекетте тілдік мәдениет және адамиізгіліктік қарым-қатынасты қалыптастырып, дамыту;

-санадағы танымдық сұраныс қажеттілікті қанағаттандырудағы ықпал жасайтын түрлі жағдайларды оның қажетті құралдары мен тәсілдері ретінде түсіну және меңгеру;

- болашақ маманның танымдық ой-өрісін дамыту;

- педагогикалық үдерісті басқаруда болашақ мұғалімнің кәсіби қызметінің шекаралық ауқымын кеңейту.

Элективті курс теориялық, практикалық сабақтарды, тест материалдарын, потенциалдың компоненттерінің қалыптасқандығын анықтайтын тапсырмалар, өзін-өзі бақылауға арналған материалдар, ұсынылған әдебиеттерден, бес циклдан тұрады (Мен – мұғалім, мектеп – мұғалім, мұғалім – сынып, мұғалім – оқушы, мен – ұлт). Бұл болашақ педагогтың тәрбиелеу потенциалын қалыптастыруға бағытталған.

Оқу орнының түлегінің моделі келесі құрылымдардан тұруы қажет: адамдар және өз ісі алдындағы жауапкершілігі, әлеуметтік тартымдылығы, сөз бен ісінің бірлігі, физикалық, психикалық және адамгершілік салауаттылығы, білімділігі, жалпы мәдениеттілік сауаттылығы, шығармашылығы, көпшілдігі, өзін-өзі бақылауы, өз бетінше жұмыс істеуден тұратын педагогтың жеке басының қабілеттері және кәсіби білімі.

Болашақ педагогика өзінің осындай қасиеттерін көрсетуге мақсатты іс-әрекет түрткісі /мотивтер/ - ізденушілік, танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік, тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық құрылымдық құрамалын қалыптасуының деңгейін өсіру қажет деп түсінеміз. Жоғары оқу орнында болашақ педагогтың жеке субъектілігін қалыптастыру туралы айтылғанда, кәсіби білім берудің мақсаты болып эмоционалды құнды қарым-қатынасты қалыптастыру, өзіндік санасының дамуы, кәсіби қызметті бастауға дайындығы аталады.

«Педагог әлеуетін қалыптастырумен дамытудың теориясы және әдістемесі» атты элективті курс мазмұны, «жеке әлеует». «кәсіби әлеует», «педагог әлеуетінің құрылымдық компонентері» т.б. ұғымдарының мәні. Болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуында басты негіз болатын мәселелер ретінде: Мақсатты іс-әрекет түркісі /мотивтер/ - ізденушілік, танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік,

тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық құрылымдық компоненттері өзек болып табылатындығына басымдылық берілді де, олардың мазмұндық жүйесін түсіндірдік, Мәселен, 1. Мақсатты іс-әрекет түркісі (мотивтер) - ізденушіліктің мазмұндық жүйесіне - *Әдіснамалық ілімдер:* Құндылық теориясы (аксиология), білімнің бастауы және ұқсас білімдер (гносеологиялық), пәнаралық байланыс т.б. мазмұндық жүйесін құраушылар деп енгізіп, қарастырсақ. 2. Танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік - *Теориялық білімдер:* Педагогикалық-психологиялық білімдер, мамандандыруға арналған білімдер, жаңа мазмұндық пәндік білімдерді мазмұндық жүйесін құраушылар деп таптық. 3. Тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық - *Әдістемелік және тәжірибелік білімдер мен білік:* Жаңашылдық, кәсіби іс-әрекет тәжірибесі, кәсіби шеберлікті дамытудағы мазмұндық жүйесін құраушылар деп негіздедік.

*Әдіснамалық ілімдер:* Құндылық теориясы (аксиология), білімнің бастауы және ұқсас білімдер (гносеологиялық), пәнаралық байланыс т.б. мазмұндық жүйесін құраушылар

Болашақ педагог мамандардың білімдік белгілерін айқындауда олардың оқитын курстық ерекшелігін ескерген жөн, себебі олар белсенді даму қызметінің, өзін-өзі тәрбиелеудің субъектісіне бірден жетпейді, өздерінің интеллектуалды мүмкіндіктерінің дамуына, бағалау мен өзін-өзі бағалау қабілеттерінің, мінез-құлқын бақылау деңгейінің өсуіне сай мүмкін болады. Сондықтан мамандық бойынша білімдерінің терең көрінісі болып, өз бетінше тура шешім қабылдауы мен өзін-өзі реттеудің айқындалу дәрежесі табылады.

Қоғамда жоғары білімді ұстаздарға қойылатын талаптар соңғы жылдары біршама өзгерді. «Заманауи ұстаз дегеніміз - бұл рухани дамыған, шығармашылық тұлға, кәсіби дағдылары қалыптасқан, жаңалыққа жаны құмар жан», - деп көрсетеді Б.А.Әбдікәрімов.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім және жоғары кәсіби білім стандартының ұлттық, аймақтық компонентінің талаптарына сай, жергілікті,ұлттық, мәдени дәстүрлерді ескере отырып, білім беруді руханияттылықты, сананы, ұлттық мәдениетті, азаматтылық пен шығармашылықты қалыптастыруға бағыттап, ұлттық потенциалды қалыптастыруға мүмкіндік беретіндей етіп ұйымдастыру керек.

Білімгерлер мен оқытушылардың ара-қатынасына қарап, бір-біріне ықпалдығын есепке алып, ерекше бір қарым-қатынас жүйесінің қалыптасуына мүмкіндік беретін қатынасты есепке алу қажеттігін дәлелдейді.

Болашақ педагогтыңкәсіби әлеуетініңқұрамында эмоционалдық-құнды қатынастың қалыптасқанын, адамгершілік сапалардың адамгершілік идеалға өткенін, қоғамдық құндылықтарды қолдануын, іс-әрекеттерін талдауын көрсететін адамгершілік потенциалдың қалыптасуын көздейді. Осындай адамгершілік компоненттерін дамытуда, жалпы адамзаттық құндылықтарды бағалауға баулуға, қоғамдық және жеке басының мүддесіне қызығушылықпен қарауға бағытталған тәрбие жұмысының формалары білімгерлер үйінде,

кафедра мен бірлестіктерде, жалпы оқу орнының мәдени-ағартушылық жұмыстарды өткізу барысында қолданады.

Жоғары мәдениетті қарым-қатынаспен, өзін-өзі бақылауының қалыптасқандығы мен өзге адамдармен келісімді іс-әрекетімен сипатталатын коммуникативтік потенциал, білімгерлердің педагогикалық, психологиялық зертханалардағы жұмыстың, педагогикалық, психологиялық кеңес алуларының, арнаулы курсты оқып-үйренгенде, білімгерлердің «Инсайт»ғылыми қоғамында жұмыс істеуінің нәтижесінде қалыптасады. Семинарлық сабақтарда проблемалы педагогикалық жағдаяттарды талдап,ол кезде бір жағынан жағдаяттың логикасын,екінші жағынан семинарға қатысушының аргументтерін бақылауды қарастырады. Мұның бәрі білімгерлердің жағдайларын анықтауға, өзін-өзі тәрбиелеу мақсаттарын қойғанда сәттілік және сәтсіздіктерінің себептерін сараптауға мүмкіндік береді.

Білімгерлердің ұлттық потенциалын қалыптастыру, оқу-тәрбие жұмысының барлық бағытындағы жұмыстың негізі болып табылады. Ұлттық мәдениетті тәрбиелеу білімнің үйлесімділігін, ойлау мен сезімнің, тәртіп пен қызметтің бірлігін қажет етеді. М.Х. Балтабаев педагогтың жеке тұлғасын қалыптастыруда, ұлттық салт-дәстүрлерді және қоғамның дамуының қазіргі жағдайын ескере отырып, өмірде маңызды дағдылардың дамуын ынталандыратын қажетті қабілет пен қасиеттерді қарастырады. Ұлттық сананы, бәсекеге сай мәдениетті тұлғаны қалыптастырудың негізгі элементі ретінде дамыту, болашақ педагогтың жеке басын қалыптастыруда маңызды болып есептеледі [188,189]. Сананың қалыптасуы және өзгеруі, жеке тұлғаның белсенділігі және дүниежүзілік мәдениетке ұмтылуы, Отан тарихы мен отандастар қызметі мен танысудан басталып, нәтижесінде адамның өмірлік құндылықтары орнығады. Шоқан Уәлиханов айтқандай, сананы халық шығармашылығынан бөліп қарауға болмайды, онда өткен жылдардың тәжірибесі жинақталған [190].

С.Құлмағамбетова, В.Е.Каирова ұлттық сананың жетілуінің шарттарын анықтай отырып, олар ұлттық құндылықтардың рөлінің өсуінде, тұрмыс пен мәденитеттің, ұлттық психологияның этникалық факторларының жүйелігінде, ұлттық элементтерінің білімгерлердің күнделікті өмірінде орын алуында, азаматтық көзқарастың дамуында, ұлттың дүниежүзілік қоғамдастықтағы орнын сезінуінде дейді [191,192]. Жоғарғы оқу орнында ұлттық құрылымдық құраушылардың қалыптастыру, педагогикалық-психологиялық пәндерге халықтың, мәдениеттің тарихы және теориясының негізін енгізу, Қазақстан Республикасының көрнекті адамдарының портреттік галереясын жасау,этнографиялық мұражайдың жұмысын жетілдіру, кафедраларда мәдени-ағарту жұмыстарды жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

Пәндерді оқытудың екінші қатынасының ерекше жағдайлары болып: жеке бағыттылық қатынас, құнды факторлармен байланысты дамудың оқу жағдаятын туғызу, пән бойынша білімгерлердің білім деңгейін және білімгерлердің жеке – психологиялық ерекшеліктерін есепке алу, олардың тапсырмаларды орындауға, түсінуге ынтасы; орындалатын тапсырмалардың

шығармашылық деңгейі; сабақ үстінде табыс жағдайларын жасап, бекіту; қазіргі жағдайда жастарды тәрбиелеудің мақсаттары мен міндеттерінжәне қоғамның дамуының жағдайларын ескеру; білімгерлерге өз бетінше білім алу үшін жағдай жасауға басты назар бөлу; әртүрлі педагогикалық жағдайяттарды жобалау, әр білімгердің оқу сабақтарының үрдісінде белгілі рөлге енуі; оқыту үрдісін эмоционалды-құнды қатынастардың негізінде болашақ педагогтар бойында кәсіби әлеуетін қалыптастыруға бағыттау.

Осы жағдайдарды ескерудің нәтижесінде, жоғарғы оқу орнында білімгерлер оқытушылармен арақатынасына қанағаттанатыны байқалған, өзін-өзі жоғары бағалауы, өзін-өзі танып білуге даярлығы, жеке тұлғаның азаматтық-адамгершілік, шығармашылық позицияларының артқаны байқалады. Барлық педагогикалық жағдайлар ұлттық, қоғамдық компоненттердің өзара байланысуын, бірлігін біріктіріп пәндердің оқулықтарындағы мазмұнын, оқу жоспарында пәндердің орналасуын, психологиялық-педагогикалық ғылымның негізгі түсініктерінің, категорияларының мәнін ашуға ықпал етеді.

Педагогикалық кәсіби әлеуетін дамыту міндеттері жоғарғы оқу орнында тәрбие кеңістігін, адам үнемі дамып отырған тұтас био-психо-әлеуметтік жүйе ретінде, антропоцентрикалық негізінде құрып, оқу орнында тәрбие жұмысын тәлімгердің психиқалық, рухани, физикалық және әлеуметтік жағдайын сақтауға бағытталуы тиіс. Оқу-тәрбие процесінің мазмұны мен формаларының, мақсатының анықтығы, тандау еркіндігі, әр білімгерге факультативтік және бағдарламалық курстар,басқа да оқу және мәдени мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен қатынасы арқылы өзін-өзі көрсетуге мүмкіндік алады. Жоғарғы оқу орнының міндеті, білімгерді болашақ мамандықтағы педагогикалық үдеріске белсенді қатынасушысына айналдыру.

Оқу орнындағы тәрбиенің жүйелі үрдісі, ең алдымен, болашақ педагогтың жеке тұлғасының жан-жақты қалыптасуына ықпалын тигізуі тиіс.

Болашақ мұғалімінің кәсіби және жеке тұлғалық болмысының әлеуетін қалыптастыру мен дамытуда келесі педагогикалық жағдайы болып, біздің ойымызша, теориялық білімдерді: педагогикалық-психологиялық білімдер, мамандандыруға арналған білімдер, жаңа мазмұндық пәндік білімдероқып үйрену болып табылады.

Теориялық білімдер - қазіргі білімгерлердің мінез-құлқымен оларды және қоршаған ортаның қайшылықтары. Әр курстағы білімгерлердің даму ерекшелігі. Педагогикалық үдеріс жүйе ретінде, педагогикалық үдерістің кезеңдері. Педагогикалық жаңашылдықты ЖОО-ның оқу-тәрбие жұмысында қолдануы. Оқыту үдерісі, заңдылықтары, оқытудың қағидалары мен ережелері, оқу-тәрбие жұмысының стандартты емес формалары. Білімгерлердің білімділігінің көрсеткіші және үлгермеуінің себептері. Тұтас педагогикалық үдерістегі кәсіби қызметке дайындау мен оның ерекше белгілері. ЖОО-ның педагогикалық үдерісте оқу-тәрбие жұмысына баға беру, бақылау жасау. Заманауи мектептегі ұстаз, оның жеке басына деген қазіргі талаптар. Педагогтың кәсіби және жеке тұлғалық болмысының әлеуеті.

Бұл пәндердің мазмұны – білімгерлердің іргелі білім алуға, оның негізінде машықтану кызметін қалыптастыруға, эмоционалды – құндылықтарды, белсенділікті тәрбиелеуге ықпал етуге, білімгерлердің ұлттық санасын қалыптастыруға, мәдениетке деген тұрақты қатынасты дамытуға, кәсіпке деген құндылықтарды бағыттауға, өзін-өзі тануға ұмтылуға, кәсіби қызметінде өзін-өзі жетілдіруге бағытталғаны жөн. Осы мақсатпен бұл бағдарламаға біз төмендегі тақырыптарды қостық: болашақ педагогтың кәсіби әлеуеті, оның құрылымы мен мазмұны; диагностика, өзін-өзі жеке тұлғалық болмысын қалыптасуының өзін-өзі диагностикалау, оқушылардың тәрбиелігінің деңгейін анықтау, мұғалімнің тәрбиелік қызметінің моделі, құнды-мағыналық диалогтік технология; оқушылардың сабақтан тыс қызметін ұйымдастыру, әр оқушының өзіндік мүмкіндігін жүзеге асыруға жағдай жасау, сабақтан тыс қызметтің түрлері, жолдары, мәдениетті тәрбиелеуші ортаны қалыптастыру, кәсіби және өмірлік ағымының мәдениеті және өзінің мүмкіндігін ашудың жолы, эмоционалды-құнды қатынастар - тәрбие қызметінің басты механизімі, тәрбие қызметін реттеу механизмі, керібайланыс-педагогтың тұлғасын дамытудың негізгі буыны, біріккен шығармашылықты ұйымдастыру, мұғалім мен оқушының біріккен шығармашылық қызметінің технологиясы, болашақ ұстаздардың адамгершілік тұрғыдан қалыптасуы, ұлттық педагогиканың жалпыадамзаттық және ұлттық құнды бағыттары, әлеуметтік өзгерістер кезіндегі тәрбие барысы, тәрбиелеудің ұлттық стратегиясы, тәрбиенің диалогтығы, оқу-тәрбие үрдісіндегі оқушылардың ұлттық саналығын дамыту. Болашақ педагогтардың кәсіби және жеке тұлғалық болмысының әлеуетін қалыптасуында педагогикалық-психологиялық пәндердің маңыздылығы болашақ педагогтардың эмоционалды-құнды қатынастарымен, құнды бағыттылығының қалыптасқандығымен анықталады, сол жағдайда ғана мемлекеттің тәрбие стратегиясының нәтижелі жүзеге асырылуы мүмкін.

Психологиялық-педагогикалық пәндерді жоғары оқу орындарында болашақ педагогтардың кәсіби және жеке тұлғалық болмысының әлеуетін дамытудың негізгі жағдайы деп анықтай отырып, бұл педагогтың кәсіптік даярлығының өзіндік мақсаты емес, жалпы педагогикалық білім алудың жүйені құрушы бастауы екенін ескеру керек; мазмұнына жүйелі қатынас жасау, болашақ педагогтың тек қана теориялық білім алып қана қоймай, оны практикада, стандарттық емес жағдайларда қолдана білуі маңызды; алған білімдерін педагогикалық жағдайларды саралауға, қолдануға және сол білімнің негізінде тәрбиелеу потенциалын дамыту үшін өзінің қызметін жобалау қажет.

Бүгінде жоғары оқу орнының мақсаты бітірушіге қажетті білім мен дағды беріп қана қоймай, өз бетінше педагогикалық қызметке оның кәсіби дайындығын қамтамасыз ету болып табылады.

Элективті курс және психологиялық-педагогикалық пәндер болашақ педагогтың тәрбиелеу потенциалын дамытуға қажетті теориялық база құрайды, ал педагогикалық практика әр білімгерге тәрбие жұмысының педагогогикалық тәжірибесін меңгеруге мүмкіндік береді. Бұл теориямен практиканы ұдайы бекіткен жағдайда мүмкін болады. Теориялық дайындық пен жеке ұстаздың

кәсіби дайындығы педагогтың тәжірибеде жатыр. Болашақ мұғалімінің кәсіби әлеуетін дамытудың педагогикалық шарттарын белгіледік, олар: кафедраның тәрбие жұмысы, аудиториядан тыс қызмет, жоғары оқу орнының теориялық білімдері: педагогикалық-психологиялық білімдер, мамандандыруға арналған білімдер, жаңа мазмұндық пәндік білімдер т.б. арқылы қалыптасатын жоғары оқу орнынының мәдени-қалыптастырушы ортасы.

Жоғары мектептің білім беру міндеттері мен оның жаңа әлеуметтік функциялары білімгерлер мен оқытушы-профессорлардың біріккен қызметінің мақсатына жаңа қатынасты тұдырады. Дәстүрлі оқыту жүйесінде білімгерлер пассив «алушы» позициясында қалады, керісінше жаңаша оқыту үрдісінде білімгерлер оқытудың барлық кезеңдерінде белсенді болуы шарт [193,194]. Осы мақсатта оқу үрдісін жеке тұлғаға бағытталған педагогикалық өзара қарым-қатынас негізінде жетілдіру қажет.

Тең дәрежедегі және жұптық қарым-қатынас құқығындағы қызметтестік білімгерлердің әрқайсысының өзара сыйластығының деңгейінде серіктесуіне психологиялық-педагогикалық жағдай жасауды, оқытудың соңғы нәтижесіне жетуге бірңғай психологиялық-педагогикалық кеңестік құруды мақсат етеді.

Заман талап еткендей, болашақ мұғалімді даярлаудың ең басты міндеті – жеке шығармашылығы жоғары ұстаз – тәрбиешінің тұлғасын қалыптастыру болып табылады. Бұл пәндердің негізгі мазмұны тәрбиелеу үрдісінің мазмұнын, маңызын ашуға бағытталған; тәрбиенің ортақ, тиімді әдіс, тәсілдерін үйренуге; ұжымда жеке тұлғаны жас ерекшеліктерін ескере отырып тәрбиелеудің мәселелерін ашуға; тәрбиелеудің және өзін-өзі тәрбиелеудің негізгі бағыттарын, ерекшеліктерін айқындауға арналады.

Педагогикалық пәндер бойынша оқу үрдісінің сипаты дифференцияланған бағыт ұстанады, нәтижесінде бір пәннің екіншісіне ықпалы байқалады. Пәндерді оқу – үйрену барысындағы алған білімдерінің, дағды мен іскерліктерінің сапасы білімгерлердің тәрбиелеу потенциалының деңгейіне ықпал етеді.

Жоғары оқу орнының педагогикалық үрдісінде болашақ педагогтардың тәрбиелеу потенциалын дамытудың тиімді педагогикалық жағдайларын және жоғары оқу орнында тәрбиелеу потенциалы дамуының ерешеліктерін анықтау мақсатында біз педагогикалық бақылау жүргіздік.

Құрылуы және қалыптастыру зерттеулерінде болашақ педагогтың әлеуетінің қалыптасуы мен дамуына бағытталған диагностикалаудың бір ғана әдісі қолданған болатын.

Білімгерлер тобында,МЖБС талабына сай жұмыс бағдарламасы жасалғанпәндерді таңдауға себеп болған басты фактор – олардың болашақ педагогтардың кәсіби және жеке тұлғалық болмысының әлеуетін дамытуда өзіндік орынға ие болуында.

Алғашқы жағдайда (бақылау тобында) пән мазмұны Мемлекеттік жалпы білім беру стандартына сай анықталған, екінші (тәжірибелік топта). олардың мазмұны, педагогтың кәсіби және жеке әлеуетіне, оның мазмұны, тәрбие

жұмысының нәтижелігіндегі мәні, маңызына қатысты қосымша тақырыптар еңгізілуі арқылы кеңейтілген.

Теориялық білім негізінде білімгерлерге оқушылардың тәрбиелілігін анықтау және диагностикалау үшін бағдарлама дайындау ұсынылды.

Теориялық білімдерін бекіту және машықтану үшін білімгерлер топта тәрбиеліктің деңгейін анықтады. Тәрбиелік көрсеткішін, оның критерийлерін талдаудың негізінде оқу-тәрбие үрдісінде қалыптастыруға болатын қарым – қатынас анықталды, оның негізінде оқушылардың тәрбиелілігінің деңгейін зерттейтін диагностикалауға бағытталады.

Тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетініске асыру барысында, шығармашылық қатынасты ынталандыра отырып, педагогтың жаңашылдық қызметке, педагогикалық жағдаяттарды қалыпты емес жолмен шешуге қызығушылығын артып, оқушы мен мұғалім жұмысындағы шығармашылықты қолдайды, өз қызметін айналадағы ортаны өзгертуге бағыттайды. Бұл құраушы компоненттер қалыптасқан дәрежесі ұстанған қағиданың сипатына, оның педагогикалық қызметке сай қалыптасуының дәрежесіне байланысты. Болашақ педагогтыңтәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетін дамыту мәселесі ең басты назарға қойылған. Білім берудің ізгілендіру парадигмаларын қарастырып, шығармашылық әлеуетті жан-жақты дамыту және оның педагогикалық қызметте жүзеге асырылуына жағдай жасау керек деп есептейді. Сонда ғана оқу-тәрбие үрдісін ізгілік құндылықтарға бұруға болады. Мұғалімнің тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетін іске асыруға әлеуметтік жағдайлар жасағанда, мұғалім өзінің ізгіліктік, әлеуметтік міндетін толық іске асырады. Тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға жағдайлар білімгерлердің клубтарының, ғылыми қоғамдардың, ғылыми кеңестердің, ғылыми конференциалардың, пресс-клубтардың жұмыстарында, білімгерлердің жоғарғы оқу орнындағы жұмыстарға араласуы, өзін-өзі басқаруы арқылы жасалады.

Білімгерлердің тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық белсенділігін қалыптастыру мақсатында, біз ұжымды зерттеу бағдарламасын жасадық, онда ұжымның даму деңгейінің белгілері қарастырылды. Теориялық білімдерін бекіту мақсатында нақты педагогикалық тәжірибедегі қызметке жақындастырылған, даму көрсеткіштерін анықтайтын педагогикалық жағдаяттар құрастырылды.

Педагогтың сабақтан тыс жұмысына байланысты сұрақтарға арналған сабақтарда білімгерлерге жаңа педагогикалық технологияларды іздеу мақсатында, тәрбие жұмысының бағдарламалары, тәрбиелік іс-шараны талдау талаптары жасалып,ұсынылды.

Бағдарлама негізінде білімгерлер педагогикалық тәжірибе кезінде жалпы білім беретін мектепте өткізген тәрбиелік іс-шаралар келесі жүйеде ұйымдастырылды: мақсатын анықтау, жағдайды талдау, іс-шараны жоспарлау, тәрбиелік ықпал етудің ұйымдастыру деңгейі, жеке тұлға мен ұжымға тікелей

ықпал жасау, білімгердің тәрбиелік іс-шараны қорытындылау кезеңі– іс-шараны өткізгеннен кейін сараптама жасауы.

Жаңа бағдарлама негізінде және сараптау барысында білімгерлер теорияны игеріп, тәрбиелеудің міндеттерін анықтауға және шешуге үйренді, соның негізінде тәрбие жұмысының лайықты әдіс-тәсілдері мен формаларын игерді. Бұл сабақтарда білім алумен қатар, басты назар эмоционалды-құнды қатынастар қалыптасуына бағытталды. Білімгерлерге психология-педагогика пәндерінің курсын оқу барысында меңгерген тәрбие жұмысын ұйымдастырудың түрлі әдістері мен формаларын пайдалану ұсынылды.

Алынған білім негізінде білімгерлер педагогикалық шешімдерді қабылдаудың сызбасын құрастырды, онда педагогикалық іс-әрекет етудің тәсілін өз бетінше таңдау қарастырылып,тәрбиенің субъектісі мен объектісііс-әрекетінің бағдарламасы жасалды.

Жалпы алғанда мақсат тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталып, олардың басты мазмұны мінез-құлық іс-әрекетін ескере отырып, педагогикалық ықпал етуді қарастырады, қиын жағдаяттан шығудың жолын іздестіруді, педагогтың жұмысында адамдарды басқарудың тиімді педагогикалық жүйесін таңдау, мақсатты педагогикалық қатынасты қалыптастыру, кәсіби жеке қасиеттеріне өзіндік баға беру, өзіндік бақылау жасаудың тиімді техникалық құралдарын жасау, өз білімін жетілдіру мен өзін-өзі тәрбиелеу. Сонымен бірге білімгерлердің басқа да педагогика – психологияның пәндерден алған білімдері жүйеге келтірілді.

Болашақ педагогтық кәсіби әлеуетін қалыптасуы мен дамуындағы көрсеткіштер мен мазмұндық жүйесін құраушы құралдардың педагогикалық жұмысының тиімділігіне әсері:

1 Болашақ педагогтың кәсіби әлеуеті қалыптасуы мен дамуындағы құрылым, маңызы, оның мұғалімдік қызметтегі тиімділігіндегі мәні.

2. Мақсатты іс-әрекет түркісі (мотивтер) - ізденушіліктің мазмұны, көрсеткіші және оның ілгері өсуі.

3. Тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетінің мазмұны, көрсеткіші және оның ілгері өсуі.

4. Тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық мазмұны, көрсеткіші және оның ілгері өсуі.

5. Болашақ педагогтың қызметтегі кәсіби әлеуетін мазмұны көрсеткіші және оның қалыптасуы мен дамуындағы ілгері өсуі.

Оқу орнының тәрбие бөлімінің қызметі, оқу топтарының кураторлар бірлестігі сияқты тәрбие құрылымдарының қызметіне үлкен мән беріледі; тәрбие үрдісіне кітапхана қызметкерлері белсене араласады, шығармашылық, ғылыми және спорт ұжымдарының басшылары да өз үлесін қосады.

ЖОО-да «Жоғары курс білімгері –төменгі курс тәлімгері» «көлденең» өзара байланысты қолдай отырып, болашақ педагогтардың кәсіби іскерлігін, статусын өзгерту арқылы дамытуға жағдай жасап, олардың жаңашылдық, кәсіби іс-әрекет тәжірибесі, кәсіби шеберлік пен шығармашылықтарын қалыптастыруға және жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Кәсіби әлеуетті қалыптастырудың педагогикалық шарттары болып өзін-өзі тану сабақтарын, психологиялық-педагогикалық пәндерге өзін-өзі диагностикалау элементтерін енгізу, диалогтік технологияны бірлесіп қызмет атқару қағидасы негізінде жүргізу болып табылады. Өзін-өзі жетілдіру, дамыту процесі саналы түрде өтіп, болашақ педагогтардың ішкі мүмкіндіктерін іске асыруға жол ашады. Білім, дағды және іскерлік арқылы өзін-өзі дамытуға, өз қызметін талдауға қажеттілік қалыптасады.

Бұл қатынастың екінші ерекше белгісі – жоғары оқу орнының компонентіне болашақ педагогикалық мамандық бойынша даярланатын білімгерлер үшін «Педагог әлеуетін қалыптастыру мен дамытудың теориясы және әдістемесі» атты элективті курсын енгізу, ол болашақ педагогтың қызметтегі кәсіби әлеуетін қалыптастыру мен дамытуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық бақылау барысында білімгерлердің де өзінің болашақтағы меңгеретін кәсіби қызметіне немқұрайдылық танытатын қатынастағы көзқарастырды ұстанатын шәркірттердің де бар екендігін көрсетті. Тәжірибелік-эксперименттік зерттеулер бойынша 3 деңгей анықталды – жоғары, орташа, төмен.

Жоғары оқу орнында болашақ педагогтардың әлеуетінің қалыптастыру мен дамытудың педагогикалық шарттарының нәтижелілігін анықтау тәжірибелік-педагогикалық жұмыстар барысында жүзеге асырылды. Педагогикалық тәжірибе жұмысының құрылымы:

-анықтау эксперименті (2017-2018);

- қалыптастырушы эксперименті (2018-2019 жж.; 2019-2020 жж.).

Жобаланған тәжірибелер кезеңінде болашақ педагогтың тәрбиелеу потенциалы қалыптасуының бастапқы деңгейін диагностикалау іске асырылды. Тәжірибеге 504 білімгер қатысты.

Эксперименталдық-тәжірибе жұмысы педагогикалық мамандық бағытында білім алушы студенттері арасында жүргізілді.

Біз ғылыми зерттеушілікке алынған жұмысымыздың теориялық бөліміндегі жүйелеулер мен талдауларлар арқылы негіздеулеріміздің дұрыстығын педагогикалық эксперименттік тәжірибелер арқылы оның сенімділігі мен ғылыми тұжырымдауларымыздың ақиқаттығын анықтап, дәлелдеу барысындағы жұмысымыздың нәтижесі болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің дамуын қазіргі білім мазмұны аясында айқындау жүзеге асырылды. Бұнда қазіргі білім беру мазмұны жағдайында мектеп мұғалімдерінің қызметтегі кәсіби әлеуетінің бүгінгі, нақты, бар мүмкіндіктерін анықтауға негізделген сауалнамалар жүргізіліп, болашақ педагогтарды кәсіби қызметке дайындауға қажетті құрылымдарды ықшамдап ала отырып осының негізінде бақылау, байқау және сауалнама жұмыстарымызды жүргіздік. Мәселен,1. Педагогтың жеке тұлғалық болмысын мұғалімдік қызметке үйлесімді болуы. 2. Мұғалім педагогикалық кәсіби қызметің маңыздылығын түсіну және үйлесімді дамуда өзін жетілдіру (кәсіби әлеуетін құрушы құрылымдар бойынша біліктілігін үнемі арттыру). 3. Оқушының жеке болмыстық дамуын (тәрбиесі және білім алуы, оқуы бойынша) қалыпты

жетілдірудегі педагогтың жеке және қызметтегі кәсіби әлеуетінің дамығандығының деңгейін анықтау. Біздің зерттеу жұмысымыздың тақырыптық мазмұнының аясында педагогтың кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуын анықтайтын әдістер мен технологиялар пайдалануда педагогикалық зерттеу әдістері қолданылып, бізге қажетті деп табылатын мәліметтер алу жүзеге асырылды. Бастапқы байқау мен бақылау және сауалнамалар мектеп мұғалімдеріне арналған болатын және оны жоғарыда келтіріп, нәтижелеріне талдаулар жасау арқылы берілді.

Сондай-ақ, жоғарыда келтірілген мектеп мұғалімдерінен кәсіби әлеуетке қатысты мәселелерін қарастырып және соларға сүйеніп келешек зерттеу әрекетінде болшақ мұғалімдерді дайындау мәселесіне ауысамыз.Бұнда зерттеу жұмысымызда қамтылған қазіргі білім беру жүйесінде ЖОО-да даярланатын болашақ педагогтардың кәсіби әлеуетінің қалыптасуы мен дамуы жайындағы көкейкесті мәселенің біріншi бөлімде теориялық тұжырамдамаларына негіздеуге арналған болса, екінші бөлімдегі тәжірибелік эксперименттік жұмысымызда басты басымдылық ретінде: 1.Мақсатты іс-әрекет түркісі (мотивтер). 2. Ізденушілік, танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік. 3. Тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық құрамалын біздер өз тарапымыздан өзек етіп алуды дұрыс деп тауып, осы үш бағыт бойынша тәжірибелік-экспериметтік жұмыстарымызды жүзеге асырдық. Бұның өзі біз ұсынған және жүргізген элективті курс аясында іске асырылды.

Жүргізілген сауалнама бойынша олардың мақсаты өз кәсіби әлеуеттін қалыптастыру деңгейін анықтау және қалыптасуы мен дамуындағы ынталандыратын және кедергі жасайтын факторларды анықтауда жүзеге асырылды.

Мәселен, болашақ педагогтарды даярлауда анықталған диссертациялық тақырып бойынша жүргізілген қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастырудың тәжірибелік эксперименттік зерттеулерді жүргізу және олардың нәтижелері туралы мәліметтерді өңдеу, сұрыптау, алынған нәтижелері бойынша ЖОО-ның педагогикалық үдерісін мамандыққа жаңаша білімдер негізінде бейімдей отырып ұйымдастыру мен тиімділігі туралы мәліметтерді алу мен оларды сандық және сапалық жағынан талдау әдісіне төмендегі формуланы басшылыққа алып пайдаландық. Болашақ мұғалімдердің педагогикалыққызметтегі кәсіби әлеуетіннің негіздерін ЖОО-да қалыптастыру барысына талдау жасау мен оларды ғылыми-әдістемелік тұрғыдан негіздеуде А.В. Усованың әдістемесін пайдаландық.

Мектеп мұғалімдерінен алынған сауалнамалар және болашақ мұғалімдермен (студенттермен) жүргізілген тәжірибелік эксперименттік жұмыстардағы бақылау мен байқау, сауалнамалардың көрсеткіш балдары мен оң және теріс ықпал жасаушы жағдаяттардың коэфицентік көрінісін төмендегі формула бойынша есептелді. $К_{Р} < К_{факт.} / К_{мак}$ онда $К_{факторы}$ – бұл сынаққа қатысушылардың барлығына (мұғалімдер мен студенттер) берілген сауалнамалардағы балдардың қосынды саны, ал $К_{мах}$ – жауаптарда болатын балл санының максималды мүмкіндіктері.

Бұл әдістемеге сәйкес қолданылған оқу-әдістемелік шаралардың әсерін үш көрсеткіш арқылы анықтауда: Мақсатты іс-әрекет түркісі /мотивтер/; Ізденушілік, танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік; Тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әрекеттік құрылымдарының мазмұнын алғашқы және кейінгі (бақылау және эксперименттік топтарға қатысты) яғни, соңғы деңгейлік көрсеткіштері ұсынылған элективті курстарды оқыған топтағы студенттердің мамандыққа бейімдеу құрылымдарын қатысты білімдерді көлемдік мазмұны олардың өзара байланысын жетік меңгерудің толықтыққоэффициентері арқылы қарастырылып, берілді. Алынған жауаптардың орташа және пайыздық мәнінің берілуі мен ұсынылу осы әдіске сәйкес (1) формуласымен анықталды:

$$K = \frac{\Sigma\, n\acute{\imath}}{nN} \qquad 1)$$

мұнда $n_{\acute{\imath}}$- $\hat{\jmath}$ (студентте) болашақ мұғалімдерді мамандыққа бейімдеудегі ЖОО-дағы педагогикалық үдерісте кәсіби әлеуетке бағытталған элективті курс мазмұнынидағы білім, білік, дағдыларды меңгерген және игеруге тиісті мазмұндарға қатынастар саны;

n – (студенттер) педагогикалық қызметке қатысты меңгеруге тиісті пәндерменөзара байланыс мазмұны арқылы кәсіби әлеуетін қалыптастыратын қатынастар саны;

N – топтағы студенттердің саны мен болашақ мұғалімнің кәсіби әлеуетін қалыптастырудың қалыпты әрекеттерінің тиісті балдық көрсеткішінің берілуі.

Зерттеу нәтижелерін қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін қалыптастыру бойынша талдағанымызда эксперимент топтарында /258/студенттің педагогтың кәсіби әлеуеті жайында және оған қатысты теориялық және тәжірибелік білімдерге ғылыми танымдық көзқарастарының қалыптасуының толықтылық коэффициентінің жоғары, орташа, төмен мәндік көрсеткішпен көрсетілсе, бақылау тобындағы /246/студенттердің көрсеткіштерін де жоғары, орта, төмен деп осы көрсеткіштермен берілді.

Соңғы нәтиже тұрғысынан алғанда жалпы балдардың көрсеткіші, бақылау тобындағы студенттердің 47,5-дан 57,7%-ке өзіндік қалыпты дамудың орташа көрсеткіші болса, тәжірибелік топтағы студенттердің элективті курсты оқу барысында 48,8-дан 62,3% дамудың орта деңгейінің өскендігін көрсетті. Бұл болашақ педагогтың кәсіби әлеуетінің қалыптасу деңгейін беретіндігіне негіз болған мәліметтер төменгі кестелерде беріледі.

Сандық көрсеткіштер бойынша қазіргі білім беру мазмұны аясында болашақ педагогтың кәсіби әлеуетін ЖОО-да қалыптасуы олардың жаңартылған білім мазмұнындағы оқу бағдарламасының талаптарына үйлесімді мектептегі мұғалімдік қызметте педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен өткізу ерекшеліктеріне қатысты түрлі нәтижелер болжам түрінде бергенімен, осы сандық қатынастық өзара байланысы дәрежесін көрсететін шамалық санау деп түсінуге болады.

Дегенмен де, болашақ педагогтың өзіндік жеке тұлғалық болмысына да тәуелді болып келеді, себебі, мұғалімдік мамандықты талапкер ретінде таңдауында(өз еркімен таңдап, мақсатты түрде келуі және сыртқы ықпал жасаушы күштер әсерінен,кейде кездейсоқтық) жағдаяттар да білімгерлердің мамандыққа қатысты білімдерді меңгеруі мен игеруіне өзіндік ықпалын тигізетіні анық.

Мақсатты іс-әрекет түркісі (мотивтер) - ізденушілік әлеуетінің құрылымдық құрамын анықтаудақалыптасқандығының деңгейі келесі көрсеткіштермен анықталады:

-білімгерлердің ынталылық жағдай жасай алуы;

- оқытушымен және курстастарымен іскер қатынастар орната алуы;

- оқу-танымдағы қарым-қатынас мәдениеті;

- мамандық бойынша білім алудағы педагогикалық ізденушілік ұстанымын қорғай білуі;

- мақсатты іс-әрекетіне бағытталған себеп-салдарының бағытын білу өзіндік көзқарасты ұстануы, сақтауы;

-мамандыққа қатысты әдіснамалық негізін беретін жәнетеориялық білімдер мен әдістемелік және тәжірибелік білімдер мен білікті меңгеруге ынталылығы.

Кесте4–Алғашқы көрсеткіш нәтижесі

| Топтар | Деңгейлер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | студент саны | жоғары, % | студент саны | орташа, % | студент саны | төмен, % |
| Бақылау | 53 | 21,6 | 85 | 34,4 | 108 | 44,0 |
| Тәжірибелік | 57 | 22,2 | 94 | 36,5 | 107 | 41,3 |

4-кестеде болашақ педагогтардың мақсатты іс-әрекет түрткісі (мотивтер) - ізденушілік құрылымдық компонентінің анықтау (қалыптастыру эксперименті).

Мақсатты іс-әрекет түрткісі (мотивтер) - ізденушілік әлеуетінің құрылымдық құрамын қалыптастырудың қосалқы және бақылау тәжірибесінде орташа деңгейде екендігін куәландырады.

Өткізілген педагогикалық-тәжірибелік жұмыстан соң, Мақсатты іс-әрекет түрткісі (мотивтер) - ізденушілік әлеуетінің құрылымдық құрамын қайта анықтау және оның қалыптасу деңгейінің тәжірибелік топ білімгерлерінде жоғарылағанын, сөйтіп 47,7% құрағанын көрсетті.

Ал бақылау тобындағы білімгерлердің коммуникативтік потенциалының көрсеткіші бұрынғы (орташа) деңгейде қалғандығын (5-кесте,4-суретте) көрсетілді.

Кесте 5–Болашақ педагогтардың мақсатты іс-әрекет түрткісі (мотивтер) - ізденушілік құрылымдық компонентінің қалыптасу деңгейі (қалыптастыру тәжірибесі)

| Топтар | Деңгейлер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | студент саны | жоғары, % | студент саны | орташа, % | студент саны | төмен, % |
| Бақылау | 68 | 27,6 | 120 | 48,8 | 58 | 23,6 |
| Тәжірибелік | 94 | 36,4 | 136 | 52,7 | 28 | 10,9 |




Сурет 4–Болашақ педагогтардың мақсатты іс-әрекет түрткісі /мотивтер/ - ізденушілік құрылымдық компонентініңқалыптасу деңгейі

Педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді оқу кезінде біз көп авторлардың педагогикалық мақсатты іс-әрекет түрткісі – ізденушілік қарым-қатынас мәдениетіне назар бөлетіндігін байқаймыз. Педагог мәдениетінің деңгейі оның оқыту әдістерімен, қарым-қатынас жасау жолдарымен, оқыту және тәрбиелеудің маңызды әлеуметтік қағидаларын іске асыруымен анықталады[195].

Педагогтың мақсатты іс-әрекет түрткісі – ізденушілік қарым-қатынас мәдениетін анықтау үшін сұрақ-жауап әдісін пайдаландық, олар ізденуішілік қабілеттілік пен мақсатты іс-әрекет түрткі дағдының қалыптасу деңгейін қарастыратын 25 сұрақты қамтиды:

1. Сіз өткізетін педагогикалық үдеріске дайындалуда оны жиі қайталау /тақырып аумағында/ қажет деп санайсыз ба?
2. Өзіңіз өтетін педагогикалық тәжіребеге қандай ынта және көңіл-күймен қарайсыз?
3. Сіз өзіңіз өтетін тақырыптық сабаққа қалай дайындаласыз?
4. Сіз тақырыптық сабақтарға оқулықтан тыс оқу материалдарын пайдалануды дұрыс деп санайсыз ба?

5. Сіз педагогикалық үдерісті өткізу барысында оқушыларға қосымша тапсырмалар беруге дайынсыз ба?

6. Сіз сабақта оқушыларға әлі таныс емес оқу материалдарын бірақ, өтілетін тақырыпқа байланысты болса қолданасыз ба?

7. Сіздің өткен тақырыптық сабағыңызды оқушылар түсінбесе – қателік сізден кетті ме жоқ әлде түсінбеген оқушылар кінәлі ме?

8.ЖОО-да білім алу барысында өз курстастарыңызды сабақтың тақырыбын талқылауға қатысасыз ба?

9. ЖОО-дағы профессор-оқытушылардың өтілген тақырыпқа байланысты ауқымды тапсырмалар бергеніне қалай қарайсыз?

10.Сіз мамандық бойынша білім алу барысында профессор-оқытушылардың берген тапсырмаларын тереңдетіп қарастырасыз ба?

11.Сіздің ЖОО-да білім алу барысында аралық бақылау мен сессиядағы алған емтихан бағаларыңыздың көрсеткіші маңызды ма, жоқ әлде алған біліміңіз маңызды ма?

12. ЖОО-да өз курстастарыңызбен өз мамандықтарың жайында пікір алмасу мен ой бөлісу бағытында пікір алмасулар жиі болып тұра ма?

13.Сіз педагогикалық тәжірибені мектепте өту барысында сыныптағы оқушылардың назарын өзіңізге аудару үшін неше минут керек деп ойлайсыз?

14.Мектептегі педагогикалық тәжірибеден өту барысында сабаққа дайындалу қанша уақытыңызды алады?

15.Сіз ЖОО-да студенттің өздігінен орындайтын жұмысын /СӨЖ/ жұмысына тақырыптық ізденушілік жүргізесіз бе және қарама-қайшы пікірлерді талдайсыз ба?

16.Сіз ЖОО-да профессор-оқытушылар өткізген лекцияның немесе семинардың оқу материалдарына қатысты сұрақтар қоясыз ба?

17. Сіз бұл мамандыққа өзіңіздің қалауыңыз бойынша келдіңіз бе, жоқәлдеөзге адамдардың айтуымен немесе ықпалымен, жоқ әлде басқа жағдайлар әсер етті ме?

18.Сіз келешегіңізді осы педагогикалық мамандықпен сабақтастырасыз ба?

19.Профессор-оқытушылардың өздері оқитын пәндері бойынша ауқымды тапсырмалар бергеніне қалай қарайсыз?

20. ЖОО-дағы оқылатын пәндердің оқу материалдарын терең меңгеруге және соған байланысты өзіндік ізденушілік әрекеттер жүргізесіз бе?

21. ЖОО-дағы оқылатын пәндердің оқу материалдарын игеру сізге қиындық туғызбай ма?

22.Сіздің жауабыңызды профессор не оқытушы дұрыс емес деп айтса, сіз қабылдайсыз ба, жоқ әлде өзіңіздің түсінік көзқарасыңызды дәлелдеуге тырасыз ба?

23.Сіз барлық пәндерден көп ізденесіз бе, жоқ әлде кейбір пәндер бойынша ғана ізденушілік жүргізесіз бе?

24.Сіз мамандыққа қатысты кітаптарды көп оқисыз ба?

25. Сіз бұл мамандықта не үшін оқисыз және сізге қажеті бар ма?

Бақылау тобының білімгерлерінің мақсатты іс-әрекет түркісі мен ізденушілікорта деңгейде қалыптасып, оқушымен бір қалыпты қатынасымен сипатталады. Тәжірибелі топтағы білімгерлердің педагогикалық ынтымақтастығы жоғары болып, мақсатты іс-әрекет түркісі мен ізденушілік құраушы құрылымының қалыптасу деңгейі де жоғары болады (6, 7-кестелер, 5-сурет).

Кесте 6 –Болашақ педагогтардың танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік құрылымдық компонентінанықтау (қосалқы тәжірибе)

| Топтар | Деңгейлер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | студент саны | жоғары, % | студент саны | орташа, % | студент саны | төмен, % |
| Бақылау | 38 | 15,3 | 105 | 42,9 | 103 | 41,8 |
| Тәжірибелік | 44 | 17,1 | 112 | 43,4 | 102 | 39,5 |

Кесте 7 –Болашақ педагогтардың танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік құрылымдық компонентінқалыптастыру деңгейі (қалыптастыру тәжірибесі)

| Топтар | Деңгейлер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | студент саны | жоғары, % | студент саны | орташа, % | студент саны | төмен, % |
| Бақылау | 52 | 21,1 | 144 | 58,7 | 50 | 20,2 |
| Тәжірибелік | 73 | 28,4 | 158 | 61,3 | 27 | 10,3 |




Сурет5–Болашақ педагогтардың танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік құрылымдық құрамын анықтау мен қалыптасуының деңгейі

Болашақ педагогтардың танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік құрылымдық компонентін анықтау мен қалыптасуының педагогикалық жағдайы кәсіби өзін-өзі анықтау тұрғысынан, ұлттың және

жалпы адамзаттық құндылықтардың негізінде өзінің нәтижелілігін дәлелдейді [196].

Сондай-ақ жеке тұлғаның ұлттың санасының қалыптасқандығының деңгейін көрсететін әдістер қолданды. Ол жеке тұлғаның танымдық болмысының түсінігіндегі (этникалық өзіндік біртектілік, ана тілін меңгеруге ниеті мен ынтасының жоғары болу, өз ұлтының және өзге халықтардың тарихын білу, мәдениетін білу), адами-ізгіліктік жағымды көңіл-күй (ұлттың сезім, мақтаныш, абырой, лайықты болу, ұлттық көзқарас, жауапкершілік, ұлт тағдырына немқұрайды қарамау, ұлтық сезімдерді құрметтеу, өзгелерге құрметпен қарасу,) және танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік көзқарас (ұлттық мәдени іс-шараларға қатысу, үйірмелерге, семинарларға, өз істеріне өзіндік бақылау жүргізу, ұлтаралық қатынас мәдениеті, ұлтаралық төзімділік орын алуы) көрсеткіштері [197].

Әдістememен қатар болашақ педагогтарға педагогикалық бақылау да жүргізілді.

Деңгейлік көрсеткішін анықтаумен мен педагогикалық бақылауларды талдау анықтауыш эксперимент кезеңінде бақылау және тәжірибелік топтарда білімгерлердің танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік қалыптасқандығы орта деңгейде екенін көрсетті (Б) 42,9% бен (Т) 43,4% арылығындағылар (Б) 58,7% бен (Т) 61,3%).

Қалыптастыру эксперименті кезеңінде елеулі өзгерістер болды, тәжірибелік топтағы 61,3% білімгерлердің қалыптасу деңгейі жоғарылады.

Ал, болашақ педагогтардың танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік санасының қалыптасу мәселесі төмендегідей көрсеткіштер берді.

Көрсеткіш нәтижесі суретте берілген, ол білімгерлердің танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік санасының қалыптасу деңгейінің өсуі тәжірибе барысында көрсетеді.

Танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік құрылымдық құрамын қалыптасқандығы келесі көрсеткіштермен анықталды: өзін-өзі тануға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттілік, өзіндік сараптау мен керібайланыс іскерлік, өзіндік диагностиканың әдістерін пайдалана білуі, «Мен - тұжырымдамалық көзқарастық түсініктің» қалыптасуы, оқытушылар мен топтағы курстастармен танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік барысындағы ғылыми-әдістемелік өзара пікір алмасу қатынасқа түсуге деген қажеттілік.

Танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік әлеуетін құраушы құрылымдық компонентінқосалқы және қалыптастыру тәжірибелерінің нәтижелері (8, 9-кестелер және 6-суретте) берілген.

Кесте 8–Болашақ педагогтардың танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік әлеуетінің құрылымдық компонентінің қалыптасу деңгейі (қосалқы тәжірибе**)**

| Топтар | Деңгейлер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | студент саны | жоғары, % | студент саны | орташа, % | студент саны | төмен, % |
| Бақылау | 43 | 17,3 | 78 | 31,7 | 125 | 51,0 |
| Тәжірибелік | 45 | 17,5 | 86 | 33,2 | 127 | 49,3 |

8-кесте көрсетілген мәліметтер екі топтағы білімгерлердің танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік құрылымдық компонентініңқалыптасқандығының төмен деңгейін көрсетті.

Тәжірибелік топта, қалыптастыру тәжірибесінен кейін танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік құрылымдық компонентініңқалыптасу деңгейі орташаға (31,7 дан 38,7% және 33,2 дан 47,8%) көтерілді, сол ретте бақылау тобындағы білімгерлердің деңгейлері төмен күйінде қалды.

Кесте9–Болашақ педагогтардың танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік құрылымдық компонентініңқалыптасу деңгейі (қалыптастыру тәжірибесі)

| Топтар | Деңгейлер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | студент саны | жоғары, % | студент саны | орташа, % | студент саны | төмен, % |
| Бақылау | 64 | 26,1 | 95 | 38,7 | 87 | 35,2 |
| Тәжірибелік | 86 | 33,4 | 123 | 47,8 | 49 | 18,8 |




Сурет6 –Болашақ педагогтардың танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік құрылымдық компонентінің қалыптасу деңгейі

Осылайша педагогикалық-тәжірибелік жұмысының нәтижесі танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік құрылымдық құрамын қалыптасуының педагогикалық шарттарының тиімділігін айқындады.

Жеке әдістемелер негізінде біз болашақ маманның жеке тұлғалық және кәсібилік қызметіне қатысты өз бетінше даму қабілетін анықтайтын жолдарды қарстырып, оның негізінде  педагогикалық бақылау жүргізілді. Қарастыру мен анықтау жолдары екі бағттағысауаланамалар бойынша жүргізіліп,олардың мақсаты өз бетінше дамудың қалыптасудың деңгейін анықтау, және өз бетінше дамуды ынталандыратын және өз бетінше дамуға кедергілерді айқындайтын жағдайларды анықтау болатын. Сұрақтарға жауапты білімгерлер 5 баллдық жүйе бойынша бағалады. Максималды баға -5, ол сауалнаманың тұжырымы өмір шындығымен дәл  сәйкес келуі; 4 балл – жоқтан гөрі, сай болады; 3 балл – ия да, жоқ та; 2балл – сай емес; 1 балл -тұжырым шындыққажанаспайды.

1-сауалнама 15 тапсырмадан тұрады:

1. Өз бетіңізше білім алуға және оқуғаынталысыз ба?
2. Өзіңізді үнемі жетілдіруде зерттеушілік жұмыспен айналысасыз ба?
3. Мамандық бойынша білім алу барысында оқу-танымдық әрекеттерде кездесетін қиындықтар сізді белсенді болуға және танымға апаратын зерттеушілікпен айналысуға ықпал жасай ма?
4. ЖОО-да білім алу барысында оқу материалдары сізге жаңашыл болып табыла ма?
5. Өз мамандығыңыз бойынша терең білім алуға ынталысыз ба?
6. Сіз өтілген оқу материалынан түсінбеген жеріңізді өзіңіз іздестіріп, зерттеу, түсіну бағытында оқу-танымдық әрекетімен айналысасыз ба?
7. ЖОО-да оқытылатын пәндердің мазмұнындағы оқу материалдары жайында жеке түсінік, ойларыңыз бар ма?
8.Берілген тапсырмалар жайында жеке пікіріңізбен студенттер арасындағы пікір-сайысқа түсіп, өз ойыңызды дәлелдеуге дайынсыз ба?
9. Мамандық бойынша жеке танымдық мүмкіндігіңізге сенсіз бе?
10. Түсінбеген оқу материалын өз тарапыңызда зерттеп, мазмұнын түсініп, игеруге ынтаңыз бар ма, жоқ, әлде екінші біреуден сұрап аласыз ба?
11. Білім алу – адамның рухани байлығын толықтырады деген ойды қалай түсінесіз?
12. Болшақта педагогикалық қызметте білікті маман боламын деген ойға сенімдісіз бе?
13 Оқу-танымдағы зерттеу әрекеті арқылы жаңа материалды меңгергеніңіз сізге қуаныш сыйлай ма?
14. Бір нәрсені танып, білудегі зерттеушілік жұмысты аяғына дейін жеткізесіз бе?
15. Қазіргі сіздің жағдайыңызға /курсқа немесе жас ерекшелігіңізге/ жеке танымдық және болашақ кәсіби қызметке қатысты білімдер қорыңыз сәйкес келеді деп санайсыз ба?

2-сауалнама:Болашақ педагогтардың жеке дамуын ынталандыруға және кедергі келтіретін сипаттағы түсініктерден құрылған «кедергі» жасайтын жағдайлар:

1. Болашақ маманның жеке танымдық және кәсіби қызметіне қатысты сыртқы ықпалдың немесе қалыпты әсер етуші оқу-танымдық әрекеттеріне тең келуіне байланысты қалыптылық жағдайлар /инерция/.
2. Өмірлік тәжірибегі орын алған қарама-қайшылықтардан туындаған келеңсіздіктердің нәтижесінемойынсұнбау.
3. ЖОО-да мектептегі педагогикалық тәжірибеден өту барысында пән әдіскерлері тарапынан жаңа педагогикалық технологияны кең қолдану жайында ғылыми-әдістемелік кеңестің жоқтығы;
4. Сіздің ЖОО-да білім алу барысындағы белсенді оқу-танымдық әрекетіңізді өзіңізді қоршаған ортадағы ұжым дұрыс қабылдай ма?
5. Топтағы курстас достарыңмен және профессор-оқытушылармен кері байланыстың жоқтығынан сіз жайында объективті әрі шындық ақпарат беріле ме?
6. Жеке басыңыздағы түрлі жағдайлар сіздің білім алуыңызға және болашақта жақсы маман болуыңызға қаншалықты жағымды немесе жағымсыз әсер жасайды?
7. ЖОО-да болашақ мамандықты меңгеруге байланысты түрлі ғылым саласындағы пәндерден білім алуға және оны терең меңгеруге сіздің уақытыңыз жете ме?
8. ЖОО-да түрлі ғылым саласындағы пәндердің оқу материалдарын меңгеруге өзек болып табылатын құралдар, яғни ресурстардың жетіспеушілігі, сіздің болашақта жақсы маман боламын деген ой-түсінігіңізге және әрекетіңізге қиындық немесе кедергі туғыза ма?

Ынталандыру жағдайлары:

1. ЖОО-дағы мамандықты меңгеруге негіз болатын түрлі ғылым саласындағы білімге бағытталған оқу-танымдық жұмыстардағы жетістіктеріңіз.
2. Болашақ мамандықтағы жеке пәннің мұғалімі болудағы педагогикалық тәжіребеге негізделген ғылыми-әдістемелік бағыттағы білім беру жұмыстарының жүйелігі.
3. ЖОО-да шеттілін оқып-үйрену курстарына қатысу.
4. Мамандық бойынша ЖОО-да білім алу барысында ұтқырлық бойынша екінші бір мемлекетте немесе отандық ЖОО-да білім алу.
5. ЖОО-дағы профессор-оқытушылардың үлгілі өмірі мен өнегелік істерінің ықпалы.
6. ЖОО-дағы педагогикалық үдерісті ұйымдастыру мен болашақ мамандарды даярлау жұмыстары.
7. Болашағына және өзіне сенімділік.
8. ЖОО-да мамандыққа байланысты білім беруде жаңашылдыққа негізделген оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарының жағдайы;.

9. Өзінің жеке тұлғалық болмысын дамытуға және болашақ кәсіби қызметінің қыр-сырын терең меңгеріп, білігінің жоғары болуына үздіксіз өз білімін жетілдіру.

10. Болашақта меңгеретін мамандығына деген жеке қызығушылығы.

11. Өзгенің болашағына жауапты болатын педагог қызметіне деген жеке жауапкершілігі.

12. Ата-анасының және курстас достары мен ЖОО-дағы профессор-оқытушылар арасында өзі беделін ұстау, олардың сенімін ақтау, сыйласымдық пен ынтамақтастықта болуы.

Жалпы балдардың сомасы, бақылау тобындағы білімгерлердің өзіндік дамуы төмен болған.

Тәжірибелік топтағы білімгерлердің өз бетінше дамудың орта деңгейінің өскендігін көреміз.

Алынған нәтижелерді қорыта отырып, біз болашақ педагогтардың танымдық мазмұндық және зияткерлік пен зерттеушілік әлеуетінің қалыптасуының деңгейінің жоғарылағанын дәлелдейміз,ол кестеде және суретте көрсетілген.

Келесі кезекте, болашақ мамандардың тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетініңқалыптасуының көрсеткішін біз былайша анықтадық: жаңашылдық жағдайда кәсіби қызметін ұтымды ұйымдастыру мен оңтайландыру қабілетіне ие болуы; сабақты түрлі әдістерді пайдалана отырып жүргізуі; жеке педагогикалық үдерісті ұйымдастыруда жаңашыл әдістері мен түрлерін табу іскерлігі; өз қызметіне жаңашыл іс-тәжірибелерді талдап, өзінің педагогикалық тәжірибесіне түрлі педагогикалық технологияларды ыңғайлы жағдайда өңдеп, пайдалана білу іскерлігі; жаңа білім беру мазмұндық жағдайда педагогтардың озық іс - тәжірибелерін қолдана білу білігі.

10-кестедеанықтауыш эксперимент кезеңінде бақылау және эксперименттік топтарында тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетініңқалыптасуының төмен деңгейі берілген.

Кесте 10– Болашақ педагогтардың әлеуетін қалыптастырудағытәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық құрылымдық компонентін анықтау

| Топтар | Деңгейлер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | студент саны | жоғары, % | студент саны | орташа, % | студент саны | төмен, % |
| Бақылау | 9 | 3,8 | 61 | 24,7 | 176 | 71,5 |
| Тәжірибелік | 9 | 3,5 | 56 | 22,4 | 191 | 74,1 |

Тәжірибелік-педагогикалық жұмыстың барысында тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әлеуетіндеңгейлік көрсеткішінің нәтижесі эксперименттік топта оның қалыптасуының деңгейі төменнен орташаға өскендігін көрсетті, ал бақылау тобында қалыптасу деңгейі айтарлықтай өзгерген жоқ. Мәліметтер 11-кестедежәне 7-суреттеберілген.

Кесте 11 –Болашақ педагогтардың әлеуетін қалыптастырудағы тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық құрылымдық компонентін анықтау

| Топтар | Деңгейлер | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | студент саны | жоғары, % | студент саны | орташа, % | студент саны | төмен, % |
| Бақылау | 12 | 4,7 | 88 | 35,8 | 146 | 59,5 |
| Тәжірибелік | 34 | 13,1 | 135 | 52,4 | 89 | 34,5 |




Сурет 7 –Болашақ педагогтардың тәжірибелік іс-әрекеттері мен шығармашылығының қалыптасу деңгейі

Жеке әдіс ретінде тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әрекеттерінің белсенділігіденгейінің көрсеткішін анықтау үшін біз жеке қасиеттерді өзін-өзі бағалауға бағытталған әдістемені пайдаландық,ол жеке тұлғаның тәжірибелік іс-әрекеттер және шығармашылық әрекетінің белсенділігін сипаттайды. Өзін-өзі бағалау 18 сұрақ бойынша 5 балдық шкала бойынша жүзеге асырылды:

1. Шығармашылық жұмысты жазу барысында ой тізбектерімен олардың байланысын жүзеге асыру сізге қиындық туғызбай ма?

